

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«XVIII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,  
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«XVIII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**ТОМ 16**

**ПАВЛОДАР  
2018**

ӘОЖ 378 (063)  
КБЖ 74.58  
Ж 33

**Редакция алқасының бас редакторы:**

Ахметова Г.Г., филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

**Жауапты редактор:**

Ержанов Н. Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Абишев К. К., Ахметов Қ. Қ., Бегімтаев Ә. И., Бексейітов Т. К., Испулов Н. А., Кислов А. П., Күдерин М. Қ., Эрнзаров Т. Я., Бергузинов А. Н., Каюмова М. С., Кабиева А. А., Шаймерден А. Ә.

**Жауапты хатшылар:**

Азербайев А.Д., Айтқалиева Г.С., Аманжолов С.К., Арынова Ш.Ж., Асаинова А.Ж., Аубакиров А.М., Ахметбекова А.М., Батталов К.К., Ельмуратов Г.Ж., Жанат М., Жумабаева Г.М., Жұмадилов Д.С., Жұмадилов Н.Ж., Жуманбаева Р.О., Зарипов Р.Ю., Калиева А.Б., Камкин В.А., Кентаев Ж.К., Кинжибекова А.К., Кривец О.А., Мусаханова С.Т., Нургалиева М.Е., Самсенова Г.С., Султанова Г.Ш., Темербаева М.В., Титков А.А., Ткачук А.А., Толужанова А.Т., Торайғыров Е.М., Юсупова А.О., Шарапатов Т.С., Шаһарман А.П.

**Ж 33** «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XVIII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2018. – 473 б.

ISBN 978-601-238-814-5  
Т. 16. «Жас ғалымдар». – 2018. – 473 б.  
ISBN 978-601-238-829-9

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378 (063)  
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-829-9 (Т. 16)  
ISBN 978-601-238-814-5 (общ.) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2018

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,  
филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі**

**Қымбатты қонақтар мен конференцияға қатысушылар!**

Бүгін С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде дәстүрге айналған жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларына арналған «XVIII Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өз жұмысын бастайды.

Біздің конференцияға таяу шетелдердің жоғары оқу орындарының өкілдері, сондай-ақ Қазақстанның түрлі аймақтарынан келген жас ғалымдар, студенттер, магистранттар мен оқушылар қатысуда. Соңғы жылдары «Сәтбаев оқулары» ашық, ғылыми коммуникациялық және үздік тәжірибемен алмасуда беделді ғылыми іздеу алаңы мәртебесіне ие болды.

Бүгін академик Қ. И. Сәтбаевтың есімі Қазақстанның мәдени мұрасының бір бөлігі болып табылады. Біздің еліміздің өнеркәсібі мен ғылымының қалыптасу тарихы оның есімімен тығыз байланысты

Қазақ халқынан шыққан алғашқы академик, ғылым академиясының бірінші президенті, ғылымның беделді ұйымдастырушысы, елімізде мыс пен марганецтің мол қорын тапқан Ш. Ш. Шөкин, А. Х. Марғұлан, У. А. Бөкетов және т.б. сияқты ғалымдардың қазақстандық ғылымда орын алуына үлесін қосты. Қ. И. Сәтбаевтың өмір жолы біз үшін батылдық, еңбекқорлық, өз халқына қызмет ету сияқты адамгершілік жетістіктердің үлгісі болып табылады. Жыл сайын конференция өткізу Қ. И. Сәтбаевтың еңбегі Қазақстанда бүгінгі күнге дейін өзекті екенін дәлелдейді.

Конференцияға қатысушылар үшін бұл күн ғылымдағы алғашқы қадам, қаламның алғашқы сынағы, өзінің шығармашылығы мен батылдығын сынау болып естерінде қалады. Айта кететін болсақ, сіздер қызықты баяндамалар, мультимедиялық презентациялар, дайындадыңыздар. Бүгін заманауи және өзекті мәселелер бойынша қызықты және өткір пікірталасқа ие боламыз деп үміттенемін. Сонымен қатар, мен сіздерге қол жеткізген жетістіктерге тоқталмау керек деп ескертемін, себебі ғылымда ақиқат тек қана алдына мақсат қойған және батыл қадам жасауға тырысқан адамдарға ғана ашылады.

Конференция жұмысының барысында әр қатысушы өз қажеттіліктеріне сәйкес келетін нәрсені табады және оның мүмкіндіктерін едәуір кеңейтетініне сенімдімін. Конференция аясында жинаған тәжірибенің сіздің ғылыми ізденістеріңіздің жаңа өсу қадамы болсын.

Конференцияның барлық қатысушылары мен қонақтарына шығармашылық табыстар, тартымды пікірталастар мен жаңа кездесулер, іскерлік байланыстар, жаңа жаңалықтар мен шабытттар тілеймін!

**Уважаемые участники конференции!**

Сегодня в Павлодарском государственном университете имени С. Торайгырова начинается своя работа, ставшая традиционной, международная научная конференция молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XVIII Сатпаевские чтения».

Участниками нашей конференции являются представители высших учебных заведений ближнего зарубежья, а также молодые ученые, студенты, магистранты и школьники из различных областей Казахстана. За прошедшие годы «Сатпаевские чтения» укрепились в статусе авторитетной научной площадки поиска, открытий, научной коммуникации и обмена передовым опытом.

Сегодня дело и имя академика К. И. Сатпаева является частью культурного наследия Казахстана. История становления промышленности и науки нашей страны неразрывно связано с его именем. Первый академик из среды казахов, первый президент Академии наук, крупный организатор науки, человек содействовавший рождению в казахстанской науке таких имен как Ш. Ч. Чокин, А. Х. Маргулан, У. А. Букетов и др., человек, открывший огромные запасы меди и марганца в нашей стране. Человек, чей жизненный путь является для нас примером нравственного подвига, символа мужества, трудолюбия, служения своему народу. Ежегодное проведение данной конференции доказывает, что дело К. И. Сатпаева живет в Казахстане и сегодня.

Для многих участников конференции этот день запомнится как первый шаг в науке, первая проба пера, проверка себя на творчество и смелость. Примечательно, что вами подготовлены интересные выступления, доклады, мультимедийные презентации. Надеюсь, что сегодня состоится открытый и откровенный разговор по самым интересным и животрепещущим проблемам современности. Но в тоже время, хочется подчеркнуть, что нельзя останавливаться на достигнутом, потому что в науке, истина открывается только тем, кто, не жалея себя, целеустремленно и мужественно идет к ней.

Уверена, что в ходе работы конференции каждый участник найдёт то, что будет созвучно его потребностям и то, что значительно расширит его возможности. Пусть опыт, полученный в рамках конференции, станет новой точкой роста в ваших научных изысканиях.

Искренне желаю всем участникам и гостям конференции творческих успехов, захватывающих обсуждений и дебатов, новых встреч и деловых контактов, новых открытий и вдохновений!

**С. Торайгыров атындағы  
ПМУ ректоры, филос.ғ.к.**



**Г. Ахметова**

**1 секция. Интеллектуалды және мәдени-рухани даму  
1 секция. Интеллектуальное и культурно-духовное развитие**

**1.5 Филологияның өзекті мәселелері  
1.5 Актуальные вопросы филологии**

**1.5.1 Қазақ филологиясы  
1.5.1 Казахская филология**

**ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЙЛЕМДІ ЗЕРТТЕУДІҢ  
НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ**

**АБДИГУЛ М. Е.**

**оқытушы, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.**

Сөйлем – белгілі бір мағыналық және интонациялық тұтастыққа ие, грамматикалық тәртіппен байланысқан сөздер тізбегі ретінде көрінетін адамдар тілінің кіші бөлшегі. Сөйлем, сонымен бірге, қарым-қатынас единицасы бола отырып, ойдың да қалыптасуы мен берілісінің единицасы ретінде тіл мен ойлаудың бірлігін көрсетеді. Сөйлем логикалық пікірмен қатысты, бірақ онымен барабар емес: әрбір пікір сөйлем түрінде беріледі, бірақ кез-келген сөйлем пікірді білдіре бермейді [3, 211 б.]. Сөйлем адам әрекетін білдіре отырып, оның еркі мен сезіміне қатысты эмоциялық, сезімдік ұғымдарды білдіруге де қызмет етеді. Сөйлемнің грамматикалық негізін шақ, жақ, модальдік категорияларының және хабарлау интонациясының жиынтығынан тұратын предикативтілік құрайды.

Синтаксистің ең басты объектісі болып табылатын сөйлемге берілген осы сипаттаманың өзі-ақ оның қаншалықты көп қырлы, күрделі тілдік құбылыс екенін байқатса керек. Сөйлемді арнайы зерттеудің екі ғасырға жуық тарихи жолында пайда болған іргелі-іргелі ой қорындылары мен тұжырымдарға қарамастан ол әрбір уақыт кезінде жаңа қырларымен көріне түсуде. Сөйтіп, бұрынғы идеялар жаңа идеялар мен көзқарастарға қаншалықты орын берген сайын, сөйлем бұрынғыдан да күрделене түсетін, ашылмай келген сырларын бұрынғыдан да көбірек көрсететін тәрізді.

Сөйлемді синтаксистің объектісі, негізгі категориясы ретінде зерттеу қолға алына басталғаннан-ақ, оның ең басты деген ерекше сипатарын, белгілерін тауып, соны тірек ету барысында зерттеудің белгілі бір идеялық бағыттары, соған сай ғалымдардың басын

біріктірген ғылыми мектептер қалыптасты. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін бастауын өте ерте дәуірдің философиясынан алатын, одан соң орта ғасырдағы схоластикалық ғылымға ұласатын, кейінгі дәуірлерде де көптеген ғылымдардан жалғасын тауып келе жатқан логикалық бағыт үстем болды. Осыған байланысты тілдің грамматикалық құрылымы мен логикалық құрылымын бірдей деп қарау, ойға ең басты мән беру басым роль атқарады. Осы бағытты жақтаушылар (К. Ф. Беккер, Н. И. Греч, Ф. И. Буслайев) сөйлем мен ойдың немесе пікірдің айырмашылығын танымады, нақтырақ айтқанда, сөйлемді сөзбен берілген ой деп түсіндіруге тырысты. Осы негізгі концепсияға байланысты басқа да грамматикалық категориялар мен логикалық категориялар теңдестіріліп қаралды. Мысалы, сонау алғашқы философтардан бері қарай қолданылып келе жатқан ойды қараудың негіздері болып саналатын «субъект», «предикат» деп аталатын логикалық категориялар грамматикалық категориялар болып танылатын «бастауыш» және «баяндауыш» ұғымдарымен бірдей деп есептеледі.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап пайда бола бастаған психологиялық бағытты жақтаушылар сөйлемді ойдың көрінісі деп есептейтін логикалық бағытты сынға алды. Психологиялық бағыт сөйтіп, логикалық бағытқа қарама-қарсы бағыт ретінде пайда болды (Бұл бағыттың негізін салған Х. Штейнталь, ал оның Ресейдегі қолдаушысы А. Потенбя, А. Шахматов болды). Тілді зерттеудегі бұл жаңа бағыт бойынша, тіл – адам психикасында пайда болған процестердің көрінісі. Осы бағытты жақтаушылар сөйлемді сөйлеуші санасында пайда болған белгілі бір ұғымдардың бірлесе қызмет етуін көрсететін психикалық құбылыс деп таныды. Олар сөйлемнің бас мүшелерін олардың формальдік белгілеріне қарай емес, адам санасында пайда болу мезгіліне байланысты қарап, «психологиялық бастауыш» және «психологиялық баяндауыш» деп атады. Өмір бұл бағыттың да кемшіліктерін кезінде дұрыс көрсетті. Сөйтіп, психологиялық бағыт та тарих беттерінде қалды.

Бұл бағыттағылар тілді, сөйлемді құрылымдық тұрғыдан қарауды жақтайтын еді. Осы тұста сөйлемді және басқа да тілдік единицаларды талдауда функциональдік критерийлер тілдік құрылымының өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік бермейтіндігі туралы көзқарас қалыптасқандықтан, синтаксисті зерттеушілердің басты назары сөйлемнің формальдік құрылымын оның мағынасынан тыс қарауға аудды. Сөйлемнің семантикалық белгілерін ескеруден бас тарту формальдік бағытты ұстаушыларды «синтаксистің міндеті – сөз

таптары мен сөз тіркестерін ғана айрықша тілдік единица ретінде қарау» деген ойға, ал сөйлемді осы сөз тіркесінің бір түрі деп есептеуге әкеліп соқтырды. Сөйтіп, сөйлемнің коммуникациялық міндетіне сай мәселелер зерттеушілер назарынан тыс қалды.

Осы концепция бойынша, сөз таптары мен сөйлем мүшесі арасына немесе олардың формалары арасына теңдік белгісі қойылды да, соның нәтижесі синтаксистік категорияларды морфологиялық категориялармен бірдей деп қарауға алып келді. Жалпы осы концепцияны негіз еткен бірнеше бағыт өкілдерінің пікірлерін талдау барысында А. А. Холодович бұл концепция синтаксис ғылымы үшін қауіпті болды деген қорытынды жасайды.

Лингвистикалық құбылыстарды зерттеуге формальдік тұрғыдан қарауды батыстың да кейбір лингвистикалық мектептері жоққа шығармайды. Мысалы, 30–50 жылдарда өмір сүрген негізін американдық ғалымы Л. Блумфилд қалаған «дескриптивтік лингвистика» деп аталатын мектеп өкілдері де, осы тұста батыс еуропада структуралық лингвистиканың жарқын көрінісі болған, негізін Л.Ельмслев салған глоссематиктер де сөйлемнің формальдік жағына ғана назар аударады да, семантикаға көңіл бөлмейді.

Синтаксис пәнін осылай түсіну дәстүрлі лингвистикаға да әсер етпей қойған жоқ. Тіпті соңғы 50-60 жыл көлемінде орыс ғалымдары ғана емес түркі тілдерінің мамандарына да синтаксисті зерттеуде үлгі болып келе жатқан акад. В. В. Виноградовтың өзі бұл көзқарастан құр алақан емес. «Сөйлемнің нақты мазмұны оны грамматикалық тұрғыдан зерттеудің материалы бола алмайды. Грамматика сөйлемнің құрылымы мен типтік формаларын ғана зерттейді», – деп жазады ғалым өзінің 50-жылдардағы бір еңбегінде. Осы теориялық қағиданы басшылыққа алған түркологтардың басым көпшілігі осы кезге дейін сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздердің байланысу түрлерін айқындаумен, осы аталған синтаксистік единицалардың структуралық типтерін сипатаумен ғана шектеліп келеді. Алайда синтаксистің объектісі сөз тіркесі мен сөйлем құрылымын ғана зерттеумен шектелмейтінін уақыт көрсетіп отыр. Оның үстіне, жалпы тіл білімінде бұрын айқындалған көптеген мәселелердің қазіргі кезде қайта қарауды қажет етіп отырғаны белгілі. Қазіргі кезде синтаксис ғылымы өзінің ауқымын зерттейтін объектісі тұрғысынан ғана емес, сол объектілерге қатысты арнайы мәселелер мен зерттеу әдістері тұрғысынан да кеңіткенін лингвист-ғалымдардың көпшілігі атап өтіп жүр.

Мысалы, Н. Ю. Шведова қазіргі синтаксистің зерттеуге тиіс объектілері ретінде негізгі бес түрлі тілдік бірлікті атайды: сөз

формасы, сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, мәтін. Ғалымның айтуынша, бұлар құрылымдық жағынан да, құрылысымен де өзара тығыз байланыста болып күрделі бір синтаксистік тұтастықты құрайды. Қазір осы аталғандардың ішіндегі тек сөйлемді ғана тіл біліміндегі ең басты синтаксистік единица деп тану жөніндегі көзқарастар басым екені аңғарылады. Себебі тек сөйлемнің ғана өте бір күрделі құбылыс болуына байланысты оған жан-жақты қарау талабы қажет еткендіктен де дүниеге жоғарыда аталған, кейін де аталатын алуан түрлі бағыттар көзқарастар мен пікірлер келді. Сондықтан да қазіргі тіл білімінің басты ерекшелігі сөйлемді көп аспектілі, сан қырлы құбылыс ретінде танып зерттеу болып табылады.

Қазіргі тіл мамандарының барлығы да сөйлемнің көп аспектілі құбылыс екенін мойындайды және олардың басым көпшілігі өздерінің зерттеу еңбектерін сөйлемнің негізгі зерттеу аспектілерін айқындау мәселесіне (о многолинейности речевой цепи), грамматикалық құбылыстардың көп өлшемдігі (о многомерности грамматических явлении), сөйлемнің партитуралық құрылысы (о партитурном строении предложения) туралы пікірлерді ұсына отырып, сөйлемнің жеті түрлі аспектісін көрсетеді: 1) логико-грамматикалық, 2) модальділік, 3) сөйлем толымдылығы, 4) жайылма сөйлеудегі сөйлемнің ролі (яғни, оның сөйлеу тізбегіндегі басқа сөйлемдермен қатынасы), 5) сөйлемді актуальді мүшелену атымен кең танылған сөйлеуші белгіленген танымдық құрылым, 6) сөйлемнің коммуникативтік міндеті (хабарлы, лепті, сұрақлы) болуы, 7) эмоциональдігі. Ғалымның ойынша, бұл аспектілердің әрқайсысы сөйлемнің ең маңызды деген жақтарын сипаттайды және зерттеу барысында әрбіреуі қажетті болумен бірге тығыз бірлікте қарауды қажет ететін сөйлемнің грамматикалық компоненттері болып есептеледі [1, 58 б.].

И. П. Распопов сөйлем аспектрлерін былай бөлуді ұсынады: 1) конструктивті-синтаксистік; 2) коммуникативті-синтаксистік. Оның ойынша, бірінші аспект ынғайында сөйлем өзінің құрылымы үшін негіз болатын белгілі бір типтегі синтаксистік конструкцияны сипаттайды, ал екінші аспект бойынша сөйлем өзіне тән формальді хабар берушілік мағынасы бар бірлік (единица) ретінде көрінеді. Сөйлем аспектрлерін топтастыру жөніндегі П. А. Леканттың пікірі де осы көзқарасты толықтыра түседі. Ол аспектілерді: 1) структура-синтаксистік, 2) коммуникативті-синтаксистік, 3) логика-синтаксистік деп бөледі. Ал Н. Д. Арутюнова болса, сөйлемнің алуан түрлі сипатта болуы, оның таңбалық сипаттына байланысты дей отырып, сөйлемнің номинативтік және коммуникативтік аспектілеріне баса назар аударады. Ғалымның

ойынша, сөйлем: 1) қандай да болса бір ситуацияны айтады, 2) сол ситуация туралы хабарлайды. В. И. Кодуховтың пікірінше, егер аспект ұғымын антологиялық деп түсінген жағдайда оның екі белгісін: коммуникативтік және структуралық белгілерін атау керек. Ал қалған белгілер осы екі белгінің айналасына топтасады. Сондай-ақ, ол сөйлемнің бұл екі белгісінің де өзіндік формалары мен мазмұндары бар екенін айта келіп, коммуникативтік дегенді тілдік формалар мен тілдік актуализацияны ойлау формасымен сәйкес келуі деп есептейді.

Сөйлем аспектрлері жөніндегі пікірлер мен көзқарастарды салыстыра отырып, В. В. Богданов бұл аталған аспектілер бірін-бірі толықтыратынын және аспектілерді белгілі бір атаулармен жіктеп көрсету шартты болатынын ескерте келіп, бұның себебі олардың бәрінің де мәтінде (ғалым сөйлем орнына мәтінді алады) қажет және бір-бірімен байланысты болатынын айтады. Сөйтіп, өзі де сөйлем аспектілерінің мынадай түрлерін атайды: 1) сөз таптары, 2) синтаксистік қызметі (сөйлем мүшелері), 3) синтаксистік фразашілік байланыстар, 4) синтаксистік единицалардың орны, 5) сөйлемнің интонациясы, 6) сөйлемнің актуальді мүшеленуі, 7) фразалық байланыстар және фразадан тыс бірліктердің құрылымы, 8) жеке сөйлемнің мағынасы. Аталған аспектілердің алдыңғы бесеуі синтаксистік құрылымға тән, соңғы үшеуі семантикалық құрылымға тән аспектілер деп есептеледі.

Сөйлем аспектілерінің бұлай сан жағынан болсын, атаулы жағынан болсын түрлі-түрлі болуы мамандардың «сөйлем аспектісі» терминін қалай түсінулеріне байланысты болып жатады. Көпшілік ғалымдар бұл терминді В. Г. Адмонидің ізімен сөйлемнің «оны ерекше бір синтаксистік единица ретінде танытуға қажетті формальдік көрсеткіштерге ие болатын жақтары» деп түсінеді. Ал сөйлем аспектілерін оның бірін-біріне қарсы қойып қарауға себеп болатын жақтары емес, бір тұтас нәрсенің өз алдына жеке қаралатын жақтары деп түсінген И. П. Сусов сөйлем аспектілерін алдымен екі үлкен аспектілер типіне (формальдік аспектілер және семантикалық аспектілер) бөледі де, формальдік түрін іштей сегіз аспектіге, семантикалық түрін он екі аспектіге бөледі. Бұл жіктеудің ерекшелігі оны тым ұсақ түрлерге бөлінуінде болмаса, негізінен бұрынғы бөліністерде кездесетін түрлер қайталананды.

Көріп отырғанымыздай, қазіргі тіл білімінде сөйлемнің ең қажетті деген белгілерін анықтау жолында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Алайда, сөйлемнің аспектрлерін анықтаумен шұғылдану – негізгі де, басты да мақсат болмаса керек. Бұның өзі синтаксистік құрылыстың, әсіресе ең күрделі құбылыс ретіндегі сөйлемнің сан қырлы жақтарын

анықтай отырып, тілдің синтаксистік единицаларына негізгі және жүйелі түрде сипаттама беру болып табылады. Дегенмен, бұл жұмыстың шешімін табуда ғалымдардың үлкен қиындықтарға кездесіп отырғанын жоғарыдағы ізденістерден айқын көруге болады. Ең басты қиындық, М.Грепель айтқандай, зерттелетін объектінің орасан көлемділігі мен күрделілігінде, екіншіден, осы объектіні сипаттай аларлықтай нақты зерттеу әдісінің болмауында. Оның ойынша, қазірге дейінгі белгілі болған әдістердің қай-қайсысы да белгілі бір кемшіл жақтарымен көрінеді.

Жоғарыда аталғанындай кемшіліктер тілдің жалпы синтаксистік жүйесін зерттейтін әдістерге ғана емес, соның бір бөлігін құрайтын жай сөйлемдерді зерттеу әдістеріне де тән. Алайда, орыс тіл біліміндегі соңғы 20-30 жыл көлемінде пайда болған синтаксисті зерттеудегі табыстар, жай сөйлемнің де құрылымын жаңаша сипаттауға жағдай жасайды. Әсіресе, бұған осы жылдар ішіндегі әр түрлі бағыттағы мектептер зерттеп дүниеге келтірген «сөйлем үлгісі (модель предложения)», «сөйлемнің жүйелі құрылуы (регулярные реализация предложения)», «сөйлем парадигмасы (парадигма предложения)», «синтаксистік деривация (синтаксическая деривация)», «синтаксистік құбылыстар (синтаксические процессы)» деген ұғымдар зор мүмкіндіктер береді. Бұл ұғымдардың әрқайсысы және сөйлемнің алуан түрлі аспектілері орыс тіл білімінде арнайы зерттеу объектілері болды. (Н. Ю. Шведова, Г. А. Золотова, Н. Д. Арутюнова, И. П. Сусов, Т. Б. Алисова т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады).

Жай сөйлемді сипаттау үлгісі жөніндегі кейінгі кезеңдегі бір іргелі жұмыс – қазіргі орыс әдеби тілінің жай сөйлем синтаксисін сипаттауға арналған Н. Ю. Шведованың еңбегі. Бұл жұмыста жай сөйлемнің құрылымдық схемасының формальдік сипаттамасы беріліп, оның негізіне мынадай мәселелер алынған: 1) сөйлемнің формальдік және функциональдік аспектілерін ажырату, 2) құрылымдық схеманы өзіндік құрылымы мен мәні бар элементарлық үлгі ретінде тану, 3) предикативтіліктің жеке жақтарын көрсететін сөйлем формаларының жүйесі, 4) сөйлемнің грамматикалық және семантикалық құрылымы категорияларының сәйкес келмеуі т.б. Бұл мәселелердің қай-қайсысы да кезінде баспасөзде кеңінен талқыланып, айтыс-тартыстар туғызғанымен, жалпы алғанда тілдегі үлкен жетістік ретінде қабылданды. Осы еңбектегі бірсыпыра ұғымдар мен көзқарастар қазір ғылыми ізденістерде ғана емес, оқулықтарда да басшылыққа алынып келеді.

Жай сөйлемді сипаттаудың жаңа үлгісін И. О. Москальская да ұсынды. Бұл еңбегінде ғалым жоғарыда аталған синтаксистік жаңа ұғымдардың басын біріктіре, тұтастықта қарауға тырысады.

Міне, жалпы тіл білімінде сөйлемді сан қырлы мол аспектілі күрделі объекті ретінде қарауға байланысты зерттеулердің дүниеге келуі орыс тіл білімінде ғана емес, түркі тілдерінде де, соның ішінде қазақ тілінде де зерттеушілерді сөйлем синтаксисін жаңаша қарауға мәжбүр етіп отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Жинкин, Р. И.** Речь как проводник информации. – М., 1982.
- 2 **Колшанский, Г. Ф.** Коммуникативная функция и структура языка. – М. : Наука, 1984.
- 3 Лингвистический энциклопедический словарь. – М. : Сов. энцик., 1990.
- 4 **Торопцев, И. С.** Язык и речь. – Воронеж, 1985.

### М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН СИПАТТАЙТЫН КӨРІКТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

АБДУЛЛАЕВА Қ. М.

PhD докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдік тұлғаның табиғатын ашып, суреткерлік шеберлігін тану үшін оның тілінде қолданылған көріктеу құралдарына көңіл аудару қажет. «Жазушының дүниені ерекше көркем түсінуі, сезінуі, оның көркемдік әдісі міндетті түрде оның шығармасында көрініс табады» [1, 112 б.]. М. Ж. Көпейұлының шығармаларының тілдік көркемдігі әлі де болса толық зерттелмей жатқан тың дүниелер. Ақынның көркем шығармаларында оның тілдік ерекшелігін көрсететін көріктеу құралдары көптеп кездеседі. Оның тіліндегі теңеу, метафора т.б. қолданысы қазақ тіліндегі дәстүрлі қолданыспен сабақтас. Танымал тілдік тұлғалардың тілінде қалыптасатын мұндай жүйе – заңды құбылыс. Мысалы, М. Дулатұлының көркем тілі туралы зерттеуші Г. Е. Имашева Міржақып Дулатұлының семантикалық жағынан үйлеспейтін сөздерді тіркестіруді жүйеге айналдырғанын айтады. Мысалы: надандық шәрбатына мас болу; ғылымның шәрбатына қану қолданыстары соның дәлелі деуге болады. Семантикалық өрісі әр алуан надандық, ғылым мен шәрбатына мас болу, шәрбатына

кану – синкреттік амалдың жемісі [2, 18 б.]. Мұндай синкреттік амалдар – М. Ж. Көпейұлының шығармаларында да көптеп кездеседі. Мысалы: көңілдің тазармаған кірі болып; Көңіл кірі айтумен кетсін; көңілдің тазармаған кірі болып, дүние кірін жуып; сөз қозғап кетірейік көңіл кірді т.б. Осындай тың тіркестер ақын өлеңдерінде жаңаша түр беріп, жиі кездесіп отырады. Мұндай тілдегі жаңа түрленудің А. Құнанбаевтан бастау алатыны мәлім. Оны ғалым Р. Сыздықова зерттеп, көрсеткен болатын [3, 169 б.].

М. Ж. Көпейұлының тіліндегі басты ерекшеліктердің бірі – теңеу сөздер тобының ерекше қолданысы. Теңеулерде түсінік ассоциациясы басты орында екенін арнайы зерттеген ғалым Т. Қоңыров болатын [4, 4 б.]. М.Ж. Көпейұлы тіліндегі бейнелі теңеулер эпитеттік сипатта қазақы дәстүр үлгісінен туындаған, сонымен бірге бұрын қолданылмаған тың теңеулер де молынан кездеседі. Ғалым В. А. Маслова теңеудің табиғатын лингвомәдениеттану ғылымының өзекті мәселесі деп есептейді: «Халықтық менталитет және рухани мәдени тіл бірліктері алдымен олардың бейнелік мазмұндары арқылы жүзеге асады» [5, 145 б.]. Академик Р. Сыздықова қазақ тілінде де «теңеу – таным нәтижесі, сондықтан теңеулердің дені этнографиялық, ұлттық сипатта болады» деп көрсетеді [3, 161 б.].

М. Ж. Көпейұлының шығармаларында дәстүрлі -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер жиі ұшырасады. Мысалы:

Көзінің қаралығы қарақаттай,  
Сөзі бар ақ қағазға жазған хаттай.  
Көзіндей құралайдың ойнақтатып,  
Арман не соны күшқан адамзатта-ай?

Болғанда тілі інжу, төсі – маржан,  
Ааппақ қара жерге жауған қардан.  
Ғұнша ерін, лұлу иек, пісте мұрын,  
Қалмайды жүзін көрген пендеде арман!

Жарқ етіп шыққан күндей қабақтары,  
Мақтадай аялаған тамақтары.  
Алмадай екі беті үзіліп тұр,  
Үзілген қызыл гүлдей сағақтары [4, 302 б.].

Жалпы теңеуде ерекше салыстырылатын табиғат құбылыстары, аң, құс атаулары. Бұл дәстүр барлық тілде кездеседі. Қазақ тілінде табиғат алдыңғы кезекте салыстырылатын категория болғандықтан

ерекше түрге ие болып қолданылады. Бұл теңеулер алдымен эпостарда молынан кездесетіндіктен шартты түрде эпостық теңеулер деп те атаған. М. Ж. Көпейұлында мұндай теңеулер былайша қолданылады: ақыртып арыстандай шерді жығып; мерт болдым айға шауып арытандай; байғыздай тас жастанып; сұңқардай биік шынды мекен қылмай; шықылықтап көзге түстім сауысқандай; бұлбұлдай жағып жұртқа сайрағаным; аспаннан бұлт тартқан асқар таудай; өсек сөз жаңбырдай боп қабындайды т.б.

Теңеулер тобында гендерлік ерекшелік басым болғандықтан, символдық сәйкес мәні бар сөздерге теңестіріледі. Мысалы, ақын әйелдерді аспандағы айға, айдындағы аққуға теңесе, ер адамдарды арыстанға, жолбарысқа т.б. теңейді. «Гүлшат – Шеризат» дастанынан үзінді келтірейік:

Гүлшат сынды қара көз,  
Қалам қасты нұрлы жүз...

Тал бойында бір мін жоқ,  
Тал жібектей оралып,

Айдай балқып нұрланып...  
Кер маралдай керіліп...

Алтайы қызыл түлкідей,  
Тоқсан түрлі құбылып...

Айдын шалқар көлдегі,  
Иілген аққу-қазындай [7, 217 б.].

М. Ж. Көпейұлының тілінде бұрын кездеспеген тың теңеулер де бар. Мысалы: шыны айнаның көзіндей; бөйге кердей; шапқан аттай; арлан тазы бұғындай [8, 380 б.], енесінен түңілген жас қозыдай [8, 387 б.], айтқанын доптай қағып түсіремін, [8, 391 б.], зерек құстай [8, 403 б.], көлден шөлге ұшқандай [8, 474 б.], қараңғы айсыз бұлыт болдым түндей; соғыста жүрген жандай; кісідей кемтар болған, қолы қысқа [8, 480 б.], көрмеген дүниежүзін жарғанаттай [8, 484 б.]. Сөзі бар ақ қағазға жазған хаттай; орыстың мас қылатын арағындай т.б. [8, 302 б.].

Ақынның теңеулері халық дәстүріндегі теңеулер сипаты тұрғысынан келуі – оның өз ана тілін толықтай меңгерудегі көрсеткіші.

М. Ж. Көпейұлының тілінде көріктеу құралдарының бірі – метафора және олардың авторлық түрлері. Ақын шығармаларынан молынан орын алған.

Әдетте, метафоралық қолданыс сөз қолданушының таным-түсінігінің сол тілдегі мінезін жан-жақты бейнелейді. Метафоралардағы ұлттық сипат тілдік тұлғаның ұлттық мінезінің өлшемін анықтайды. Метафора жайдан-жай туа салмайды, ол да өмір сүріп, тілдік айналымға ену қажеттілігінен туындайды. Метафоралық қолданыс – жыраулық дәстүрден бастау алған, тілдегі орны берік сақталған тілдік құралдың бірі. Қоршаған ортадағы зат, құбылыс, табиғат суреттері, көңіл-күй иірімдеріне ұқсата балау метафоралық қолданыстың бастау көзі, сондықтан қоршаған орта, ондағы құбылыстар әлемі тұрғанда метафоралық қолданыстар түрлі өзгерістерге ұшырап, одан сайын шындалып, дами береді. Сол себепті тіл категорияларының ішінде метафора құбылысына Аристотельдің өзі қызығып: «Метафора – сөз мағынасының тектен түрге, түрден текке немесе түрден түрге, я болмаса ұқсату негізінде өзгеруі», – деген екен [9, 15 б.]. Қазақ тіл білімінде метафораның түрлерін, қасиеттерін жан-жақты зерттеген ғалым Б. Хасанов: «Метафора – екі зат пен құбылысты салыстырудың негізінде сөздің ауыс мағынада қолданылуы» – деп көрсетеді [10, 190 б.]. Ал метафораны когнитивтік тұрғыдан зерттеген Г. Н. Зайсанбаева былай дейді: «Заттар мен құбылыстарды таңбалау мақсатын көздейтін атауыштық метафоралар сыртқы пішін, қасиет және қызмет ұқсастығына байланысты ауыстырулар арқылы жасалады» [11, 6 б.]. Метафораның тілдік болмысын зерттеуші А. Сыбанбаева: «Метафора тек ауыспалы мағына ғана емес, ол өз бойына көптеген қасиеттер мен қызметтерді сыйғыза білген күрделі процесс. Метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаның бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген», – деп түсіндіреді [12, 9 б.].

Шынында да, метафора – ұлттық сананың сұрыптаудан өткен ұқсату түрі. Метафораны ел арасынан халықтың бірі тудырады да, тілдік тұлғаға сай үйлесіп кетеді. Қазіргі жас ақындардың шығармаларында бұрын тілімізде кездесе бермейтін алуан түрлі метафоралардың кездесуі ұлттық сананың жоғары дамуынан деп ойлаймыз. Метафора бүгінде әдебиет пен тілден басқа біраз салада қолданылып жүр: журналистика, саясат, тарих, психология, себебі ол көп қырлы тілдік категория. В. А. Маслованың: «біздің тіліміз – метафоралар мұражайы», [5, 131 б.] – деуі де осыдан болса керек. Метафора – ұлттық мәдениеттің тілдегі жарқын көрінісі ретінде тілдік тұлғаның тіл ұстарту мен тілді қолдануынан анық байқалады.

Метафораның пайда болуы кездейсоқтық емес, оның негізінде дүниенің суретін бағалай отырып, қабылдау жатыр. Әдебиет, тіл дамыған сайын метафора да бір орнында тұрып қалмайды, дамиды, әр түске боялып, күрделене түседі. Ал қолдану барысында метафоралар тұрақтылыққа көшіп, тілдік тұлғаның басты ерекшелігіне айналады. Метафораның басты ұйытқысы логикалық ұқсату, логикалық қатынас дұрыс құрылса, метафора күрделі қатынасқа еніп, таң қалдырары анық. Мысалы:

Сөз осал бола қалды не қылғанда,  
Шақпақтай от шығады шағылғанда.  
Көңілдің дариясында сөз – бір гауһар,  
Кісісі танып алар, табылғанда.

Болмайды сөз болғанмен, бәрі теріс,  
Келтірер иесіне кей сөз сөгіс.  
Бас қосқан мерекеде жақсы-жаман,  
Шешендер – мәуелі ағаш, сөз – бір жеміс.

Бұл сөзде ойламаңыз бар деп жалған,  
Аузыма сөздің шынын Аллаһ салған.  
Дегендей жан семірер жақсы сөзге,  
Көңілді, тірілтер сөз, өліп қалған [6, 73 б.].

Метафора табиғатында бейнелілік, ұқсастық құндылықтары жатады, оны сол ұлттың өкілі ғана жылы қабылдауы мүмкін, ал басқа ұлт өкілі селт етпеуі де мүмкін. Мәдени, рухани ұлттық құндылықтар сөздердің бір-біріне сәуле түсіріп, ауысуына қашанда өз әсерін тигізіп отырады десек, артық айтқандық емес. Құбылыстар ұлттық санада тоғысқан метафоралық қолданыстың өмір сүруіне алып келеді. «Метафораға айрықша қасиет беретін екі нәрсенің, екі құбылыстың бір-біріне сәлем беруі, бірінің мағынасын бірі толықтыра түсетіндігі» [13, 21 б.]. Тілдегі құбылыстарды ауыстыру шексіз процесс, сол себепті метафоралық қолданыс қоғамдық өмір құрылысы өзгеріп, дамыған сайын өзгеріп құлпыра түседі. Мысалы:

Көңілім дария болғанда, қолым – қайық,  
Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық.  
Айдын шалқар көл қайда қылар шабыт,  
Құла түзде қу ілген мен – бидайық [6, 99 б.].



Өзін «бидайыққа» ауыстыру бұрын-соңды қазақ ақындарында жоқ, алайда, бұлай ауыстыру Абайдан бастау алады.

Метафорадағы басты ерекшелік – бейнелілік пен жаңашылдық, сондықтан жаңашыл тілдік тұлға тілінде мұндай метафоралар жиі кездесетіні белгілі. Метафораның тағы бір қасиеті оның архаизмдік сипатқа еніп, қолданыстан шеттеуі. Бұның негізінде ақынның сөз қуаты және қайталаулардан, ұрлаудан өзін аулақ ұстайтын қасиеті жатса керек. Ал авторлы метафораның өмірі ұзақ, өйткені ол – халық еншісіне берілген ортақ мұра. М. Ж. Көпейұлының тілінде метафоралық қолданыстар аз болғанымен, өзіндік өрнегімен сол кездегі алдыңғы түр, жаңашылдық деңгейде болғанын байқаймыз. Ақын метафораларында өзін айқындықта көрсету орнына, қарапайым көрсету орын алған. Бұл да ақынның өзіндік табиғи қарапайымдылығының көрсеткіші болса керек.

М. Ж. Көпейұлының тілдік тұлғасының тағы бір қырын танытатын құрал – риторикалық сұраулар. Риторикалық сұрау бұрыннан келе жатқан ерекшелік болғанымен, қазақ поэзиясында ХХ ғасыр басында осы М. Ж. Көпейұлының шығармаларынан мол көрініс табады. Риторикалық сұрауларынан ақынның арманы, тілегі, тіпті өкініші де көрініп тұрады. «Гүлшат – Шеризат» дастанында сұраулар шумақ соңында қойылып отырады. Мысалы:

Сізге мойынсұнбаған,  
Не бұйырған пәрменін,  
Көңілдегі арманын,  
Қабыл тұтып алмаған,  
Мұсылман, сірә, болар ма?!

Дүниедегі сарайлар,  
Алтын, күміс көп жайлар,  
Бағы ирандай болса да,  
Басына бұлбұл қонса да,  
Фердаус бағы болар ма?!

Мейірің қанып сүйсініп,  
Бойың балқып исініп,  
Қапалы мейірің қандырып,  
Жүрегінді жандырып,  
Қызығы мұндай болар ма?! [7, 226 б.].

Риторикалық сұраулардың қолданылуы ақынның дәстүрлі әдебиет шеңберінен шықпай, стильдік тәсілдерге жүгінгенін көрсетеді.

Бұл тәсіл лингвомәдениеттану саласы емес, стилистика мәселесі болса да, М. Ж. Көпейұлы тілдік тұлғасының тіл саптаудағы тағы бір қыры деп қарастырдық.

Сонымен, М. Ж. Көпейұлының тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейі оның тіліндегі тамаша көркемдегіш құралдардың берілуімен де ерекшеленеді. Ақында дәстүрлі, жекелік метафоралардың, тенеулердің және риторикалық сұраулардың қолданысы оның тілдік қуатының тағы бір қасиетін көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Өзімжанова, Г. Көркем проза прагматикасы. – Алматы, 2005. – 300 б.
- 2 **Имашева, Г.** Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «ғаламның тілдік бейнесі». филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2007. – 110 б.
- 3 **Сыздық, Р.** Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы : Арыс, 2004. – 613б.
- 4 **Қоңыров, Т.** Қазақ тенеулері. – Алматы : Мектеп, 1978. – 192 б.
- 5 Маслова, В. А. Лингвокультурология. М. : Академия, 2001. – 202 с.
- 6 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 4-том. – Павлодар : ЭКО, 2004. – 535 б.
- 7 **Көпеев, М. Ж.** Таңдамалы. Екі томдық. 1-т. – Алматы : Ғылым, 1990. – 273 б.
- 8 **Көпейұлы, М. Ж.** Шайтанның саудасы. – Павлодар : ЭКО, 2011. – 588 б.
- 9 Аристотель. Поэтика. – Л., 1927. – С. 39.
- 10 **Хасанов, Б. Х.** Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы. – Алматы, 1966. – 205 б.
- 11 **Зайсанбаева, Г. Н.** Метафоралық аталымдардың когнитивті аспектісі. филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 29 б.
- 12 **Сыбанбаева, А.** Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы, 2002. – 161 б.
- 13 **Ахметов, З.** Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Мектеп, 1973. – 212 б.

## ТАБУ СӨЗДЕР МЕН ЭВФЕМИЗМДЕР: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

АУЫТ Қ.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жалпы, тіл – ұлттың айнасы болып табылады. Тіл арқылы халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігін, ой-сезімін, елдігі мен ерлігін, парасатын танымыз. Адамзат баласының сан ғасырлық тарихы, рухани жаңғырулары ұрпақтан ұрпаққа сол ұлттың тілінде сақталуы арқылы жетеді. Тіл арқылы кейінгі ұрпақ ұлтымыздың көне тарихы мен мәдениетін танып біледі. Ұлттық тілдің болмысы сол тілде сөйлеуші этностың ғасырлар бойғы тарихымен, тұрмыс-салтымен, мәдениетімен, дәстүрімен тікелей байланысты. Сондықтан да ұлттық тілді сол этностың дүниетанымымен, мәдениетімен, ой танымымен, тарихымен бірлікте қарау мәселесі тіл ғылымында өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттаным деген тілдің жаңа салаларының тууына себепші болғаны мәлім.

Ежелгі заманнан бастау алып, халық санасына сіңіп, жадында жатталған көне сөздердің тарихына үңілу, табиғи сырын ашып, мағыналық дамуы мен тілдік қолданыс аясын анықтау, ұлт мәдениетімен сабақтастыру тіл тарихының ұлт тарихынан да ұзақ екендігін дәлелдейді.

Бірнеше дәуірдің тарихы адамзат баласының болашақ үшін қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық т.б. күресі, рухани жаңғырулары сан ғасыр өтсе де, сол халықтың ұрпағына сол этностың тілінде сақталуы арқылы жетеді. Соның арқасында ұлтымыздың көне тарихы мен мәдениетін дұрыс танып - білеміз. Осыған байланысты, ұлттық тілді халықтың мәдениетімен, жан ілімімен, ой танымымен, тарихымен біріктіре қарау тіл білімінде жаңа бағыттардың тууына себепші болды.

Осы орайда тіліміздегі табу мен эвфемизмдерді этномәдени тұрғыдан зерттеудің мәні зор. Халқымыздың ұлттық салт-санасы, ата дәстүрі, әдет-ғұрпы, жөн-жосығы, кісілік қадір-қасиеті, рухани мұрасы, тілі, өнері, үлгі - өнегесі, бүкіл этникалық мәдени болмысы халық тәжірибесінде өзектесе қалыптасады. Осы мәселелерді ғылым үшін саралап, жіктеп, таратып қарау әрқашан да маңызды. Кез келген адам өмірі үш кезеңнен тұрады – туу, үйлену және о дүниеге кету. Адам өмірінің осы айтылған әр кезеңіне сәйкес халықтың әртүрлі

салты, ғұрпы, әр елдің өзіне тән дәстүрі бар. Солардың бәрі халықтың тілінде көрініс тапқан.

Ұлттық мазмұнмен сабақтасатын түркі тілдері арқылы ұлт тарихын, ұлт болмысын, дүниетанымын жеткізуге қызмет ететін табу мен эвфемизмдер сияқты тілдік қолданыстарын нақты зерттеу лингвистика үшін маңызды да өзекті.

Біздің бұл мақаланы жазуда мақсат етіп қазақ тіліндегі материалдар негізінде табу мен эвфемизмдердің этномәдени негіздерін анықтауды алдық. Осындай мақсатпен тақырыпқа байланысты орыс, қазақ және басқа да түркі тілдеріндегі ғалымдардың теориялық зерттеулерін, табу мен эвфемизмдердің жасалу жолдары мен этимологиясын, олардың лексика-семантикалық тұрғыдан топталуын, жасалу жолдары мен қолданыс ерекшеліктерін, стильдік қызметін қарастырдық.

Алдымен табу мен эвфемизмдердің зерттелуіне шолу жасадық. Бұл тақырып біршама зерттелген. Орыс тіл білімінде эвфемизмдердің теориялық негіздерінің пайда болуы, жасалу жолдары Б. А. Ларин, Л. А. Булаховская, А. А. Реформатский, Л. Крысин т.б. еңбектерінде көрсетіледі. Эвфемизмдер дәрекі сөздерді сыпайы сөздермен алмастыруда қызмет ететін сөздер мен қолданыстар ретінде қарастырылады: «Эвфемизмы – слова или выражения, служащие в определенных условиях для замены таких обозначений, которые представляются говорящему нежелательными, не вполне вежливыми, слишком резкими. Например, задерживается вместо опаздывает, кто крайний? Вместо - кто последний? (в очереди) наряду с такими более или менее устойчивыми заменами, в речи отличаются смягчающие индивидуально-контекстные обозначения, которые так же обычно расцениваются как эвфемизмы» [1, 199 б.].

Бұған қоса Л. Крысин «Эвфемистическая замена используется в стремлении избежать коммуникативных конфликтов и неудач, не создавать у собеседника ощущения коммуникативного дискомфорта» [2, 384 б.] деп, адамдар арасындағы қарым-қатынаста қолайсыздық тудырмау үшін эвфемизмдермен ауыстырылатындығын айтады.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде эвфемия құбылысын ғалым Ә. Ахметов алғаш ғылыми зерттеудің нысанына алып, табу мен эвфемизмді этнографиялық лексикаға жатқызады: «Кез келген этнографиялық лексиканың сыртында белгілі бір этнографиялық ұғымдардың тұратыны сияқты табу мен эвфемизмнің сыртында да олармен ұштасып, астарласып жататын этнографиялық ұғымдар, атап айтқанда, дәстүрлі наным-сенімдер, мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, қоғамда қалыптасқан тіл мәдениетімен байланысты

этикалық нормалар тұрады» [3, 176 б.]. Ғалым бұл сөздердің қырсырын ашуда этнография мен лингвистика ғылымдарының біртұтас нысаны ретінде зерттелуінің тиімділігін айтып, эвфемизмдердің этнолингвистикалық бағытта айқындалуына жол ашады. Олардың пайда болуын этнолингвистикалық жүйе және этномәдени негіздер арқылы айқындап түсіндіреді, дәстүрлі моральдық-этикалық қатынастарға байланысты қалыптасқан табу мен эвфемизмдерді топтастырып көрсетеді, яғни өлімге, анатомия мен физиологиялық процестерге, саяси эвфемизмдерге, сондай-ақ эвфемизмдердің жасалу жолдары: эвфемистік метафора, эвфемистік метонимия, эвфемистік синекдоха, эвфемистік символ, эвфемистік ирония түрлері мен өзіндік ерекшеліктерін айқындайды.

Негізінен эвфемизмдер мен табу сөздердің ұқсастығы мен айырым белгілері бар. Бұл екі термин түптеп келгенде бір тілдік құбылысқа жатады. Басқаша айтқанда, табу да, эвфемизмдер де кез келген нәрсені жұмсартып, ойды жеткізудегі сыпайы тілдік қолданымдар деген бағытта бірлікте болады. Ал нақты стильдік үрдістерде екі түрлі мақсатты көздейді, табу наным-сенімге, эвфемизмдер тікелей тілдік мәдениетке қатысты болып келетінін ғалымдар атап көрсетеді. «Бір затты, құбылысты өз атымен тура атамай, басқаша атаумен атау тек табумен байланысты емес. Сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыздау, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда да тілде бір сөз бір сөзбен алмастырыла береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер айтылады. Мұндай құбылыс тіл білімінде эвфемизм деп аталады. Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған сенімге негізделмейді, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер бүгінгі таңдағы өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністері деп есептеледі. Сондықтан табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан» [4, 125-126 б.] деп, эвфемизмді құбылыс ретінде қарастырып, оның өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Б. Сағындықұлы «...табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан. Эвфемизм табу сияқты қорқыныштан, үрейленуден туған сенімге емес, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді» – деген пікірді негізге ала отырып, «...ауыстыра алатын қасиеті үшін ғана эвфемизмдерді табуға телудің реті жоқ. Әлеуметтік саладағы құбылыс – жаргондар мен арголар да бір сөзді екінші сөзбен алмастыра алады. Эвфемизмнің

семантикалық табиғаты табумен үйлеспейді» [5, 87-88 б.] деп, эвфемизм құбылысының семантикалық табиғатына баса назар аударады. Табу сөздер мен эвфемизмдер қазақ тіл білімінде де біршама зерттелген. Бұл сала бойынша ғылыми мақалалардан бастап, кең көлемдегі ғылыми зерттеулер негізінде кандидаттық, докторлық диссертациялар жазылған. Мәселен, адам, мал ауруларына, жан-жануарлардың атауларына, үрей, қорқыныш тудыратын табиғи құбылыстардың атаулары, әсіресе мифологиялық ұғымға байланысты табулардың эвфемистік формалары диалектолог ғалымдар С. Аманжоловтың [6], Ж. Досқараевтың [7], Ш. Ш. Сарыбаевтың [8], С. Омарбековтің [9], О. Нақысбековтың [10], Н. Жүнісовтың [11] зерттеулері мен жинаған материалдарында мол кездеседі.

С. Омарбеков «Говорда кездесетін эвфемизмдер жайында бірер сөз» деген жазбасында ат тергеумен байланысты «майлық» деген табулық форманы тамызық, «қара» дегенді баран, «шот» дегенді шапқы, «тас» дегенді қайыршақ, «қазан» дегенді шойын, «сары» дегенді шикіл, «қамысты» үлдірік деп атайтынын көрсетеді. «Тізкіім» дегендегі тізді тізе-нің, эвфемистік формасы деп, этимологиялық талдау жасайды [9, 137-139].

Проф. Ә. Қ. Ахметов өзінің монографиялық зерттеуінде [3] және докторлық диссертациясында эвфемия құбылысына жан-жақты және терең талдау жасай келіп, табу мен эвфемизмдердің тілмен бірге туып бірге жасайтын бір-бірімен ажырамас құбылыс екенін көрсетеді. Әсіресе айрықша ден қоятын нәрсе – зерттеушінің тіл біліміндегі табу мен эвфемизм терминдерінің ұғымдық мазмұнын кеңейте қарауды негіздейтін теориялық тұжырымдары. Проф. С. Омарбеков қазақ тілінің жергілікті ауызекі тіліндегі (говорында) эвфемизмдерге арнайы тоқтала келіп, оларды бейнелеуіш, көріктеуіш категория деп қарамай, эвфемизмдерді табудың баламасы (формасы) деп, бірден-бір ғылыми дұрыс тұжырым жасайды және эвфемизмдердің сөз «сиқырына» сену немесе дөрекі, тұрпайы сөздерді сыпайы, құлаққа жағымды сөзбен алмастырып айту жайларымен байланысты екенін, сондай-ақ олардың сырттай қарағанда жаргонға ұқсас екенін, бірақ екеуінің екі басқа құбылыс екенін атап көрсетеді [9, 137-139 б.].

Табу мен эвфемизмдердің кейбірі тіл мәдениетімен де байланысты қалыптасады. Бұл туралы құнды пікірлерді белгілі ғалымдар І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Р. Сыздық, Ө. Айтбаев, Қ. Есенов, Н. Уәлиев, Б. Қалиев және басқа ғалымдардың ғылыми еңбектерінен көздестіреміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Ларин, Б. А.** История русского языка и общее языкознание. 1977
- 2 **Крысин, Л.** Эвфемизмы в современной русской речи // Русистика, 1994. – № 1-2. – С. 48.
- 3 **Ахметов, Ә.** Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995
- 4 **Болғанбайұлы, Ә., Қалиұлы, Ғ.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы : Санат, 1997. – 256 б.
- 5 **Сағындықұлы, Б.** Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы : Ғылым, 1997. – Б. 78, 58, 57-59.
- 6 Аманжолов, С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Вып. 1. / С. Аманжолов. – Алма-Ата : Изд. Академ. Наук. Каз. ССР, 1959. – С. 353, 368.
- 7 Доскараев, Ж. Казак тілінің жергілікті ерекшеліктер I бөлім. – Алматы, 1951.
- 8 **Сарыбаев, Ш.** Қазақ диалектологиясы. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 200 б.
- 9 Омарбеков, С. Мангышлакский говор казахского языка. Автореф... канд. филол.наук: – Алма-Ата, 1960.
- 10 **Нақысбеков, О.** Қазақ диалектологиясы. – Алматы, 1990
- 11 **Жүнісов, Н., Сарыбаев, Ш.** Қазақ диалектологиясы.-Алматы: «Ана тілі», 1991.

### Т. ӘБДІКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ДӘУІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

АХМЕТ М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XX ғасыр басында Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарының өзінде қанша тыйым саласа да өткір мінезбен сынға алып, кейде астарлап та Кеңес дәуірінің келбетін танытып, ащы тарихи шындықты халыққа жеткізуге тырысқан қаламгерлер туындысы тек әдебиетіміздің ғана емес, тарихымыздың шежіресі болмақ. Ғасыр басындағы халықтың ауыр тұрмысы Ж. Аймауытовтың прозаларынан көрініс береді. Жазушы халықтың образды да астарлы тілімен көп тарихи оқиғаның бет пердесін ашып бере алған.

Мысалы, Ж. Аймауытұлы қазақ жерінде орыстардың қоныстануы, олардың тұрмысы мен қазақ тұрмысын салыстыра суреттеуі әлеуметтік

теңсіздікті фразеологизм арқылы астарлап жеткізген. Қазақ-орыспен қазақ әшейін де «бөленшеке», «түгеншеке» десіп жүрсе де, жеріне, суына, балығына, ағашына қазақтың түмсық сұққанын көрсе, «еке-меке» далада қалады. Қазақтың шаңырағына қобыз тартылады (Қартқожа, 106 б.). Қобыз тартылады – күн көрсетпеу. Түмсық сұғу, шаңырағына қобыз тартылу фразеологизмдері қазақ тұрмысын астарлап, әсерлеп көрсетеді.

Ал кеңестік дәуірдің солақай саясатының кесірінен малдың қырылуы, ашаршылықтың етек алуы жазушы қаламына ілікпей қоймаған. Шынында Ж.Аймауытұлы өмірді танған адам. Өмірді тани білу, түсіне білу бар, сонымен қатар жеткізе білу бар. Ж. Аймауытұлы сол өмірді, өзі өмір сүрген ортаны тани біліп, танымын шеберлікпен оқырманына жеткізе білген.

Роман басында: «Шағала көлдің басы иін тіркескен ауыл, бықырлаған мал, жердің жүзін, көктің түрін сары, қызыл алтынға бояп, жаздың нұрлы қызыл күні белеңнен асып, шеті қылтып барады. Шанданып, қарауытып, топырлатып жылқы шауып суға түсті. Жамыраған қой, азынаған сиыр, өкірген бұқа, айқайлаған бала, ауқаулаған қатындардың даусы қосылып, көлдің басы ың-жың, у-шу, ауыл-ауылдың түгіндері ұрандасып, ұласып, көл арасын көк тұман басып тұр. О жер де бұ жер де қара құрық, біреуді біреу біліп болар емес», – деп иін тіркескен тіркесі ауылдың көпін орналасу жиілігі, бықырлаған мал, қарауытып, топырлатып деген сөздер тек жылқының көптігін суреттеген. Ал роман соңында Кеңес үкіметі тұсындағы кезенді: «Баян төңірегіндегі айдабол, қаржаз, қозған, күліктің малы дөңгеленіп қалыпты.

Қотан боларлық қой қадау-қадау ұшырайды. Көбінесе жазықтың қоянындай бытырап, үркердей шошайған сандырама-лар. Айғыржалдың найманына кіргенде мал тағы селдіреді, әйтпесе татырдың құлағында, құдық жақтағы ойпаңда айғыр үйір жылқы, таздың шашындай қыдырынды сиыр көзге түседі», -деп суреттеген. Мәтінде аз деген сөз кездеспейді, бірақ көз алдымызға малдың аздығы айқын көрінеді. Сонымен, жазушы белгілі бір ұғымды көрсетуде шеберлік танытып, неғұрлым нақты да әсерлі нақыштайтын сөзді, сөз тіркесін тауып қолданған. Малға сүйенген қазақтың малының азаюы – тұрмысының нашарлауы, осы құбылыс «таздың шашындай» теңеуі арқылы оқырманын күйзелтеді. Жазушы Кеңестік дәуірдің қолдан жасаған зұламатын астарлап берген. Қаламгер айтылмақ оқиғаның сырын тұспалдап жеткізеді, кейде әсері күшті тілдік құралдарды қолданады.

Прозалық шығармаларда тарихи шындық көрініс беріп отырады. Жазушы өзі өмір сүрген дәуір шындығын шынайы суреттеген мән береді. Көркем тілмен заман келбетін суреттеп беруге тырысады. Көркем шығарманың табиғатына әсер ететін негізгі факторлар саясат, қоғам, идеология, тарихи жағдайлар өзгергенде, көркем туындылардың келбеті де өзгеріске түсетіні белгілі. Әсіресе, мұндай факторлық әсердің ерекше күштілігін Кеңес өкіметі орнап, Коммунистік партия билеген кешегі социалистік қоғамдағы әдебиеттерден көреміз. Мұнда тұтас дәуірге татитын ұлы өзгерістердің қалай орнағанын, қалыптасып өркендеуін, нәтижесінің мәнін ашып көрсететін шығармалар жазылған.

Мысалы XX ғасыр басында Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ даласындағы халықты қанға бөктірген Азамат соғысы, революциялық қырғынға езілген қауымның азаттық жету жолындағы күресі түседі. Тарихи оқиғалар Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында суреттелген.

С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романына ғалымдар әр түрлі ой – пікірлер айтады. С. Мұқанов былай дейді: «Түр жағынан бұл мемуарлық (естелік) шығармалардың тобына қосылады» [10, 404 б.], – деп санайды. Ф. Мүсірепов С. Сейфуллиннің бұл шығармасын көркем-әдебиет пен публицистикаға қатар жатқызады: «Бұл осы күнге дейін манызын жоғалтпаған, келешекте де үлкен орны бар еңбек. Рас, бұл бір жағы көркем әдебиетке, бір жағынан публицистикаға жатады. Рас, бұл басынан аяғына дейін сұрыпталып шыққан біріккен де нәрсе емес. Әйткенмен, бұл Қазақстан топырағында, Одақ пролетариаты етегінде жүріп Октябрь төңкерісін орнатуға Қазақстан еңбекшілерінің қалай күрескендігін толық көрсете алатын еңбек... Әрине, бұл еңбектің мазмұнында да, көркемдігінде де сынайтын нәрселер бар» [11, 66 б.], – деп жете мән береді.

Әдебиеттанушы ғалым Б. Кенжебаев болса: «Тар жол, тайғақ кешу» роман да емес, мемуар да емес, Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы күрес туралы жазылған очерк кітабы деген дұрыс. «Тар жол, тайғақ кешу» – көркем очерктер циклі» [12, 56 б.], – деп үзілді-кесілді тұжырым жасайды.

Әдебиет зерттеуші ғалым Е. Ысмайылов: «Бұл шығарманы өзі қатынасып, революционердің образын суреттеген үлкен эпопея деуге де, көркем естелік (мемуарлық шығарма) деуге де, тарихи публицистикалық еңбек деуге де болады» [13, 61 б.], – деген ой айтты.

Ендеше кітапта очерктердің болуы оның «мемуарлық роман» болуына, тағы айтатын нәрсе, «Тар жол, тайғақ кешудің» «мемуарлық роман» болуы оның сонымен бірге «тарихи-документтік» роман

болуына да қайшы емес, өйткені бұл екі арада да өте алмас шекара жоқ. Екеуінің негізі бір: шын болған оқиғалар, адамдар, фактілер. Екеуінде де қиял, ойдан шығарушылық көркемдеу мақсатында қызмет атқарады» [14, 185 б.], – дейді М. Қаратаев.

Академик С. Кирабаев: «Сәкеннің бұл дәуірде жазылған прозалық туындыларының көлемдісі «Тар жол, тайғақ кешу» (1927). Ол-мемуарлық сипаттағы, тарихи деректерге сүйеніп жазылған шығарма» [15, 25 б.], – дейді.

Әдебиеттанушы ғалым Ш. Елеуенов: «Сол себепті де «Тар жол, тайғақ кешу» көдімгі көркем туындының ауқымынан асып жатыр, ол-тарихшы ғалым үшін мол дерек көзі, жазушы мен журналист үшін қаламгер шеберлігінің шынайы үлгісі, мектебі» [16, 33 б.], – деп ойын білдіреді.

Ө. Дербісәлин: «Тар жол, тайғақ кешу» – тарихи-хронологиялық ерекшелігі басым мемуарлық шығарма. Бұл жағынан алғанда ол ұлы күндерінің тарихына байланысты кезінде қағаз бетіне түспеген және оқиғаға қатысқан адамдардың бірсыпырасы сол жолда құрбан болып кеткен қайталанбас істер мен әрекеттер жайында теңдесі жоқ құнды деректерді береді, аса бағалы қазынаның жиынтығы есепті көзге түседі. Бұл – осы кітаптың үлкен бір ерекшелігі» [17, 25 б.], – дей келіп, алдыңғы ғалымның ойымен үндес пікір айтады.

Бірақ бүгінгі уақыт әдебиетімізге жаңаша қарау талабын қойып отырған кезде бұл атақты туындыны талдауға да соны көзқарас керек болып отырғанын айта кету керек. Бұл жөнінде филология ғылымдарының докторы А. Исмакова: «Тәуелсіздік кезеңінің әдебиеттануы Сәкен шығармашылығын жаңаша зерттеуді талап етеді... Бүгінгі қазақ әдебиеттануы бұрынғы зерттеулерді жоққа шығармайды. Бірақ Сәкеннің шығармашылығы туралы жаңа сөздер айтылуы заңдылық екені де рас» [18, 56 б.], – деген тұжырымның осы «Тар жол, тайғақ кешуге» де қатысы бар екендігін атап айтқан жөн.

Әдебиеттанушы М. Бекбергеновтың мына сөзі нақ осындай жағдайға қатысты екендігі даусыз: «Сондықтан да мемуарлық шығармаларда да негізгі өзек – халық өмірі, басты кейіпкер – халық өкілі болуға тиіс. Жеке бастың ұсақ-түйек жәйттерін, жеке адамның дара тіршілігін жазу шығарманың әлеуметтік маңызын түсіреді» [19, 15 б.].

С. Сейфуллиннің бір ғана «Тар жол, тайғақ кешуінің» мысалында айтылатын тұлғалар бейнесі арқылы тарихи шындыққа көз жеткізудің мүмкіндіктері аз емес. Филология ғылымдарының докторы Б. Майтановтың: «Сәкен Сейфуллин азап тұтқынында болған ержүрек большевик-революционерлер бейнесін түрме, айдай секілді қиын

сапарлар үстіндегі ерекше төзім, қайтпас қайрат-жігер көрсететін ауыр жағдайларда суреттейді. Осы ыңғайда әділеттілік пен бостандық ұлдарының құрыштай берік наным, өршіл, асқақ сезімін сипаттауда топтық портреттер адам бойындағы рухани күш-қуат пен бет-кейіптің өзгерістері саймаса келе бермейтін шақтарды аңғартуға орамды тәсіл болған» [20, 12-13 б.], – деген пікірінде осы мәселеге қатысты ойды жинақтап жеткізу үлгісі байқалады.

Ғ. Мұстафиннің «Көз көрген» мемуарлық романында өзі өмір сүрген дәуірдің суретін береді. Роман жекелеген әрқилы әңгімелерден құралады. Ол әңгімелердің жалпы саңы – жиырма бес. Әр әңгіме – оқиғасының басталуы, дамуы, шарықтау шегі және шешімі бар, сюжеттік жағынан аяқталып біткен жеке шығарма. Бірақ олардың әрқайсысы сол қалпымен шектеліп қалмай, романның ортақ фабуласына, идеялық бағытына қызмет етеді. Бұл туындының пішіндік өзгешелігі турасында филология ғылымдарының докторы Х. Әдібаев өз ойын: «Автор оқиға ашылуына ере бермей, әр новелланың өз шеңберінде тиянақты көркемдік шешімін тапқан. Жеке адамдардың тағдырына үніле отырып, белгілі дәрежеде халық күйін шертен. Аумалы-төкпелі дәуірдің шындығын көреміз» [25, 82 б.], – деп түйіндеген болатын.

«Қазақ әдебиеті тарихы» академиялық басылымның 9-томында айтылған: «Халық басынан кешкен тарихты бейнелеп берудің әдіс-тәсілдері мол. Соның ең өнімдісі, мүмкіндігі мол жылы мемуарлық мемуарлық туындылардан танылады» [26, 167 б.], – деген тұжырым мемуарлық романдардағы дәуір келбетінің көрінуіне қатысты келтірілген ойлармен үндес.

Бұл кезең қазақ прозасының әлемдік деңгейде шарықтап, тақырып ауқымы жағынан мүлдем кеңейген тұсы болды. Тағы бір айта кетер жайт Кеңестің құрсауында отырса ұлттық намысты арқалаған туындыларда толастаған емес. 60-шы жылдардан бер тіптен қаулап шыққан қаламгерлер қатары соны бір биік әдебиеттің айдынын толтырды. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, «Аманат» романдары қазақ тарихын термелесе, Ж. Молағалиевтің «Мен қазақпын» дастанын жазып аспандады. Көрнекті қаламгер Бердібек Соқпақбаев барша қазақ балаларын ұлттық колоритке бай Қожа сынды қаһармандармен қауыштырды. Ал, Төлеген, Мұқағали бастаған қазақ әдебиетінің бертінгі аңызына айналған ақындар «Мен неге қазақтықтан сақтанамын!» немесе, «Бабаларым рахмет сендерге!» деп жырлағаны әмбеге аян. Сол тұстағы Ж. Нәжмиденов, Қ. Жұмалиев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, С. Мәуленов, Қ. Бекқожин,

Ә. Нұрпейісов, Ә. Нұршайықов, Ғ. Қабышев, Ә. Кекілбаев, Ш. Мұртаза, М. Мағауин, Д. Исабеков, Ф. Оңғарсыновалардың әр жанрда жазған туындылары да ұлттық сарын мен терең тарихқа негізделген тарихилық жатты. Қазақ Кеңес әдебиетінен тәуелсіздікке ұмтылған тұста қоғам нәр алған аталған қаламгерлер болғаны анық.

Өмір шындығын Т. Ахтанов мұрасынан табамыз. Т. Ахтановтың дүниетанымында берік орын алған жай – ХХ ғасырдың 30-жылдарының басында қазақ халқының басынан өткен ашаршылық. Сол бір қиын-қыстау, нәубет жылдары жазушы 7–8 жас шамасында. Ес біліп, етегін жапқан кезі. Төңіректе болып жатқан сұмдықты бала көзімен көріп, жүрегімен сезінген. Жоғарыдағы естелікте айтылғандай, жан сауғалап, ағайын-туыс болып Қарақалпақстан асатын кезі де осы уақыт. Қолдан жасалған ашаршылықтың халық басына шексіз қайғы-қасірет әкелгенін тарих растайды.

Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін» секілді романдарында соғысқа дейінгі қазақ ауылының шындығы бірсыпыра көрінеді.

Кейіпкерлердің тарихын өткен өмірімен байланыстыра бейнелеу – жазушының қалыптасқан көркемдік тәсілдерінің бірі.

«Шырағың сөнбесін» романында Нәзіраның еске алуымен інісі Жұмаштың өлімі суреттеледі.

Жұмаш өлімі – ашаршылықтың көрінісі. Жалпы, Жұмаш өлімінде адам жанын тітіркендіретін үлкен трагедия бар.

Кез келген ұлттың тағдыры, басынан өткерген тарихи кезеңдері, ең алдымен, сол халықтың әдебиетінде із тастайтыны белгілі. Қазіргі таңда қазақ әдебиетінің әрқилы кезеңдеріндегі рухани дамуымызға, мәдени өркениетке, әсіресе ұлттық жан дүниемізге өз шығармаларымен айтулы үлес қосқан қаламгерлеріміздің бірі – Төлен Әбдіков.

Жазушының шығармалары адам мінезінің құпия сырларына үнілуімен, өмірдің мән-мағынасына философиялық тұрғыда қарауымен, өмірдің қайшылықты құбылыстарының күрделі шындығын ашумен ерекшеленеді. Төлен Әбдіков шығармашылығының негізгі өзегі – пенде мұны. Жеңіл-желпі желушық мұн емес, артында қара тастай қасірет жатқан көштей күніренте- сынсығып өз жүрегінен өткізген халқының мұны.

Бүгінгі қазақ прозасының басты мақсаты, бағыты – адамзат мойнына артылған мәңгілік күрестің бар екенін анықтау ғана емес, осы екі арадағы адам жанының күресін, арпалысын бейнелеу. Адам баласының өмір мен өлім арасындағы қысқа ғұмыры осы мәңгі тайталаста қалай өтіп жатқанын анықтау, зерттеу, зерделеу. Осы

төңіректе әлі де болса көптеген шығармалардың ту ары анық және олар бүгінгі сананың өркендеуіне байланысты жаңа формамен, жаңа мазмұнмен, жаңа пішінмен дүниеге келеріне күмән жоқ. Жазушының құрылыс материалы – өмір шындығы. Ол өмір шындығындағы мол материалдан құрастырып күмбез жасап шығарады. Ол күмбездің сәулетті, сәнді болып шығуы сол күмбезді құрастырушы зергердің шеберлігіне байланысты. Күмбезді құрастырудағы жазушының құралы – сөз. Жазушы сөз арқылы шикі дүниені ширатып, тыңнан тұлғалар жасайды. Оларды да қуантып, қайғыртып бірімен-бірін тартысқа түсіріп, күреске араластырады. Сөйтіп, өмір шындығында болып жатқан күнделікті құбылысты Көркем образдар арқылы оқырманның көз алдына елестететіні аян.

Әдебиет – өмір шындығының сәулесі. Өмір шындығы дегеніміз де бірімен-бірі тұтасып жатқан ұшы-қиыры жоқ мол дүние. Қаламгер сол мол дүниеден қанша алып, қалай пайдаланамын десе де өз еркі. Жазушы бұл жағынан алып Караганда, жалпақ дүниені қалай алып, қалай пайдаланбасын, өзі суреттеп отырған өмір шындығын молынан қамти отырып, дәуір талабына сай көркемдікпен шешіп бере білуге тиісті. Ол өзі өмір сүріп тұрған дәуір тынысына тәуелді. Міне, қаламгер Т. Әбдіков өз шығармаларында осы заманның өмір тынысын шебер бейнелей білген. Өмірдің баянсыздығын, жалғандығын суреттеудің қазақ прозасындағы керемет үлгісін Т. Әбдіковтің повестерінен көруге болады. Кейіпкердің жер ортасы жасқа келіп, өмірдің ащы-тұщы дәмін татқан, атақ пен даңқтан қажыған шағында азапқа түсуі, қайғы-қасіретке батуын, Т. Әбдіковтің «Тозақ оттары жымындайды» повесіндегі бас кейіпкер атақ пен даңқ, мансаптың қызылды-жасылды желегінен өмірдің шын мәні неде екенін көре алмаса, «Ақиқаттағы» Роберт те өмірдің мағынасыздығын түсініп, ақиқат дегеннің бәрі де қолдан жасалған жалған нәрсе екеніне мойынсұнады, сондықтан Ақиқат – өлімді таңдайды.

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОРТАҚ САРЫНДАР

БАПИШЕВА Қ. Д.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Түркі халықтарының ортақ әдеби мұралары б.з.д. VII ғасырдан бастап, Алтын Орда империясы құлап, XV ғасырдан бастап түрік халықтары көп хандықтарға бөлініп, әр халықтың ұлттық әдебиеті

дербес даму жолына түскен кезенге дейінгі тарихи мерзімді қамтиды. Өйткені осы уақытта өмір сүрген түрік халықтары бірыңғай рухани тұтастықта тұрды.

Бірыңғай рухани тұтастықта тұрған түрік халықтары XV ғасырдан бастап ішкі қайшылықтар мен сыртқы отаршыл күштердің қыспағымен тарыдай шашылып бөлшектеніп кетті. Бұрындары бәрін бауырға тартып, рухани жағынан біртұтас танымдығы көзқарасқа қозғау түсіп, әр халық тарихи және саяси-әлеуметтік жағдайға бейімделіп, тар шеңберіндегі өз ұлтының өмір сүру салтына қарай әдебиеттері де дербес ұлттық бағытты ұстанып өзіндік ерекшелігі бар даму жолына түсті. Енді бұрынғыдай ортақ мұраға ие түркілік әдебиет те бөлшектеніп қазақ, өзбек, қырғыз, түрік, әзірбайжан, татар, қарақалпақ, т.б. ұлттық әдебиеттер пайда бола бастады.

XV ғасырға дейінгі өмір кешкен түрік мемлекеттері (сақ, ғұн, түрік қағанаты т.б.) әр түрлі мемлекеттік саяси-әлеуметтік құрылымда болса да, оларға тән ортақ белгі рухани тұтастық мызғымай берік болып келді. Міне, осы ұзақ мерзім ішінде қалыптасқан рухани тұтастық заманында жазылып, бізге жеткен әдеби аңыздар, жазба дерек ескерткіштері мен әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашқари шығармалары және Алтын Орда кезінде жазылған қисса дастандар бөліп жаруға келмейтін рухани тұтастықты қалыптастырады. Осындай тарихи ерекшелікті ескере отырып, бұл дәуір әдебиеті мен рухани қазына көздерін бүгінгі бүкіл түрік халықтарына тән ортақ әдебиет ретінде қарастырамыз.

Түркі халықтарының ұлттық санасы жанданып, өткенге көңіл бөліп көне мұраны шет жағалап болса да ғылыми тұрғыдан қарап танып білуге ұмтылу әрекеті 60-жылдардан бергі тұста белгі бере бастады. Міне, осы кезде кейбір түрік ғалымдары осы ортақ мұраны өздеріне қарай бейімдеп тартуға тырысты. Орхон жазу ескерткіштері мен Қараханидтер заманындағы әдеби туындыларды өзбек, ұйғыр, қырғыз, татар, әзірбайжан әдебиеті тарихына ендіріп, өзіне қарай меншіктей бастаған кезде ғалымдарымыз әл-Фарабиді, Яссауиді қазақ әдебиеті арнасына қаратып, талас пікір туа бастағаны да рас. Бірақ бұлар әдеби ортақ мұраны әрқайсысы өзіне қарай тартқылап, бір халықтың өкілі етуге тырысқанда, оның туып өскен атамекеніне де қарамай өзіндік мұра етіп, өзара таласып жатысты. Мұндай талас пікір яғни кейінгі кезеңде басталып, 70-жылдар ішінде өршіп, күшейе түсті. Бірақ өткендегі әдеби мұра мен оның жеке өкілдері өркім өзіне қарай икемдеп танытудан гөрі оларды бүгінгі түркі халықтарының ортақ мұрасы ретінде таныту қажет деген ғылыми негіздегі пікірлер де айтылып жатты.

Қ. А. Яссауи атындағы ХҚТУ Ғылыми Орталығының Түркология ҒЗИ бастауымен 2002 жылы Түркістан қаласында халықаралық теориялық ғылыми семинар-кеңес ұйымдастырылып, әр республикадан шақырылған ғалымдар өзара пікір алысты. Күн тәртібінде қойылған мәселе – Түркі халықтар әдебиеті тарихын дәуірлеудің жайы болатынды. Ғалымдар бір ауыздан XV ғасырға дейінгі түрік халықтарына тән бірыңғай рухани тұтастықты негізге ала отырып, оларды барлық түркі халықтарына ортақ мұра ретінде танып білуге, енді оларды осы тұрғыдан насихаттап танытуға бақталасты.

Міне, осы көзқарасты яғни ғылыми негізде танып білуге ұмтылудан ертедегі әдеби мұраны бүкіл түркі халықтарына ортақ мұра ретінде қарап танытуды әрі болашақта жоғары оқу орындарындағы барлық факультеттерде арнайы пән ретінде өтілетін «Түркі халықтар әдебиеті тарихы» оқулығына ендіріп, түрік халықтары жас әулетінің санасына сіңдірудің мән-мағынасы зор болмақ. Өйткені бұл ғылыми таным келешекте, бүгінде шашылып кеткен түркі халықтарын бір-біріне жақындата түсетін, керек болса келешекте оларды бірыңғай рухани тұтастыққа бастап қалыптастыратын күшке айналмақ.

Қай ұлттың әдебиеті болмасын, өз алдына жеке дара дербес дами алмасы мәлім. Ол басқа халықтар әдебиеттерімен алмасу, әсер ету процестері арқасында ғана өсіп өркендемек. Ұлттық әдебиеттің дамуындағы алғы шарттардың бірі ретінде оның басқа халық әдебиетімен байланысын, өзара қарым-қатынасқа түсуін, атайтынымыз да сондықтан.

Қазақ пен Шығыстың басқа халықтарының арасындағы мәдени, әдеби байланыстардың тамыры тым тереңде жатқандығы аян. Осы тамырластықтың төркінін түптің, тілдің, діннің бірлігінен іздеген жөн. Осы үш бірлік Шығыс, оның ішінде түркі халықтарының өзара тығыз қарым-қатынас жасауына негізгі тірек болды және болып та келеді. Соның негізінде көне замандардан бастап шығыс-түркі елдері бір-бірімен қызу қарым-қатынаста бола отырып, ортақтаса әлем халқы рухани нәр алар талай тамаша дүниелерді өмірге әкелді.

Қазақ әдебиетінің дамуына елеулі әсер еткен бүкіл әлем жұртшылығына кеңінен мәлім «Мың бір түн», «Шахнама», «Кәлила мен Димна», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Тахир-Зухра», «Хұсрау-Шырын» және т.б. дастан, хикая іспеттес туындылар бұған толық дәлел. Нақтылай айтқанда, төл перзенттеріміз халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне етене жақын, таным-түсінігіне лайық үлгілі туындыларды біреулері сол қалпында өзгеріссіз, енді біреулері аздап өңдеп, қырлап, көркем тілмен кестелеп берді. Соның арқасында, яғни

шығыстық дәстүрлер мен өлең өрнегі, бояу-нақышы негізінде төл сөз өнеріміздің көкжиегі көркейді.

Әрине, әр алуан халықтардың мәдени қарым-қатынасында сол елдердің ғұламалары мен сөз зергерлерінің атқарар рөлі ерекше. Халық пен халықты жақындататын ұлт ұлдары мен ой алыптары.

Осы орайда, алдымен әлемге әйгілі Шығыстың шамшырақтары атанған Рудаки, Фирдауси, Руми, Қожа Хафиз, Омар Хаям, Сағди, Жәми, Маржани, Абай секілді алып таланттар ілігеді. Шығыстанушы ғалым В. В. Бартольдтың айтуынша, Фирдаусидің еңбегі Шығыс халықтары арасына VI–VII ғасырларда-ақ кеңінен тарап мәлім болған. Және «Шахнамадағы» негізгі мотив, идея парсы жұртының ерлігін, елдігін паш ету болса, оның ұлттық сана-сезімге ықпалы шығыс-түркі ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығына үлгі ретінде ұсынылды. Ал, Рудаки, Руми, Сағди, Хаям, Хафиз, Жәми шығармаларының XIX ғасырдан бастап әлем халықтарының тілдеріне, әсіресе, неміс, орыс, ағылшын, француз тілдеріне аударылуы олардың есімдерін әйгілеп, атақ-даңқын аспандатты.

Сондай-ақ Шығыс шайырларының кейбірі көздерінің тірісінде-ақ үлкен беделге ие болғаны тарихтан белгілі. Атақты «Меснауи» кітабының авторы шейх әрі сопы ақын Жәлеладдин Румидің беделді болғаны соншалықты оны жерлеуге шет жерлерден арнайы келген басқа дін өкілдері де қатысқан. Олар теңдесі жоқ үздік туындылар беріп, тек Шығысты ғана емес, Батысты да мойын ұсындырды. Және Батыс пен Шығыстың рухани алмасу жасауына көпір іспетті еңбек етті. Екі алып құрлықтың алмасу процесі қай денгейді және қайсынікі басым екені туралы пікірлер тоғысы бір байламға келген секілді. Ол байлам – Шығыстың Батысқа еткен әсері басым деген ой. Оған – ауызын айға білеген айтулы ғалымдар – Е. Бертельс, В. Бартольд, Л. Гумилев, В. Жирмунский, Н. Конрад, И. С. Брагинский, И. В. Стеблева, И. М. Фильштинский, М. Т. Степанянц, П. А. Гринцер т.б. еңбектері толық дәлел бола алады.

Олардың пікірінше, Батыстың Шығысқа ой-пікір, идея тұрғысынан қарыздар екендігі еуропалық санада бар нәрсе. Атақты грек тарихшы, философтарының (Геродот, Пифагор, Платон, Сократ, т.б.) парсы ғұламаларынан үйреніп, білім, ғылым түзегені рас. Сондай-ақ, Жаңа ғасырда көне Шығыстан гректер мен римдіктер арқылы ортағасырлық Еуропаға ұласқан мәдениет жалғастығы концепциясы қалыптасты. Тіпті Гегельдің өзі Шығыстың дерек көздерін әлем тарихының бастауы ретінде қабылдады. Ақырында неміс романтиктері



адамзат ақыл-ойының, діні мен өнерінің бесігі – Шығыс деген түсінікті түбегейлі нықтады.

Ғалым П. А. Гринцер Шығыс пен Батыс арасындағы ортағасырлық мәдени байланыстар жөніндегі өз ойын былай деп жалғастырады: «Вместе с монголами и арабами, а отчасти и помимо них, в Европу мигрировали многие сказочные сюжеты, которые можно обнаружить и в европейском фольклоре в целом, и в немецких шванках и французских фавльо, и произведениях Сакса, Боккаччо, Чосера, Маргариты Наварской, Сервантеса, Шекспира, Лесажа и др.» [1, 23 б.].

Бұл – шығыс-түркі мәдениеті мен өнерінің Еуропа халықтарына, басқа да халықтарға тигізген әсері жөнінде айтқан батыл да дұрыс тұжырым. Бүгінде, Батыс елдерінде еуроцентризм идеясы өрістеп, үстемдік құрып тұрғанда, мұндай пікірлердің қажеттілігі өте зор.

Шынтуайтқа келгенде, шығыс-түркі өнері мен мәдениетінің тарихы мындаған жылдарды құрайды. Әлем мойындаған әл-Фараби, әл-Бируни, әл-Ферғани, әл-Хорезми, Ұлықбек сынды даналарды дүниеге әкелген түркі жұртының жазу-сызуы, ғылымы мен мәдениеті еуропалықтардан көп бұрын пайда болғаны, тарих қойнауында терең із қалдырғаны – ғылыми айналымға түсіп дәлелденген нәрсе.

Жоғарыда аты аталған ғалымның (П. А. Гринцер) ойын жалғастыратын болсақ, шығыс ертегі, аңызынан, қисса-хикаятынан тараған көшпелі сюжеттердің біразы қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түрікпен фольклорына арқау болды. Көне дәуірден бері шығыс жерін мекендеген түркі ұлыстарының ортақ ауыз әдебиеті нұсқалары мен асыл мұралары жетіп артылады. Кейде бөлініп, кейде бірігіп ұзақ ғұмыр кешкен түркі тайпаларының тұтасып, үлкен мемлекет құрған тұсында бүгінгі көне жәдігерлер олардың елдік, ерлік рухын көтеруге ерекше ықпал еткені көрінеді. Түркі жұртына ортақ қай фольклор туындысы мен әдеби ескерткішті алсаңыз, олардың өн бойынан отаншылдық, адамгершілік қасиеттерді аңдайсыз. Осындай асыл қасиеттер дарыған түркі түлектері Алтайдан Дунайға дейінгі ен даланы еркін жайлады.

Бұл ретте зерттеу объектісі аумағынан ауытқымай, түркі халықтарының рухани алмасулары туралы ой сабақтасақ болады. Жалпы, шығыс-түркі халықтарының өзара жақындығына олардың көршілес қоныстануы ғана себепші емес. Сондай-ақ олардың әлеуметтік өмір салты мен әдет-ғұрпына түрлері мен мәдени тұрғыдағы ортақ сипаттар да қатты ықпал етті. Ал, түркі тұтастығы мен бірлігіне қазақ, татар, түрік, әзірбайжан, башқұрт, өзбек, қырғыз, түрікмен және т.б. ел-жұрттың фольклор үлгілері мен көне мәдени-әдеби мұралары, тарихи деректері мен архив құжаттары нақты дәлел бола алады.

Түркі ұлыстарының терең тамырластықтан тарайтын мәдени, оның ішінде әдеби байланыстары Қожанасыр, Жиренше шешен, Алдар көселерге қатысты аңыз-әңгімелер мен «Алпамыс», «Қобыланды», «Көрөғлы», т.б. батырлар жырларында, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпикалық дастанында көрініс табуы ол нұсқалардың бастау көзі бір екендігін айқындайды. Түгел түркіге тиесілі мәдени мұралар – Орхон-Енисей жазбалары, «Құтадғу білік», «Диуани лұғат ат-түрк», «Диуани Хикмет», «Кодекс Куманикус», тағы басқалары біздің ұлттардың жақындығын, тектестігін білдіретіндігі туралы айтылып та, жазылып та жүр. Бұған көрнекті түркітанушы ғалымдар – В. Бартольд, В. Радлов, С. Малов, Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Н. Баскаков, А. Кононов, А. Щербак, Х. Көрұғлы, Г. Араслы [2] тағы басқалардың еңбектері дәлел болмақ. Мәселен, түрколог ғалым Н. А. Баскаков түркі ұлыстарын тілдік ұқсастығы мен өзгешелігіне орай топтастырып жіктеді. Ал, В. Радлов, С. Малов, А. Щербак, В. Жирмунский, Х. Көрұғлы, Г. Араслы, Ә. Марғұлан сынды ғалымдар ауыз әдебиеті нұсқаларында жиі ұшырасатын түркі халықтарының туыстығына, тектестігіне, тіл, дәстүр сәйкестігіне орай көрінетін тарихи-генетикалық ұқсастықты типологиялық жақындықтың бір түрі деп қарастырды.

Осы тұрғыда, ғалым Р. Бердібай мынандай ой түйіндейді: «Ауыз әдебиеті шығармаларының түбірлестігі мен туыстығын кез келген үстірт ұқсастық белгілемейді, сәйкестіктер заңдылығын ашу үшін күрделі де салдарлы принциптер қажет болады. Сондай себептер мен сипаттарды ескере келіп, фольклортану ғылымы типологиялық жақындықтың үш түрін екішеп көрсетеді. Олар – тарихи-генетикалық, тарихи-мәдени және тарихи-типологиялық үндестіктер мен сарындастықтар» [3, 54 б.]. Ғалым түркі халықтарына ортақ әдеби ескерткіштер мен көне мұраларды дәйек етеді.

Шынында да, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, башқұрт, өзбек, татар, түрікпен, әзірбайжан, т.б. халықтардың фольклор үлгілерінің қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларымен ұқсастықтары бары айтылып та, жазылып та жүр. Олардың ортақтығы, бірлестігі туындылардың мазмұны мен композициялық құрылысынан, кейіпкерлер бейнесінен айқын аңғарылады. Мысалы, қазақтың «Алпамыс» жыры қарақалпақ, башқұрт, татар, өзбектер арасында кеңінен таралған Алпамыс туралы ертегілер мен аңыздарды еске түсіреді.

Түркі халықтарының фольклорындағы мұндай ұқсастықтарды эпос әлемінде ғана емес, басқа ауыз әдебиеті үлгілерінен де кездестіреміз. Туысқан елдердің сонау ерте замандарда бірігіп жасаған ертегі-аңыздары, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдері, жұмбақтары,

жаңылтпаштары бір-бірімен өте ұқсас болып келеді. Мұндай ұқсастықтардың себебін зерттеушілер сол халықтардың өткендегі тарихи тұрмысының бірлігінен деп біледі. Сөйтіп, идеялық мазмұны, көркемдік формасы жағынан жақын фольклорлық шығармалар бір негізден тарағандығын дәлелдейді [4, 67 б.].

Өз тарапымыздан біздің оған қосарымыз мынау. Бажайлап қарасақ, ауыз әдебиеті үлгілері діни таным-түсініктен бастау алады. Өйткені фольклор туындылары адамзат тарихының ерте кезеңінде дүниеге келіп, мистикалық ойлау жүйесі басым тұста қалыптасты. Сондықтан да болар, шығыс-түркі фольклорының нұсқалары – ертегілер, мақал-мәтелдер, қисса-хикаялар, аңыз-әңгімелер, т.б. Құран мен Хадиске иек артатыны анық. Бұл жөнінде дінтанушы Темірлан Барласұлы былай деп пікір қосақтайды: «Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі келген Пайғамбарлардың халықты Құдайға шақырып айтқан уағыз-насихат сөздері жиналып келіп, аңыз-әңгімелерге, қарапайым ертегілерге тоғысады, бір жағы келіп Құранға ұласады. Өмірде тек рухани дүниелер (ертегі, мақал-мәтел, қисса-хикаялар, халық әндері, жыр, күй, т.б.) ғана өміршең болады, ал қалған дүниенің барлығы да өшіп, уақыт өтуінен жоғалып отырады. Себебі рухани дүниелер рухтан туындайды, ал барлық рухтың қалауы біреу ғана, ол – Алланың дидары. Барлық рухтардың қалауы бір болғандықтан ол жүрекке сақталып, кейінгілерге беріліп отырады. Халық әндері мен жыр-қиссалардың ұмытылмай ұзақ ғұмыр сүретіні осыған байланысты» [5, 42 б.].

Шынында да, фольклор жанрының бірі – ертегінің қайсы бірін алып қарасақ та, оның астарында қиялмен қоса қисынды мағына, жасырын сыр бар. Жеті қабат жер мен көкті түгел кезуші кейіпкерлері бар «Ер Төстік», «Күн астындағы Күнекей қыз», «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қырық қарақшы» т.с.с. ертегілерде аспан шырақтарының қозғалысы, шығуы, батуы, т.б. қасиеттері жұмбақталып берілген.

Осы секілді фольклор жанрларының рухани мазмұнын жете ұғынып, терең түсіну үшін Құран аят, сүрелеріне жүгінеріміз рас. Сонымен қатар түгел түркіге тән фольклорлық туындылар біздің ата-бабаларымыздың шығу тегі, тарихи жолымен де астасып жатқанын аңғарамыз.

Бұл ретте, фольклоршы ғалым С. Қасқабасовтың түркі халықтарына ортақ көне жәдігерлер туралы ой-пікірі барынша шынайы. «Егер «Алпамыс» әр түрлі атаумен және әр алуан көлемде қазақта, өзбекте, башқұртта, қырғызда, алтайлықтарда болса, «Қорқыт» туралы әңгіме-жырау қазақта, башқұртта, түрікпенде, әзірбайжанда, түрікте бар. Ал, «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» нұсқалары қазақта,

башқұртта, татарда, алтайлықтарда, телеуіттерде, ұйғырларда сақталған. Осыншама халықта бір жырдың болуы, әрине, тегін емес. «Алпамыс» та, «Қорқыт» та, «Қозы Көрпеш» те ең алғаш сол баяғы түркі елдерінің бірлігі тұсында, әлбетте, осы күнгі қалпында емес, шағын аңыздама түрінде пайда болғаны анық деп ойлаймыз», – дей келіп, аталмыш ғалым өз ойын былайша түйіндейді: «Демек, Түркі қағанаты ресми айтып жүрген VI ғасырдан көп бұрын құрылған да, он шақты ғасыр өмір сүрген деп айта аламыз. Ендеше, осы күнгі түркілердің өз атауымен атап құрған мемлекеті осыдан 2 мың жыл бұрын пайда болғаны дау туғызбаса керек» [6, 4-5 б.].

Сайып келгенде, түркі халықтарының көне заманнан бері бірігіп жасаған сөз өнері мен әдеби қазынасында ұқсастық, ортақтық басым екені шын. Қазақтың эпостық жыры «Қырымның қырық батыры» құрылымы жағынан қырғыздың «Манас» эпосына ұқсайды. Тілі, тұрмыс-тіршілігі, мекен-жайы көршілес, жақын болғандықтан, туысқан халықтар ауыз әдебиетінің басқа жанрлары да өзара сарындас. Мысалы, «Өнерді үйрен, үйрен де жирен», «Ел қазынасы – ескі сөз, ер шырағы – екі көз», «Ат арыса – тулақ, ер арыса – аруақ», «Айырылған ел азар, қосылған ел озар» деген мақал-мәтелдердің мәтіні, негізгі идеясы үндес, өзектес болып келеді.

Тұрмыс-тіршілігі мен тарихы бір-біріне ұқсас әрі көршілес шығыс халықтарының өзара тығыз байланыс жасауы заңды. Олардың шығу тегінің, сенер дінінің бір болуы тарихы мен тағдырларын үйлестіріп, тілін жақындастырды. Шығыс елдері бір-бірімен қызу қарым-қатынаста бола отырып, ортақтаса әлем халқы рухани нәр алар тамаша дүниелер әкелді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Гринцер, П. А.** Эпохи взаимодействия литератур Востока и Запада. – М. : Рос. гос. гум. университет, 1997. – 51 с.
- 2 **Бартольд, В. В.** История культурной жизни Туркестана. Соч. т. 2. – М. : Наука, 1963.
- 3 **Бердібай, Р.** Түркі әдебиеті әлеміндегі ортақ сарындар // Жұлдыз. 1993. № 8.
- 4 **Жирмунский, В. М.** Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. – М. : Наука, 1960; Бұрынғы татар әдебиеті. – Қазан, 1963; Об эпосе «Алпамыш». Сборник статей. – Ташкент, 1959; Башқұрт халық эпосы. – Өфі, 1977.
- 4 **Барласұлы, Т.** Сөз атасы – ертегі, Құраннан сыр шертеді // Қазақ әдебиеті, 2000. – 6 қазан. – № 40.

5 Қасқабасов, С. Түгел түркі толғаған толағай жыр // «Қазақ әдебиеті» газеті. – 2002. – 21 маусым. – № 25.

### Г. Н. ПОТАНИННИҢ ФОЛЬКЛОРДЫ ЖИНАУШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

БЕКЕНОВА А. М.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар к.  
АРЫНОВА М. М.  
мұғалім, Ефремовка ОЖББМ, Павлодар ауданы

Г. Н. Потаниннің фольклорға, оны жинауға ынтасы Омбы кадет корпусында оқып жүрген жылдарда-ақ (1845–1852) ауған болатын. Кадет корпусы сол кездегі Қазақстан мен Сібір аймағындағы ең жақсы оқу орны болғаны белгілі. Мұнда өз заманы үшін озық ойшыл ұстаздар сабақ берді. Әсіресе, тіл мен әдебиет пәнінен сабақ беретін Костылецкий, тарихшы Гонсевский, географ В. Старков сынды мұғалімдер шәкірт Потаниннің көңіліне Сібір мен Қазақстанда тұратын халықтардың ауыз әдебиетіне, мәдениетіне, этнографиясы мен тарихына құмарлық ұялатқан еді. Қазақ даласында туып-өскен Потанинге ұлағатты ұстаздардың дәрісі, туған өлкесі туралы берген білімі тегін кетпейді. Оның үстіне Шоқанмен дос болып, бірге жүріп, бірге өсуі Потаниннің келешегіне мол игі әсер етті. Ол бір естелігінде былай деп жазады: «... мен Шоқанмен қатты араласа бастадым. Бұл уақытта мен үшін ең сүйікті нәрсе қазақ даласының географиясы мен этнографиясы болды. Ал Шоқан өзінің әңгімелерімен маған дәптерімді толтыруға жәрдем етті. Ол айта беретін, мен жазып ала беретінмін, содан кейін ол мен жазып алған текстерге сурет салатын (...). Осы кезден бастап біз достасып кеттік те, біздің ойларымыз ешқашан ажыраған емес, екеумізді де қызықтыратын бір нәрсе – Қазақ даласы мен Орта Азия еді» [1]. Г. Н. Потаниннің Шоқанмен достығы, Шоқанға деген сүйіспеншілігі өмір бойы суыған емес. Досы мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін де Г. Н. Потанин оның ата-анасымен, ауылымен, туыстарымен байланысын үзбеген, олаға арнайы барып, қонақ болып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап жүрген, ал Шоқанның әкесі мен нағашысынан қажетті материалдар да алып отырған. Демек, Шоқанмен бірге болған шағындағы Г. Потаниннің кейінгі бүкіл саналы өмірінде із қалдырып, оның фольклорист ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен деуге толық негіз бар.

Қазақ интеллигенциясы өз міндеті етіп туған өлкесінің табиғаты мен халқының өмірін зерттеуді алуға тиіс. Ол үшін жоғары білімді адамдар қажет... Өз халқының ескілігін, музыка, поэзия, қолөнер сияқты творчествосын, өлкесінің табиғатын зерттеу ісінде оқымысты қазақтар зор пайда келтірер еді. Қазақтардың поэзиясы мен музыкасы тығыз байланысты, өлең шығарушы әрі өзі композитор ол өз шығармасына әуенді де, ырғақты да өзі табады... Қазақтың киіз үйіндегінің бәрі оюланған. Бір де бір тері, киіз, ағаш оюсыз болмайды. Оюдың мазмұны айналадан алынған дөңгелек форма басым (мүйіз, гүл, өсімдік, уық, кереге тәрізділер де көп)... Ақындық творчество қазақ арасында жоғары дамыған, дала толы ақындар...» [2]. Бұл үзіндіден Потаниннің Қарқаралыға барғанда тек фольклор жинаумен шектелмей, қазақ өміріне кең мәнде қарап, халықтың тіршілігіндегі, тұрмысындағы, мәдениеті мен сана-сезіміндегі жағдаяттарға да зер салып, үлкен ден қойып зерттегенін көруге болады. Ол қазақ еліне іш тартып сөйлейді, қазақ халқының өткені мен сол шақтағы хал-жағдайы туралы тебіренеді, оның жарқын келешегіне кәміл сенім білдіреді.

Сонымен, Г. Н. Потанин сегіз рет Монғолстанға, Қытайға, Тибетке, Қазақстанға сапар шегіп, географиялық, ботаникалық зерттеулер жүргізумен қатар, ондағы халықтың ауыз әдебиетін жинаумен де шұғылданған. Соның ішінде мол жинаған дүниесі – қазақ фольклоры еді, өйткені ол барлық саяхатында да Қазақстан арқылы жүрді, ал екі рет қазақ еліне фольклор жинау үшін арнайы экспедицияға шыққан еді. Демек, қазақ ауыз әдебиетін жинау Потанин үшін аса маңызды ғылыми, әрі сүйікті іс болды.

Г. Н. Потанин өзінің ғылыми ізденістері мен саяхат кездерінде туып отырған нақты жағдайларға және әр тілде сөйлейтін халықтар арасында болуына байланысты фольклорлық материалдар жинауға, жазып алуға (тіпті жариялауға да) айырықша методика қолданды. Потанин өзінің тәсілін «аударма арқылы жасалған конспект» деп атаған. Мәселен, «аңыз бен ертегілерді аудармашы арқылы жасалған конспект тәсілімен жинау, – деп жазды ол, – әсіресе, әр түрлі халықтың фольклорын жинағанда пайдалы» [3]. Енді бірде ол: «... мен ертегілерді бұрынғыдай орыс тіліне аударған конспект түрінде жазып алып отырдым» [4], – дейді. Ал Потаниннің «конспект» деп отырғаны не және «аударма арқылы» дегені не? – міне, осы сауалдарды анықтап алу қажет, себебі мұнда Потаниннің жинаушылық методикасы (тәсілі) мен принциптерінің сыры жатыр.

Г. Н. Потанин бірнеше тілде сөйлейтін отызға жуық халықтың фольклорын жинаған. Әрине, сол ұлттардың бәрінің тілін білу

мүмкін емес еді, оның үстіне Потанин мамандығы бойынша филолог болған жоқ және ол көп тіл білуді мақсат тұтпаған да болу керек. Алайда өзі аралап, этнографиясын жақсы біліп, фольклорын жинаған халықтардың тілін түсінетіндей халде болған. Оның жолжазбалары мен хаттарына, текстерге берген түсініктемелеріне қарағанда ол қазақ тілін жетік болмаса да, біршама білген тәрізді. Мысалы, «Ақмола облыстық ведомостарында» орысша жарияланған мүшел жайындағы мифтің аудармасы туралы айта келіп, кейбір сөздердің қазақша баламасын керсетеді [4].

Кейбір замандастары Потанин қазақ тілін білді деп ашық жазады: «Біздің тәсілмен жиналған материалдар қоғамның алтын медалімен наградтаған кезде оның рецензенті болған профессор В. П. Васильев былай деп жазған: «Потанин тек қазақ қана емес, монғолдардың да ертегілері мен аңыздарын жинауға қамқор болды; соңғыларын (монғолдардікін – С. Қ.) аудармашылар арқылы, ал алғашқыларын (қазақтардікін – С. Қ.) – тікелей жазып алды» [5].

Тағы бір автор былай деп жазады: «Григорий Николаевичтің жан-жақты білімділігін және қазақ тілін білетіндігін ескеріп, ... Орыс географиялық қоғамы оны К. В. Струве бастаған экспедицияға қосты» [6].

Демек, Г. Н. Потанин қазақ тілін түсінетіндей дәрежеде білген, өзі Қазақстанда туып, қазақ балаларымен бірге ойнап өскен, кейіннен алғыр да зерек шәкірт Шоқанмен достасып жүріп қазақ тілінен мүлде хабардар болмауы мүмкін емес. Ал енді қазақ фольклорын түпнұсқада тікелей жазып алмауына біріншіден, оның қазақ тілін еркін меңгермегендігі; екіншіден, жылдам айтылып отырған текстіні орыс әрпімен хатқа түсіру қиындығы; үшіншіден, Потаниннің фольклористік зерттеулері үшін шығармалардың тілінен гөрі сюжеті мен мазмұны маңызды болуы себепкер. Бұл туралы ол өзі де ашық жазады: «Біздің тәсілмен жиналған материалдар лингвист үшін айтарлықтай бағалы емес, – дейді ол. ...Бірақ лингвистке мәнсіз болғанымен, біздің жинағандарымыз филолог («әдебиетші» деген мағынада – С. Қ.) пен мифолог үшін терең зерттеу жүргізуге аса пайдалы... Аңыздарды сөзбе-сөз жазып алу маңызды болса да, мифологқа қажет емес; ол үшін аңыздың құнды қасиеті, кісілердің аттары мен жинаушы тәжірибесі арқылы біліп-сезінетін ортақ сақталуы қажет» [7].

Сонымен, зерттеуші ауыз әдебиеті шығармаларын, айтушының (ақынның, немесе ертектің) сөздерін қасындағы аудармашы арқылы орысша хатқа түсіріп отырған. Сөйтіп, мүмкіндігі болғанша тексті түгел жазып алуға, оның мазмұнын барынша толық беруге тырысқан. Осындай әдіспен жазылып алынған тексті Потанин «конспект» деп

атаған. Бұл «конспектісінде» ғалым кісі есімдері мен жер аттарын толық сақтауға және тұрақты тіркестерді сол күшінде хатқа түсіруге ұмтылған. Әсіресе, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер мен өлең шумақтары өзінің көркемдік, бейнелік, поэзиялық сипаттарын сақтап қалған. Бұған мына бір тіркестер мен өлең жолдарын мысалға алуға болады:

Сен – темір,  
Сен темір болғанда, мен – көмір.  
Темірді еріткелі келдім,  
Екі ұланның баласын теліткелі келдім [8].  
Немесе:  
Таудан тоғас түскен жоқ,  
Секемен тары піскен жоқ,  
Тоғас түсті етекке,  
Кой жүреді жетекке,  
Жылама, балам, жылама [9]!

Әрине, қазақ дыбыстарының ерекшелігін сол кездегі орыс әрпімен дәл беру мүмкін емес еді, сондықтан Потанин жазып алған текстерде қазақ сөздерінің транскрипциясы ойдағыдай болмады. Осыны ескерген ғалым «конспект» түрінде тек үлкен прозалық үлгілерді жазып алған да, өлең түріндегі шығармаларды қазақ тілінде жинаған және оларды тәржімаламаған [10]. Дәлел ретінде оның архивінен табылған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосын, «Қабанбай» жырының үзіндісін, Бұқар жыраудың шығармаларын, көптеген мақалдар мен жұмбақтарды айтуға болады. Бірде Потаниннің өзі «кейбір жырларды алтай тілінде жазып алдым, бұл алтай текстерін Н. И. Ильминскийге бердім» [11], – деп жазады. Міне, бұл да біздің жоғарыда айтқан пікірімізді дәлелдейтін факті.

Г.Н. Потаниннің жинаушылық методикасының ұтымды жақтарының бірі – тексттің толық паспорты беріліп, кімнен жазылып алынғаны, айтушының аты-жөні, мекені, тіпті кей тұстарда жасы, жынысы, ұлты, шыққан тегі көрсетілетіні. Мәселен, тексттің соңында «Мұса Шорманов, Баянауыл округі», «Тарбағатайдағы Байжігіт руының қазағы Жақсыбай», «Сұлтанғазиннің марқұм Кенқожа сұлтаннан Тоқырауда естіген әңгімесі», т.т. секілді деректер беріліп отырған. Жазылып алынған әр текстіге толық паспорт беру – сол кездегі орыс фольклористикасының өзінде сирек кұбылыс еді. Ал, қазақ ауыз әдебиетін жинаушылардан тек Ә. Диваев қана шартты ұсынғаны белгілі. Өкінішке қарай, бұл маңызды принципті ХХ ғасырдағы жинаушылар ылғи да сақтай бермеді. Шынында әрбір

жазылып алынған фольклорлық шығармаға берілген толық паспорт қана ұлан-байтақ еліміздің қай жерінде қандай фольклор жанрлары, қандай шығармалар мен сюжеттер тарағанын көрсетіп, регионалды фольклорлық дәстүрді зерттеуге мол мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұдан сюжеттердің миграциялық мүмкіндіктерін де байқауға болатыны белгілі болды.

Г. Н. Потаниннің жинаушылық методикасындағы ең басты ерекшелік алынған әр шығармаға өте құнды фольклорлық, тарихи, этнографиялық, лингвистикалық түсініктеме берілуі. Зерттеуші өзінің бұл түсініктемелерін «ескертулер» деп атайды. Оның ескертулері өзінің кендігі, күрделілігі, жан-жақтылығы мен тереңдігі жағынан түсініктеменің шеңберінен әлдеқайда ауқымды, кішігірім ғылыми мақала іспетті. Сол себепті Г. Н. Потанин түсініктемелерінде ғылыми болжамдар, топшылаулар, талас пікірлер, кейде проблемалы ойлар көп кездеседі. Соның бәрін автор фактірлермен барынша дәлелдеуге тырысып, өз ойына дәлелдеме етіп ондаған деректер келтіреді, соның нәтижесінде тексте берілген ескерту өте көлемді болып кетеді.

Әрине, мұндай көлемді де жан-жақты түсініктеме жазу ғылымнан мол біліммен қатар үздіксіз еңбектенуді, тынымсыз ізденуді және өте көп уақытты талап етті. Соған қарамастан Г. Н. Потанин осындай «ескертулер» жазуды өзінің ғылыми борышы деп білді.

Потанин текстерге берген түсініктемелері өз кезіндегі ғылым үшін өте қажет болды, олардың кейбіреулері әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Зерттеуші фольклорлық шығарманы дүние жүзі мәдениетінің бір фактісі, бөлшегі деп есептеген, сол тұрғыдан бағалаған. Оның әрбір текстке, сюжетке әлем фольклорынан сайкестік, қызғылықты мотивтер мен кейіпкерлер іздеп, салыстырып отыруы осы себептен. Потанин түсініктемелерінің осы салыстырмалық сипаты қазіргі фольклортану ғылымында, типологиялық әдісте пайдаланылып жүр. Әрине, сюжеттер мен мотивтердің ұқсас болу себебін түсіндіру бүгінгі таңдағы ғылымда жаңаша, көбінесе типологиястадиялық ретте қарастырылады. Сонымен бірге, кейбір ұқсастықты бір елден екінші елдің қабылдауының нәтижесі деген тұжырым совет фольклортану ғылымында дәлелденіп те келеді.

Жалпы алғанда Потанин түсініктемелері өзінің мазмұны мен логикалық құрылымы, материалының молдығы мен салыстырмалық сипаты жағынан үлкен ғылыми еңбекке ұқсайды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Потанин, Г. Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. Собр. соч.: В 5 т. – Алма-Ата, 1968. Т. 4. – Б. 312.
- 2 Госархив Омской области. Ф. 86. Оп. 1. Д. 119. ЛЛ. – Б. 162-166.
- 3 Потанин Г. Н. Очерки Севера-Западной Монголии. – Спб., 1883. – Б. 651.
- 4 Потанин Г. Н. Тангутско-Тибетская окраина Китая и Центральная Монголия. Т. 2. – Б. 5.
- 5 Гордлевский В. А. Г.Н. Потанин как народословесник. 1915. № 3-4. – Б. 72.
- 6 Крубер А. Г.Н. Потанин // Естествознание. 1916. № 1-2. – Б. 56.
- 7 Потанин Г. Н. Очерки Северо-Западной Монголии. – С. 650-651.
- 8 Потанин Г. Н. Казак-киргизские и алтайские предания... – Б. 95.
- 9 Струве К., Потанин Г. Произведения устной поэзии киргизов // Записки РГО по общей этнографии. 1867. Т. 1. – Б. 525.
- 10 Смирнова Н. С. Потанин – собиратель исследователь казахской народной поэзии. – Алма-Ата, 1972. – Б. 29.
- 11 Потанин Г. Н. Очерки Северо-Западной Монголии. – Б. 649.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

БОЛАТБАЕВА Д. Н.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасының егемендігі жарияланған 1991 жылдың 1 желтоқсаны ел тарихындағы жаңа дәуірдің есігін ашты. Ұлттық сөз өнеріміздің байырғы бай мазмұны жаңа уақыттың болмыс-бітімі, беталыс-бағдарымен маңыздана түсті, әр қосып түлеп-түрленді.

Қилы тарихи себептермен шынайы өнерге тұсау болған қондырма мазмұн, қолдан жасалған кейіпкерлер, қолпаштау ұстанымы, тақырыпқа теліну сынды құбылыстар шығармашылық өрістен біртіндеп ысырыла бастады. Адам тұлғасы көркемдік кеңістікке тіршілік құндағындағы бітім-болмысымен батыл енуге еркіндік алды. Қаламгерлер шығармашылық азаттыққа шықты.

Қазақ сөз өнерінің даму тарихындағы тәуелсіздік кезеңі әдебиеті атты жаңа шығармашылық уақытта қазақ поэзиясы жаңашылдықпен дәстүр байытқан, дара поэтикалық туындылармен өріс кенітті.

Мәтінді ұлттық тұғырлармен әсерлеу; ежелгі жыр-толғаулардағы түп негіз, дәстүрлі поэтикалық нысандарды жаңа дәуірдің мазмұнына ұтымды сіңіріп ұқсату үрдісіне эпикалық үлгі мен лирикалық накыштар

үйлесімінің жатық орнығуы, т.б суреткерлік бағыттары жаңа көркемдік дәуір поэзиясына нәр құйды, қуат қосты.

Қазақ поэзиясының алдыңғы буын өкілдері де, кейінгі толқыны да заманалар ақиқатын, ұлт тағдырына құбылыс болып енген, ғасырларды көктей өтіп аман жеткен. Бостандықтың бас айналдырар бақытын, ендігі уақыттың, азамат ердің баласы көтерер замана жүгін өленге дарытуға асықты. Неден де болсын сескенбей, қалпын түзей бастаған халқының ежелгі ғұмыр ғұрпын, ұлтжанды рухын Тәуелсіздік тарихымен тоғыстыра, жарыса жырлады.

Ақындар арғы замандарды, аруақты бабалар тағылымын, бодандықтың азапты сапарларын, бүгінгі уақыттың болмысын оның әлі жазылып бітпеген жүрек жарақаттарымен, жан қуантқан тарихи жерлерімен тұтас сезінді. Қазақ өлеңінің мейлінше дәстүр байытқан, жаңашыл өрістер ашқан өнімді кезеңі де осы жылдар болды.

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясы ұлттық болмыстың түп қайнарларын сезінудегі көркемдік тапқырлығымен, сыршыл саздарымен, әлеуметтік өткірлігімен ерекшеленеді. Өткен дәуірлердің поэтикалық шежіресін жасау салтқа еніп, қазіргі заманның тарихи жырлары жазыла бастады.

Қазақтың көрнекті ақыны Жарасқан Әбдірашұлы елдік мұрат күрескерлері – XX ғасыр басындағы алаш азаматтарының рухына бағыштаған тағым жырлардан тұратын көркемдік құрылымы бөлек «Құлпытас» кітабын жазды.

Ақын абырой жүгі, ар тазалығы, кісілік мінез, қымбат адамдар, өмір ағыстары туралы толғанды. Артық туған жандардың дара мінез болмыстарын аялады. Ж. Әбдіраш – қазақ поэзиясын таза поэтикалық бітімдегі текті, рухты жырларымен байытты.

ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері Ұ. Есдәулетұлының отаншылдық, елдік мұраттармен суарылған сыршыл да намысты өлеңдер жинағы «Киіз кітап» қазақ лирикасының қазіргі заманғы көркемдік әлеуетін көтере түскен рухани олжа есебінде бағаланды.

«Мынау кітап тартып отырған талай тауқыметіміздің басын шалса да, кеудеңе үміт гүлін егіп, жігеріңе жігер қосатын, тәуекелге мінгізіп, тәубеңе келтіретін парасатты жырларға толы».

Жайық үшін жан бергендер,  
Еділ үшін егесін.  
Қиғаш үшін қырылғандар –  
Қазір бір-бір төбешік...  
Басын иіп өтуі керек

Уақыт өзі бұл жерден [1, 15 б.].

Тағым етіп тұруы керек келген қоғам төресін.

Ұ. Есдәулетұлының «Киіз кітабындағы», «Күріш», «Жаралы Барақ батыр», «Қобда», «Исатай батыр қабірі», «Ұлытау», «Құрбандық», «Қобыз үні», «Қарой, Махамбет», «Алматы, Желтоқсан» толғауларынан түзілген «Қара шаңырақ, Иманнұр» топтамасы атамекенді ардақты тұлғаларымен аялайды. Ақындық «Меннің» алдаусыз рас болмысынан қайнап шығатын бейнелі тілмен жасанған өлеңнің көркемдік кернеуі поэзияның бәсін көтере түседі.

Қара Қобда қан сасыды,  
Көбін шашып қан ақты.  
Қан кірпігін әрең ашып,  
Қанды көзбен таң атты.  
Қапияда қырғын, тапқан қобыландар жанарын  
Қарға шұқып,  
Қорқаулар мен қара шыбын талапты [1, 17 б.].

Аса шынайы, жаны жұмсақ, кішіпейіл өлеңдерімен әдеби кеңістікке ерте, еркін кірген Ұлықбек ақын Тәуелсіздік жылдары өлеңін өткерлік дарыған, әлеуметшілдігі айқын тың бағыттарымен байытты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Н. Айтұлының жүздеген жылдарға кеткен Азаттық жорығын, бостандықтың арман, арпалыспен қолға түскен бағалы, кәделі жолын дәстүрлі эпикалық баяндау, аңыздау, тарихи жырлар үлгісінде толғаған дастандары тәуелсіздік кезең поэзиясының көркемдік даму бағыттарында өзінді мәңге ие болды. «Осы Тәуелсіздік идеясы тоғыз дастанға ортақ желі тартқан бұл жинақ – «Тоғыз тараудан» тұратын «Тәуелсіздік дастан» атты эпикалық роман ретінде әсер қалдырады»

Біздің уақытымыздың рухы тұнған «Бәйтерек» поэмасында ақын Астана туралы толғанады. Астана – тәуелсіздік құрбандарына мәңгілік ескерткіш. Астананың күн санап бой түзеп, қазіргі заманғы сәулетті шаһарға айналып келе жатуы тұтас елдіктің тұғыры.

Жөнкілген бостандықтың көші қандай,  
Сарқылған құрдым қайта тасығандай!  
Көзінен келгендердің қамсынады,  
Жыртығын жүдеу қала жасырғандай [2, 89 б.].

Бұл – 1997 жыл. Ақын болашаққа болжам айтады. Сол болжам ертедегідей шындыққа айналды.

Уаққа емес, қаратып дүниені,  
Астана шыттай жаңа киінеді.  
Қазақтың көсемінің алдына кеп,

Төкаппар талай бастар иіледі! [2, 89 б.].

Ата тарихты ілгерідегі бабалар дәстүрі машығанда өлеңмен ашып, шежіре, шешен сөзгу ұйыта баяндауды жаңғырту бағытын мығым ұстанған ақынның «Бас сүйектер», «Төлегетай», «Жалаң төс», «Сардар», «Бердіқожа», «Ақмола шайқасы», «Желтоқсан – Мұқағали», «Ерлік пен тектілік», «Ту», «Тоғыз тарау», «Ерліктің ескерткіші» т.б. поэмаларындағы эпикалық екпін, есілген сөз оралымдарының поэтикалық салмағы құнарлы мазмұнға көркемдік маңыз қосты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Е. Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасы Тәуелсіздік тұғырлары бостандығы эпикалық толғамның озық үлгілерінің бірі.

Ежелгі дәуірден бергі өзекті күйді – халық пен билік баянын Есенғали ақын жаңа уақыттың ең жауапты құбылысы мәнінде ақындық үрдіске батыл енгізді. Діни ұстаным, дүниетаным бағытында да Алланың пәрмені ұзақ адасуда жүрген адам баласының шектеулі тағдырын үздік көркемдеу тәсілдерінде тәпсірлеген Есенғали Раушанов әлем әдебиетіндегі шығарма бітімін Ұлы Мәнмен нәрлендірудің ежелгі озық арқауын қазақы пайымға қайта сіңіру бағытындағы қапысыз суреткерлерік әлеуметін байқатты.

Поэмада көркем әдіптелген тұспал, астарлаудың озық үлгілері ұдайы назарға ілініп отырады. Адамзат тарихымен қатар жасап келе жатқан көне де жасаң поэзиясының аспан асты, жер үстің ұйытқан сырлы сазы құлақтан кетпей, дауалы күйімен әлдилейді. Е.Раушановтың дүниенің ұлы қисындарын сезіндіру машығы ақындық алқапты еркін шарлау рахатын сыйлайды. Әр сөз, әр тармақ, әр шуақта тұнған шыншылдықтың сәулесі мен нәрленген поэтикалық мән ұлан-асыр көркемдік әсерге бөлейді. Ежелгі эпостың оралмды, ой жетегін үзбей есіліп жататын жатық баяндау үлгісі шығармашылық ұтымдылықпен дамытылған поэмада кейіпкерлер ой текетіресі әрекет аталы сөз ауқымында авторлық, азаматтық ұстаныммен астаса дараланып, тұлғаланады.

Ақын ұлттық төлтума өнер айтыс өлеңнің қатты айтуға, ашшы айтуға, бетке айтуға жөн беретін жанырлық мүмкіндігін ұтымды қолданған.

Мұхаммет пайғамбар, Күлтегін, Жігіт-қаған, ақын қыз Ғайша, мәңгілік ергежейлі жырлардың, заман, қоғам бейнесі тұлғаланған дастанның құрылым, тіл, обрыз ашудағы, табиғаты түйсіндірудегі шебер өрімі, автордың ой-азаттығы, көркемдеу кеңістігіндегі шығармашылық еркіндік үйлесімі қазіргі қазақ поэзиясының озық бағыттарын поэтикалық әлеуетін танытады.

Осы кезеңдегі поэма жанырының тақырып аясы, эпикалық құлаш-қарымы Жәркен Бөдештің «Аңырақай бекетіндегі», «Генерал Жохар Дудаль», «Исатайдың баласы», «Жалғыз», «Бостандықтың басы», «Қарауыл төбе», т.б. поэмаларында өзіндік көркемдік алымда көрініс беріп отырады. «Жолаушы» поэмасында күнкөріс қамымен шетке кеткен, толған соң Елді ұмытқан ұлдың айтқанға көнбес құлқын иіткен күй күдіреті, ұлттық рух қуаты жайлы айтылады.

Асқар Егеубайдың түркі әдебиетін зертеу бағытында нақтылы тарихи деректер қозғау салған «Шу батыр», «Мыс шаһар», «Қала салған қазақтар» егіз дастаны сынды туындылары эпикалық жаңырдың көркемдік өрісін кеңіте түсті.

ҚР Мемлекеттік халықтық, ұлтық мұраттар, биік адамгершілік ұстанымдар арқау болған сыншыл философиялық толғамдары тәуелсіздік дәіріндегі поэзияның даму, қалыптасу бағыттарындағы жеке шығармашылық тұлға әлеуетін айқындай түскен сыршыл лириканың озық үлгілері есебінде танылып, бағаланды.

ҚР. Мемлекеттік сыйлығының иегері Иранбек Оразбаевтың Абай дәстүріндегі өлең үлгілері ақынның қоғам, адам болмысындағы жан қыжылын, пәнсапалық ойларын көркемдік шешімге тартуындағы әсерлі бейнелілік дарытқан ,ұтымды, жатық тәсілдердің бірі болып орнықты. Мінезді өлеңдердің көркемдік – стильдік дара сипатын айқындай түсті.

Мен де –  
Бетгі бастым,  
Мен де -  
Тұра қаштым  
Көбігімен жудым кір –  
Көзден аққан жастың ... [3, 46 б.].

Ақын нарық заманының ауыртпалықтарын сезінеді, жаһандану дәуіріндегі халықтың керенау, байғамдау қалпына аландайды, күйіп күйзеледі. Оның поэзиясындағы өткір сыншылдық қалғымайтын қырағы азаматтық ұстаным, жаңа үлгілер, өзіндік поэтикалық кеңістік қазіргі қазақ өлеңінің мәнді көркемдік нышандарына айналды.

Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі, ел мінезіне күйіну, күйзелу, аландау сарыны белгілі ақын Исраил Сапарбайдың «Рухнама» жыр жинағында да айқын «Тайқазан», «Қазақта жаңаша таныстыру», «Менталитет», «Жаһандану жаңғырығы», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Менің әлемім», «Отырар ойлары», «Біздің қоғам» толғамдары – қаламым құрғатпай замана күйіне аландап отырған ақынның қалпын қапысыз сезіндіреді.

Әдет шіркін қала ма, қанға сіңген?

Әлі күнге келеді арбасумен.

Жалқаулығын қайтерсің ала бөтен

Алтын басып жатқандай жанбасымен!

Тәуелсіздегі кезеңіндегі поэзия XX ғасырдың адамзатқа жасаған асқан «сыйы» - атом апаты тұрғысында елеулі ойлар толғады.

Қазақ жеріндегі қырық жылғы жарылыстың бақ үркіткен бейдауы опаты азаматтық лирикада ширыққан екпінді желі түзді.

Б. Жақыптың «Тамыздың жиырма тоғызы» атты ұзақ толғамында жарылыстың бейдауа сұмдығы, жан шыдамас ақиқаты және бір қырларынан ашыла түседі.

Тамыздың жиырма тоғызы...

Күн емес шар шықты

Дегелең деген өр таудың

Кеудесінен сол күні жан шықты

Тәуелсіздік жылдар поэзиясында ұлттық бітім даралығы, дәстүр, салт – сана, туған, ата-анаға сағыныш, адамдық қилы аңсар, көңіл – күй, сезім жырлары сыршылдық бағыттағы жаңа ағыстар түзді.

Аққұштан Бақтыгерееваның, әйел – Ана, атамекен Ақ жайық, туған ауыл, Ана – тілі, ата салт, адамгершілік игіліктер, ұлттық құндылықтар, қазіргі қоғамның көкей кесті күйлері тұрғысындағы сезімді, сырлы, жау мінезді, кей-кейде снық көңіл, кейде өктем де ор жырлары өзекті ой айту үшін «ойбайлай берудің міндетті емес екендігіне меңзейді». Ақынның «Наурыз» толғамы осы бір арғы тарихы адамы ғұмырларымен бір тұтасқан ұлы мерекенің рухани мәнін жоқ іздеген жолаушы ұлтының жоғалғаны табылған, айтқаны болып, арманы озған құбылысымен аса нәзік әрі сәтті астастырады. Ақын адамсүйгіштік пейілі асып – тасып жатқан Әз Наурызбен ұлтының ұмыт бола жаздаған ұлы құндылықтары қайта оралатынына шаттанады. Ұлт кіндігі байланған Ауыл қазақ баласы үшін дүниенің қымбатын сыйғызған ұғым. Анасы, атасы, бабасы ғұмыр кешкен, елдік рух жайылған ауыл – осы кезең поэзиясында болашағы алаң туғызар қаяу көңіл, аяулы амалсыз қалпында көркем бейнеге тұтасты.

Тәуелсіздік жылдары қазақ лирикасы шыншылдық сәулесімен қуаттанған ішкі мазмұнға тұнған дүние құбылыстарын сезіндіру тәсілдеріндегі тосын шеберлік алымдармен құнарланды. Адамның әр қилы күйзеліс, жадаған сәттері, арғы түкпіріндегі жан қаяуында әрдайым ортақ болып отыру – ақындық болмыстың әлімсақтан бергі адамсүйгіштік артықшылығы. Тәуелсіздік кезеңнің әдеби дамуындағы тыңға түрен салған ізденістер модернистік, постмодернистік жазу

үлгілерінің Т. Медетбек, Ә. Қайран, Т. Әбдікәрімұлы, Ж. Бөдеш, Н. Оразалин, Ұ. Есдәулет, Е. Раушанов, Г. Салықбай, М. Райымбек, З. Елғондиева, Ж. Әскербек т.б. ақындар поэзиясындағы нышандары, олардың шығармашылығындағы жаңа көркемдеу тәсілдері бұл дәуір поэзиясының танымдық, түйсіну, сөздің шексіз бейнелеу мүмкіндіктерін кәдегі жарату бағытындағы елеулі көркемдік жаңғыруын танытады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Есдәулет Ұ. Киіз кітап. – Астана: Ролиант, 2012. – 21 б.

2 Айтов Н. Бөрігостаған. – Алматы: Жазушы, 2007. – 157 б.

3 Оразбаев И. Иран бағы. Таңдамалы. – Алматы, 1995. – 180 б.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДІҢ БІР ЖОЛЫ

ДАИРОВА А. Ж.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Малыбай ЖОББМ, Лебяжі ауданы

Білім саласындағы жаңа дәуір өзімен бірге жаңа ойлар мен заманауи мектеп үлгісін, жаңашыл ұстаз бейнесін ала келді. Елбасы Н. Ә. Назарбаев өз жолдауында «Еркін елдің болашағы – іргелі білім мен озық ғылымда» деп тегін айтқан жоқ. Қазіргі кезде әр сәт сайын жаңа идеялар, жаңа технологиялар пайда болуда. Инновациялық технологиялар білім беру саласына да келді. Жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беруде әр түрлі әдістерді қолданудың маңызы зор. Бұл сыни тұрғыдан ойлау, модульдік технология және жобалық оқыту.

Мұғалім нені, қалай оқытатынын біліп қана қоймай, оқу үрдісін шебер ұйымдастыра білуі керек. Соның нәтижесінде балаларда «Нені үйренуім керек?», «Қалай үйренуім керек?» деген сұрақтар туындауы керек. Оқушы енжар тындаушыдан сыни тұрғыдан ойлай білетін дербес тұлғаға айналуы тиіс.

Педагогикалық қызмет нәтижесінде оқушының табысына сүйенгенде ғана тәрбие нәтижелі болатынын түсіндім. Бұл қуаныш сезіміне, көңіл-күйдің жоғарылауына байланысты. Пайдалы істі табысты орындаған балаларда өз күшіне деген сенімділік, нәтижеге жетуге деген құлшыныс пайда болады.



Табыс табысты тудырады. Мектепте нашар оқушы болмауы керек. Мұғалімнің басты мұраты – оқушының ең кішкентай табысының өзін байқап, оны қолдау. Бала оқу-танымдық қызметте белсенді болуды қалайды. Заманауи сабақ оқушылардың шығармашылығы мен танымдық күшін белсендірілгенде, танымдық аясын кеңейтуге бағытталғанда, өзіндік шешім қабылдай білуге итермелегенде ғана қызықты болып, қуаныш әкеледі [1, 26 б.]

«Блум түймедағы» әдісін қолдану оқу-тәрбие үрдісінде тұлғалық бағыт беріп, саралап оқытуды жүзеге асыруыма мүмкіндік берді.

Жұмыс баарысында мен диалогтік оқытуды қолданамын. Бұл әдістің тиімділігі:

1 Балаларды идеяларын жүзеге асыруға үйрету. Әрбір идея дұрыс болуы керек деген талап қоймау керек;

2 Өз идеяларын «жұрт көзінше» батыл айта білуге үйрету;

3 Қиялдай білуге үйрету;

4 Басқалардың сөзін бөлмей, олардың пікірімен санаса білуге үйрету.

Әдебиет сабағының басты мақсаттарының бірі – тіл мәдениеті жоғары, сауатты оқырман тәрбиелеу. Әдебиет сабақтары дербестікке, шығармашылыққа, тілді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, диалог жүргізе білуге, оқылған нәрсеге тұлғалық қарым-қатынасқа, мәдени мұраны сақтай білуге деген жауапкершілікке, бірлікті, қоғамды, адами мәдениет пен оның қызметін сезінуге шақырады [1, 26 б.].

Әдебиет сабақтарында диалогтік қарым-қатынас жүзеге асырылады.

Мысалы:

1) оқылатын мәтіннің авторы мен оқушылар арасындағы диалог;

2) мұғалім мен оқушы арасындағы диалог;

3) оқырман ретінде оқушылардың өзара диалогі;

4) оқулық авторы мен оқушылардың арасындағы диалог.

Осыған байланысты диалогке негізделген бірлесен қызметті жаңаша ұйымдастыру керек. Мұғалімнің рөлі – оқушылардың білім, білік дағдыларын толық меңгеруін қамтамасыз ететін бағыттаушылық рөл. Диалог – мұғалім жақсы тыңдаушы бола алатын, өз пікірі мен беделін алға тартпай, әңгіме жүргізе алатын, серіктес рөлін орындаушы қарым-қатынас түрлерінің бірі.

Оқу үрдісін зерделеу бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді, ғалымдар диалогтің сабақта басты орын алатынын дәлелдеді.

Диалог сыныпта оқушылардың интеллектуалды дамуына, оқудың нәтижелілігіне игі әсер етеді.

Диалогтік оқыту арқылы өз ойын еркін білдіретін тұлға – толыққанды, өмір сүруге бейім, өмірлік тәжірибелерді ұстана білетін білім иесі. Сондықтан, сабақтарды диалогтік оқытудың белсенді әдістерін біріншіден, оқушылардың қызығушылығын арттыру, екіншіден, оқушылардың белсенділігін арттыра отырып, білім сапасын көтеру, үшіншіден, оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін өздеріне сенімділігін арттыра отырып дамыту, төртіншіден, оқушылардың диалогтік оқыту арқылы сөйлеу тілін дамыту дер едім.

Сабақтарда диалогтік оқыту әдісін қолдана отырып, мынадай мақсат қоямын:

– балаларды мәселені өз бетінше шеше алуға үйрету;

– көбірек ойлауға, жиі сөйлеуге, өз ойлары мен тілдерін белсенділендіруге үйрету.

Бұл технологияның міндеті: оқушыны білімді өзі алуына үйрету. Оқытушы диалог жүргізу арқылы балаларға сабақ тақырыбын өздері ашып, мәселе бойынша өз пікірлерін ұсынуды тапсырады. Сабақ барысында бұл пікірлер тексеріледі.

Диалог барысында оқушылар оны жүргізудің тәсілдерін әр түрлі деңгейде меңгереді. Бірінші деңгей – өзіндік МЕН-мен диалог, яғни өз ойымен, өзімен қарым-қатынас жасайтын тұлғалық деңгей. Екінші деңгей – түрлі бағыттардағы іс-әректтерді Мен және басқа арқылы талдайтын тұлғалар арасындағы деңгей. Диалогтің үшінші деңгейі – мультидиалог – бір мезгілді бір нәрсені талқылайды [2, 39 б.]

Қазақ тілі мұғалімі ретінде сабақтағы диалогтің маңыздылығын жақсы білемін. Диалогсіз сабақты елестету мүмкін емес. Сабақтың басынан-ақ мұғалім мен оқушы арасындағы диалог жүре бастайды. Барлық психолог әлемдегі ең басты құндылық – адами қарым-қатынас, кейде ауру адамды емдеу үшін дәрі ғана емес, жақсы сөз бен қарым-қатынастың маңызы зор деген тұжырымға келді.

Диалог түрінде оқыту оқушылардың ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санаймын. Оқушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс жасауларына және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектесе алады. Оқушыларға сыныпта әр түрлі тәсілдер арқылы жүргізілген және кеңейтілген диалогке қатысуға мүмкіндік берілгенде, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады. Бұл мүмкіндіктер олар тілді білімді құру құралы ретінде қолданудың жаңа тәсілдерін тәжірибесінен өткізуіне жол ашады.

Сөз құдіреті, сөз нақтылығы – жақсы сабақтың негізі. Сабақты диалогтік оқыту басынан аяғына дейін орын алатындай етіп құру керек. Диалог мұғалімге мәселелердің шешімін тауып, жеңе білуге де көмектеседі.

Сабақты толығымен диалогке құру - өте күрделі, себебі балаларға жұмыстың әр түрі қажет, сондай-ақ ақыл-ой қабілеттерінің де әр түрлі деңгейде екенін ескеру керек. Өз ойын естіріп айта алмайтын, өз сыныптастарынан қысылатын, сөздік қоры аз балалар да бар. Ал, сөйлегенді жақсы көретін, алайда тыңдай білмейтін балалар да бар.

Әр түрлі әдістер қолданамын, мысалы: жұптық жұмыс, «Білгірлер» ойыны, «Өзара сұрақ-жауап», «Жуан және жіңішке сұрақтар». Сабақ басындағы күтпеген сұрақ мәселені тануда, постер қорғауда, рефлексия кезеңінде (ауызша, жазбаша) тақырыпты түсіну деңгейін анықтауға көмектеседі. Сонымен диалог шынайы болу үшін бір мәселеге құрылуы керек. Мәселені қалыптастыруға жұмбақтар, ашық сұрақтар негіз бола алады, бұл оқушыны ойландыруға әсер етеді. Диалогтік оқытуда сабақтың табысты болуы мұғалімнің оқушылармен сенімді қарым-қатынас орната біліп, жағдай туғыза білуіне байланысты. Сондықтан сабақ толығымен эмоциялық және интеллектуалдық деңгейде өтуі тиіс.

Оқушының ойлау қызметі түрлі әдіс-тәсілдермен белсенділенділеді. Зерттеу, шығармашылық жұмыстары қолданылады. Мұндай сабақта мұғалімнің сөзі басты құрал болып табылады. Сондай сабақтың нәтижесінде педагог пен оқушыда жақсы орындалған жұмыстан алған әсері риза болу сезімі пайда болады.

Диалогтік оқытудың арқасында серіктестік қалыптасады. Сабақтағы енжар оқушылардың саны азая түседі, өйткені әрқайсысы өз ойын айтқысы келеді, сауатты сөйлеуге тырысады. Диалогтік оқыту тек білім беру мәселелерін ғана шешіп қоймайды, бір-біріне қызығушылығын тудырып, сыни тұрғыдан ойлауды және өз-өзіне баға бере білуді дамытады.

Диалогтік оқыту негізінде өзара сыйластық, сенім, шынайылық, ашықтық жатыр, оның басты құралы - өзара байланыс – диалогтік өзара түсінісу, өзара ашу, өзара нақтылау, өзара даму [2, 40 б.].

«Диалогтік оқытуды» енгізу керек әрі әр сабақта жақсы нәтижеге жету үшін бақылап отыру керек. Сабақта диалогтік оқыту әдісі арқылы жұмыс істей жүріп, мен нәтижеге қол жеткіздім, балалар өз бетінше жұмыс істейді, топпен нақтылай біледі, өз идеяларын ұсына алады, өз пікірлерін қорғайды. Жаңа әдістеменің тиімділігі оқушылар өз ойларымен бөліседі, білімдерін салыстырады, еркін қарым-қатынас жасай алады.

Конфуций айтқандай, «Үш жол білімге әкеледі: ойлау жолы – ең құрметті жол, еліктеу жолы – ең жеңіл жол, тәжірибе жолы – ең ашық жол».

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Д., Первин И. Б. Коллективная познавательная деятельность и воспитание школьников. М.: Просвещение, 1977. 159 с. Ивин А. А., Никифоров А. Л.

2 Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2016.

### ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ЕЛ БАСҚАРҒАН БАЛАЛАР БЕЙНЕСІ

ДОСБАЕВА Н.  
бастауыш сынып мұғалімі, Екібастұз қ.  
КУСАИНОВА М.  
оқушы, Екібастұз қ.

Бүгінгі Қазақстанның болашағы – біздер, оқушылар, балалар. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның алдыға қойып отырған мақсаттарының бірі – «Мәңгілік ел» идеясы мен «рухани жаңғыру» міндеттері біздің болашағымыз үшін жасалып жатқан игі істер деп білеміз. Бұл істердің нәтижесі біздің алған біліміміз бен ақылымызға, көрген-білген тәрбиемізге байланысты. Сондықтан да мен ғылыми жұмысымда қазіргі қазақ балалры болашақта қандай болуы керек? Ел тізгінін ұстар азаматтар үшін қандай қасиеттер керек деген сұрақтарға жауап іздедім. Бұл сұрақтардың жауабының дұрыс бағыт алуы еліміздің гүлдеген, дамыған оқалпымен өлшенері анық. Сондықтан да біздің ақылды да парасатты және еңбекқор, елін сүйетін азамат болуымыздың дәлелі – келешек дамыған Қазақстанның, өзгелермен терезесі тең елдің қатарында болуымен өлшенеді. Сондықтан да ел болашағының үйренер мектебі қандай болғанын анықтау қашанда қажетті тақырып болары анық.

Ұлы жазушы М. Әуезов өзінің халық туындыларын зерттеген еңбегінде мол орынды ертегілерге береді. Сонымен бірге қазақ ертегілерінің табиғатына талдау жасаған тұста есте ұстар ойларды айтады. «Ертекті күлдіргі, әзілқой адам болса, оның геройы да күлкі сөздер айтқыш, күлкі жайларға кездескіш болады. Ертекті батырлық, қаһармандық сүйетін болса, ертегінің ішінде соғыс, майдан, ер сыны, сипаты көбірек көрсетіледі. Ертекті ойшыл, ақылгөй, дана кісі

болса, оның ертегісіндегі геройлар аузында адамгершілік, жақсылық, жамандық, туралы неше алуан терең ойлар, шешен нақыл-ақылдар, үлгі-өсиеттер жүреді».

Қазақ ертегілеріндегі ақылды баланы суреттейтін ертегілер халықтың ұрпағына ой мен ақыл, ес пен ұмтылысы, талап пен білуге құштарлыққа бет алған тұсын білдіреді. Ұлтқа білім мен ақылды үйренудің қажеттігін анық сезінген кезеңді айғақтайды. Қазақ халық ертегілеріндегі ақылды бала бейнесінің ендігі бір тобы – балалардың өнер үйренуге талпынысы, дүние сырын түрлі аспап-құралдармен тануға ұмтылысынан көрінеді. Бұндай ертегілер – кейінгі кезеңдердің жемісі. Қазақ халқының ислам дінін қабылдап, осы арқылы жаңа мәдениет пен әдебиет үлгілері келеді. Осы тұста қазақ балаларынан жаратылыс пен әлем сырларын үйренуде табиғаттың өзінің ғана көмегі емес, адамның қолымен жасалған, ойымен, білімімен берілген тұстарды игеруге қажеттілікті танытты.

Еліміздің жарқын болашағы туралы біз көп айтамыз. Сол болашақты басқарар балалар қалай болады деген сұраққа жауап іздегім келді. Ұлт рухани тірегі – танымы. Қазақ танымының негізі - әдебиеті. Мен қазақ ертегілеріндегі ел басқарған балалардың бейнесін ашқым келді. Ғылыми жобада қазақ ертегілеріндегі ел басқарған балалар өз алдына қандай мақсаттар қойыпты, міндеттері қандай болыпты, бұл жолда оларға ақылшы болған, жол нұсқаған кімдер екен, кімдерден не үйреніпті деген тұстарды зерттегім келді.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның балалары әлемге өздерінің білімді, талапты, ақылды екендіктерін танытып жатыр. Қазақ балаларының көркем бейнесі – ертегілерде көп. Ертегілердің кейіпкерлері батыр, адал, алғыр болады. Халық балаларының сондай болғанын тілейді. Сол себепті де ақылын басшы еткен, талабын серік еткен, мейірімін қосшы еткен қазақ балалары ертегі соңында бақытты өмірге жетеді.

Мен өзімнің зерттеу жұмысымды қазақ ертегілерін оқып, оларды қазіргі ғылым мен техника дамыған заманда қалай дамыту керектігін және өз жаңалығым мен ұсыныстарымды көрсеттім. Біз ғылыми жобада қазақ халық ертегілеріндегі ел басқарған балалардың қандай ерекшеліктері, қандай пайдасы бар екенін және олардың ел басқарудағы алғырлықтарын қалай көрсетті деген сұрақтарға жауап іздедік.

Ертегілерді алғашқы зерттеуші М. Әуезов балалар үшін оның оның танымдық, тәрбиелік мәніне көп назар аударады. Балалар қиялын дамытып, жақсылыққа үйрететінін айтады [1].

Жалпы ертегінің тыңдаушының ерекшелігіне байланысты екі түрлі қызмет атқаратындығын айтуға болады. Балалар үшін ертегінің ғибраттық, тәрбиелік рөлі басым болса, үлкендер үшін эстетикалық қызметі мөңдірек .

«Әдеби шығармада «мен» деген автордың нақ өзі болмауы мүмкін және романдағы оқиғалардың «мен» атынан баяндалғанымен авторға еш қатысы болмауы тағы ықтимал. Ал фольклорда, оның ішінде жай әңгіме мен хикаяда айтушы оқиғаны тура өз басынан өткен қылып айтады. Мұндағы «мен» – айтушының өзі. Бұдан шығатын қорытынды – көркем фольклорға айналып үлгермеген шығармада айтушы сюжетті өзіне қатысты қылып құрады да, өзінше баяндайды. Сол арқылы ол шындықтың фактілерін өз дүниетанымы тұрғысынан түсініп, оларды (фактілерді) өз мүддесі үшін пайдаланады. Шығарманы бұлай баяндау әдісін трансформативті, яғни өзгерте баяндау дейді. Мұнда айтушы өмірде болған фактіні өзінің қалыптасқан түсінік-пайымын дәлелдеуге пайдаланады. Соның салдарынан айтылып отырған меморат пен хикаяда болмыс тікелей көрінбейді, ол айтушы санасы мен сезімінің көрігінен өтіп бейнеленеді. Бірақ мұнда айтушының көркем даралығы жоқ, себебі ол баяндау үстінде көркемдеуді мақсат тұтпайды. Айтушы үшін оқиғаны өте нанымды етіп баяндау – басты міндет. Яғни, тыңдаушыларды айтқанына сендіру және арқылы өз ойы мен түсінік-пайымын заңдандырып бекіту – айтушы үшін аса маңызды» [2, 34 б.].

Ертегінің түрлі сипаттарын, қазақ фольклорындағы жиналу ерекшеліктеріне талдау жасаған ғалым Н.Жүсіповтің [3] зерттеуін де талдау қарастырдық.

Қазақ халқының ертегілеріндегі ел бақарған балаларға тән бірнеше мінез сипаттарында ақылды, мейірімді, сабырлы, шешім қабылдай алатын ортақ тұстары бар.

Ел басқаруда ақылды балалардың дүниеге келуі, өсуі ерекше болады. Осы арқылы қазақ халқының ақылдылыққа айрықша назар аударатындығы ашылады.

Мысалы: «Күн астындағы Күнікей қыз», «Тазша бала», «Қырық өтірік» т.б. ертегілердегі ел басқарған, ақылды, шешім қабылдай алатын балалардың дүниеге келуі есте қаларлықтай.

«Қырық өтірік» ертегісінде: «... Кімде-кім алдыма келіп, кідірмей, мүдірмей өтірік айтып және артынан қырық ауыз өтірік өлең айтса сол адамның төбесінен төмен қарай алтын құямын. Бүкіл мал-мүлкімді бөліп беремін. Ол аз болса қызымды беріп, қазыма уәзір етіп отырғызамын»-дейді. Егер әңгіменің, не өлеңнің ішінде бір ауыз рас болса, дарға тартқызамын» деп жар салады [4, 58 б.].

Өстіп күнәсізден-күнәсіз ханның ойыншығы болып талай адам өледі. Бір күні мойны ырғайдай, жарып ас ішпеген, көзі аларған, ерні кезерген бір тазша бала келеді.

Осы ертегі арқылы баланың ақылдылығы, тапқырлығы, сөзге шешендігі, өжеттілігі арқылы, ешкімнен жаным артық емес деп батыл шешім қабылдауы арқылы бүкіл халықты, ханды таңқалдырып мұратына жеткенін көреміз. Яғни бұл жерде тазша баланың ел басқаруға өз бойындағы қасиеттері арқылы жетіп отырғанын көреміз.

Ертегілердегі балалар бойындағы ерекше қасиет – өзгелерге жетекші бола алатындығында. Табиғат сырларын ұққан балаға қоғам да бас иеді. Қоғам жаратылыстан әлсіздігін мойындап, бала қоғамды билеушіге айналады.

Ертегідегі балалардың өзінің соңынан басқаларды ерте алатындықтары да осында. Ертегілердегі балалар біртіндеп-біртіндеп өседі. Олардың бойындағы жақсылық қасиеттер отбасына, туған-туыс, ауыл-аймақтарына қол ұшын беру, көмектесу, құтқарудан басталып, бірте-бірте ел мен жерін сақтауға дейін, сол елдің, жердің иесі болуға дейінгі аралыққа өседі. Сондықтан да баланың бойындағы алғырлық, тапқырлық, бауырмалдық қасиеттер өзгелерге басшы етеді. Өзгелер оны дос ретінде қабылдап, құрметтейді.

Ертегідегі достары оны тыңдап, сыйлап, құрмет етеді. Бала өз маңына жетекші болады. Қазақ балалары ертегілерде дүниеге ерекше жаратылыс күшімен келіп, барша жақсы қасиеттерді бойға жинайды. Баланың бар жақсы қасиеттерінің басшысы – ақыл болады. Сол ақылының арқасында өз ортасын басқаратын жетекші бола алады.

Бұл ертегіде баланың ақылдылығымен, шыдамдылығы арқылы өзіне көмектескен көмекшілерін басқара отырып, мақсатқа жетеді. Сосын ел жұрты баланың ерлігіне риза болып, оны хан сайлайды, ол бала ел басқарады. Бұл жерде баланың тапқырлығымен ел басқаруға үлкен ерлікпен жеткенін анық, айқын көріп отырмыз. Бұдан біз жоқ адам жомарт болатынын, ақкөңіл болатынын, қандай жағдайда да төзімді, шыдамды болатынын көреміз. Әрқашанда адамның бойында осындай қасиеттер болса, көздеген мақсатқа жететінін байқаймыз. Сондықтан да қазақ ертегілеріндегі ақылды, парасатты, еңбекқор балалар бейнесін зерттеу қажет. Бұл арқылы ұлттың ел билігін қолдарына ұстатқан балалар туралы түсініктері мен тұжырымдарын ашамыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов М. Ертегілер //Кітапта: Қазақ ертегілері. Құрастырған Е.Дүйсенбайұлы/ – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.

2 Қасқабасов С. Жаназық. – Алматы: Аударма, 2002, – 584 б.

3 Жүсіпов Н. Қазақ ертегілері және Мәшһүр-Жүсіп – Павлодар: Кереку, 2014, – 177 б.

4 Әдебиет, 5 сынып. – Атамұра, 2012 – 356 б.

5 Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Ертегілер. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1988, – 288 б.

### ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЕРМЕКОВА А. Қ.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Балалар әдебиеті – балаларға арналып жазылған әдеби шығармалар. Сондай-ақ, арнайы балаларға арналып жазылмағанымен, олардың ойлау, түсіну қабілетіне, талғамына, арман-қиялына әсер етіп, өзіне балаларды тартатын көркем шығармаларды да балалар әдебиеті қатарына жатқызуға болады. Балалар әдебиеті – сөз өнерінің арналы бір саласы. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті – көркемдік, жанрлық, тақырыптық тұрғыдан дамыған, қалыптасқан әдебиет. Әдебиеттің бұл түріне жататын шығармалар оқиғасының қызықты датартымдылығымен, композициясының ширақтығымен ерекшеленеді. Тілі жеңіл, көркем, түсінікті, айқын әрі әсерлі болуы тиіс. Балалар әдебиетінің негізгі мақсаттары: жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, т.б. ізгі мұраттарға баулу.

Балалар әдебиеті – балалардың эстетикалық талғамын дамытатын көркем шығармалар ғана емес, оның сырлас досы, қорғанышы және ақылшысы да болып табылады. «Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жас жеткіншектерді мемлекетшіл, отаншыл рухта тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселе. Қазіргі таңда ұлт ретінде сақталудың бірден-бір жолы – бала бойына елжандылық пен ұлтжандылық рухын орнықтыру екені көп дәлелді керекетпейді.

Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың ұсынып отырған сындарлы саясатының басым бағытының бірі жас толқынның бойына мемлекетшіл сананы қалыптастыру болып табылады. Балалар әдебиетінің негізгі міндеті – сәбилердің рухани деңгейін көтеріп, қиялын шарықтатар жігерлі де жасампаз жана күннің кейіпкерлерін өмірге әкелу» [1, 4 б.], – болып табылса, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар әдебиеті бұл

саланың өткен кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай жаңаша сипатпен алға қадам басты.

Балалар әдебиеті қамтитын тақырыбы, айтар ойы, сюжет желісі мен сөзқолданысы, көркем бейнені көрсетуі жағынан өзіндік ерекшеліктерге ие. Әрбірадамның сәби шағы, бала кезі – оның бүкіл саналы ғұмырындағы азаматтық тұлғасын қалыптастыруда қандай маңызды рөл атқарса, бүлдіршін балғындардың ой-санасы мен таным түсінігін дамытып, оған әлеуметтік өмірмен рухани әлемді таныстырып, танытатын – балалар әдебиеті.

Сондай-ақ бала түсінігі, оның күнделікті өсу, даму кезеңдері үшін қажетті тағылым көзі, жеке тұлға ретіндегі ертеңгі рухани адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін қалыптастыратын қызметінде де мәнді. Қазақ балалар әдебиеті тарихын зерделесек, бүгінге дейінгі қазақ балалар әдебиетінің зерттелуі фольклор мен ауыз әдебиеті мұраларын жинақтаудан басталғаны мәлім.

Балаларға арналған немесе тікелей арналып, арнайы айдармен аталмаса да, солардың талап-тілегіне бағытталған, әр заманда дүниеге келген шығармаларды жинау, жариялау және насихаттауда ең алдымен Ыбырай Алтынсариннің еңбектерін атау заңды. Ағартушы ғалымның балалардың түсінуіне жеңіл, идеясы ұғынықты халық әдебиетінің туындыларын іріктеумен бірге, классикалық орыс әдебиетінің өкілдері мен ағартушы-педагогтарының шығармаларын сұрыптап, тәржімалап, өз шығармаларын қоса шығарған «Қазақ хрестоматиясы» сол кезеңдегі рухани сұранысты өтеуге қосылған құрал болумен қатар, қазақ балалар әдебиетінің көшбасшысы болды деуге болады.

Әдебиеттану ғылымында әр жанр өз бетінше пайда болмайтыны секілді, повесть жанры да бірден жазылған жоқ. М. Әуезов ол туралы: «Прозаның, прозалық туындылардың жанрлық элементтері біздің тұрмыс-салт-тертегілерімізде, тарихи аңыз-әңгімелерімізде көп байқалатыны анық» – десе, Б. Ыбырайымов «Ауыз әдебиетінен тыс, онымен еш байланыссыз дамып, өзбетінше өскен жазба әдебиеті жоқ. Әр жанрдың алтын бастауы сонау салт-дәстүрлерден, аңыз-әңгімелерден нәр алған» [2, 128 б.] – деп тұжырымдайды.

Ең алдымен «повесть» деген ұғым – орыстың көне дәуірден келе жатқан төл сөзі екендігін дәйектеген жөн. Бұл әуелде өмірде болған әр түрлі іріоқиғаларды, жылнама, шежіре беттеріне тізіп жазып қою, баяндау сөзінентуған» [3, 17 б.] – деген пікірге көңіл аударуға болады.

Орыс сыншысы В.Г. Белинскийдің «Повесть кішігірім романға ұқсас, оның кішігірім болатындығы мазмұнының ықшамдылығынан туады. Повесть - бөліктер мен мындаған бөлімдерге ыдыраған роман,

романнан үзіп алынғандар аулар [4, 150 б.] – деуі повестің табиғи ерекшеліктерін аша түседі.

Балаларға арналған шығармаларға қойылатын талаптың бірі саналатын бала мінезін, әрекетін, психологиясын дәл басып көрсету арқылы балалардың бейнесін жинақтап, даралай отырып, типтендірген жазушылар қатарына С. Бегалин, Б. Соқпақбаев, М. Гумеров, М. Тиесов, М. Қаназов, М. Байғұтов, М. Қабанбаевтарды жатқызуға болады.

Қазақ балалар әдебиетінің зерттелу жайы жалпы әдебиеттану ғылымының кәсіптік деңгейі мен дамуына байланысты. Қазақ әдебиеттануының тарихи жолына зер салғанда, бұл салаға қатысты пікір айтқан қаламгерлер қатарының әжептәуір салмақты екені байқалады. Олардың алдыңғы сапында қазақ әдебиетінің көрнекті классиктері А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов болса, олардан кейін бұл зерттеуді жалғастырушылар қатарында Ө. Тұрманжанов, С. Бегалин, Ш. Ахметов, Ә. Тәжібаев, С. Қирабаев, М. Әлімбаев, М. Ғабдуллин, Қ. Ергөбеков, Б. Сарбалаев, Т. Мәмесейітов және т.б. көптеген сыншы, ғалымдар, ақын-жазушылар әдебиеттегі баланың бейнелері жайында әр түрлі деңгейде пікір айтып келді.

Қазақ балалар әдебиетін арнайы зерттеу кешірек қанат жайғанымен де, бұл салада ғалымдарымыз біршама табыстарға қол жеткізді. Қазақ балалар әдебиеті тарихына айрықша мән беріп, ғылыми шолу жасаған Ш. Ахметов еңбектері екендігі белгілі. Шеген Ахметов (Шегебай; 1914-1983), әдебиет зерттеуші, жазушы. Филология ғылымының кандидаты (1957). Ахметов «Қазақ әдебиетіндегі өнегелі адамдар образы» (1971), «Балалар әдебиеті – өмір оқулығы» (1972), «Қазақ балалар әдебиеті» (1974), «Балалар әдебиетінің қазіргі жайы» (1977), «Асыл сөз асыл ойдан», «Ғұлама ғалым және балалар әдебиеті» деп аталатын мақалаларында (1977) Әуезовтің жас жеткіншектерге арнап жазған туындыларын баян етсе, «Қазақ совет балалар әдебиеті» оқулығының (1976) бір тарауын ұлы қаламгердің өмірі мен шығармашылық қызметіне арнаған, сондай-ақ «Жетім», «Қорғансыздың күні», «Көксерек» атты әңгімелерімен повесінен үзінділер келтіріп, оларды балалар ұғымына жақын, түсінуге жеңіл етіп талдаған. Әйтсе де, мұндағы кей тұжырымдар мен ойлар уақыт дамуына орай көнеріп, бүгінгі кемел әдебиеттің талаптарына жауап беруге әлсіздік танытатын тұстары да бар. Қазақ балалар әдебиетін түпкілікті жолға қойып, зерттеу шарасы өткен ғасырымыздың екінші жартысынан кейін ғана қолға алынды. Бұл тұста

С. Қирабаев, Қ. Мырзалиев, Ж. Әбдірашевтардың ізденістері көрінеді. С. Өскенбаевтың «Қазақ балалар прозасының дамуденденциялары», Е. Құлымбетовтың «Өтебай Тұрманжановтың ақындығы» деп аталатын іргелі дүниелерімен қатар, Қ. Ергөбек, А. Әлтай, Б. Қапасова, Ж. Рүстемова, Б. Ақыш, Ш. Жанаева, Ә. Жәкім, А. Ахтанова және т.б. ғалымдардың осы саладағы еңбектерінде қазақ балалар әдебиетінің түрлі жанрлары мен мәселелері зерттелді.

А. Байтұрсынов, М. Ғабдуллин, Б. Уахатов, Ш. Ыбыраев, К. Исламжанұлы, А. Мамбетованың еңбектері балалар әдебиеті мен халық ауыз әдебиетінің жанрларын, балалар танымына әсерін сараптайды.

Балаларға арналған туындылардың ерекшеліктері туралы, балалар үшін жазылған шығармалардың көкейкесті мәселелері туралы сыншы Қ. Ергөбековтің құрастыруымен жарыққа шыққан «Сөзстан» кітабының айтары көп. Кітапта С. Маршак, А. Барто, С. Михалков, С. Бегалин, Ө. Тұрманжанов, С. Омаров, М. Әлімбаев, Б. Сокпақбаев, Ә. Дүйсенбиев, Қ. Ыдырысов т.б. балалар жазушыларының шығармашылықтары туралы және де балалар әдебиетінің негізгі мәселелері туралы мақалалар бар. «Ақ кеме алыстап барады» деген мақаласында Б. Сарбалаев қазақ балалар прозасындағы өрлеу, өсу туралы айтса, Қ. Ергөбеков «Мейір гүлденген жүрек» мақаласында ақын Ә. Дүйсенбиевтің ақындық шеберлігіне тоқталады. Б. Кенжебаев және дәуірдің көркем мұрасы» деген сұхбатында ауыз әдебиеті мен балалар әдебиетінің байланысына назараудартады.

Балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесін зерттеген еңбектер көп емес. Негізгі еңбек ретінде Ш. Ахметовтың қазақ балалар фольклорынан бастап, алпысыншы жылдар соңына дейінгі кезеңдегі балалар әдебиетінің дамуына шолу жасайтын «Балалар әдебиетінің очерктері», «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі», «Қазақ совет балалар әдебиеті» секілді еңбектері оқу орындарында балалар әдебиетінің арнаулы пән ретінде оқылуына, төлеу әдебиетіміздің үлкен бір саласы ретінде насихатталуына айтарлықтай үлес қосып, келешек зерттеулердің жалғасуына өзіндік негіз болғанын атап өтуіміз орынды. А. Байтұрсынов, М. Ғабдуллин, Б. Уахатов, Ш. Ыбыраев, К. Исламжанұлы, А. Мамбетованың еңбектері балалар әдебиеті мен халық ауыз әдебиетінің жанрларын, балалар танымына әсерін сараптайды. С. Өскенбаеваның «Қазақ балалар прозасының даму тенденциялары» (1970), К. Нұғыбаеваның «70-80-ші жылдардағы балалар әдебиетінің кейбір мәселелері» (1984), Қ. Матыжанованың «Балалар фольклоры» (1990), Ә. Өтегенованың «Қазіргі балалар

әңгімесінің көркемдік ерекшеліктері» (1992) және арнайы қазақ балалар повесі жанрын зерттеуді мақсат тұтқан Б. Ыбырайымның «Қазіргі қазақ балалар повестінің көркемдік ерекшеліктері» (1990) тақырыбындағы кандидаттық және «Қазіргі қазақ балалар прозасы және рухани-эстетикалық даму мәселелері» (1998) тақырыбындағы докторлық диссертациясы, Б. Қапасованың «Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы» (2000), А. Ақтанованың «Қазіргі қазақ балалар драматургиясы» (2003) сияқты кандидаттық диссертацияларын атап өтуге болады. Сол сияқты 2010 жылы Қоныс Лира Бөкейханқызы «Тәуелсіздік кезеңіндегі балалар лирикасы» (1991–2005) атты кандидаттық диссертациясын қорғады.

Бұл еңбектерде қазақ балалар әдебиетінің жекелеген жанрларының қалыптасуы, дамуы, көркемдік ерекшеліктері, проблематикасы зерттеу мақсатына байланысты әр түрлі қырынан қарастырылды.

Алайда бүгінгі уақыт талабына байланысты балалар әдебиеті мәселесін ғылыми бағытта қарастыру, зерттеу қажеттілігі ерекше зор.

Тұжырымдайтын болсақ, бұл тақырып аясында қазақ балалар әдебиетін зерттеу жағдайы қарастырылды. Балалар әдебиетіне қатысты зерттеу еңбектер бар, әлі де жалғасын таба беретіні айқын, өйткені балалар әдебиеті еш уақытта күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе.

Аталмыш саладағы зерттеулер, ғылыми еңбектер мен оқулықтар балалар әдебиетінің атасы Ы. Алтынсариннен бастау алып, ғалым Ш. Ахметов еңбектерінде өзінің жалғасын тапты. Балалар әдебиеті жан-жақты зерттелді деуден аулақпыз, өйткені қарастырылған еңбектерге қарағанда әлі де болса зерттеу аясы болатын өзекті мәселелер баршылық.

Жазылған ғылыми еңбектер, қорғалған диссертациялар аталмыш тақырыптың лайықты деңгейде қарастырылып келе жатқандығының айғағы десек те болады. Болашақта да балалар тақырыбына арналған өзекті шығармалардың көптеп жазыла беретіндігіне сеніміміз зор, өйткені балалар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының «Балалар әдебиеті - ұлт ертеңі» атты кезекті IV Пленумының қаулысынан үзінді // Қазақ әдебиеті. – 2009. – Б. 45

2 Ыбырайымов Б. Ой мен сөз: Әдеби сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 248 б.

3 Саткенова Ж. Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Соқпақбаев шығармалары бойынша: филол.ғыл.канд. автореф.: 10.02.02). – Алматы, 2006. – 19 б.

4 Белинский В. Г. Шығармаларының толық жинағы (5-том). – Б. 186–199.

## МҰХТАР МАҒАУИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

ЕСІМОВА А. А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі Мұхтар Мағауин шығармалары туралы пікір білдіргендер біршама. Жазушы шығармашылығы туралы кезінде Ғ.Мүсірепов былай деген еді: «Мұхтар Мағауин ана тіліміздің байлығын, оралымды, астарлы, әрі от-жалынды, әрі нәзік те биязы бояу-сырларын алғашқы адымдарынан бастап-ақ менгеріп алғанын көрсетеді. Тіліміздің оралымдығын тереңдетуге қосқан үлесі де аз емес. Еркек, әйел бейнелері қандай сом!» [1, 759 б.].

Бұдан басқа Мағауин шығармалары туралы Ә. Кекілбаев, Қ. Жұмаділов, Т. Сыдықовтар да жақсы пікірлерін білдірді [1]. С. Қирабаев 70-80 жылдардағы әңгіме жанрының тақырыптық-көркемдік жағынан дамуына бір топ жазушылармен бірге М. Мағауиннің де үлес қосқанын атап өтеді [2, 183 б.].

С. Қирабаев осы жылдардағы повесть жанрын сөз еткенде де жас жазушылармен бірге М. Мағауиннің «Тазының өлімі» повесін атап өтеді. «Бұл дәуірдегі жанр жүгін көп атқарған жастар болды. Олардың көбі әдебиетке ауыл өмірін жырлай келді. Ал, ауыл деген, қанша дегенмен, біздің ұлттық ұямыз ғой, сондықтан ауыл өмірін, оның адамдарын жазу арқылы жас таланттар өзінің өскен ортасын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тұтастай алғанда, ұлттық тұлғасын ашуды мақсат етеді, ұлттық ұғым-түсінікті, ұлттық психологияны кең түсіндіреді» [2, 178 б.].

Мағауин әңгімелерінің «Иесіз әңгімелер», «Бейкүнә әңгімелер», «Доңыз жылғы балалық», «Еркіндік бастауындағы әңгіме» деп дәуіріне қарай бөлінетінін айта кетуіміз керек. Бұл дәстүр Ғ. Мүсірепов әңгімелерінен бастау алатыны бізге белгілі. Оның әңгімелері «Автобиографиялық әңгіме», «Этнографиялық әңгімелер», т.б. болып

бөлінетін. «Еркіндік бастауындағы әңгімеде» кеңес дәуіріндегі кейбір айтылмай қалған шындықты тәуелсіздік алған соң сөз етсе, «Доңыз жылғы балалықта» да кеңес өкіметінің бізге беймәлім оқиғаларынан сыр шертеді. Тек автор біреуінде бала шағында куә болса, келесінде студент кезінде басынан өткергендерін алға тартады. «Доңыз жылғы балалық» топтамасындағы «Тассудан өткен қашқындар» әңгімесінде автор: «Бұдан отыз жыл бұрын, атам екеуіміз шілікті сайда аз-маз бөгеліп, қайтадан үзенгіге аяқ салған кезде ойлаған едім. «Жазам, – деп ойлағам. – Жазуға татитын тақырып». Басуға болмайтын тақырып екенін ескермеппін» [3, 209]. Бұл әңгімедегі оқиғаны жариялау сол кездегі социалистік реализм әдісі талабына сай келмейтін еді.

«Тассуды бойлай қонған төрт-бес үйден шыққан бес-алты бала, опыр-топыр ойнап, бақадай шулап жатқан қызық күндердің бірі еді. Түстері жат, өндері жабырқау, киімдері жалба-жұлба бір топ кісі дәл төбемізден өсіп шыға келгенде бәріміз де абдырап қалдық. Қашқын! Қашқындар! Осыдан үш-төрт күн бұрын естігенбіз. Атам айтқан. Шұбарайғырды жағалап, Өгізтауды етектеп келе жатыр деген. Бестен-оннан бөлінген өңшең жаяу. Қазақ балалары. Қарағандыдан, әлде Балқаш пен Қоңыраттан бұзудан қашқан. Ешкімге тимейді. Бірақ көзге түспеуге тырысады» [3, 210 б.]. Бұл жердегі «бұзу» дегені – ФЗУ, фабрика, зауыт оқуы. Сағым деген кейіпкер тамақ әкелген әжейге айтады: «Сонау Қоңыраттан шықтық. Жұмыс ауыр, тамақ аш, бұдан ары шыдау мүмкін болмады. Біз ФЗУ-болдық. Оқу деп өкетіп, шахтаға салды. Жұмыстан, аштықтан, аурудан қаншама бала шәйіт болды» [3, 214 б.]. Әңгімеден осындай бір шындықты білсек, қашқындарды қуған сол кездегі шолақ белсенділердің істегендерінен тағы бір сұмдықтың беті ашылады. Қашқындардың арттарынан қарулы екі милициямен қуған Төкебай нәшәндік Сағымды атып тастап, шынашағындағы алтын сақинаны бөкісімен кесіп алады. Төкебайға қашқындар туралы хабар берген қойшы Төкей өліктің үстіндегі киімін сыпырып алып кетеді. Екі қазақтың жазықсыз, өрімдей қазақтың балаларына істегендері. Төкебайдың айтуынша ауыр жұмыстан қашқан жігіттер: «Отан алдындағы қасиетті борышын ұмытып, фашиске итаршы болған сатқындар. Тап жауы. Совет өкіметінің жауы. Большевиктер партиясының, ұлы Сталиннің жауы» [3, 216 б.]. Бірақ сол өкімет бұғанасы бекімеген өндіредей жастарды түрмедегі қылмыскерлердей ауыр жұмысқа аштан-аш салғандарын қылмыс деп есептемейді. Қашып кетуге мәжбүр қылады. Ал ауыл адамдары қашқындарға құрт-май, айрандарын беріп, мейірбандық танытады. Қазаққа тән бауырмалдықтың бір мысалы.

«Абақтыда өлген Уан атам» әңгімесінде де кеңес өкіметі орнаған кездегі елдің игі жақсыларын жазықсыз абақтыға қамап, жер аударып құртқан саясаты әңгімеленеді. «Әуелі ірі байлар кәмпескеленеді. Яғни, бай болғаны, бар болғаны үшін мал-мүлкін сыпырып алып, өздерін көз көрмеген алысқа айдап жібереді. Содан соң ел ішіндегі іліп алар тәуір адамдар тегіс түрмеге қамала бастайды. Бас көтерер азаматынан айрылған елді малша айдау үшін. Момын елді біржола қырып тастау үшін» [3, 204 б.]. Әңгіме кейіпкерінің атасы кеңес шындығының көп оқиғасын көзімен көрген, немересіне бес жастан бастап құлағына құя бастайды. Сол атасы өздерінің туысы Уан деген адамның қалай қаза болғанын айтып береді. «Байлығымен емес, кісілігімен ел ұстаған адам еді дейді. Болыс болмаған, старшын болмаған, бірақ болыстан да, старшыннан да кем емес. Ояздың алдында да тайсалмай сөйлепті. Ұлық атаулы онымен ақылдаспай кетпеген. Ел ішіндегі қаншама даудамай сол кісінің алдынан тарқап жатқан. Ежелгі шежіре, ескі әңгімеге қандай жетік. Абай атаңның өзі сыйлаған. Шәкерім қажының өзі кеңес сұраған. Сондай адам болған Уан жарықтық» [3, 203 б.].

Қ. Ергөбек «Қарасөз» кітабында Мағауин шығармаларын былай саралайды: «Ал Мұхтар Мағауин «Тазысының» жағдайы мүлде басқа. Шығарма табиғат құбылыстарын мейлінше дәл білуімен, жинақтап беруімен де ерекшеленеді. Көркемдік кілтінің бірі – тіл құнары. Тақырыбына орай тіл құнарын іздеп, сөзді қонымды қолдану – оның ұдайғы әдеті» [4, 152-153 б.].

Жоғарыдағы пікірлерді дәлелдеуіміз үшін «Тазының өлімі» повесіне тоқталайық. Лашынның күшік кезінен бастап дүниені тануға ұмтылысы, оған да Лип-лип сияқты Бардасоқтың әлімжеттік жасауы, Ақ азудың қожайыны секілді Қазының да ішкілікке салынуы Джек Лондонның «Ақ азуын» еске түсіреді. Бірақ бұл шығарма «Ақ азудың» көшірмесі емес. Автор әлем әдебиетіндегі дәстүрді қолданғанмен, өзіндік жаңашылдығын танытады. Мысалы, барлық оқиға Лашынның атынан баяндалатындықтан, көп нәрсе ит өлшемімен сипатталады: «Тоқпан жілікті кеміріп бітетіндей уақыт өткен соң ғана есін жиды» [5, 6]. Егер оқиғаны автор баяндаса, «бие сауымындай уақыт өткенде», немесе «сүт пісірімдей уақыт өткенде» деген белгілі сөздерді қолданушы еді. Итке бие сауу, сүт пісіру деген нәрселер тән болмағандықтан, сүйек кеміруге қатысты алынған тіркестер – Мағауин жаңалығы.

«Беткейдегі шоқ ұшқатты айнала беріп еді, қарсы алдарында шылбыр бойындай жерде ғана тұрған Бардасоқтың үстінен түсті» [5, 16]. Мұнда да әдеттегідей «таяқ тастам жерде» деген тіркестін

орнына «шылбыр бойындай» деген жаңа тіркес алынған. Жазушы бұрынғы тіркестерді жанартып отырған.

«Аралық тез қысқарды. Тазының мұрнына түлкінің күлімсі исі келді» [5, 19 б.]. Мұнда да қашықтық өлшемі басқаша айтылады. Тазының түлкіні тез қуып жетуі дәстүрлі қолданыстармен берілсе, «өкшелеп қуып жетті», «бастырмалатып қуып жетті» сияқты сөздер болушы еді. Мұнда да автордың сөздік қолданысы ерекшелігін байқаймыз.

«Жыланды жаз» повесінде де образды көрсетудегі психологизм, детальдар, тіл шеберлігі кездеседі. Мысалы, Жәмила деген кітапханашы Едіге кітап алмақшы болғанда, жасың сай келмейді деп бергісі келмей отырған. Осы кезде Құлман деген әйел келіп соңғы «жаңалықты» айта бастағанда:

– Ішке кіре ғой, – деді кенет жұмсарып, мейірлене қалған Жәмила тәте. – Қалаған кітабыңды өзің таңдап ал.

– Екі кітап алуға бола ма, тәте?

– Үшеу ал. Төртеу ал. Сендер оқымасандар неге керек бұл кітап [5, 217 б.]. Жәмиланың кітапты бере салуы Бейімбеттің «Қара шелек» әңгімесіндегі Айшаның шелекті бере салғанына ұқсайды. Әйел психологиясын берудегі Бейімбет дәстүрі байқалады. Мұнда жазушы адамдардың аяқ астынан өзгере қалатын мінезін дәл сипаттаған.

Повестегі жылқышы Усаның әңгіме айтқыштығы көптеген қарт адамдарға тән мінезді білдіреді. Осы қарияның әңгімесін асығыс болғандықтан тындағысы келмеген Едігенің оңтайлы сылтау тапқаны былай беріледі: «Бұл – Едіге естімеген әңгіменің ұшығы. Алайда, ақсақал бір кетсе, ұзаққа сілтеуі мүмкін. Кейін сұрап алар.

– Ата, жылқыңыз шашырап барады» [5, 220 б.]. Едіге әңгіме тындағанды ұнатады, бірақ қол бос кезде. Үлкен кісінің бетін қайтарудың әбестік екенін біледі. Сондықтан жылқының кетіп бара жатқаны жақсы сылтау болады.

Жазушы қолданатын теңеулер ұлттық өрнекке байланысты болып келеді: «Әр жерде – қомақты, биік тобылғылардың түбінде тулақтай-тулақтай қар қалдығы көрінеді» [5, 7]. Тулақ – кептірілген мал терісі. Оны жүн сабау үшін немесе төсеніш үшін пайдаланған.

«Өздері Қосарал деп атайтын қарасу. Орта тұсында тоқымдай-тоқымдай екі аралшық бар. Бірі – шөккен түйедей қойтас та, екіншісі – түп тал өскен туырлықтай ғана көк шым» [5, 266 б.]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Тоқым – аттың арқасына ер батпас үшін сыртын мата не былғарымен қаптап, айнала шетін көмкеріп, киізден жасалған ер-тұрман жабдығы» [6, 808 б.]. Кішкентай аралдың біреуінің



көлемі тоқымға, біреуі шөккен түйеге, қойтасқа ұқсатылған. Бұл теңеу де қазақтың мал түлігінен алынған. «Шөгу» сөзі түйенің тізерлеп жатқан қалпын білдіреді, бұл сөз басқа малға қатысты айтылмайды. Түйе ірі мал болғандықтан, оның шөгіп жатқандағы бойы қойдың үлкендігіндей ірі тасқа тең келеді. Қарап отырсақ, қазақ халқында малға қатысты биіктік, ұзындық, уақыт, т.б. өлшемге қатысты атаулар өте көп. Мысалы, басқа ұлттарда шөккен түйедей, ат шаптырым жер, қозы көш жер, қойтас, бие сауым уақыт, т.б. атаулар жоқ. Бұл өлшемдік атаулар ақын-жазушылар шығармалары тілін байытып келеді. «Туырлық» – керегенің сыртына жабатын киіз. Мағауин қазақ тіршілігіне қатысты атауларды әдейі көркемдегіш құрал ретінде алып отырған. Қолданыстан шығып қалса да, жұрттың жадында қалсын, кейінгі жастар біле жүрсін деген мақсатпен. Бұл – Мағауин қаламгерлігінің бір ерекшелігі.

Жазушының табиғатты бейнелеуінен де өзіндік ерекшелігін байқаймыз: «Тай қазанда қайнап қойылған ірімшіктей қызғылтым сары, шеңбірек атқан үлкен күн етегінен біреу тартқандай, көкжиектен зорыға көтеріліп, шашақты, тарам-тарам сәулелер жер бетіне тайғанай ілінген сәтте Едіге де өзінің үйреншікті әдетінше, салқын, майда, сұр топырақты жалаң аяғымен борпылдата, асыға басып, өзенді өрлеп келе жатқан» [5, 218 б.]. Жай қазанда емес, үлкен жиында қолданылатын тай қазанда қайнайтын ірімшікке күнді ұқсату арқылы жазушы ұлттық тағамның дайындалуын тағы бір еске сала кетеді. Таңертеңгі күннің баяу көтерілігінен «етегінен біреу тартқандай», «зорыға көтеріліп» деп ұтымды, дәл бейнелеген. Ауыл балаларының жалаң аяқ жүретіндігі аяқ киімнің жоқтығынан емес, ойын баласы болғандықтан жалаң аяқ жүру ынғайлы. Өйткені олар жүгіреді, өрмелейді, секіреді. Сондықтан ауыл баласы шынығып, мықты боп өседі, табандарына табиғи түрде массаж алады, майтабан, сүйек өсу болмайды. Дыбыс ерекшелігін білдіретін «борпылдату» сөзі топырақтың қалың әрі жұмсақтығын білдіреді.

«Күн көкжиекке таяқ бойындай ғана қалыпты» [5, 239 б.]. Әдетте күннің шығуына байланысты «күн найза бойы көтеріліпті» деп айтылады. Мұнда күннің батуына қанша қалғанын «таяқ» сөзімен берген. «Таяқ тастам жер» деген ұзындыққа қатысты тұрақты тіркестегі сөзді уақыт өлшеміне қарай өзгертіп алған.

«Аңшыларды артынан қуа, көкжиекті ораған ұзыншақ ақ шарбы бұлтты түре көтеріп, күн де шықты» [5, 28 б.]. Көбіне киіз үйдің туырлығын шиыршықтап қайырып, жоғары көтеруді «түріп қою» дейтін. Жазушы бір ғана «түру» сөзін қолдану арқылы бұлт арасынан күннің шығуын көзге елестейтіндей суретке айналдырған. «Шарбы»

– мал қарнының сыртындағы жұқа май. Бұлттың селдір, сиректігін бейнелі түрде сипаттап тұр.

Қорыта айтқанда, Мұхтар Мағауин шығармаларының көркемдігінің бір қырын оның тілінен байқаймыз. Жазушының өзіндік қолданыстарына, қазақтың салт-дәстүріне, тұрмысына қатысты сөздерді үнемі қолданып отырғандығына көз жеткіздік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы: кеңес дәуірі (1956-1990), А., 2005.
- 2 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті, А., 1998
- 3 Мағауин М. Шығармалар жинағы. Әңгімелер, А., 2007
- 4 Ерғөбек Қ. Қарасөз. Қазақ прозасы туралы ойлар. А., 2013
- 5 Мағауин М. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. 2. Хикаяттар, А., 1990
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., 2008.

#### ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

ЖАНГОЗИНА А. А., КИБАШЕВА Б. С.  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,  
№ 34 инновациялық үлгідегі ЖББМ, Павлодар қ.

Қазіргі кездегі қоғам талабына жауап беретін жеке тұлғаны қалыптастыру, өсіп келе жатқан ұрпақ бойында белсенді өмірлік ұстаным тәрбиелеу қажеттілігіне байланысты дидактиканың басты мәселесі – оқыту үрдісінде мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі болып отыр. Оқушыға танымдық әрекет субъектісінің ұстанымын қамтамасыз ету міндеті, мұғалімнің басшылығымен оқушы белсенді әрекеттен өзін-өзі басқару негізіндегі әрекетке көшу үшін жағдайлар жасау міндеті тұрады. Бұл міндеттердің шешімі оқыту үрдісін жалпы қайта құру есебінен жүзеге асырылмақ. Егер әрбір оқушы сабақта белсенді ой әрекетіне қосылса, күші жететін қиыншылықтарды жеңу қажеттілігі алдында тұрса, қорытынды мен жалпылау жасауға, әртүрлі сұрақтарға жауаптарды өздігінен табуға ұмтылса, танымдық белсенділігін және дербестігін қалыптастыру мүмкін болады. Оқушылар белсенділігінің осындай сипатын көрсететін қажетті шарт – дербестік таным әрекеті. Ол ұзақ уақыт ішінде оқушылардың әртүрлі өзіндік жұмыстарын орындаумен көбірек байланысты болды. Бұл әрқилы өзіндік жұмыстарды өткізудің мазмұнын және әдістемесін

оқу материалын меңгерудің әртүрлі кезеңінде, әртүрлі дидактикалық мақсатқа қол жеткізуге байланысты әзірлеуді талап етті [1, 26-35 б.].

Қазіргі кездегі білім берудің мақсаты – жеке бастың өзіне және қоғамға қажетті бейімділігін, әлеуметтік бағалы белсенділігін дамыту; сонымен бірге өз бетімен білім, өздігінен қалыптасуын тиімді қамтамасыз ету. Жеке тұлғаға бағытталған тапсырма – оқушының күрделі іс-әрекеттерінің бір түрі немесе оқу жұмыстарының арнайы бір формасы болып табылады. Шағын жинақты бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының ерекше көңіл аударатын бір саласы – оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары. Бірнеше сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің негізгі педагогикалық міндеті – жеке сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің алдына қойған міндетпен бірдей. Ол да оқу жоспарын, бағдарлама талаптарын орындауға тиіс. Жеке тұлғаға бағытталған тапсырмалардың нәтижелі болуы үшін алдымен «жеке жұмыс» деген ұғым нені білдіріп тұрғанын анықтап алу қажеттігі туады: біріншіден, өз бетінше жұмыс балалардың түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз орындаулары, екіншіден, мұндай жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, тәртіптілікке, жинақылыққа, бақылай білуге тәрбиелейді.

Американдық психологтардың анықтамасы бойынша өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – бұл, өз бетімен тани білу, өз бетімен жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті. Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты ұйымдастыру психологиялық тұрғыдан алғанда, нәтижесінде жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, жеке тұлғаға бағытталған тапсырманы ұйымдастыру дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, жеке тұлғада өз бетімен жұмыс істеуге деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет [2, 16 б.].

Қазақ тілі сабағында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, жеке тұлға ретінде дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

«Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты ұйымдастыру – белгілі бір іс-әрекетте, ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке-дара ерекшеліктері».

Жеке тұлғаға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыруда мынадай талаптарды орындау керек: тапсырма әрбір оқушының білім деңгейіне байланысты тандалуы керек; жеке тұлғаға бағытталған жұмысты орындауға жеткілікті уақыт берілуі керек; міндетті түрде тексерілуі керек; жұмыс сабақтың мақсатына байланысты (жаңа материалды қабылдауға, өткен материалды бекітуге, қайталауға, білімді тиянақтауға) тандалады; жеке тұлғаға бағытталған жұмыстың мақсаты, орыдау әдісі оқушыларға түсінікті болуы тиіс; өз бетімен жұмысқа оқушылар білім деңгейіне байланысты әр түрлі уақыт жұмсайтынын ескеріп, тақтаға не карточкаға қосымша материалдар дайындап әкелу керек; жеке тұлғаға бағытталған жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиіс; жеке тұлғаға бағытталған жұмыс сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек; әрбір орындалған жеке тұлғаға бағытталған жұмыс тексеріліп, бағалануы керек.

Жеке тұлғаға бағытталған жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру – күрделі мәселе. Оның жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыс түрлері: а) Жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жоспарын, конспектісін жасау т.б. тәсілдерге үйрену). ә) Жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар, есеп шығару, түрлі жазбаша, графикалық, практикалық жұмыстар, оқулықпен жұмыс, жаттығулар, практикалық және зертханалық жұмыстар, тексеру, бақылау жұмысы, сынып жұмысы, шығармашылық жұмыс, рефераттар мен баяндамалар, тәжірибелер жасау, тест жұмысын орындау). Ескертпе, түсініктеме-карточкалар, перфокарталар дайындау қажет. Оқушыларға жеке тұлғаға бағытталған жұмыс ретінде пән бойынша мынадай тапсырмалар беруге болады.

Қазақ тілі сабақтарында түрлі жаттығу жұмыстарын орындау, кима қағаздармен, перфокарталармен жұмыс, сурет бойынша сөйлем, әңгіме құрау, сөздіктермен жұмыс тапсырылады. Мысалы, мұғалім грамматикалық талдау жасауға сөз, сөйлем немесе мәтін береді. Жоспар жасатады (өуелі ауызша, сонан соң жазбаша жоспар жасатады). Мұндай жаттығуларды балалар өздіктерінен орындағанымен, оның қалай орындалатыны көрсетіліп, алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіледі. Балалар бір тапсырмадан кейін екіншісін орындайды, олар жұмыстарын өздіктерінен тексереді, қалай орындағандарын мұғалімге айтады. Негізінде қазақ тілі сабақтарындағы жаттығулардың барлығы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатуды көздейді. Алайда жаттығу ұғымы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатудан кеңірек.

Жаттығу – мұғалімнің басшылығымен орындалатын, оқушылардың алған білімдерін бекітуді көздейтін тұтас тәжірибелік жұмыс. Ал оқушылардың өздіктерінен істейтін жұмыстарына белгілі мөлшерде уақыт беріледі [3, 47 б.].

Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты ұйымдастыру – сабақтың ең күрделі кезеңі. Өйткені, жұмысты оқушылардың бәрі бірдей бір мезгілде аяқтамайды. Қазіргі кезде білім сапасымен оқушылардың жеке басының қабілетін дамыту қай кездегіден де өткір қойылып отыр. Ол үшін мұғалім оқытудың технологиялық жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануы керек. Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты ұйымдастыруда баланың жеке қасиеттерін ескеріп, жекелей, саралай оқыту әдісін пайдаланған дұрыс. Оқушылар өздігінен жұмыс істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмалар орындайды. Мұндайда жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет.

Мұғалім оқушыларға шамалары келетіндей тапсырмалар ұсынады, онда жұмыстың мақсаты, оны бөлімдер бойынша орындау реті (өзін-өзі бақылау); мұғалім тексеру үшін алынған нәтижелерді әзірлеу, реттеу (кері информация) тәсілдері, жұмысты орындау мерзімі келтіріледі. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын, оқушылардың оның мазмұны мен нәтижесін қаншалықты түсініп меңгергенін анықтайды: демек, мұғалім бақылаушы ғана емес, ұйымдастырушы да, оқушының өздік жұмысын тексеруші де. Мұғалім тапсырма арқылы олардың таным қабілетін бағдарламалайды, оны бір мақсатқа бағыттап, сапасын анықтайды.

Оқушылар тапсырма алады, меңгерген білім қорына сүйене отырып, оның мақсаты мен орындау тәсілдерін ойластырады және ең маңыздысы – жұмысты өздігінен орындау барысында алынуға тиісті нәтижелерді дағдарламалайды. Содан соң істелген жұмыстың дұрыстығын үнемі тексере отырып, тапсырманы бөлімдері бойынша орындайды. Алынған нәтижелерді реттеп әзірлейді (өзін-өзі бақылайды) және жазу жұмысы, цифрлар, сызулар, суреттер,

модельдер т.б. тексеру үшін мұғалімге тапсырады. Оқушылардың оқу жұмысын, оқу әрекетінің жемісті болуы – оқу жұмысын тәсілдері менгеруге байланысты.

Ғалымдардың көпшілігі жеке тұлғаға бағытталған жұмыстардың негізі үш түрін белгілейді – репродуктивтік, таңдамалы-қайта өндіргіш, шығармашылық.

Репродуктивтік жеке тұлғаға бағытталған жұмыстар ертеде алған білімдерін қайта өндіруді және қолдана алуы ұсынады.

Таңдамалы-қайта өндіруге бағытталған жұмыстары алған білімдердің көкейтестігімен және оларды жартылай шығармашылық тұрпатта қайта қараумен байланысты (оқу-танымдық міндеттерді шешудің жаңа жолындағы ізденістері және т.б.)

П. И. Пидкасистыйдың ойынша қайта өндіру мен шығармашылық әрекеттер бірлікте болса, субъект объектіні танудағы құбылыс ретінде көрінеді, оқылып жатқан материалдың құрылымын ұғынуда, қасиеттердің жүйесін түрлендіруде өзгерген жағдайда объектінің белгілерінде, жаңа міндеттерді шешуде білімдердің тасымалдануы және көкейтестігінде. Жеке тұлғаға бағытталған жұмыстар әр сабақта міндетті түрде жүргізіліп отыруы қажет. Өз іс тәжірибемдегі бірнеше жұмыстарға тоқталып өтсем: диктант жұмысын жүргізгеннен кейін, алдарына «Өзіңді тексер» жадынамасын беріп сол бойынша жұмыс істейміз. Тақырып бойынша бақылау жұмысын жазғаннан кейін, жіберілген қателермен жұмыс жасаймыз. Қате жіберілген тапсырмаларға ұқсас мысалдар алып, нұсқалар бойынша жаттығулар жасаймыз, оқулықтан ереже іздеп, тауып, оқуға тапсырма беремін, оқушы өз қатесін тауып алады.

Сөздік қорларын молайту. Әңгіме бойынша жұмыс: Не ұнайды? Неге ұнайды? Қандай жауап таптың?

Менің суретімнің тақырыбы не? Мен ол туралы не білемін? Мен нені айтуым керек? Мен оны мақтаньш ете аламын ба?

Сұрақ – жауапқа құралған хат: Кім? Не? Қай жерде? Не істеді? Ол не айтты? Адамдар не деді? Оқиға немен тынды? («Компас», «Ағаштар неге ашуланады»).

Сурет бойынша әңіме құрастыру. Шығарма жазу. жоспар бойынша; тірек сөздер арқылы; дайын мәтінді аяқтау; еркін тақырыпта.

Қазіргі кезде Қазақстан мектептерінде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталып келеді. Солардың бірі педагогикалық үрдісте оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру. А.Байтұрсыновтың пікірі бойынша, бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек.

Мұғалімнің қызметі- оның білімі, шеберлігі ұзақ жолды қысқарту үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап, беру мен берік белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру керек. Оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмыстарының мән-мағынасын ұйымдастырудың тәсіл-амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды.

Оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмысын ұйымдастыру мұғалімнен шығармашылықты, шеберлікті; жоғары методикалық дайындықты талап етеді.

Оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша, өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар, оқушылардың жеке жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады. Оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Жеке жұмыс кезінде оқушылар оқулықпен және дидактикалық материалдармен, түрлі анықтамалық кітаптармен, газет-журналдармен жұмыс істеуге үйрене бастайды. Өздігінен білім алуға талпынады. Жұмысы нәтижелі болса, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуды туғызуға, таным үрдісінің әдіс-тәсілдерін игеруге, танымдық қабілетінің дамуына, адамның дербес жұмыс істеу және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды. Жеке тұлғаға бағытталған жұмыстың тәрбиелік жағы да басым. Ол адамның жеке басының қасиеттерінің (мақсат қоюшылық, ізденушілік, қызығу, т.б.) қалыптасуына әсер етеді. Оқу-тәрбие үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттауға, білім беруде жеке оқытуды дамыту, көзделуі қажет. Осы бағытта оқушыға берілетін жекелей тапсырмалардың, үйренушілік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгеймен, оқушы құбылысты өз бетінше талдай келіп, шағын ғылыми шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Бұл оқушыға «кішкентай» жаңалық ашқанмен бірдей. Жеке тұлғаға бағытталған жұмыстың негізгі мақсаты- оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығуын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы

өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті өртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың, шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің негізгі міндеті [4, 105-115 б.].

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман мұғалімге сегіз қырлы бір сырлы ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Ұстаз алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын, зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы шәкірттердің жүрегіне жол тауып олардың шығармашылық қабілетін дамыту күрделі құрылым екені даусыз. Егер мұғалім жұмысты дұрыс ұйымдастырса, оқушылардың алдына қойылған мақсат та айқын болса, онда орындалған жеке тұлғаға бағытталған жұмысының сапасы да ойдағыдай болады. Бастауыш сыныптарда оқытудың маңызды мақсаттарының бірі- оқушыларда өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ендеше, бастауыш сыныптардан бастап, оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу іскерліктері де қалыптасуы тиіс. Атап айтсақ: жаңа ұғымды, заңдылықты, ережені түсініп, тұжырымдау, жаңадан өтілген ұғым бойынша өздігінен ой қорыта білу, т.б. Осындай іскерліктерді қалыптастыру – оқу барысында мақсатты түрде ұйымдастырылған жұмыстар және жаттығулар жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаға бағытталған тапсырмаларды тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Теориялық білімнің терең бекіп, жүйелі қалыптасуына жеке тұлғана берілетін тапсырмалар дұрыс тандап алынып, құрастырылуына байланысты болады. Оқушының өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады: өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздылығы; оқуға деген қабілетінің артуы; берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру жолдарын түсіне білу ниеті; жеңілден қиынға қарай қиналмай өтуге үйренеді; рухани байлығы молаяды; басқа оқушының түсіндірмелеріне сын көзбен қарау; өз ойының дербестігі.

Қорыта келгенде, оқушыны жеке тұлғаға бағытталған тапсырмалар жасауға үйрету негізінде әрбір жеке тұлғаның өзіндік табиғатын қалыптастыру, білімділік деңгейін көтеру болып табылады.

Көрнекті педагог В. А. Сухомлинский: «Сабақ жас өспірімдердің интеллектуалды өмірінде құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы керек. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасмөспірімдер үшін рухани өмірдің тілегін ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына, кітап-мәдениеттің баға жетпес қазынасына

айналады» - деп айтқан екен. Олай болса, қызықты сабақтар-мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, көтерілген белесі, абырой атағы, мақсат-мұраты.

Ұстаз көкейіндегі шәкірттерді өзіне баулып алу үшін «Не істей аламын», «Не істеу керек»-деген сұрақ – сауалнама әрекетке, әрекет нәтижелер жобасына, ал нәтижелер жобасы- практикаға енгізуге жетелейді. Ал практиканың ақиқат өлшемі-білім сапасы болмақ.

Баяндаманың қорытындысында әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастыруы, оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыруы керектігі жайлы, әр сабаққа дайындық – мұғалімнің ізденісінің нәтижесі, сабақты ыңғайына қарай түрлендіре түссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданса, сабақтың мазмұны ашылатыны жайлы, өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жететіндігі жайлы өз ойымды ортаға салмақпын.

Жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Артықова Т. М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі // Оқыту әдістемесі. – 2005. – 26-35 б.

2 Бакзыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру. – А. : Қазақ тілі. – № 4. – 2007. – 16 б.

3 Қуанышбаева А. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – № 2. – 2004. – 47 б.

4 Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – 1996. – 105-115 б.

## БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР

ЖҰМАБАЙ Ж. Қ.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар к.

Фольклорымызда шоғырланған балаларға қатысты өлеңдер қазақ ғалымдарының сараптауына орай түрліше талқыланды. Бұлар көбіне көп баланың жасына, пайымына қарай сатылап көрінеді. Ересектердің баяндауымен айтылатын бесік жыры, мөпелеу жыры, тұсаукесер секілді жырларды Б. Уахатов «ата-аналар шығарып орындайтын өлеңдер тобы» [1], – деп, ғалым Ш. Ыбраев «сәбилерге арналған салт өлеңдер» [2], – десе, К. Матыжанов өзінің қазақтың отбасылық ғұрыптық фольклорына қатысты еңбегінде «әлпештеу поэзиясы» [3], - дейтін тұжырым ұсынады. Ғалымдарымыз арасында мұндай жырларды «балалар фольклоры» ретінде қалдырған жөн бе, әлде ересектер фольклоры санатында қарастырған дұрыс па деген сауал бар. Л. Хализова өз пікірінде: «...бесік жыры мен баланың арасында байланыс аз. Өйткені, жаңа туған сәби бұл жырдың сөзін де, мағынасын да түсіне алмайды. Мұндай жырларды ересектер айта отырып, балаға сүйсінеді, оған деген жақсы көруін білдірмек болады» [4], – деп тұжырады. Әлпештеу жырларының балалар фольклорының өзге жанрларынан айрықшалығы музыкалық әсем безендіруінен көрінеді. В. Я. Пропп бұл туралы «...сөз бен саздың, мәнгерлеп жеткізу мен музыканың гармониялық үйлесімдігінен туындайды» [5, 149 б.], – десе, С.М. Лойтер «дәстүрлі мотивтерге құрылған балалар әдебиетінің бір жанры. Бұл санаттағы өзге жанрлардан айырмашылығы – құрылымы жағынан терең лирикаға бағынуы, ырғақ пен әуен басымдылығында көрінеді» [6, 21-22 б.], – деп тұжырым жасаса, А. М. Астахова әлпештеу жырлары «көне мотивтер мен сюжетке құрылған» дейтін түсінікке мүлдем қарсы. Ол бұл жырларды қай уақытта болса да жаңғырып жырлана беретін, баланың мөлдір әлемі мен оған деген махаббатты көрсетуші құрал есебінде түсіндіреді [7, 74 б.]. Мұндай жырларды екі тұрғыдан қарастыра аламыз. Біріншісі – ауыз әдебиетінде бар, дәстүрлі мәтінге ие жырлардың рухында туындаған дүниелер болса, екіншісі, қоғам мен уақыттың ағысына орай шығарылған жырлар. Кеңес заманындағы әлпештеу мысалын Қ.Мырзалиев жазған бесік жырынан көреміз. Бұл дәстүрлі бесік жырына қоғамдық, әлеуметтік қозғалыстардың әсер ететінін көрсетеді.

«Ақ мамаң асықпа,

Апам малда, қашықта.

Ақтылы қой бағып жүр,  
Алтын жұлдыз тағып жүр».

Тәуелсіздік кезеңінде жазылған таңдаулы әлпештеу жырлары Ө. Ысқақтың «Жыламашы інім», О. Асқардың «Бесік жыры», Б. Ысқабаевтың «Әлди-әлди», Е. Елубаевтың әліппе үлгісіне құрылған «Бесік жыры» Е. Ашықбаевтың «Бесік жыры», секілді дүниелері болып табылады. Әлпештеу жырлары әр ұлт әдебиетінде кездеседі. Аталуы түрлі болғанымен сипаты, мазмұны қарайлас бұл жырлардың өзегінде баланың болашағына деген ақ тілек арқау болып тартылған. «Кечуа-ацтектердің пәлсапалық поэзиясында әуенмен айтылатын ғұрыптық жыр – баланың жолын ашуға, оң болуына ниеттелген тілектердің жиынтығы деп түсіндіріледі. Үндістердің бұл жырының ритмі ғажап, көркем және айтуға ыңғайлы. Олар ырым мен ғұрыптарға сенеді. Сондықтан да бұл өлеңдерді бойтұмар жырлар деп атайды». Мұндай өлеңдерді этникалық сурет пен поэтикалық бейнелер арқылы беру – фольклордың дамып, жетілуі ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпаққа көнерген тіркестеріміз бен сөздерімізді ұғындыру мен түсіндіру болып табылмай. Тәуелсіздік кезеңіндегі тұсаукесер жырларының таңдаулылары ретінде О. Асқардың «Тұсаукесушінің жыры», Қ. Жұмағалиевтың «Тұсаукесер», Б. Ысқабаевтың «Тұсаукесер» Ө. Ысқақтың «Жолың болсын!» деген туындыларын атаймыз. Бұл тарауымыздағы көтерілген екінші мәселе ойындық поэзия қақында. Қазақ балалар лирикасы мен фольклорлық бағыт жалғастығы турасында сөз еткенімізде одан бүгінгі баланың психологиясын, танымын, талғамын, ой-өрісін анық байқай аламыз. Бұл жырларда бала бейнесі бар, баланың логикасына сай ауқымы бар, ұлттық құнарлы тілі бар. Балаларға қатысты жазған дүниенің ең үлкен ерекшелігінің бірі – ойынға тән, ойнақылықпен берілуі. Ойындық поэзия он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап, әдеби зерттеу көзіне айнала бастады. Бұл қатарда «Балалар өлеңдері» деген атпен жарияланған П. А. Бессоновтың [8], орыс фольклорындағы балалар ойындарын зерттеуші Е. А. Покровскийдің [9] еңбектері бар. Фольклорда ұшырасатын балалар әдебиетіне тән жанрлардың алғаш өз сипатына орай жіктелуі Г. С. Виноградовтың зерттеулерінде бой көрсетсе [10], 1933 жылы «СССР құрамындағы ұлттардың ойындары» деген атпен жарық көрген жинақтан да аталмыш мәселенің ғылыми топтамаларға жинақталғанын байқаймыз. Бұл қатарда көнерген дүние болса да С. Х. Мафедзевтың еңбектерін атауға болады. Ол өз зерттеулерін этнографиялық шеңбер аясында ғана түзеді: Әріп танитын балаға арналған ойын (жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ,

т.б.). Доп, шар және ағаштан жасалған ойыншықтармен ойналатын ойын [11]. Ойындық поэзияны екі санатта, зерделік сипаты бар ойындар мен спорттық жаттығуға тән сарыны бар ойындар деп қарастырдық. Зерделік сипаты бар ойындарда ойнақы ритмге баса назар аударылады. Санамақ, жаңылтпаш, сұрамақ, қаламақ, жұмбақтар балалар поэзиясының интерактивті бағыты. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар лирикасында санамақтың алуан тамаша түрлерімен ұшырасамыз. Этникалық детальдармен жасанған төрт түлікке қатысты, О. Асқардың қаламынан туған этно-фитонимдік сауат беретін, Ө. Ысқақ поэзиясындағы есеп-өлеңдер, жаңылтпаштық сарындағы, Ө. Ақыпбекұлының шығармашылығындағы «Қанша түйем бар менің?», «Қорадағы қой қанша, даладағы қой қанша?», «Саны қанша қозының», «Табындағы сиырда, айтшы қанша мүйіз бар?», «Құлын қанша, тай қанша, бие қанша?», «Қозы, құлын, бұзау бар, саны қанша біл, аңғар?» секілді есеп, жұмбақтар, санамақтар бар. Балалар фольклорында жаңылтпаштың алар орыны ерекше. Баланың тілін дамыту мен жетілдіруде маңызы зор бұл жанр педагогикалық құрал есебінде ғасырлар бойы қолданыста болып келсе, бүгінгі күні де өз құнын жоғалтқан жоқ. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар поэзиясын айтарлықтай байытқан ақын Ө. Ақыпбекұлының өлеңдерінен жаңылтпаштың жиырмадан астам үлгісін кездестіреміз. Олар ұқсас сөзді жаңылтпаш, мазақтама-жаңылтпаш, есеп жаңылтпаш, өтірік өлең-жаңылтпаш секілді түрлері болса, бұл қатарда ақынның «Мақтаншақтың машақаты» деп аталатын жаңылтпаш-ертегісі де бар. Қ. Баянбайдың «Жүз жаңылтпаш» топтамасы, «Жайлау жаңылтпаштары» деп аталатын топтамасы ауыз әдебиетімізден тамыр тартып, ұлттық рухани мектептеріміздің ауқымын кеңейте түскенін көреміз.

Қай қоғамның, қай заманның болмасын ең өзекті, көкейкесті мәселесі ұрпақ тәрбиесі болып табылады. Сол тәрбие үрдісіндегі балалардың рухани жетілуіне көмектесетін пәрменді құралдардың бірі – көркем шығарма. Көркем шығарманың бірден туа салмайтындығын ескерсек, бастау көзі халықтың сан ғасырлық ауыз әдебиетінде жатқандығына көз жеткіземіз. Ежелден келе жатқан өмір жолында, тұрмыс-тіршілігінде, шытырман тағдыр талқысында тірнектеп жиган рухани қазынасы, арман-мұраты, салт-санасы, сенім-нанымы, түйсік-түсінігі халқымыздың бай фольклоры мен поэзиясын құрайды. Фольклорлық шығармалардың балаларға тигізетін тәрбиелік, қалыптастырушылық, ұлттық әсері ерекше.

Фольклорлық шығармалар балаларды адам баласының бұрынғы өткен дәуірлердегі тарихи өмірі, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мәдениеті, тіпті, шаруашылығына дейін таныстырып, қызықтырады.

Қазіргі қазақ балалар әдебиеті мен халықтық туындылардың байланысын олардың таным, түсінік, тағылым көзі болуымен бірге, жоғары деңгейдегі эстетикалық, эмоциялық күшінің әсерлі тәрбиесінде деп әбден қабылдауға болады. Қазіргі авторлары айқын балалар поэзиясында фольклорлық үлгілердің жаңаша түрленіп, жаңғыра жазылған барлық түрін еркін кездестіруге болады. Себебі, ауыз әдебиеті жазба әдебиеттің (ішінде балалар поэзиясы да бар) анасы. Бұл туралы ұлы жазушы, ғұлама зерттеуші Мұхтар Әуезов былай дейді: «Біз ескі әдегімізді сүйеміз. Сүйуіміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз. Құрметіміз орынсыз емес. Себебі, әдебиетімізде, өзге көп жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандары білініп отыр. Сол міндетін ұқандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп өсеткенін көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттері де айтылған. Ескі қазақ баласы, шынында, туған жерде өлеңмен қарсы алынып, өлеңмен шығарылып салатын болған. Бұл қазақ рухына анық сіңген мінез еді» [12, 289 б.]. Халқымыздың ғасырлар бойы жасаған құнды мұрасы – ауыз әдебиеті бүкіл жазба әдебиетімізге, соның ішінде, балалар поэзиясының шығармашылық, көркемдік деңгейінің жоғарылып өсуіне тиімді әсер еткендігін ешкім жоққа шығара алмайды.

Жаңашылдықтың негізі дәстүрде. Оны қатып қалған тар шеңберде емес, кең мағынада қарастырған жөн. Әрбір тарихи кезеңнің әр түрлі замана талабын алдыға тарататыны заңды құбылыс. Әр тарихи кезең өз жаңашылдығымен, өзіндік өзгерісімен келеді. Сол себепті дәстүр де заманға сай ыңғайласып, жаңғырып, жаңарып отырады. Сол арқылы ұлт мәдениеті толысып, байиды.

Қазақ жазба әдебиетінің фольклор арқылы туғандығы шындық. Тек қазақ халқы емес, бүкіл әлем халқының әдебиеті бұл заңды үрдісті бастан өткізіп барып қалыптасқан. Ауыз әдебиетінің ғасырлар бойы берік орныққан бай көркемдік дәстүрлері: бесік жыры, тұсаукесер, тілашар, сүндеттой, атжалын тартып міну, он үште отау иесі, құдалық, беташар, бөрік тастар, сырға салу, ең аяғы жоқтауға дейін әлі күнге дейін өмірімізбен бірге өріліп, дәулетті дәстүріміз өркендеп келеді. Ауыз әдебиетінің адам дамуына ықпал ету қабілеттерін балалар әдебиетінің, оның ішінде балалар поэзиясының қалыптасып, жаңа түрмен толысып, дамуына мүмкіндік беріп, өрістеп келе жатқандығынан көреміз.

Қазақ жазба әдебиетінде фольклорлық сюжеттер негізінде дүниеге келген шығармалардың барлығы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет арасындағы ажырамас рухани жалғасықты айқындап тұрады. Ауыз әдебиетінің сегіз қырлы жетік дәстүрінен үлгі алып, оның көркемдік, идеялық озық үлгілерін өнеге өріс көріп өскен бүгінгі балалар әдебиеті өкілдерінің балдырғандарға арнаған туындыларынан фольклорлық дәстүрдің нақышты іздерін анық байқауға болады, мысалға алар болсақ, қазақ балалар әдебиетіндегі күллі шығармашылық ғұмырын балалар поэзиясына арнаған суреткер ақын Ж. Смақовтың көптеген өлеңдерін оқығанда бесік жыры ретінде қабылдап сүйсінеміз. «Сылдырмақ», «Әжең отыр әндетіп», «Әлди, әлди, әлди-ай» атты өлеңдерінің жазылу мәнері бесік жырының әуез-әуеніне сай, ырғағы ыңылдатып, музыкалы күй кештіреді.

Желдей уле, үілде,  
 Үілде, бөпем, үілде, - «үү, үу, үу»  
 Паравоздай,  
 Гуілде, бөпем, гуілде, «гу, гу, гу».  
 Токтықты тарт,  
 Ауыл біздің ток болсын! «был, был, был!» [13, 22 б.].

Ауыз әдебиеті ақынның өлең жырында тұтас болмысымен көрініс табады. Ауыз әдебиетіндегі жеңіл де ұғымды, эстетикалық талғам ақын өлеңінің формасына, тіл қолдану ерекшелігіне, тіпті, жырындағы буын ырғағына дейін ықпал етіп, көмектескен. Осының барлығын шебер игерген ақын өлеңді сәби үніне, үілдеп дыбыс шығаруына, тілі шығаршықпас балғын кезіндегі былдырлаған дыбысына шебер құрған. Бала қызығушылығы мен бойындағы табиғи ерекшеліктерді табиғи күйінде жеткізу нағыз фольклорға тән. Осындай табиғилықты табиғи күйінде жеткізген ақынның жоғарыдағы және осы сарындас өлеңдерін балалар поэзиясына фольклордан алып кіргізген орынды жаңалық деп білеміз.

Жас баланың теріс қылықтарын, орынсыз тентек мінез-құлықтарын сынға алып, түзетуге тырысатын «мазақтама» – сыншы Ж. Смақовта, М. Әлімбаевта, Қ. Мырзалиев те де бар. Қазақ балалар фольклорының ішінде мазақтама өлеңдерінің өзіндік дәстүрі әбден орныққан. Адам бойындағы қисық-қыңыр қылықтарды келемеждеу арқылы, орынсыз өрескелдіктерді нысанаға алып сықақтау арқылы түзетуге тырысу халқымыздың тарихымен бірге жасасып келе жатқан жасампаз дәстүрге жатады. Әрине, бұған балалар үйір болып, аса қызығушылық танытады. Табиғатынан көңілділікке, жеңіл әзіл-оспаққа, ойынға күлкіге бейім балалар әр нәрсені мазақ етіп әжуаға айналдыруға бейім тұрады. Сондықтан да бұл үрдіс балалар

ғана емес, жеткіншектер арасына да кеңінен тараған. «Қазақтың фольклорлық поэзиясы» атты кандидаттық ғылыми диссертациясында Қ.Матъжанов: «Балалар мазақтамаларын тақырып, мазмұны жағынан екі топқа бөліп қарастырамыз:

1 Балалардың аты-жөніне ұйқастырылатын мазақтамалар.

2 Бала бойындағы мінезі мен әрекетіндегі түрлі кемшіліктерді күлкі етуге арналған сайқымазақ мазақтамалар» [3, 106 б.], – деп бөледі. Мазақтамалардың тағы басқа ұйқастық, мазмұндық түрлері бар екенін ғалым ескермеген. Мысалы, сан санап жаттығу барысында балаларды қызықтыру үшін, дәл осындай мазақтамаларды қолданады, «Сегіз – Айдынның іші семіз!». Ғалым жоғарыда келтірген бірінші топтағы мазақтамаларды, әдетте, кез келген баланың аты алынады да, соған ұйқастырылып мазақтау өлеңі айтылады. Ал ақын М. Әлімбаевтың өлеңі де Смақовтың «Қисықбайымен» үндес:

Қызды тартып тұлымнан,  
Ұлды шертіп мұрыннан.  
Көрінгенге ұрынған,  
«Жын қаққандай» жұлынған,  
Кіп-кішкентай Қисықбай,  
Қисықбайдың қисығы-ай! [14, 289 б.].

Бұнда кішкентай Қисықбайдың бойындағы ұрыншақ мінезбен тентектік оспадарлығын ажылап, мазақтап тұр. Бұл арада Ж. Смақов пен М. Әлімбаевтың шығармалары арасындағы туыстық, үндестік, жақындық бары анық көзге ұрып тұр. Екі өлең де фольклорлық мазақтама өлеңін негізге алған. Тақырыптары ортақ, тіпті, айтар ойлары да жақын, мәндес келген.

Ауыз әдебиетінің үлгілерінен қалай үйрену керек екендігін екі автор да дұрыс пайымдап, өз өлеңдерінің жас балалардың ұғымына, түйсігіне лайықты, көңіліне қонымды болуын қамтамасыз ету мақсатымен, фольклорлық әдебиеттегі үлгінің структуралық жүйесін, дәстүрлік формасын шебер пайдаға асырады. Қаламгерлер жаман мен жақсының ара-жігін ажыратып, мазақтай, келемеждей отырып әзіл-оспақтың астарындағы сындық ескертпелерді аңғарта білген. Ақын Қ. Мыра Әлінің «Ерке», «Сотқар», «Жайбасар», «Маубас», «Жаңғалақ» тағы басқа мазақтамалары екінші топтағы мазақтамалармен үйлеседі. Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы баланың бойындағы түрлі кемшіліктермен мінез-құлықтарындағы орынсыз әрекеттерін зілсіз күлкіге айналдыру арқылы тәрбиелеуді көздеген. Ақынның өзі көрсеткендей барлығы бала бойынан кездесетін мінездердің бір парасын «Қомағай» мазақтама өлеңінен ұшыратамыз:

Әй, қомағай, қомағай,  
Екі ұртың тола май,  
Екі уысың және май.  
Соғып жатсың қарамай!  
Мешкейліктен қомағай,  
Болмайсың ғой толағай! [15, 35 б.].

Баланың оғаш қылықтарына күлдіре отырып, асыл қасиеттердің артықшылықтарын іздейді. Тәлім-тәрбие, өнеге ұсынып, жақсылыққа жетелеуді мақсат тұтады. Қисық-қыңырлықты бетке баса отыра, ұялтады.

Мазақтама өлеңдер көптеген халықтардың балалар фольклорында кездеседі. Олар бала ұғымына жеңіл, жаттауға оңай, төрт немесе екі шумақты болып келеді.

Бүгінгі балалар ақындарының шығармалары, яғни, балалар поэзиясындағы өлеңдердің көпшілігі, мысалы, санамақ, өтірік өлең, мазақтама өлең тағы басқа барлығы фольклорлық дәстүр арнасында пайда болып, осы дәстүрмен тығыз байланысты дамығандығын оның мазмұны мен формалық жіктелу жолдарындағы ұқсастықты анық көзге түсіреді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1974. – 386 б.
- 2 Ыбраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
- 3 Матъжанов К. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры: ф.ғ.д.дис.: 10.01.09: – Алматы, 2004. – 264 б.
- 4 Хализова Л. Р. Колыбельные песни. Структура и семантика. Электрон. дан.– Режим доступа: <http://www.Ruthenia.folklore/folkloredoratory./confer.htm>.
- 5 Пропп В. Принципы классификации фольклорных жанров. – 1964. – № 4. – 149 б.
- 6 Лойтер С. М. Вступительная статья в книге «Русский детский фольклор Карелии». – Петрозаводск, 1991. – Б. 21-22
- 7 Астахова А. М. Импровизация в русском фольклоре. – М.-Л., 1966. – Вып. 10. – 74 б.
- 8 Бессонов П. Детские песни. Электрон. дан. – Режим доступа: <http://www.mpsf.org/>.
- 9 Покровский Е. А. Детские игры, преимущественно русские. – СПб., 1994. – 116 б.
- 10 Виноградов Г. К изучению народных детских игр у бурят. – Иркутск, 1922. – Б. 251



- 11 Мафедзев С. Х. О народных играх адыгов. – Нальчик, 1986. – 124 б.
- 12 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі. – Алматы: Жазушы, 1991. – 496 б.
- 13 Смақов Ж. Жаңғырық. Балаларға арналған өлеңдер жинағы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 210 б.
- 14 Әлімбаев М. Шығармалар жинағы. II-том. – Алматы, 1997. – 321 б.
- 15 Мырза Әлі Қ. Көңілді балалар. – Алматы : Жазушы, 1970. – 382 б.

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРАНУ МӘСЕЛЕСІ

ЖҰМАТАЕВА Г. Е.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XX ғасырдың алғашқы он жеті жылы ішінде Россияда болған саяси-әлеуметтік оқиғалар таптық шиеленіс күшеюінің зор айғағы болғандығы тарихтан белгілі. Бұл кезеңде қазақ өлкесінің сан ғасырлар бойына сырын ашпай келген табиғи байлығы игеріле бастады: өнеркәсіп ошақтары ірге көтеріп, егіншіліктің өркендеуі біршама жеделдеді. Россиядағы революциялық-демократикалық қозғалыстың игі ықпалымен қазақ еңбекшілерінің таптық сана-сезімі ояны. Ендігі жерде олар патша үкіметіне, орыс помещиктері мен буржуазиясына және даланың бай-шонжарларына белсеніп қарсы шықты. Орыс елінің озық қоғамдық ой-пікірлерінің таралуы халқымыздың рухани өміріне игілікті әсер етті. Қазақстанда оқу-ағарту ісі өріс ала бастады. Орыс-қазақ мектептері ашылып, онда қазақ балалары оқитын болды. Қазақ тілінде шығатын баспасөз, кітап бастыру ісі едәуір өсті.

Қазақ төңкерісінен бұрын қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың Қазақстан тарихын, оның әдеби, мәдени өмірін зерттеуде маңызы өте зор. Бұл кітаптар тарихи деректерді, архив қазыналарын толықтырып, қазақ халқының саяси, мәдени өмірінен құнды мағлұматтар береді.

Орыс түркологтарының қазақ халқының бай ауыз әдебиет нұсқаларын жинау, зерттеу, бастыру жұмыстары нәтижесінде күні бүгінге дейін өз маңызын жоймаған еңбектерінде қызғылықты мағлұматтар мен соны деректер көп кездеседі.

XX ғасырдың басында қазақ тілінде кітап шығару ісі едәуір дами түсті. Егер XIX ғасырда 177 ғана кітап басылса, XX ғасыр басында, яғни, 1900-1917 жылдары арасында қазақ тілінде 322 кітап жарық көрді [1]. Осы кезеңде қазақ тілінде шыққан кітаптар арасында діни басылымдармен қатар қазақтың ақын-жазушылары Абайдың, Ыбырайдың т.б. шығармалары, орыс тілінен аударылған кітаптар болды. Қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларынан батырлар жыры, ғашықтық дастандары, ертегілер, тарихи жырлар, мақал мен жұмбақтар, араб, парсы ауыз әдебиетінің нұсқаларынан «Мың бір түн», «Шаһнама», қазақ оқу құралдарынан ана тілі, әдебиет, есеп, география кітаптары жарық көріп, басылып шықты. XIX ғасырда шыққан кітаптарға қарағанда, XX ғасыр басында шыққан кітаптардың тақырыбы мен мазмұны, жанрлық түрлері өзгеше болды. Бұл кезеңде әдебиет кітаптары ғана емес, сонымен қатар оқулықтар да, ғылым-білім кітаптары да шығарылған-ды. Тек қисса, дастан, өлең кітаптары ғана емес, прозалық (әңгіме, повесть, роман) туындылар да шығарыла бастады. Атап өтерлік нәрсе – бұл кітаптардың тілінде кейде араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек сөздері аралас келіп отырды.

Қалай дегенде де сол кітаптардың жарық көруі, жазба көркем әдебиет пен ғылыми кітаптардың көбеюі, әсіресе ауыз әдебиеті үлгілерінің шығуы қазақ оқығандарының өсе бастағандығын, қазақ халқының әдебиеті мен фольклорының жедел дамып келе жатқандығын көрсете түсті. Оның үстіне түрлі-түрлі қоғамдар ашылып, жұмыс істей бастады. Мәселен, орыс археологиялық қоғамның Шығыс бөлімі, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамы, Москва университетінің жанындағы жаратылыспен, антропологиямен және этнографиямен әуестенушілер қоғамы, әсіресе қарауында көптеген бөлімдері мен бөлімшеліре бар. Орыстың географиялық қоғамы сияқты ғылыми ұйымдар өз төңірегіне таңдаулы ғылыми күштерді топтастырып, материал жинауға арналған саяхаттарды жабдықтап, жинақталған материалдарды өзінің баспасөз органдарына жариялап отырды.

Қазақтың халық поэзиясының материалды мен мақалалары жоғарыда аталған қоғамдар мен ғылым академиясының қарауындағы сериялық баспалары мен орталықтан шығатын және жергілікті жерлердегі газеттер мен журналдарының беттерінде жиі-жиі басылып тұратын [2].

Осылармен бірге қазақтың халық поэзиясының белгілі бір саласын таныстыратын: А. В. Васильевтің [3], Н. Н. Пантусовтың [4] жинақтары да шықты.

XIX ғасырдың аяғында жинақталған материалдарды бір жүйеге келтіру және келтіру және қорыту қажеттілігінің артуы қазақтың халық творчествосы бойынша алғашқы монографиялардың (Потаниннің «Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе», М., 1899) жасалуына және бірінші библиографиялық анықтамаларының (справочник) шығуына себеп болды.

Бұл тұстағы библиографиялық басылымдардың ең күрделісі – А. Е. Алекторовтың «көрсеткіші» [5]. Мұндағы үш мыңнан астам мақалада қазақ елінің тарихы, этнографиясы, тілі, әдебиеті, шаруашылығы жайында кітап, журнал мен газет бетінде қазақ, орыс тілінде жарияланған басылымдардың мазмұны және олар туралы сол кезде жарық көрген азды-көпті сын пікірлер берілген. Қазақ өмірінің бар жайынан аса бай бірден-бір құнды мағлұмат беретін бұл еңбектің әдебиет зерттеу жұмыстарында алатын орны да ерекше. Бұл кітап қазақ тілінде орыс әрпімен басылған оқулықтар мен хрестоматиялар туралы да көп мәліметтер берді. Революциядан бұрынғы қазақ елінің әдеби, мәдени өмірінен маңызды деректер беретін бұл көрсеткіш қазіргі зерттеуші ғалымдар үшін де құнды материал болып табылады.

«Көрсеткіштің» соңында қосымша ретінде қазақ тілінде басылған, негізінен ауыз әдебиетіне арналған елу шақты кітаптың қысқаша мазмұны, қайда, қашан жарияланғаны туралы мағлұмат берілген, кейбіреуіне сын пікір де айтылған. Солардың ішінде 1862 жылы Қазан қаласында алғаш жарық көрген қазақтың ұлттық эпосы «Ер Тарғынды» араб әрпімен Н. И. Ильминский жариялағаны, жырды 1870 жылы орыс графикасымен қазақ тілінде В. В. Радлов жоғарыда аталған үшінші томында қосқаны, кітаптың 1862 жылдан 1892 жылға дейін бес рет қайта басылғаны туралы мәліметтер бар.

Қазақ тілінде алғаш басылған кітаптың бірі «Сейфүл-мәліктің» 1807 жылғы басылымы туралы деректерді де Алекторовтың осы көрсеткішінен оқимыз. Онда қазақтың бұл хикая әңгімесі Қазан татарлары мен қазақ арасына көп тарағанын айтып, жырдың қысқаша мазмұны беріледі. Сондай-ақ А.Е. Алекторов кітабында «Мұңлық-Зарлық» (1899), «Көрұғлы Сұлтан» (1885), «Шаһизинда» кассасының (1899), «Шортанбай өлеңдерінің» (1890), «Шәкір-Шәкірат» (1890), «Жүсіп-Зылиха», «Мәлік-Хасен» (1900), «Зияда-Шаһмұрат» (1890), «Жәмшидтің » (1897) қысқаша мазмұны келтірілген. Мұнда қазақ халқының асыл мұрасы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 1890 жылы Қазанда «Университет» баспасынан 10 мың дана болып шыққаны, жырды 1812 жылы Т. Беляев орыс тіліне аударғаны, И. Н. Березиннің хрестоматиясында В.В. Радловтың (III т.) жинағында

жарық көргені «Қыз Жібек» кассасының 1894, 1896, 1899 жылғы басылымдары жайында жақсы мәліметтер келтірілген.

Қазақтың ауыз әдебиет нұсқалары жинаушы, көрнекті фольклорист, шығысты зерттеуші ғалым Александр Васильев ертегі сюжетіне жырланып, ел арасына кең тараған «Үш жігіт» кассасын жазып алып, Орынбордағы географиялық қоғамның хабаршысына қосымша ретінде жеке кітап етіп жариялаған. Кітап орыс әрпімен қазақ және орыс тілдерінде шыққан. Алғы сөзінде қиссаны Торғай облысы, Ырғыз оязының қазақтары А. Күлдеев пен Айғанасовтың айтуынан жазып алғаны айтылған. Осы кіріспе сөзінде А. Васильев қазақ арасына мол тараған қисса, батырлар жыры, мақтау сөз, ғибрат сөз, қара сөз, қара өлең, терме, жоқтау туралы өз пікірін жазған. Кіріспеде тағы көңіл аударатын жай – қазақ өлеңдерінің музыкасын нотаға түсіру мәселесімен алғаш шұғылданған, Петербург географиялық қоғамның мүшесі, Торғай облысындағы саяхаттарға қатысып, қазақтың жүзге тарта ән-күйін жинаған музыкант-этнограф С. Г. Рыбаков (1867-1921) жайында деректер берілген. А.Е. Алекторов өзінің «Көрсеткішінде» А. Васильевтің осы кітабына тоқталып, «Үш жігіт» жырының мазмұны келтіреді.

Түркістан мұғалімдер семинариясының шәкірті Ішмұхаммед Букиннің 1883 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігіне [6]. А. Е. Алекторов мол орын беріп, сын мақала жариялаған. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ және орыс халықтарының арасындағы мәдени қарым-қатынастарға қосылған үлес болып табылатын бұл сөздіктің қазақ лингвистикасынан алатын орны ерекше. 365 беттен тұратын сөздік екі бөлімнен құралған. Кітапта алты мыңға жуық сөз аударылған. Мұнда негізгі атау сөздер араб әрпімен, бірінші бағанаға беріліп, аудармасы екінші, транскрипциясы үшінші бағанаға орыс әрпімен жазылған. Автор алғы сөзінде бұл еңбек өзінің Перовск қалалық және Түркістан мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кездегі сабақтан бос уақыттарында істеген жұмыстарының нәтижесі екенін, «тұтас аяқталып бітпеген, ғылыми маңыз алуға талаптану правосы жоқ, шәкірттік еңбек» десе де, ол кезде мұндай көлемді, екі тілде басылған сөздік жоқ болатын. Алекторов «көрсеткішінде» І. Букиннің алғы сөзін түгел келтіреді, бұл сөздіктің барынша құптайтын бағалы еңбек екенін көрсете отырып, кітаптың редакторы Воскресенскийге арнап біраз сын пікірлер айтады. Онда Ильминскийдің 1861 жылы жарық көрген қазақша-орысша сөздігінің, Будаговтың қазақ тіліне мол орын берген түрік-татар салыстырма сөздігін, Алтай тілінің грамматикасын,

Алтынсариннің, Золотницкийдің, Старчевскийдің қазақтарды орыс тілінде оқытуға арналған еңбектерін [7] жүйелі түрде пайдаланғанда І. Букин кітабының құндылығы арта түсетіні ескертілген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Революцияға дейінгі қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар. Құрастырушылар: Бөжеев М., Қазыбекова Д., Бегімбаева Қ. – Алматы, 1978.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. 1-т. – Б. 23-26.
- 3 Васильева А. В. Образцы киргизской народной словестности. – Оренбург, 1897, 1898, 1900, 1905.
- 4 Пантусов Н. Н. Материалы к изучению казак-киргизского наречия. – Казань, 1900, 1901, 1902, 1904.
- 5 Алекторов А. Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900. – С. 970.
- 6 Букин И. Русско-киргизский и киргизско-русский словарь. – Ташкент, 1883. – С. 363.
- 7 Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861; Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – Спб., 1896; Старчевский А. Спутник русского человека в Средней Азии. – Спб., 1878; Грамматика алтайского языка. – Казань, 1869; Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку. – Оренбург, 1879.

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

ЗАКАРИЯЕВА Ж. Ә.

оқытушы, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

Оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік санасының өсуіне, оның дара тұлға ретіндегі қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызу жаңа педагогикалық парадигманың өзегін құрайды десек, педагогика ғылымы мектеп алдына жеке тұлғаны қалыптастыру міндетін әлдеқашан-ақ қойғанмен, шын мәнінде оның жүзеге асуында әлі де толық шешімін таба алмай отырған мәселелер жеткілікті. Қоғамның даму деңгейі мен әлеуметтік сұраным талаптарына үндес жүйеленген білім көлемі оқыту мен тәрбиелеудің басты ұстамдарына сәйкес іріктеліп, оны меңгерту процесі педагогикалық психологияның жаңа бағыттарын

басшылыққа ала отырып, ұйымдастырылған жағдайда көздеген мақсатқа қол жететіні аян. Мектеп қабырғасында оқушыларға белгілі білім негіздері бойынша дайын фактілерді жаттанды түрде оқытып, қажетті іскерлік дағдыларды үстірт қалыптастырумен шектелмей, сол білімді оқушылардың саналы түрде өздігінен игеруіне жол көрсетіп, шығармашылықпен ізденуіне бағыт берудің, жас ұрпақтың бойында белсенді өмір позицияларды, өз ісіне деген биік қарым-қатынасты, сөз бен істің бірлігіне негізделген адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың жолдарын айқындау педагогика, психология, оқыту әдістемесі ғылымдарының жаңа бағытын қажет етіп отыр. Сондықтан мектепте оқытылатын әрбір пәннің әлеуметтік дамудағы ролін, оқушыны жан-жақты дамыған азамат етіп қалыптастырудағы орнын белгілей отырып, оқытудың негізгі міндеттері мен басты бағыттарын, оларды жүзеге асыру тенденцияларын ғылыми тұрғыда нақтылай түсуді қажет етеді. Осындай жаңа міндеттерге орай оқыту үрдісінде бұрын шетқақпай күйде қалып келген гуманитарлық пәндерге ерекше көңіл бөлінуде.

Білім берудің гуманитарлық сипатында адам жай зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен шығармашылық пен таным субъектісі, құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен баурап әкететін тұлға ретінде көрінуімен бедерленеді. Қазіргі таңда ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болғаны, оның қолданылу аясының кеңеюі, жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің халықтық педагогикаға қарай бағытталуы, ұлттық салт-саналарымыздың қайта түлеуі, оқушылардың ата-бабалар қалдырған бай мәдени мұраларына деген биік құрметі мен шын қызығушылығы секілді маңызды мәселелердің барлығы да ана тілін оқыту ісін жетілдіруге келіп саяды.

Тіл – адамды әлеуметтік ортамен байланыстырушы дәнекер ғана емес, субъектілік көзқарастарын қалыптастыратын танымдық іс-әрекеттің ең маңызды құралы да. Осы тұрғыдан келгенде ана тілін оқыту әдістемесі бүгінгі әлеуметтік дамудағы тілдің ролі туралы, тіл мен сананың, ойлау мен сөйлеудің байланысы туралы лингвистикалық, психологиялық және философиялық концепцияларға сүйенеді.

Тілді оқытудың мәні мен әлеуметтік қызметі ана тілінің адам қатынасының аса маңызды құралы болуымен бірге, танымның негізі, ойлаудың формасы және дамытудың да құралы болатындығына ерекше назар аударту. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижелі болуы әрқашан да оқушылардың оқу әрекеттерін дұрыс қалыптастыруымен тікелей байланысты. Оқыту үрдісіндегі білім мазмұнын жетілдіру,

оқыту әдістерін түрлендіру, оқушы мен мұғалімнің өзара қарым-қатынасын жоғары деңгейде ұйымдастыру секілді мәселелер оқу әрекеті категориясына келіп тіреледі. Өйткені оқу әрекеті ұғымы педагогикада, оның ішінде дидактикада да негізгі методологиялық түпқазық болып есептеледі. Білімді сапалы меңгерту міндетін оқушының жеке басының дамуынсыз жүзеге асыру мүмкін емес, ал даму мәселесі қашан да іс-әрекетпен ажырамас бірлікте қаралады. Адам - үнемі даму үстінде болатын және айналасымен өзара қарым-қатынас процесінде жеке тұлға ретінде қалыптасатын динамикалық құрылым. Жеке тұлға динамикасы дегеніміз, біріншіден, оның әрекеті, екіншіден, оның қасиеттері мен сапасының әрдайым өзгеруі, оның үнемі дамуы. Сондықтан жеке тұлғаға даму үстіндегі құбылыс деп қарау педагогиканың түпкі мақсаты жеке тұлға қалыптастыру болғандықтан да, бұл саладағы зерттеулер үшін ең маңызды кілт болып табылады.

Себебі, «оқу үрдісінің қандай мәселесі болмасын, бала психологиясына негізделмесе, оны ескермесе, оқытудың әдіс-тәсілдерін құбылтып түрлендіру де, сабақ үстінде қолданылған сан алуан көрнекіліктер де жай, жасанды дүниеге айналады. Өйткені жеке тұлғаны қалыптастыру қоғамдық тәжірибе мен кейбір қажетті нормаларды меңгерту арқылы жүзеге асқанымен, оқытудың мәні тек білімді түсініп, игеруде емес, сол нормалардың оқушылардың іс-әрекеті мен жалпы қасиетінің ішкі механизмі, қозғаушы мотиві болатындай дәрежеде ұйымдастырылуында», – дей келе психолог-ғалым Л. И. Божевич педагогикалық психологияның ең өзекті мәселесі – оқу мотивтерін тәрбиелеу туралы құнды пікір айтып, оны ғылыми тұрғыда негіздеп берді. Бұл міндеттің жүзеге асуында баланың жеке басы ерекшеліктерін ескеру, оқытуды жеке тұлғаны дамыту тұрғысында ұйымдастыру мәселелері үлкен мәнге ие.

Оқу әрекетінің бала дамуының қайнар көзіне айналуы, әрине, оның негізгі компоненттерінің ролін дұрыс тануға, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін, ішкі заңдылықтарын түсінуге, соған сай педагогикалық ізденістерге жол ашатын шығармашылық еңбектердің нәтижесіне байланысты айқындалады. Сондықтан, біздің зерттеу мақаламызда бүгінгі таңда педагогика ғылымында кең қанат жая бастаған психологизация тенденциясының талаптарына орай қазақ тілін оқытудың мәселелерін оқу әрекетінің ең бір шешуші тетігі оқу мотивтеріне сүйене отырып қарастыру көзделді.

Білімді саналықпен игерудің алғышарты, оқу процесін ұйымдастырудың маңызды факторы - білік, іскерлік-дағдыларды

қалыптастыру мен дамытудың құралы жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін жетілдірудің көрсеткіші ретінде бағаланатын оқу мотивтерін баланың жас және психологиялық ерекшеліктерімен сәйкестендіре дамыту мәселесі оқушыны әрекет субъектісі деп тануды қажет етеді.

Олай болса, «егер мотив болмаса, онда әрекет те болмайды». Мотив қана адам әрекетінің біртіндеп күрделеніп өсуіне, сол арқылы жеке тұлғаның дамып жетілуіне әкеледі. Ұлы ғұлама Әл-Фараби еңбектерінде әрекеттің жүзеге асуының алғышарты ретінде қатысатын «талпындырушы күштің» сол әрекет нәтижесінде дамып, қайтадан жаңа бір әрекеттің тууына себеп болатыны бағамдалады.

Оқу - бала үшін субъективтік мәнге ие болу үшін, оқушының пәнге деген саналы қатынасын қалыптастыру үшін мотивтердің рөлі ерекше. Себебі мотив - әрекеттің жекелік сипатын айқындайды, оқытудың психологиялық жүйесін зерттеуге де негіз болады. Жан бір нәрсені істеуге, болдыруға ұмтылады және бұл ұмтылу соқыр ұмтылу емес, саналы ұмтылу. Бұл ұмтылу «қайрат» деп аталады. Осы қайрат күші арқылы істелетін іс-әректі «іс» деп аталады. Ал оқушының еркімен игерілген білім ғана оның қажетіне айналары анық [1, 47 б.].

Баланы дамыта отырып оқыту теориясын негіздеген ғалымдар білімді бағалауда мұғалім назары тек, теориялық білім деңгейінде ғана болмай, оқушының ойлау әрекетінің барысы мен сапасына да аударылуын, яғни ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың жолдарын табуға ұмтылу қажеттігін айтады.

Оқу процесін әрекет тұрғысынан зерттеушілер де оқу әрекетінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы, көздеген нәтижеге жетуі тек қана оқу мотивтерін дұрыс тәрбиелеумен байланысты болатынын тұжырымдайды.

Дегенмен, ғылыми-әдістемелік еңбектерге, мектеп тәжірибелеріне талдау жасау нәтижесінде қазіргі әлеуметтік сұраныс, педагогика ғылымында психологиялық аспектілерді терең қамту талаптары мен қазақ тілін оқыту жүйесінде оқу мотивтерінің ғылыми-практикалық мәртебеге ие бола алмай келе жатқандығы арасындағы; сапалы білім берудегі оқу мотивтерінің құндылық мәні мен оқу мотивтерінің ғылыми-әдістемелік тұрғыда зерттелу деңгейі арасындағы; әр жас кезеңіне сай оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыруда оқу мотивтерін ескерудің практикалық қажеттігі мен оқыту процесінде әдістемелік жүйенің саралық және даралық сипатының икемсіздігі арасындағы қайшылықтар анықталады. Осы бағыттағы жұмыстарды дұрыс, жүйелі жүргізу үшін сапалы білімнің негізі – оқушылардың

оқу мотивтерін қалыптастыра отырып, ана тілін оқытуды жаңаша ұйымдастыру екені негізделеді.

Оқу әрекеті баланың дамуының басты шарты жасөспірімдердің кейінгі саналы өміріне қажетті дағдылардың қалануының негізі болғандықтан, оқыту үрдісіндегі маңызды мәселердің бірі оқушылардың саналы оқу әрекетін қалыптастыру болып есептеледі. Олай болса, оқу процесін баланың әрбір даму кезеңдерінде пайда болатын жетекші әрекетіне сәйкестендіріп, ал оқу мотивтерін өзін қоршаған дүниені танытуға ұмтылу, сол танымға септесетін әрекет тәсілдерін менгеру, өзін жеке тұлға ретінде бағалай алу, өз бойындағы қабілеттерін жетілдіру, өзін-өзі дамыту т.б. тұрғысында қалыптастырудың мәні мектеп алдында тұрған үлкен міндеттің, жеке тұлғаны дамыту міндетінің – жүзеге асуының алғашқы шарты болып табылады. Бұл оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп танығанда, оқыту мақсаттарын қоғам талаптарымен ұштастырғанда жүзеге асады.

Оқушының бойындағы қабілеттерін танытуына мүмкіндік туғызу, білімге деген ынтасын оятып, оқуға саналылық көзқарасын қалыптастыру - мұғалімнің тікелей міндеті. Дайын фактілерді информация түрінде шәкірттерге ұсыну, олардан міндеттерді сөзбе – сөз қайталауды талап ету жемісті нәтиже бере алмайды. Себебі оқытудың басты мақсаты оқушыларға белгілі бір білім туралы мағлұмат беру емес, ең бастысы, оның бойындағы қабілеттерін дамыту, балаға қандай материал беру емес, оны бақылауға, ойлауға үйрету маңыздырақ. Оқу әрекетін дұрыс қалыптастыру үшін оның өзіне тән ерекшеліктері мен құрылымын, оқушыны дамытудағы атқаратын қызметін тану керек. Оқу әрекетінің өзге әрекет түрлерінен ең басты өзгешелігі оқушының үнемі «Жаңа дүниеге енуімен», әрбір жаңа әрекеттің компоненттерін игерумен, әрдайым оның бірінен екіншісіне ауысып отыруымен байланысты. Бұл баланың психикасының тез дамып жетілуіне, оның рухани дүниесінің де, іскерлік дағдыларының да қалыптасуына ықпал етеді. Ал өзінің құрылымы жағынан өзге әрекеттер секілді ол да үш кезеңге бөлінеді: мотивациялық - даярлық, оқу - танымдық, бағалау - бақылау кезеңдері. Осы кезеңдерге сай әрекеттің негізгі құрамдық бөліктері де ажыратылады.

«Мотив» – әрекеттің ішкі қозғаушы күші, оның бағыттаушысы. Дидактикада белгілі бір объектіде бағытталған әрекетке түрткі жасайтын тілек, талпыныс, қызығушылық, ынта, ықылас т.б. - мотив деп аталады [1, 22]. Мотивтер әрекеттің танымдық эмоциялық қырлары мен қатар жүреді, әрі олардың қалыпты дамуына әсер етеді. Баланың ұғым- түсініктерін кеңейтуге тірек бола отырып, бірте-бірте

оның жемісті болуы, оқушының жеке басы қасиеттерін дамытудың мәнді факторына айналуы әрқашанда оған себеп болатын мотивтерге тәуелді. «Мотив» – латын сөзі. Ол қозғаушы итермелеуші, оятушы күш деген мағыны береді. Адам әрекетінің субъективтілігі оның ішкі қажеттерімен, эмоцияларымен, мотивтері мен бірлігінен көрінеді. Бұлар адам белсенділігінің де деңгейін танытады. Әр түрлі әрекеттің субъективтілігі оның сол адам үшін мәнін айқындайтын мотивтерге тікелей байланысты. Субъектінің әрекетті орындауда табанды болуы да оған итермелейтін мотивтердің мазмұны мен сипатына байланысты.

Мотивтер тек объективті түрде, әрекетке, оның дамуына талдау жасау арқылы танылады. Субъективтік жақтан олар жанама құбылыс ретінде мақсатты орындауға тілек, талпыныс, ұмтылыс түрінде көрінетіні айтылады. Сол себепті мотивті зертеу өте күрделі, оның үстіне «мотив терминінің өзі де әлі күнге дейін әр түрлі түсіндіріліп келеді. Оның сыры адам әрекеті мотивінің өте нәзік, құпиялық құбылыс екендігінде болса керек. Мотивтердің мақсатқа ұласуының басқыштары, сатылары туралы М. Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде: «Жанымызда бір тілек бар. Сол тілекті іске асырғымыз келеді. Тілектің іске асуының тиістілігін бекітетін себептер, яки дәлел – мотив деп аталады. Бұл – қайраттың мақсатқа жету үшін жанның алға ұмтылуының бірінші басқышы...», – деп түсіндіріледі. Мысалы, сабақ үстінде бала сауатты жазудың қажеттігін түсінгеннен кейін, ол жазуда қиындық келтіретін сөздерді орфографиялық сөздіктерден тауып, дәптеріне көшіруге кірісті. Бірақ осы кезде қонырау соғылды делік. Үзілісте балалар қызықты ойын ұйымдастырып жатыр. Бала ойында осы екі істің қайсысына баруды шешу үшін күрес жүреді. Қайсының бала үшін мәні күштірек болса, ол соны қалайды. Сондықтан оқу мен оқытудың мәні, білім менгеруде оқушылардың іс-әрекеті мен жалпы қасиетінің ішкі тетігі, қозғаушы – мотиві болатындай әрекеттің ұйымдастырылуында болып табылады. Әрекет арқылы танылатын объективті мен субъективтінің өзара қарым- қатынасы баланың ішкі позициясы деп аталады. Одан баланың өзін қоршаған ортаға, төңерегіндегі жолдастары мен мұғаліммен қатынасына сәйкес мотивтерде көрінеді.

Оқу әрекеті, оның құрылымы мен ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың қай-қайсысы оқыту барысында оқу мотивтеріне сүйенудің баланың оқуға қатынасын, пәнге деген саналы көзқарасын айқындауда, оны қалыптастыруда үлкен мәнге ие екенін қуаттайды. Сондықтан пәнді оқыту әдістемесінде оқу-танымдық, әлеуметтік мотивтердің өзара бірлігі үнемі ескеріліп отыруы керек.

Тіл мен сана, сөйлеу мен ойлау өте тығыз байланысты, адам ойы сөйлеу тілінде көрініс табады. Сөзін дұрыс құрау арқылы оқушы өз ойын нақтылай түсіндіреді. Сан мыңдаған сөздерді, грамматикалық форма жүйесін, оларды қолдану әдістерін меңгеру арқылы адамның ойлау жүйесі де дамиды. Олай болса, ана тілі - тіл білімі туралы арнайы білім беретін оқу пәні ғана емес, ол - басқа пәндерді үйрену, меңгеру құралы. Сондықтан ана тілінің оқытылу деңгейі баланы жеке тұлға ретінде дамытуда көп нәрсені шешетін, өте маңызды фактор болып саналады. Пәнді оқыту үстінде білім мазмұны мен қатар пәнаралық байланыстарда да бұл мәселеге назар аудару қажет.

Жеке тұлғаның дамуы интеллектуальдық қаблеттердің өрісімен шектелмейді, ол оқушының жалпы дамуында адамгершілік қасиеттерін де, әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуын да қамтиды. Оқыту қашанда дамудың алдында жүруі керек деген қағиданы ескере отырып, оқу әрекетін баланың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай деңгейде жүргізу арқылы оның өсіп-толуына мүмкіндік жасалады. Білім беру дегеніміз – сол білімді оқушының өздігінен меңгеруіне жол қорсету, яғни оқушыны өз әрекетінің субъектісі дәрежесіне көтеру. Бұл міндеттің жүзеге асуы оқу әрекетінің жекелік сипатынан, оқушы әрекетіне түрткі болып, оның бағыттылығын анықтайтын оқу мотивтеріне тікелей тәуелді. Олай болса, қазақ тілін оқыту жүйесінде мотив қалыптастыру тілді меңгертуге қойылып отырған қоғамдық-әлеуметтік талаптарға сай оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тілдің әлеуметтік дамудағы ролін, тіл мен сананың, сөйлеу мен ойлаудың бірлігін таныту, оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру мәселелерімен сабақтасып анықталады. Сол арқылы оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіруге ықпал етеді, оқушы мотивтері дамиды.

Тіл арқылы адам қоршаған ортаны таниды, әрі өзін де танытады. Тіл таным құралы дегенде, біз, оның осы екі жағын назарда тең ұстауымыз жөн. Тіл мен таным қатынасы ойлаумен тікелей байланысты. «Сөйлеу дегеніміз – ойлау. Ойлау дегеніміз – тану, сөйлеу - қарым – қатынас жасау. Адам ойлаған кезде тілдік материалды пайдаланады және ой сөйлес түрінде беріледі» [3, 117 б.]. Сондықтан да тіл сабақтарындағы практикалық жұмыстардың үзілмес бір жүйесі және оқушылардың пәнді саналы меңгеруінің мотив туғызудың алғышарты, баланың логикалық ойлауын дамыту болып табылады.

«Тіл мен сөйлеу бір емес, адам сөйлегенде тілді пайдаланады. Тіл көзге көрінбейтін, әр адамның басында қалыптасқан қатынас жасау мөлшері, ал сөйлеу - сол қатынас мөлшерін жүзеге асырушы адамның

әрекеті. Мысалы, шахматта: фигуралар – тіл лексикасы, фигура жүрісі – грамматика, фигураның жеке-жеке түрлері – сөз. Ал тіл деген ұғымға лексика да, грамматика да жатады. Шахматтық фигураларды жүргізу адамның сөйлеу әрекеті сияқты». Сол себепті оқушыға сөйлеудің тіл ұғымынан өзгешелігін танытумен бірге, оның үлкен шеберлікті қажет ететінін сезіндіруге көп көңіл бөлінуі тиіс.

Тіл мен ойлау тығыз бірлікте болғандықтан, сөйлеуді дұрыс қалыптастыру ойлауды да жетілдіреді, жемісті нәтиже береді, себебі тілі дұрыс қалыптасқан бала басқаның да ойын да дұрыс жеткізе алады.

Тілдік эстетиканың құрылымына енетін тіл байлығын сезіну, тілге, сөйлеуге эстетикалық қарым-қатынасты сезіну, сөйлеу нормаларын игеру, сөздердің қолдану аясын дұрыс ажырата білу, сөйлеу мәнеріне талғаммен қарау секілді қасиеттер әр түрлі лексикографиялық сөздіктермен жұмыс істеу арқылы грамматикалық синонимдердің қолданылуына байланысты жаттығулар орындау үстінде, сөйлемдегі бос орынға синонимдік қатардан сөз таңдау, арнайы алынған сөзі жұтаң мәтіндермен жұмыс істеп, оларды қайта өңдеу секілді жүйелі жүргізілетін дидактикалық тапсырмаларды орындау негізінде қалыптасады. Нәтижесінде оқушы ойлы сөйлеуге, өз сөзінің өзгелерге мәнерлі, ықпалды болуына ұмтылдырады. Тілге деген эстетикалық көзқарас оқушының сөздік қорын байытуға, оған қажетті факторларды табуға талпындырады. Ал, ұмтылыс оқушының ішкі мотивінің көрінісі болып саналады.

Терең, әрі орынықты білім мен іскерлік-дағдылар адамның білімді теориялық дүниетанымдық негізде қорыта алу мүмкіндіктері арқылы қалыптасады. Ана тілі пәнінде берілетін тілдің ғылыми негіздері туралы ұғым түсініктерді игерудің ең бір маңызды шарты – оқушының білімді игеру үрдісінде интеллектуальдық белсенді ойлау қызметін жандандыру. Себебі баланың ойлау арқылы «сана сүзгісінен» өтіп, оның ойында қорытылып, бекіп, оқушының білім базасын толықтырған жаңа ұғым танымдық мәнге ие болады.

Тілдің ғылыми негіздері туралы саналы білім қалыптастырудың екінші шарты – тіл фактілерін таныту үстінде баланың эмоциялық сезімдерін оятып, тілдік қажеттікке деген сенімін арттыру. Мұнда тіл тарихынан берілетін мәліметтерді орынды пайдалану, тілдік атаулардың халықтың салт-дәстүрімен қатыстылығын таныту, тілдің сақталуына жауапкершілігін сезіндіру тағы басқа мәселелерге білім мазмұнында кең орын беру көзделеді. Оқу процесіне интеллектуальдық, эмоциялық-еріктік, практикалық факторлардың бірлігінде туатын сенім

– баланың білімге «шындық болмыс» деп қарайтын ерекше қарым-қатынасының көрінісі болмақ.

Қазіргі қатаң бәсекелестік заманда әркімнің табысқа қол жеткізуі – оның қарым-қатынас жасау этикасына, өзін-өзі танытуына тікелей байланысты екендігі сөзсіз.

Сонымен, мотив оқушы әрекетін ұйымдастырудың ең басты факторы екендігіне сүйеніп, қазақ тілі пәнін оқыту арқылы саналы көзқарас қалыптастырып, сапалы білім беруде оған ерекше назар аудару керектігі айқындалады. Ол үшін пәннің білім мазмұнында оқушылардың ішкі қажеттілігіне сәйкес келетін, оларды қызықтырып оқуға, жағымды қатынасын қалыптастыруға негіз болатын оқу материалдары мол қамтылуы тиіс. Бұл бағыттағы жұмыстар тіл арқылы балалардың лингвистикалық дүниетанымын кеңейту, тілдің адам болмысымен қатынасын таныту, оқушының білімі мен білік дағдыларының негізінде салынуы қажет. Бұл ана тілінің танымдық, коммуникативтік, эмоциялық-экспрессивтік қызметтерін бірлікте меңгерту арқылы шешімін табады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дәулетбекова Ж.Т. «Оқушылардың оқу мотивтері - сапалы білім негізі». – Алматы, 2001.
- 2 Жарықбаев Қ. «Ұстаздық еткен жалықпас». – Алматы, 1987.
- 3 Жұбанов Қ. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеу». – Алматы, 1990.
- 4 Байтұрсынов А. «Тіл тағлымы». – Алматы, 1990.
- 5 Балақаев М. «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту методикасы». – Алматы, 1989.
- 6 Қалиев Ф, Қасымова Г, Дәулетбекова Ж. «Қазақ тілін оқыту тұжырымдамасы». – Алматы, 1997.
- 7 Ильин Е.Н. «Тіл табыса білу өнері», Педагогикалық ізденіс. – Алматы, 1990.

#### ӘЙЕЛ ЛИРИКАСЫ

ИБРАЕВА А. Т.  
п.ғ.м., оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.  
ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сезімнен тыс поэзия болмайды. Оның ішінде лирика тікелей сезімдік туынды екені мәлім. Алайда әр ақынның сол сезімді поэзияға өзек етуіне эстетикалық арсеналдары түрліше. Адам құбылысы санамен, көңілмен үндесіп сұрау сырлы суреттерді көз алдына әкеледі. Сөз ойдың білінер - білінбес сыртқы қауызы сияқты ғана көрінеді де ақынның құдіретті шабытымен кестеленген түпкі мағына сурет болып санаға еніп, сезімнің қалай билеп қалғанын білмей қаласың. Сонымен, ақынның лирикаларында кейіпкердің бүкіл жан - дүниесіндегі шарасыздық пен мазасыздыққа табиғат та ортақтасып, үн қосады. Лирикада мінез болады. Ол – ақындық мінезі. Ал әйел лирикасы ол адамзат баласының танымындағы ерекше бір тылсым бір кеңістік, өзгеше әлем.

Ақын лирикасындағы негізгі бағыт – адам өмірі, заман сыры, уақыт денгейі, табиғат, достық, махаббат туралы ойлар. Тақырыптық жағынан табиғат лирикасы поэзияның ғасырдан - ғасырға, ұрпақтан - ұрпаққа жетіп үздіксіз жырланып келе жатқан мәңгілік тақырыптарының бірі. Әлемдік табиғат тарихына көз жіберсек, әр қоғамның, әр ұлттың ақындары өз туған өлкесін өресі жеткенінше жырға қосып келгені аян. Табиғат құшағында туып өскен суреткер одан көркемдік ләззат алмай отыра алмайды. Ақын табиғатты әлемдік заңымен бейнелеп тануға құштар. Ақын әрқашан жаратылыспен сырлас, тілдес екендігін айтпай-ақ түсінуге болады. Поэзия мен махаббат – бір-бірінен айырылмайтын егіз ұғым. Сондықтан, әр елдің әдебиетін, әсіресе поэзиясынада көп ұштасатын, мәңгілік тақырып – махаббат.

Лирикалық кейіпкер тек өз басының күйін ғана күйттемейді, бұл ақын атаулыға тән қасиет болса керек. Поэзия әлемінде жасқа – көріге немесе ерлерге – әйелдерге деп арнайы қойған тақырып жоқ. Бұл жөнінде қазақ поэзиясының падишасы Фариза Оңғарсынова «Адамзатқа тән сезім, түйсік, тағы басқа қадір - қасиеттердің әйел затына да тән екенінің ақиқатын айту қажет еместігі секілді, әйел сезімінен туған поэзия жалпы поэзиядан басқа, бейтаныс бір әлем құбылыстарының тындысы деп түсінуді теріс дәлелдеу де артық тәрізді. Өзіндік үні жоқ, жақсы деп жақсылығын айту немесе жаман

деп нашар дүние екендігін дәлелдеуі қиын туындылары бар адам – әйел ме, ер ме, кім болсын, – әйтеуір ақын емес.

А. Ахматованың «Мужество» деген өлеңін оқи отырып, нәзік те тамаша жыныстың өкілі бола тұра, әйел басымен еркектің аузынан шығар сөзді айтты деп айыптай аламыз ба? Демек, бұдан поэзиямызда ақынның жынысы басты рөл атқармайды: ақын дүниені қалай көтереді, сол көріністі өз сезіміне сіңіріп, сосын қалай өзінше суреттей алады әңгіме түйіні осында», – деген еді.

Десек те, қазақтың ақын қыздарының шығрамашылығына тән жеке тоқталып, біршама зерттеген С. Айбергенова өзінің «Қазақ ақын әйелдер шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы» атты диссертациясында осы бір «өзгеше әлемнің» өзіне тән мынадай бірнеше ерекшеліктерін атап көрсеткен болатын: «...Біріншіден, қазақ әйелдер поэзиясына тән ең басты ерекшелік, дүниеге, қоршаған ортаға, кешеге, бүгінге және ертеңге Ана көзімен қарап, Аналық сезіммен жырлау. Мұның өзі әуелі ұят –иман, әдеп-иба деп өскен ұлттық тәрбиелеуіміздің дұрыстығына тағы да көзімізді жеткізе түсетін фактор». Екіншіден, ерекше бөліп айтар қасиеті – ақын әйелдердің көркемдік әлемінің палитрасына жинақталған бояулардың әрі қанық, әрі алуан түрлілігі. Әйел ақындар аққу үнімен, нәзік сарынымен, қарлығаш қамқорлығымен ізгі ниеттерге үндейді екен. Үшіншіден, қазақ ақын әйелдерінің поэзиясынан бөлек бір тектілік аңғарылады. Бұл тектіліктің екінші атын дәстүр жалғастығы деуге болады.

Қазақ ақын қыздарымыз саны жағынан көп болмаса да, сапасы жағынан қазақ әдебиетіне әкелген жаңалықтары мен шығармашылық өресі сапалы. Солардың бірегейі – Фариза Оңғарсынова шығармашылығы. Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды дәл нысанаға алуымен ерекшеленеді. Оның әр өлеңдерін оқыған кезде азаматтық сарын, ар-ождан тазалығына тәнті боласыз.

Ақынның творчествосына тән басты қасиет – шындыққа бас ию. Оның бұл қасиеті кез келген туындысынан да айқын көрініп тұрады. 1979 жылы жарық көрген «Сенің махаббатың» жинағындағы «Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы» атты поэмасы ақын творчествосының шындық шырқауы, негізгі қағидасы. Шындық, қайсарлық, адамгершілік, махаббат, сенім сияқты философиялық категориялар Фариза Оңғарсынованың поэзиясында нанымды, салмақты көрініс тапқан.

Әйелдер жанының күпиясын, арманын, махаббатын көп жазады. Ол сезім күйлерін шертуге, Әлия мен Мәншүктің тағдыры мен трагедиясына дастандар арнады. Ақын – өз заманының ар-ұжданы. Ол болашақ үшін өмір сүреді. Әлденеден мұңайған кезінде, біреудің пасықтығынан жүрегі мұздаған кезінде, кешегі досының бүгін теріс айналғанын көргенде Фаризаның досы, сенері, мұңдасы, берер дәрі-дауасы – поэзия.

Көңілді, жайлы күнімді,  
Азапты қайғы мұңымды  
Өзімменен бөліскенім үшін,  
Қатем мен жеңістерім үшін,  
Менің мынау қиындау тағдырым болып  
О, баста көріскенім үшін  
Өлең, мен сені аялап өтем! –деп толғайды.»Асау толқын» атты өлеңінде:

Тағдырынды сенің тапсырдым сенімді ұрпаққа  
Көз нұрың, болашағыңда – сол түбінде, елім  
Келеді әйтеуір бір ұрпақ менің соңымнан – бар үміт сенде.  
О, асау толқыным менің! – деген жолдардан ақынның жастарға үлкен сеніммен, үмітпен қарайтыны анық байқалады.

Ақын жырында әйелдер бейнесінің көңіл күйі дауылды сезім болып жырланады, тек жай жырлау емес, қазіргі замана талабының биік өрісіне лайықтап жырлау – Фариза туындыларының бір қыры. Әйел – Ана тақырыбы. Әйелдер жан дүниесіне барлау жасауда ақын жетістігі мол. Оны өзі де ашып айтады: «Адам деген күрделі жаратылыс қой. Соның ішінде әйел халқының жан-дүниесі өз алдына бір әлем. Менің өз жырларымды сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерім – әйелдер. Олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы өлеңдерімнің арқауы», – дей келе:

Өз-өзіммен өртеніп барам жанып,  
Жүректен жас ағады тарамданып.  
Менде жоқ қой бұл күнде тым болмаса,  
Ақтарылар алдында саған барып.  
Жасқа ғана толады жанар налып,  
Мен үшін тұр дүние қаран қалып, –  
деп, әйелдің мұң-қайғысын сыр ғып шертеді. Енді бірде ақын:  
Мезгіл бұршақ жанына салып таңба,  
Қайратыңнан қайысып, налып қалма,  
Сені іздейтін аға бар тарыққанда,



Інілер бар дем берер жабыққанға.

Бір ақиқат – бәрібір жоғалмайсың,

Жоғалмайтын жоқтаушы халық барда, – дейді. Демек, азаматтық, қоғамдық, әлеуметтік көркем тұжырым жалаң публицистикалық шалқу дидактикалық толғаумен әсте терең ашылмақ емес, қайткен күнде де поэтикалық бейне, тұлғалы образ, сөз суретінің құдіреті бірінші қатарда, дәлірек айтқанда, ақындық сезім, қаламгерлік идея өзара ажырамас диалектикалық тұтастықта көрінеді.

Мен даланың кызы едім,

Жазығында жатпайтын көз ілер қара.

Жазира менің жанымның өзі де дара.

Асқар көрмеген мен шіркін биік дегенді

Өлшеуші ем сонау аспанның өзімен ғана, – деген шумақта қаламгердің шыққан, өскен ортасын дәл көрсететін поэтикалық деталь, әдемі образды сурет жатыр. Сондай-ақ ақынның биік арманы анық көрінеді. Фаризаның беріліп, шабыттанып, аса құмарта, кең көсіліп жырлаған табысты тақырыбы – махаббат, сүйіспеншілік тақырыбынан басқа да саяси-әлеуметтік тақырыптарды әуелде публицистикалық толғау үлгісі арқылы игерген ақын бірте-бірте философиялық, психологиялық монолог формаларға ауысып суреттегенін көреміз. Туған жер, Отан-Ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді.

О, туған жер, кең пейіл құшағың кең,

Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.

Сағынышымды қанат қып саған қарай

Балапандай талпынып ұшамын мен, –

немесе:

«Сені қалай сую керектігін

Мен ешқандай кітаптан оқымадым», –

деп, туған жерге деген өзінің сағынышын, ерекше сезімін жырғып шынайы суреттейді. Ал:

Далам менің – қазынам, жыр сандығым,

Жыр нәрімен жер балқып, босанды құм.

Сортан жердің тұзы бар тамырымда

Ақшылтымдау сондықтан жусан жырым, –

деген жолдардағы сезімі ерекше. Фариза Оңғарсынованың өз сөзімен айтқанда, «өнер де, өмірдің өзі сияқты, ылғи қуаныш пен шаттықтан тұрмайтыны белгілі». Сұлу қыз ғұмыр мен әйел тағдырын айрықша бір сүйіспеншілікпен жырлайды.

Ей, адамзат!

Қара жерге гүл еккен,

Қара орманды күл еткен!

Тында мені жүрепкен!

Тында мені, сан жұрттар!

Кең өлемде кеуделерде тарлық бар, тұтастық бар, қалдық бар,

бар өлемде, қара жердің бетінде

соғыс жайлы жарлықтар.

Дүниеде ұзын қолды үстем бар, шарасыз бір күштер бар,

махаббат бар, құрлықтар бар, түстер бар.

Жанартау бар, жарылу бар, дүмпу бар,

Сәнді үйлерде күңкіл бар.

атпай, аспай құрту бар.

Адалдық бар, мейірім бар, зорлық бар,

қайратыңды қайнатады қорлықтар.

ұлылық бар, даналар бар, мұрат бар,

шың аталған қырат бар.

Бірақ соның бәрінен

биік тұрған бір күш бар,

дидарына Жер де құштар, Күн құштар:

ол – нәзіктік,

мәңгі шуақ, нұры – күт,

сарқылмайтын жылылық,

ол тірліктің қуаты –

ӘЙЕЛ атты ҰЛЫЛЫҚ!

Фаризада халықтық рух бар, ол – елімен бірге, қазағынан бөлінбейтін ақын. Оның тілі жүйрік, өткірлігі мен тапқырлығы, қанағаттығы бәрімізді де қызықтыратын, қуантатын ақын.

Әйел жанының табиғатын ерекше суреттей білетін ақын қыздарымыздың бірегейі Күләш Ахметова. К.Ахметова лирикасы сөз еткенде бір айта кететін жайт –оның өлең өрнегіндегі ерекшелігі, жаңашылдығы. Жалпы К.Ахметова дәстүрлі поэзиямыздың негізін сақтай отырып, оны одан әрі жалғастырып, дамудыңшы. Ол дәстүрді жаңа мазмұн мен тың образ, терең философиямен, тосын теңеу, жаңа сөз орамдарымен байытушы. Ақын өлеңдерінде нәзік сезімді ғана сөз етіп қоймай, оны айналасындағы құбылыстармен, табиғатпен салыстра суреттейді.

Құстар қайтып келеді шулап, талып.

Жүрек соқты кеудені тулап барып.

Көктем лебі, әнекей, ауада жүр

Көп- көгілдір Жібектей шумақталып  
 Кеудесінен дүние ән ағылтып,  
 Өрік, алма жарғанда жаңа бүртік.  
 Жан-жағына қарайсың ғашық көзбен  
 Көңіл - көктем тыншымай алабұртып.

«Лирикалық шығарманың күші, қуаттылығы алдымен адамның көңіл-күйін, өмірдегі жағдай – құбылыстан алған әсерін бейнелеп, жеткізу шеберлігімен ұштасып жатады. Адамның жан сезімін, көңіл-күйін тікелей, лирикаға тән ерекше сыршылдықпен айтып жеткізудің ұтымдылығы өмір құбылыстарын, табиғатты айрықша сергектік сезімталдықпен қабылдаудан, сезім-әсер байлығынан туады. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Оған тартымды қуат-күш дарытатын терең оймен суарылған, нәрленген жалынды сезім» [2, 113 б.].

Махаббат тақырыбы – поэзияның құнарлы арналарының бірі. Ол махаббатты адамның ең асыл сезімдерінің бірі ретінде суреттей келе, оның жан мен тәнге бірдей қасиетін айшықтауға ұмтылады. Махаббат сезімі – «тәтті у». Яғни қайшылығы көп сезім. Бірақ сүймеген жүрек – өлі жүрек. Өмірдің шын рахатын сезбеген жүрек.

Жастық шақтың сәулелі сәттерінің бірін он сегіз жасты Ақұштап Бақтыгереева ақын әсемдікпен осылай жырға қосса, ал он жетідегі арудың көңіл толқыны мен қалтқысыз қыз сезімін Фариза ақын былайша түсіндіреді:

Жігіттердің жүрегін  
 Ұрлай бергім келмейді,  
 Сүйдім деген тілегін  
 Тыңдай бергім келмейді.  
 Кез келгенін ғашық қып,  
 Әлек еткім келмейді  
 Аз күндік жай машық қып  
 Және де өткім келмейді.  
 Алғашқы арман –тілекті  
 Шетке ысырғым келмейді  
 Бірді сүйген жүректі

Көпке ұсынғым келмейді [3, 60 б.]. Аз-кем күндік қызық үшін уақыт ұрлау, болмашы бос қиялдың жетегінде жүріп, «кез келгенді ғашық қып, әлек ету» –кіршіксіз көңілді бейкүнә бойжеткеннің табиғатына жат баянсыз шаруа [2, 60 б.]. Махаббат мәселесінде Фариза ақын қыздарымызға «бірді сүйген жүректі көпке ұсынып» қор етпей, сертке берік болындар дейді. Қарағөз қыздарымыз қазақ қызы

деген атқа лайық болып, тәлімді, тәрбиелі, ибалы да инабаттылығын әркез сақтап жүрсе екен дейді ақын апамыз. Қыз тәрбиесі, бұл –ұрпақ тәрбиесі. Осы жауапкершілікті үнемі сезініп жүруге тиіс екендерін ұғындыру ақын тағылымының басты ұстанымы.

Ақұштап лирикасындағы әйелдер әлемі –ақын поэзиясының жалын шашқан мәңгілік Прометейі. Ендеше, ақын шығармашылығына үңілейік, зер салайық. Ақын Марфуға Айтқожа мен Ақұштап ақын аналық махаббатты былайша жырға қосады:

Аттамай аналық зор қасиеттен,  
 Қанша ма ару жандар,  
 Жасып өткен?!  
 Қыршыны сұм соғыста –  
 Құрбан болып,  
 Аналар!

Қартаймасын қасіреттен! [4, 176 б.] деген өктем өлеңінде Марфуға ақын: «аналардың шашын қырау шалмасын» десе, ал, Ақұштап ақын «Қайран шеше» атты өлеңінде:

Қос шектен әлемге аян таралып үн  
 Ғасырлар мақтаны боп қалады ұлын.  
 Өсірген күй атасын, қайран шеше,  
 Өзіңнің емес пе екен даналығың?!.. [4, 146 б.] – дейді.

Әйел лирикасында адамдық кескіндемеге жататын барлық сезім гаммасын ұрымтал ұстап, ұтымды бейнелеу соншалықты күрделі, соншалықты қызық. Әйел кешер жан азабы мен тән азабын, сезім сергелденін ақын қыздардай дәл, нәзік, тиген жерін ойып түсер, шоктай отты да уытты жеткізген ақын арғы-бергіде кем де кем. Бұл саладағы әйел лириктердің драматизмі, нақтылығы, суреттілігі ең ірі ақындармен тайталаса алады. Мұндағыдай сезім полифониясы, рух симфониясы әдетте лирика ауқымына сия бермейді.

Әйел поэзиясындағы махаббат лирикасы – әлемдік интимдік поэзияның өзінде не бір тізгін үзген саңлақтардың өздерінде де ұшыраса қоймаған сирек құбылыс. Сондай шынайылыққа болмыстың ұнғыл-шұңғылына тереңдей бойлаған философиялық зерде мен халық тағдырына қабырғасы қайысқан азаматтық серпінді қосыңыз. Мұндай диапазон мен мұндай палитра тек бір ғана ұрпақтың емес, бүкіл ғасырдың сипатын ашып, бір ғана ұлттың емес, күллі адами болмыстың шер-шеменін жан-жақты жайып салар шын мәніндегі заманалық суреткерлерге ғана тән болса керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахметова А. Жапырақ – жаздың жүрегі. – Алматы: Жазушы, 1979.
- 2 Қамарова Н. Қазіргі қазақ өлеңіндегі психологизм. Канд. дисс. – Алматы, 2001.
- 3 Дәдебаев Ж. Өлеңдегі сөз. Уақыт және қаламгер. 11-кітап. Алматы, 1985.
- 4 Бақтыгереева А. Жайық қызы – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1980.

### МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ САРЫН

ИМАШХАН А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы сан қырлы. Оның өлеңдері, әңгімелері, мақалалары ел жұртының тұрмыс тіршілігін, қоғам өмірін және тағы басқа алуан түрлі мәселелерді қамтиды.

Қисса атаулының әдебиет жанрын анықтағанда, араб, парсы, үнді және өзге түркі тілдеріндегі және оның ішінде «шағатай» тіліндегі жазба әдеби мұралардың сюжетіне құрылып, оқиғалы, көлемді дастан-жырлар түрінде келетінін алдымен ескеру керек. Қазақтың төл эпостары да оқиғалы, көлемді жырлар болып келеді, бірақ айырмасы бар: мәселен, соңғылары авторсыз, көбі ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып келе жатқан ескерткіштер болса, ал қиссалардың – жаңа құбылыс екеніне көңіл бөлеміз. Қисса – дастандардың өзін мазмұны мен мақсатына қарай екіге бөліп қараған жөн: олардың бір тобы-шығыстың классикалық әдебиеті үлгілерін қазақша жырлаған туындылар болып келеді. Олар: «Шахнаме», «Жүсіп-Зылиқа», «Мұңлық-Зарлық», «Сейфүлмәлік», «Бозжігіт», «Шахмаран», «Шәкір-Шәкірат» тағы басқа. Бұлардың тақырыбы азаматтық сипатта болады, сонымен бірге махаббат, адамгершілік жайы сөз болып отырады. Дастандардың екінші тобын ислам дінін уағыздап, оның сахабаларын дәріптейтін дастандар («Салсал», «Жүмжұма», «Кербаланың шөлінде» және тағы басқа) құрайды.

Осыларды ескере келіп, Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз туындыларында діннің аса зор тәлім-тәрбиелік мәнін, оның адамның моральдық, имандылық қасиеттерін қалыптастырудағы құдіретін шебер

бейнелей білді. Шығармаларының мазмұны халықты ізгілікке, мұсылманшылыққа, парасаттылыққа шынайы сезімдерді қадірлеп қастерлеуге, өмір пәлсапасын саналы түрде терең ұғынуға үйретеді. Мәшһүр Жүсіптің Мұхаммед пайғамбар жөнінде жазғандары да алдымен Алла жолын ақиқат, тек тән тазалығын ғана емес, жан тазалығының жарқын бейнесі ретінде көрсету орын алған. Сол себепті ақын патшалы Ресей билеушілерінің қазақ халқын дінінен, ділінен, тілінен, ұлттық болмыс-бітіміне айыруға бағытталған қисапсыз қиянатын батыл айыптайды.

Ғылым талаптарына сай дүниенің өзгеріп отыратынын және оның үнемі қозғалыста болатынын, ғылым-білімнің дамуын қолдап отыратын дін ислам екендігі Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде жақсы көрініс тапқан. Ақын мұсылманшылдық негіздерін құрайтын шарттарды, құранның басты қағидаларын шарият жолын ұстап, Пайғамбар өсиеттерінің бұлжытпай орындаудың алдымен тілді, сол арқылы ұлттық бітім, тілді саптауға болатынын қызмет ететін үнемі ескеріп отырған. Осы бағытта ұстанған ақындардың «діни-ағартушылар» деп аталып жүруі тегін емес.

Бұл ағымның ең көрнекті тұлғалары Ақмолла Мұхамедиярұлы, Әбубәкір Кердері, Нұржан Наушабаев, Мақыш Қалтаев, Шәді Жәңгірұлы және тағы басқа ақындар болса, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ақын ретінде қалыптасу, өрлеу жылдары жоғарыда айтылған ақындармен тұстас, өзектес келетінін ескеру керек. Бұған дейін әдетте әдебиет тарихында дастандар жанрын жіктегенде, «діни дастандар» деп ғана атап өтіп, әдеби-теориялық тұрғыдан талданып орын алып келгені белгілі.

Әлем фольклорында діни тақырыптағы шығармалар ежелгі замандардан-ақ болған. Ежелгі аңыздар негізінде жазылған апокрифтер де діни әдебиеттің жанры ретінде қалыптасты [1, 31 б.].

Түркі халықтары әдебиетіндегі діни тақырыпқа жазылған әйгілі туынды-Қисса-ұл Әнбие.

Дін тақырыбы – Мәшһүр Жүсіп шығармаларының негізгі арқауы. Оның қай шығармасын алсақ та мұсылман дініне деген құрмет, Аллаға деген махаббаты көрінеді. «Мен құдайды бір деп, бар деп, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Құдай қандай, өзі не нәрсе, оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді.

Сонда да танымаймын деп тоқтап тұрып қалмаймын, жаратқан нәрселерінен, құдайлық пен қылған ісіне – барлығын, бірлігін, күштілігін танып тұрсам керек» деп қорытындылайды. Осы көзқарас Абаймен тоғысады. «Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі.

Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды. Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік те ғақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз» дейді [2, 139 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің діни дүниетанымдық мақсаты - құдай жолына деген құр құлшылық емес, рухани тірек деп танылған дінді арқау ету. Ақын осы бағытты өз өмірінде де, шығармаларына да негіз етіп ұстанған.

Ақынның діни – дастандарына мыналар жатады: «Ібіліс шайтан хикаясы», «Әдһам диуана мен Ибраһим», «Ақыреттің егіні», «Миграж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі», «Жер мен көк», «Шонтыбай қажы».

Бұл шығармаларда жаратушы тәңірдің күдіретті күшін дінге қатысты ой-тұжырымдарын философиялық тұрғыдан айқындайды.

Дін мәселесі ауқымды тақырыптарының бірі болып есептілендіктен, оны бір тақырып көлемінде қарастыру мүмкін емес. Егерде күні кеше «діни» тақырып жабық тақырыптардың бірі болып есептелсе, бүгінгі таңда ол әдебиеттегі дәстүр жалғастығын білдіреді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дастандары арқылы діни тақырыпқа арналған әдебиет саласын дамытуға біз көңіл бөлгіміз келеді.

Шығыс шайырларының шығармалары басқа ел әдебиеттерімен қатар қазақ әдебиетіне де зор ықпалын тигізді. Әсіресе, жазба поэзия жанрлары шығыстық дәстүрді бойына сіңірген каньондармен толысты. Әсіресе, XX ғасыр басындағы жазбагерлердің шығармаларындағы шығыстық элементтер, софьлық сарындар осыны аңғартады.

XX ғасыр басындағы әдебиеттің көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп «Жарты нан хикаясында» бір жалаушының сандыққа кез болып, одан шыққан айдаһардан құтылудың қам-қаракеті баяндалады. Жолшыбай кездескен отыз кісі де, бес адам да оған еш жәрдем бере алмайды. Тек жарты адам ғана айла тауып, айдаһарды сандыққа қайта тығады, сөйтіп жолаушыны ажалдан құтқарады. Жазбагер бұдан мынандай қорытынды шығарады:

Оразақ отыз күнгі – отыз кісің,  
Бес кісі – бес намазың, білемісің.  
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,  
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.  
Танып қой, танымасаң, мен боламын,

Дүниеде қылған қайыр – жарты наның! [деп мыңдап мал айдап, дүниеге молыққан байлар мен Құран сөзін бұлдап, жұртты алдап байыған «жалған» қожа-молдалардың бейнелері әшкереленеді. Ал, оларға қарсы бағытта алынған шайтан образы жоғары денгейде көрінген.

Міне, сөйтіп шығарма сюжеті негізінде – Ғайса пайғамбар (ғ.с.) жеңіледі де, шайтанның айтқаны дұрысқа шығады. Адалдықтың, діннің тұтқасы саналатын молда, қожалардың барлығы алдымен өтірікті, ұрлықты, күншілдікті, зұлымдықты сатып алушы болды. Шығарма соңында Мәшһүр Жүсіп мұның бәріне қорытынды жасайды: «Заман азды, дін бұзылды, адамдардың ішінде адал, әділ жан қалмады, шетінен өтірік, ұрлық, зұлымдыққа үйір болып кетті», - дей келіп, – «осыларды айтушы дүниеде жалғыз мен ғана, ең ақыры өзімнің қатын-балам да азған адамдардың қатарына жазылып кетті», - дегенге саяды. Әрине, бұл пікір ақынның көңіл-күй кірбінінен, ішкі күйзелістен туындаған, бір сәттік көріністі білдіретін сәтті шыққан толғаныс түйіні екені мәлім.

Шайыр өз заманындағы озбырлыққа, әділетсіздікке, надандыққа, жалқаулыққа қарсы шыққан күрескер ретінде көрінеді. Оның мақсаты-қоғам өміріндегі зиянды, жексұрын қылықтарды әшкерелей отырып, халықты солардан жиренуге, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу болды. Осы мақсатты іске асыруда әр алуан эстетикалық-адамгершілік қарым-қатынастарды тұспалдап, көкейге қонымды, түсінікті етіп жеткізу үшін ақын мысал жанрын шебер әрі ұтымды пайдалана білген.

Осы орайда айта кететін бір жайт, ол – шығармада сюжет қолдану, яғни мысал өлең шығару үрдісі ежелден Шығыс әдебиетінде, оның ішінде суфистік поэзияда бар дәстүр екені. Ал, Мәшһүр Жүсіптің осы тақылеттес шығармалар жазып, сопылық әдебиет дәстүрін жалғастыруы – оның шығыс поэзиясынан мол хабардар болғандығын және соның ықпалында туындылар бергенін дәлелдейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Ежелгі дәуір әдебиетіне» де қатты көңіл бөлгендігі шығармаларын оқығанда айқын көрінеді. Қорқыттың «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз қаған» туралы аңыздың желісін, Әл – Фарабидің дүние түсінігін, таным мәселесін, Махмұт Қашқаридің - медицина, астрономия қағидасын, Жүсіп Баласағұнның - ақыл, білім, тіл жайындағы ілімін, Қожа Ахмет Иассауиден дінге берік болуды, адалдықпен өмір сүруді, адамды сүю сияқты тәлімдерді үйреніп, білім алған. Ал Қожа Ахмет Иассауидің шәкірттері Сүлеймен Бақырғани мен Ахмет Йүгінеки ислам шеңберіндегі түркі еліне жақын сопылық поэзия үлгісін насихаттап, адамгершілік, әдептілік, ынсап, қанағат ұрығын сепкендігін тарихи мәліметтерден білеміз. Бұл бағытта да Мәшһүр – Жүсіп Көпеев көп жұмыс істеп, еңбектенгені шығармаларынан белгілі. Бұндай тәлім – тәрбие күллі Орта Азия мұсылмандарының рухын көтерді. Рабғүзидің «Нух ‘алайһи с-салам» хикаяларының (Нұхтың кемесі, топан су) желісі, Лұқман Хакимнің әділдік ұлағаты Мәшһүр- Жүсіп Көпеевтің «Шайтанның саудасы» хикаясын жазуына

әсер етсе, «Сүлеймен ‘алайһи с-салам» хикаясының құмырсқамен сөйлескені, жауыздық пен әділеттілік сияқты идеясы, «Хару мен Мару» хикаясындағы - нәпсі құмарлық, қызығушылық, күнә мәселесі, Құтыптың, Әзірбайжан халқының ұлы ақыны Низамидің парсы тілінен жазылған «Хусрау уа Ширин» поэмасы үлгісіндегі шығарманың желісі, Хорезмидің «Махаббатнама» дастаны, Хұсам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» діни шығармасы, Сәйіф Сарай «Ядгарнама», «Сұһаил уа күлдірсін» дастаны да Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің діни сенім – нанымға толы шығармаларының желісіне арқау болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіпова Е.Қ. Мәшһүр Жүсіп және Шығыс руханияты. – Алматы, 2005. – 184 б.
- 2 Баратова М.Н. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Филол. ғыл. канд. дисс. Авторефераты, – Астана, 2006. – 25 б.
- 3 Сүтжанов С.Н. Мәшһүртану курсы. – Павлодар: ПМПИ РИО баспасы, 2006. –91 б.

### Ш. МҰРТАЗА СУРЕТТЕУІНДЕГІ ҚАЗАҚЫ МІНЕЗ БЕН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ

ИРМАНОВА А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Проза саласында қарысды еңбек етіп, қалам тартқан қаламгерлердің бірі – Шерхан Мұртаза. Жазушының «Соғыстың соңғы жесірі» атты кітабына бұрындары жазылған шығармаларымен бірге кейінгі «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері топтастырылған.

Жазушының «Тәуекел той» атты шығармасында атының өзі айтып тұрғанындай, той тақырыбы қозғалған. Той болғанда да қазіргі заманғы үйлену тойы. Кең қазақтың кең пейілдігін көрсететін бөсеке тойы. Той жасағанда қазақ бірінен-бірі асып түсу үшін қарызданып, кредит алып, онды-солды шашып, барын төгіп, жанын салады. Қазақта не көп – той көп. Бұл, әрине, жақсылықтың нышаны, тоқшылықтың, молшылықтың белгісі. Жазушы нысана етіп тойды емес, тойдың ұйымдастырылу жағын алған. Әңгіменің қысқаша мазмұны былай.

Керімкүл баласы Нұркенді үйлендірмекші. Кім баласының қызығынан аянады дейсіз, аянып қалар түрі жоқ. «Тойды қайда өткізбексің? Үйінде ме?» деген аталас ағайыны Төкеннің сауалына:

«– Жоқ, – деді Керімкүл шок басып алғандай шошып кетіп, – үйге кім сыяды? Мен бес жүз адам шақырамын» [1]. Жазушы кейіпкерінің «Мен бес жүз адам шақырамын» сөзіне ерекше мән беріп, кең мағына сыйғызады. Осынау бір ауыз сөзден-ақ оның мінез-құлқы көрінеді.

Керімкүл уәдесінде тұрады. Қаладағы ең үлкен мейрамханада бес жүз адамға дүрілдетіп той жасайды. Әрине, атақ-абыройы жақсы. Бірақ, мейрамхана иелерімен және тойға шақырылған асаба, артистермен есеп айырысуға келгенде қатты сасады. Ес-ақылы шығып, жынданардай күй кешеді. Өйткені, тойдан әжептәуір кіріс кіреді-ау деген үміті ақталмайды. Сенім артқан бизнесмен жиен қарындасы Жеңіскүл омырауындағы бриллиант танасын жоғалтып алып, оны Керімкүл нағашысынан көріп, жиналған тойшыл қауымның көзінше зіркілдеп, тойдың шырқын бұзады: «Ресторанның дәлізіне шыға бере:

– Нағашы, мен сізді жұрт көзінше ұялтпайын дедім. Тойыңыздың шырқы бұзылмасын десеңіз, беріңіз! – деп қатқыл бұйыра сөйледі. Керімкүлдың көзі шарасынан шыға жаздады.

– Нені, байғұс-ау?

– Нені, нені? Бриллиант тананы.

– Шырағым, шалықтап тұрсың ба? Бірләнт деген бәлені қашан беріп едің маған?

– Жаңа мен машинадан түскенде мені неге құшырланып құшақтады десем, омырауымдағы тананы алып қойған екенсің ғой. Бер, бере ғой енді, мен ешкімге айтпай-ақ қояйын.

Керімкүл не дерін білмей, тілі байланып мелшиді де қалды» [1, 243 б.].

Әңгімедегі кейіпкерлер сөзі арқылы юморды берген. Осы шағын ғана диалогпен ұлттық мінез-құлық пен бірге жаңа заман адамының кескін-кейпіндегі кейбір кесір сыпаттын ашып береді. Шығарманың композициясы ширақ, характер жасап, мінездеуде диалогтарды шебер қолданған.

Әңгіме оқиғасы күнде болмаса да, жиі куә болып жүрген жай. Өмірдің өзінен ойып алғандай шынайы, сенімді. Әрине, қызыққа, қуанышқа шашылған малда не арман бар. Бірақ, бәрі орнымен болса. Егер жағдайы көтермесе соншама ашылып-шашылудың не керегі бар?! Мақтан ба? Иә, мақтан үшін. Бес жүз адамға той жасап, абыройымды бір асырайын деп ойлаған Керімкүлдың тойы той сыйқы болмай, өзінің де, жиналған қонақтардың да берекесі қашып, жұрт

алдында әбден масқарасы шығып, абыройы айрандай төгіледі. Бұл қазақы дарақылдық. Осыны қаламгер уытты тілмен жеткізе білген.

Шерхан Мұртазаның «Бір нәзік сәуле», «41-жылғы келіншек», «Жүз жылдық жара», «Интернат наны», «Шекшек шырылдайды», «Сол бір күз», «Жанбырлы той», «Шақалақ», «Сусамыр», «Жүрекке әжім түспейді» әңгімелері қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар шығармалар. Аталмыш әңгімелердің бәріне тән ортақ ерекшелік – ұлттық мінездің ашылуы. Ұлттық мінез жасау үшін ұлттық психологияны жақсы білу керек екені түсінікті. Ш.Мұртаза ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана, өнер сынды этнографиялық ерекшеліктерді жақсы біледі және оларды әрдайым есте ұстайды.

Жамзушының «41-жылғы келіншек», «Шекшек шырылдайдысында» бір оқиға үстінде көрінген Хадиша – сол тұстағы жарынан жастай айрылған жесірлердің бейнесі. «Кебенек киген әйтеуір, бір келеді. Мақсұт үйден кебін киіп аттанған жоқ қой», – деген Хадиша сөзі – өмір бойы жарының жолына қараған мыңдаған жандардың сөзі. «Бір нәзік сәуледегі»: «О, сорлы қар, мені аруақ атсын деп жүрсін ғой. Аруақтарды қайда қоясын? Сенің әкен бар емес пе еді? Олардың аруағы түгін шықпаған үйден безбей ме екен? Күйзелмей ме екен? О дүниеге барғанда, мен оларға не бетімді айтам» деп, шаңырақ пен отты, аруақты сыйлаған Хадиша – тек қазақ анасының болмыс-бітімін бейнелейді. Хадиша - типтік бейне. Бұндай әйел-аналар қазақта көп болған.

Жазушының «Ай мен Айшасында» қазақ әйелінің мейірімділігі айрықша көрінеді.

Айша есіктің алдындағы ербиіп тұрған мені көтеріп алып, бауырына қысып, аспандағы топ-толық Айға қарап:

– О, жаратқан, басқа-басқа, мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді [2, 14 б.].

Айша келіп, тізерлеп отыра қалып, бет-аузыма жабысқан қарды қолымен тазалап, бетін бетіме басып, тұлай бойы дір-дір етіп солқылдады. Аузыма сүк саусағын салып, таңдайымды езгіледі. Қорқыныштан күтқарғаны [2, 16 б.].

Айша менің қанымды тыя алмай, басындағы көне орамалдың шетін дар еткізіп жыртып, сонымен алақанымды орады. Еті ырсиып, жалбырап қалған екен. Тағы да дар еткізіп, бір жыртып, балтырымды байлады. Одан соң, мені жерден тулақтай жұлып алып, арқасына салып, сайды кешіп өтіп, Әбіш шалдың үйіне апарды.

Айша мені арқалап үйге қайтты. Есік алдында, қараңғыда үрпиісіп, Құрмаш пен Батырхан тұр екен [2, 84 б.].

Суық тиіп ауырғалы бері, басымды көтеріп, терезегет қарап отырғаным бүгін. Кеше Айша қызыл жантақ кайнатып, соның суын ішкізгелі бері, тәуір болғандығым. Бірақ төсектен тұрып кетер дәрмен жоқ. Тұрсам да бәрібір далаға шыға алмас едім.

Айша таңертең:

– Жалаң аяқ қалып ауырдың ғой, барсхан. Сенен аяғанды ит жесін.

Өтсе жалғыз тоқтыны сатып, сағана бәтенке қарастырайын, – деп базарға кеткен [2, 88 б.].

Енді біздің үстімізге Айша құлады. Үшеумізді қапсыра құшақтап, сүр шинельдің етегімен үстімізді қымтап:

– А-а, қаһарлы дауылда қалған байғұс балапандар, – деп, басымызды сипады. – Қанаттарын қатпады ғой. Соған жеткізсем, өлсем де өкінбес едім... [2, 102 б.].

Жүгіріп кетіп, жуа теріп келген мені Айша ұстап алып қалтасындағы орамалымен менің аузымды сүртеді. Жуаны жей берсең, екі езуің көк нілденіп қалады [2, 106 б.].

Көркем сөз шебері Шерхан Мұртазаның шығармаларында қазақ әйелінің сыртқы сыр-сымбаты мен ішкі рухани әлемінің сан қатпарлы, мол иірімді ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени белгілерін танытатын, айрықша лингвомәдени бірліктер жиі кездеседі. Жазушы Ш. Мұртаза шығармаларында кездесетін әйел бейнелерінен, нағыз қазақ халқының салт дәстүрін сақтаушысы екенін көруге болады.

Мәңгілік тақырыптардың бірінен саналатын әйел мәселесі жазушы шығармаларында терең қозғалған. Қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен еңбегімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен және сүйіспеншілігімен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына ақ сүті арқылы, бесік жыры мен туған тілі арқылы сіңіре білген әйел -аналар аз емес. Жазушы шығармаларында, міне, осындай әйел – аналар суреттелген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұртаза Ш. Соғыстың соңғы жесірі. Алматы: Атамұра, 2003. – 243 б.

2 Мұртаза Ш. 5-том. Алматы, 2002. – 564б.

## ШЕШЕНДІК ӨНЕР: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

ИРСАЙНОВА Б.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ сөз өнерінің басты бір саласы – шешендік өнер. Оны зерттеудің бағыттары да түрліше. Қазақ шешендік өнері хақында іргелі зерттеулер көп. Ал «бизнес-риторика» деген қолданыс тек кейінгі кезеңнің көрінісі. Бұл туралы зерттеулер қазақ тіл білімінде жоқ деп айтуымызға болады. Бұл тақырыпты зерттеу қоғамды кең жайлаған нарық заманында маңызды. Себебі аталмыш тақырыпты зерттеу қажеттігі бүгінгі қоғамымыздың сұранысынан туып отыр деп айтуға толық негіз бар. Бизнес жүргізудегі шешендіктің маңызын көрсетуді мақсат тұтқан тұңғыш зерттеу десек болады. Соңғы уақытта ораторлық шеберлік беретін кеңестердің қызметі тренинг орталықтары, балаларды ораторлыққа, сөз шеберлігіне үйрету қажеттілігіне байланысты үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұл шешендікке баулудың қазіргі таңдағы өзектілігін көрсетеді. Аталмыш мәселені сөз етпестен бұрын шешендік өнер дегеніміз не? Оның қалыптасуы мен дамуына, бір сөзбен айтқанда, тарихына тоқталсақ дейміз.

Қазақ әдебиеттануында жекелеген шешендердің әдеби мұралары бұған дейін белгілі дәрежеде зерттелгені белгілі. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов қазақ шешендік өнерінің жалпы мәселелерін көтеріп, ғылыми құндылығы жоғары теориялық тұжырымдар жасады. Қазақ шешендік сөздерін жинап, ел игілігіне ұсынуда С. Сейфуллин, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Б. Адамбаев, Н. Төреқұлов, Ж. Дәдебаев секілді әдебиетшілер едәуір еңбек еткенін зерттеулері арқылы білеміз.

Ә. Маметованың, Б. Адамбаевтың, Ж. Адамбаевтың, С. Негимовтің, т.б. ғалымдардың еңбектерінде қазақ шешендік өнерінің көрнекті әрі ірі өкілдерінің шығармашылығы, шешендік сөздері арнайы зерттелді. Осы зерттеу еңбектеіне сүйене отырып, шешендік өнердің қалыптасуын Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай, Үндістан елдерімен байланыстырамыз. Аталмыш өнердің көне тарихы Грекиядан бастау алады.

Көне дәуірде шешендік өнерінің көркейіп гүлденуінің екі кезеңі болған. Біріншісі, б.з.д. 5-4 ғасырлар, Афина елінде сөзі күннің күркірі мен жалт еткен найзағайындай Периклден бастап, даңқты шешен Демосфенге дейінгі уақыт, ал Рим де б.з.д. бірінші ғасыр немесе Цицерон заманы. Шешендік өнер теориясының дамуына дәуірлеу

дәуірінің кемеңгерлері Кампанелла мен Томас Мор, Петрарка мен Данте, Рабле мен Шекспир, Сервантес пен Лопе де Вега өнерпаздығы зор әсер етті. 19 ғ. мен 20 ғ. басында Америка мен Европадан П. Лафарг, В. Либкнехт, Ж. Жорес, Ж. Гед, Г. Эккариус, Э. Джонс, В. Вольф, У. Филиппс, А. Бебель сияқты жалынды шешендер жарқырап шықты [1, 7 б.].

Риторика ғылымы Кембридж, Оксфорд университеттерінде, Америкада 17 ғасырдың 1-ші жартысында Гарвард университетінің оқу жоспарларында болған. Бұл өнер саласы содан бүгінге дейін жоғары және арнаулы оқу орындарында оқытылып келеді. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлайтын оқу орындарында элективтік курс ретінде оқу жоспарына енген.

Шешендіктің ғылым саласы ретінде қалыптасуына үлес қосқан шешендердің ұлы шоғырына Горгий Леонтинский, Фрасимах Холкедонский, Протагор Абдерский, Продик Кеосский, Гипий Элидский, Юлий Цезарь, Демосфен, Цицерон тәрізді санаткерлерді қосуға болады [1, 8 б.].

17 ғасыр басында Ресейде шешендік өнердің теориясы қалыптасып өркендей бастаған. Оған дәлел ретінде Макарияның «Риторика» оқулығын және М. И. Усачевтың 1699 жылы жарияланған «Риторика» оқулығын айтуымызға болады. Орыс тілінде риторика жазған әйгілі ғалым Михаил Васильевич Ломоносов екендігін зерттеушілеріміздің барлығы да айтып өткен. Оның «Шешендікке қысқаша басшылық» атты оқулығы 1748 жылы басылған. Сондай-ақ ол «Шешендік дегеніміз ғылым» атты еңбегінде шешендіктің рухани қабілетпен, ғылыммен, авторларға еліктеумен, шығармашылыққа бейімделумен, басқа ғылымдарды меңгерумен және айқын, күшті дауыс, мықты рух, кең кеуде тәрізді табиғи ерекшеліктермен біртұтас екендігін атап көрсетеді.

Бұдан соң Харьков университетінің ректоры, ҒА-ның мүшесі, орыс тілі мен риторика бойынша профессор Иван Степанович Рижскийдің «Риторика тәжірибелері» еңбегі (1795, 1805, 1822) жарыққа шықты [1, 15 б.].

А.С.Пушкиннің ұстазы Александр Иванович Галичтің «Прозалық туындылардың барлық тектеріне бағышталған шешендіктің теориясы», философия докторы Николай Федорович Кошанскийдің 1832 шыққан «Жеке риторикасы» мен 1854 жарық көрген «Жалпы риторикасы» және Михаил Михайлович Сперанскийдің 1844 жарияланған «Жоғарғы шешендіктің теориясы» дейтін еңбектері шешендіктің қалыптасуы тарихындағы маңызды зерттеулер.

А. Ф. Кони «Сот және саясат тақырыптарындағы шешендік» деген еңбегінде: «Шешендік дегеніміз тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты кітаптардың тағылым-тәрбиесі, өз дүниетанымының нәтижесі», – деп жазған екен [1, 15 б.].

П. С. Порохошиковтың «Сот шешенінің өнері» атты еңбегінде сөйлеудің айқындылығы һәм тазалығы, сөз байлығы мен пәнді білу, қарапайымдылығы мен қуаттылығы, әуезділігі мен ырғақтылығы, шешеннің рухани еркіндігі, жазба жұмыс пен импровизацияның қарым-қатысы, тыңдаушының ынта-ықыласы, түсініксіз ойлар мен шұбалаңқы сөйлемдер жайында іргелі, күрделі пікірлер айтылады [1, 16 б.].

Жалпы шешендік өнер туралы философ–шешен әл-Фараби «Риторика» атты еңбек жазып, онда шешеннің сөйлеу шеберлігіне тоқталған. Шешеннің сөйлеу шеберлігі жөніндегі тұжырымдары Аристотельдің пікірімен сәйкес келеді. Аристотель айтқан шешендік қасиеттерді: анықтылық, шыншылдық, дәлелдің молдығы, көз жеткізушілік, білімділік, сендіру қабілеттерімен қоса, жұртты өзіне баурап алар қимыл, бет–жүз құбылыстары, дауыс сазы мен сөйлеу мәнерін талдап түсіндіреді.

Қайырымды қала туралы ұғым–түсініктерінде әл-Фараби қайырымды қала бес түрлі адамдардан құралады деп, ең құрметті адамдарға даналарды, пайымдағыштарды, маңызды істе беделді адамдарды, солардан кейін шешендер мен діни қызметкерлерді, сөзге шебер ақындарды жатқызады. Кейін XI ғасырда ғұлама ойшыл Ж. Баласағұн ақыл-ой парасаттылығына негізделген сөз өнері жайлы құнды–құнды пікірлер қалдырған. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде сөз әдебімен қоса, тыңдау мәдениеті жайлы, тілдің қадір–қасиеті мен әсер етер күші туралы өнегелі сөздер бар. Осында тілдің пайда, зиян келтірудегі қызметі, бақыттың жақсылыққа бастар әрекеті мен қажеттілігі мен ерекшеліктері, адамдармен қарым–қатынас жасай білу қабілеті, үйлену мен бала тәрбиесі т.б. көптеген мәселелер көтеріледі. Осылардың бәріне де сөйлеу өнері басты шарт болып табылады [2].

Қазақ шешендік өнердің тарихы тым әріге кетсе де, оны теориялық тұрғыдан толық зерттеу А. Байтұрсынұлымен байланыстырады. Ш. Уалиханов, С. Сейфуллин, М. Әуезовтер шешендік сөздерді жинастырып, билер сөзінің тәрбиелік мәнін, философиялық сипатын, билердің қоғамдағы орнын түсіндіріп берді. Кейін Ә. Мәметова,

Б. Адамбаев билер шешендігін арнайы тақырып етіп алып, кандидаттық диссертациялар қорғады. Бұл еңбектерде шешендік өнер бір ғана кезең, яғни 17-19 ғасырлар арасын қамтиды да, осы кезеңде өмір сүрген билердің шешендік сөздері тарихи-әлеуметтік мәні, тақырыптық мазмұны жағынан талданады.

Шешендік өнерді зерттеп, оқулық жазған Г. З. Апресян қазіргі шешендікті мазмұнына қарай былайша бөледі: 1) әлеуметтік–саяси мәндегі шешендік; 2) академиялық шешендік; 3) сотта айтылатын шешендік; 4) әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік; 5) діни қызметте қолданылатын шешендік [3, 36 б.].

Орыс шешендік өнерінің белгілі зерттеушісі Г. З. Апресянның осы пікірін бұдан 40 жылдай бұрын қазақтың ғұлама ғалымы А. Байтұрсынұлы айтқан еді деген пікірлер бар.

А. Байтұрсынұлы: «Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: 1. Бастамасы. 2. Ұсынбасы. 3. Мазмұндамасы. 4. Қыздырмасы. 5. Қорытпасы», – дейді [3, 33]. Ұлы ғалым әр бөліктің айтылу мақсатына қарай қажетті атауларды тандап қоя білген.

Ұлттық шешендіктанудың ғылыми негіздерін жасап, методологиялық арналарын белгілеп берген А. Байтұрсынұлын қазақ шешендік сөздерінің алғашқы теоретигі деуге әбден болады. А. Байтұрсынұлы шешендік сөздерді шешендіктің тақырыбы мен мазмұнына, айтылу орнына қарай бес түрге бөледі: 1) Саясат шешен сөзі; 2) Билік шешен сөзі; 3) Қошемет шешен сөзі; 4) Білімір шешен сөзі; 5) Уағыз [4, 101 б.].

А. Байтұрсынұлының шешендік сөздердің түрлеріне берген атаулары қазақ шешендік сөздерінің табиғатына үйлестіріле, қазақ ұғымына лайықталып, көркем түрде берілген. Ғалым топтаған шешендік сөздердің түрлеріне бұрынғы шешендік сөздерді де, қазіргі шешендік сөздерді де енгізе беруге болады. Саясат шешен сөзіне автор көсем сөз деп аталатын байымдаудың келесі бір түрін де жатқызады. Ғалымның айтуынша, көсем сөз- айтылу мақсаты, негізгі белгілері жағынан шешен сөз сияқты, ол да әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. «Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да, көсем сөз деп аталады», – дейді [4, 102 б.]. Автор шешен сөз ауызша айтылады да, көсем сөз жазбаша айтылады деп қарайды, айырмашылығы – осында. Шешендіктің ауызша және жазбаша формалары бар десек, Байтұрсынұлы айтқан көсем сөзді де шешен сөздің қатарына жатқызуға болады.

А. Байтұрсынұлы сөз етпеген бірде-бір көркемдегіш тәсіл қалмаған. Шешен сөйлеудің амалдары мен тәсілдерін терең ұғынып,



олардың атауларын қазақ тілінің өзінде бар сөздерден қалыптастырған. Ғалым өзінің сөз қолданыстарында осы аталған амал–тәсілдерді шебер пайдаланған шешен де.

Шешендік өнерді әдеби тұрғыда қарастырып, шешендік сөздерді жинақ етіп құрастырған – Б. Адамбаев. Шешендік сөздердің жан-жақты қамтылып, жүйелі зерттелуі Б. Адамбаев есімімен тығыз байланысты. Оның «Алтын сандық» деп аталатын еңбегінде дәстүрлі шешендік деп айтыс–дауларда туып, дамитын шешендік дауларды, адам арасында қарым–қатынасқа негізделген шешендік арнауы, халықтың философиялық көзқарасын көрсететін шешендік толғауларды атайды да, бұларды халық ауыз әдебиетінің түрі ретінде қарастырады [5].

Осы пікірін одан әрі 1967 жылы жарыққа шыққан «Шешендік сөздер» деп аталатын кітабында жалғастырып, шешендік сөздердің ақындық айтыс секілді қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, көркемдік қасиеттерін көрсететін жанр екендігіне тоқталады. Ал, 1976 жылы шыққан «Халық даналығы» еңбегінде билердің шешендік сөздерін шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау, сөздер деген тарауларға бөліп, билер айтқан даналық сөздерді топтап, жинақтап береді [6]. 2009 жылы, мерейтойы қарсаңында «Асыл қазына» деген атпен жинақ болып басылып шықты.

Түйіндеп айтқанда, Б. Адамбаевты шешендік сөздердің, ұлттық шешендік өнерінің жеке, дара сала ретінде қалыптасуына аса мол еңбек сіңірген көрнекті ғалым деп айтамыз.

Қазақ шешендіктану ғылымында шешендік өнер мен шешендік сөздің ұғымдық айырмасын ашып, анықтама берген ғалым – Р. Сыздық. 1987 жылы жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі» деп аталатын кітапта шешендік өнердің сөзге шебер екендігін ұғындырып, оның шешендік деген атаумен атауды ұсынды.

Р. Сыздық қазіргі шешендік сөздерге қойылатын шарттарды санамалап көрсетіп берді: әлеуметтік мәні бар тақырыпқа құрылуы, әңгіме өзегінің дәлелі болуы; тыңдаушыларға әсер ететін эстетикалық қасиеті болуы; тыңдаушыларын белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдыратын сөз болуы; айқындылығы мен түсініктілігі [7]. Р. Сыздықтың қазақ шешендіктану ғылымына қосқан үлесін шешендік сөздің тілдік–көркемдік белгілерін, кейбір лексика–граматикалық белгілерін айқындаған талдауларынан аңғарамыз. «Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі» деген кітапта Р. Сыздық алғаш рет шешендік сөздің көркем әдебиеттегі көрнісіне, публицистика тіліне қатысына тоқталды. Ғалым шешен нені білу керек, шешен дегеніміз кім, шешенге қойылатын талаптар қайсысы деген сұрақтарды мәселе етіп көтерді.

1997 жылы С.Негимовтың «Шешендік өнер» деген кітабының жариялануы қазақ шешендіктану ғылымында ерекше бір құбылыс болды. Мұнда жалпы шешендік өнердің тарихына шолу жасап, көне грек, римдік шешендердің өмірі мен қызметінен хабар береді. С. Негимов әл-Фарабиден бастап, Ш. Уәлихановтың, Құрбанғали Халидтың, «Дала уалаяты» газетінің, Ш. Құдайбердіұлының, С. Сейфуллиннің билер жайында айтқан пікірлерін сараптап береді.

Еңбекте ауызша сөйлеу табиғаты, сөйлеп жаттығу әдістері, сөзді айту және дыбыстау мүшелерінің қызметі, шешеннің сыртқы түр мәдениеті, тақырып таңдау, материал жинау, конспект, өзіңді шығармашылыққа тәрбиелеудің негізгі шарттары деген мәселелер жеке-жеке тақырып етіп алынып, талданған.

Кейінгі кезеңдегі зерттеулер қатарында ф.ғ.д. профессор Г. Қосымованың «Шешендік өнердің негіздері» атты зерттеуін айтуымызға болады. Ғылым докторы дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық зерттеу кейіннен монография және оқу құралы ретінде жарық көрді. Бұл еңбекте шешендік өнердің қалыптасуы мен дамуы, түрлері нақты көрсетілген. Автор қазақ шешендік өнерінің тарихы мен тілдік танымын, шешендіктану ғылымының қағидаларын, сондай-ақ шешендік сөз тағылымын жан-жақты талдаған [3].

Ж. Молдабековтің «Шешендік» атты оқу құралын да айта кетуімізге болады. Аталмыш оқу құралында шешендік сөз өнерінің, өзін танытудың өрнегі, тарихи-идеялық негіздері, оның шығыстық, батыстық, өлкелік, ұлттық түрлері қарастырылады. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі шешендік өнерге арнайы танымдық-философиялық және қолданбалы тұрғыдан талдау жасалынған [8]. Сонымен қоса, шешендік өнердегі тіл, діл, дін арақатынасы, қазақ шешендігіндегі идеялық айтыс-тартыстар, тұлғалық ой жарысы, тілдесудің қисыны, сұхбаттасу және үн қату мәселелері де талдауға түскен.

Шешендікті бірде шешендік сөзбен, бірде шешендік өнермен, бірде шешен сөйлеумен теңестіреді. Мұндай көзқарас негізсіз емес. Пәрменді сөз, шабыттана сөйлеу – шешендіктің нәрін ағытады.

Белгілі айтыскер ақын А. Леубаеваның 2006 жылы «Қазақ шешендік өнерінің көркемдік-тағылымдық мәні» тақырыбында қорғалған диссертациялық зерттеуінде қазақ шешендік өнерінің көркемдік-тағылымдық мәні алғаш рет әдебиеттану мәселесі ретінде қарастырылады [9]. Белгілі өнертанушы, халық әртісі Т. Қ. Жаманқұловтың «Ұлттық театрды дамытудағы шешендік өнердің орны» атты кандидаттық диссертациясының мазмұны да шешендік өнермен байланысып, ұштасқан [10].

Зерттеулерге көз жүгірте келе, шешендіктің өнер ретінде бірнеше ғылыми зерттеулерге арқау болғанын білдік. Біз өз кезегінде шешендікті бизнес жүргізудегі негізгі қажеттілік ретінде қарастырмақпыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. - 208 б.
- 2 Баласағұн Ж. Құтты білік (Ауд. А.Егеубаев) Пекин: Ұлттар. 1989
- 3 Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. – Алматы: Баянжүрек, 2007. - 296 б.
- 4 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
- 5 Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы: Мектеп, 1989. – 196 б.
- 6 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 160 б.
- 7 Сыздық Р. Шешендік сөз // Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. – Алматы, 1987. – Б. 26-112
- 8 Молдабеков Ж. Шешендік: Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2009. – 432 б.
- 9 Леубаева А. Қазақ шешендік өнерінің көркемдік-тағылымдық мәні: филология ғыл. канд.... дис. Автореф. – Алматы, 2006.
- 10 Жаманқұлов Т. Ұлттық театрды дамытудағы шешендік өнердің орны: өнертану ғыл. канд.... дис. автореф. – Алматы, 2007.

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

ИСАБЕКОВА Ж. К.  
бастауыш сынып мұғалімі, Қарақұдық ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Сұрақ-жауапқа жаттықтыру жұмысы оқушыларға алғаш мәлімет беру кезінде, тіл ұстарту мақсатында жүргізіледі. Онда оқушыларға белгілі мақсатқа байланысты сұрақтарға жауап беруі талап етіледі. Сұрақтар әр сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, оларға берілетін білімнің ауыр-жеңіліне байланысты беріледі. Тегінде, сұрақ қоя білу, қойылған сұрақтарға орынды, дәйекті жауап қайтару дағдылары оқушыларға нақтылы көмек берудің нәтижесінде қалыптасады. Оны ауызекі жұмыстан гөрі жазбаша жаттығулардың үстінде жүзеге асыру мүмкіндігі мол. Өйткені, оқушы жіберген кемшілікті (сөз таңдау, сөйлем құрау, ой нақтылығы т.б.) жазып, сызып көрсетуге, дұрыс жазудың үлгілерін беруге болады. Дегенмен,

жазу жұмыстарының сапалы орындалуы оған дейінгі сұрақ-жауапқа жаттығу кезінде оқушылардың алған білім, дағдыларына байланысты. Сұрақты белгілі мақсатқа лайықты құрастыру, оны оқушының дұрыс түсініп, орынды жауап қайтаруы – жұмыстың сәтті орындалуының басты шарттары болып есептеледі.

Өзіміздің көп жылдық педагогтық іс тәжірибемізге сүйене отырып түйгеніміз оқушылардың қалың көпшілігі сыныптық және сыныптан тыс қабылданған материалдарды жинақтап, логикалық жүйеде байланысқа түсіріп, жазбаша баяндап беруге қабілетсіз келеді. Оның басты себебі бұл мәселе қазақ тілін оқыту әдістеме ғылымында күні бүгінге дейін зерттеу нысаны болмағандықтан мұғалімдер әр түрлі білім көздерінен жинақтап біріктіру арқылы бала тілін жазбаша дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері кең көлемде белгіленбей келді. Сондықтан оқушыларды мұндай жұмыс түріне жаттықтыру ісі талап деңгейінде көріне алмай жүр.

Жоғарыдағы аталғандарға сәйкес, оқушыларды әр түрлі білім көзінен жинақталған материалдарды біріктіру нәтижесінде тұтас байланысқа түскен мәтін түзу дағдыларын қалыптастыру, яғни олардың контекстік тілін дамыту жолдарын анықтауды сұрақ-жауап, яғни әңгіме әдісі арқылы жүргізу тиімді.

Біз біріктірілетін материалдарға әдебиет оқулығындағы әңгімелерді, сурет-иллюстрацияларды, табиғат құбылыстары мен өмір шындығын бақылаудан алынған мәліметтерді, жүргізілген тәжірибелердің нәтижелері мен оқушының жеке басының пікірін пайдаландық. Ең негізгі білім көзіне оқылатын мәтін алынады да, ал қалғандары оған қосымша қызмет атқарады.

Оқулықтағы мәтін мен басқа білім көзінен жинақталған (бақылау, сурет, тәжірибе т.б.) материалдарды бір мезгілде талдау үдерісі тек тақырыптық байланысын белгілейді сөйлемдер арасындағы мағыналық дәнекерлікті анықтайды, мұның өзі баланың контексті тілін дамытуда маңызды роль атқарады. Сөйлемдер арасындағы бұл қатынастар әр түрлі білім көздерінен алынған материалдардың логикалық негізде жүйеге түсуді қамтамасыз етеді, оқушыларды байланыстырып сөйлеуге дағдыландырады.

Оқылатын мәтін мен сыныптан тыс табиғат құбылыстарына жүргізілген бақылаудың немесе мектепте жүргізілген тәжірибенің барысында жинақталған материалдарды біріктіріп, тұтас әңгіме құру дағдыларын қалыптастыру жайындағы жұмыстарға мысал келтірейік.

Егер сабақта күнделікті тұтынылатын зат не құбылыс жайында жазылған әңгіме оқытылса, мұғалім сабақты түсіндіруде оқушылардың

жеке басының тәжірибесіне сүйенеді (жаңа мәтінді оқығанға дейінгі игерген), ал егер шала таныс немесе мүлде таныс емес нәрселер жайында баяндалған мәтін талданатын болса, онда оқушыларды онымен тереңірек таныстыру мақсатында белгілі бір зат не құбылысқа бақылау ұйымдастырады не тәжірибе (басқа да білім көздерін пайдалануы мүмкін) өткізіледі.

Әңгіме мәтінін оқудан бұрын оқушыларға сол зат не құбылысқа бақылау жүргізу тапсырылады. Бақылау нәтижелі болу үшін, нені, қашан, қалай бақылау керектігі, оқылатын мазмұнда сөз болатын нәрселер жайында қосымша мағұлмат алатындай етіп егжей-тегжейлі нұсқау, сұрақтар беріледі. Олай дейтініміз, оқушының оқу материалын ұғынуды тікелей сезу үдерісіне сүйеніп, іске асады. Ал тікелей сезу үдерісінде түйсіну, қабылдау, елестеу жатады.

Қабылдаудың ерекше түрі – бақылау. Бақылау үдерісі белсенді жүргізілуі шарт. Бақылаудың белсенділігі дегеніміз – жұмысты жүргізерде оқушыларды қандай нәрселерге мән беруді ескерте отырып сұрақтар арқылы жетелеу. Демек бақылау дегеніміз белгілі бір нысанды мақсатсыз қарау немесе бір нәрсені тыңдау сияқты пассив үдеріс емес, керісінше ойдың қатысымен белсенді түрде іске асатын үдеріс.

Енді жұмыс барысын мысалдар арқылы көрсетейік.

1 «Керемет көктем» әңгімесін оқу (оқушылардың табиғат құбылыстарына жасаған бақылау нәтижесінде жинақталған материалды пайдалану).

2 «Ұя сыры» әңгімесін оқу (мектепте жүргізілген тәжірибе нәтижелерін пайдалану). Оқулықтағы. «Керемет көктем» әңгімесін өту алдында оқушыларға табиғат құбылыстарына бақылау жүргізуді тапсырады.

Мұғалім бақылау нәтижелі болу үшін нақтылы жоспар – сұрақ ұсынады:

1 Қардың еруі (танертен, түсте, кешке). Қар неліктен ериді? Еріген қар неге айналады? Су қайда, қалай ағады?

2 Көктемнің хабаршыларын қалай білесің (жердің көктеуі, ағаштардың бүршік жаруы, жидектердің гүлдеуі, жапырақ жаюы, құстардың келуі, алғашқы келген құстар, олардың іс әрекеттері, жан-жануарлардың түрленуі).

3 Адамдардың көктемгі іс әрекеттері қандай? (Жер жырту, егін салу, бау-бақшаларын күтіп баптау, т.б.)

Ендігі жерде қандай құбылыстарға зейін аудару қажеттігіне бағыт беріліп «Керемет көктем» әңгімесін мәтінімен оқушылардың табиғатты бақылау нәтижесінде жинақталған материалды қоса талдау жасау

арқылы бұл бір-біріне ұқсас материалдар бір мазмұнға біріктірілді. Мысалы:

«Керемет көктем» мәтінін екі мағыналы бөлікке бөлінген талдау кезінде бақылау нәтижесінде жинақталған материалдарда осы екі бөлік бойынша сұрақ-жауап мынадай жүйеде жүргізіледі.

Міне, осылайша, оқушылар мәтіннің әр бөлігіне өздерінің бақылау нәтижесінде жинақтаған мәліметтерді бейнелейтін бүтін тілдік компоненттерді (өзара байланысқан сөйлемдер тобы) біртіндеп біріктіреді. Әр түрлі білім көзінен жинақталған материалдарды мұқият талдай отырып әр бөлікке кіріктірген соң, оқушылар кеңейтілген әңгіме мазмұнын байланыстыра отырып, ауызша баяндау мүмкіншілігіне ие болады. Мәтіннің әр бөлігі талданған соң, әңгімені қайта оқымай, бүтін логикалық байланысқа түскен материалды байланыстыра жазып шығу тапсырылады.

Жазу жұмысының мұндай түрі оқушыны дәл, нақты жауап беруге дағдыландырып, сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге жаттықтырады, тіл стильдерінің тілдік құралдарын ерекшеліктерін біліп, қолдана білуге төселдіреді.

Тұжырымдағанда, жазу жұмысының сұрақ-жауап түрі оқушыны дәл, нақты жауап беруге дағдыландырып, сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге жаттықтырады, мәтін құрастырудағы тілдік құралдардың ерекшелігін ажыратып, қолдана білуге жаттығады. Ал әр түрлі білім көздерінен жинақталған материалдарды біріктіріп, тұтас мәтін құру оқушылардың сөздік қорын молайтып, байланыстырып жазу дағдыларын қалыптастырады, ойлау үдерісінің дамуына ықпалын тигізеді.

Мәтін құрастыру жұмысының ең қарапайым түрі – мазмұндама. Өйткені онда оқушылар даяр мәтін бойынша жұмыс жүргізеді. Әдістемелік әдебиеттерде мұның мынадай түрлері көрсетіледі: а) мәтінге жуық немесе толық мазмұндау; ә) Қысқаша мазмұндау; б) мәтіннен цитата немесе эпиграф келтіре отырып мазмұндау; в) берілген мәтінге өз ой қорытындысын қоса мазмұндау. Бұларға қоса стильдік мақсатта, әр түрлі жазба әдеби тіл стильдері бойынша мазмұндама жүргізуге де болады. Сондықтан Р. Ә. Шаханова сөйлеу жаттығуларының негізі қатысымдық бағыттағы жаттығулар болу қажеттігін айтады [1, 33].

Мектеп тәжірибелерінде мазмұндама үшін көлемі шағын мәтіндер беріліп, оны мұғалім 2-3 рет қайыра оқып беру арқылы жаздырады. Сондықтан оқушылардың жұмыстарында мәтінді сөзбе-сөз қайталап, дайын фразаларды «көшіріп» бере салушылық жиі ұшырайды.

Бірсыпыра оқушылар мәтіндегі ұмытып қалған кейбір сөйлемдерді екінші сөйлемнен дұрыс, жалғастыра алмай, оларды байланыссыз тіркей салады.

Олай болмау үшін мазмұндама жүргізуден бұрын: мәтінді түсініп оқу, қабылдау, мәтінді негізгі бөлімдерге бөліп, оған тақырыптар беру, жоспарын жасату, тілін талдау, мәнерлеп оқыту тәрізді жұмыстарды орындатқан жағдайда оқушылардың жазу жұмысы мәтінде барды қайталау болмай, нағыз шығармашылық жұмысқа айналады. Бұл тұрғыдан мазмұндама жүргізудегі мәтінді оқып түсіну мен қабылдау арқылы есте қалғанын қайта жаңғырту амалдарын қарастырамыз. Мазмұндау оқыту үдерісінде ерте басталады. Жазбаша мазмұндаманың түпкі мақсаты мәтінді өз сөзімен түсінігінше әңгімелеу. Бұл тұрғыдан мәтін жазбаша сөйлеуге үйретуде ерекше қызмет атқарады. Сондықтан ең алдымен оқушы мәтін мазмұнын түсініп игеру керек. Ол үшін оқушы мәтіндегі лексикалық құрамын игерген сол сөздердің мәтіндегі бір-біріне байланысына мән беріп, грамматикалық көрсеткіштердің қызметін ескеріп, әр сөйлемнің мәнін түсіну арқылы мәтін мазмұнын игереді. Соңынан жадына сақтап, талап деңгейінде мазмұндайды.

Тұжырымдай келгенде, оқушылар оқыған материалдардың мазмұнын дұрыс қабылдап ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар оқылатын материалдардың сипатынан, оқушылардың жас ерекшелігіне, дайындықтарына, білім мен дағдылану дәрежесіне байланысты іріктеледі.

Мектепте оқушыларды шығарма жұмыстарына төселдіру көптеген жаттығу жұмыстарын жүргізуді, бәрінен бұрын жазба жұмысының өзіне тән ерекшелігін жете меңгеруді талап етеді. Өйткені оқушылардың жазба жұмыстары олардың шығармашылық еңбегі болып табылады. Шығармашылық жұмыс оқушылардан біріншіден берілген тақырыпты ашу үшін қажетті материалдарды жинақтап, таңдап ала білуді, екіншіден жиналған материалды тақырыптық ерекшелігіне сай дұрыс және жүйелі түрде орналастыруды, үшіншіден материалды әдеби тілде бере білуді талап етеді.

Оқушыларда бұл аталған дағдыларды қалыптастыру мақсатында дайындық жұмыстарын дұрыс жүргізуі тиіс. Демек оқушылар оқыту үдерісінде:

1) ұсынылған алғашқы кезеңдерде өздеріне етене таныс, оқушылардың қызығушылығын тудыруы;

2) берілген тақырып бойынша қамтылатын мәселелер анық, дәл көрсетілуі;

3) ұсынылған тақырыптың негізгі идеясын ашудың нақтылы жолдары көрсетілуі;

4) оқушылар көркем әдебиеттен алған мәліметтерді басқа да білім көздерінен (газет, журнал т.б.) алынған материалдармен толықтыру икемділігіне қалыптастырылуы;

5) оқушылар берілген тақырыпқа сай материал жинақтау мақсатында табиғат құбылыстарына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне т.б. бақылау жүргізуді игеруі;

6) берілген тақырыпта талапқа сай шығарма жазу үшін басқа да пәндерден алған материалдар мен мәліметтерін пайдалана білуге жаттықтырылуы тиіс. Ең соңында, оқушылардың алғашқы жұмыстарындағы байқалған қателіктер мен жетістіктер үнемі есепке алынып, кемшіліктерді түзету жолдарын үнемі көрсетіліп отырса, сонда ғана жұмыстан дұрыс нәтиже шығатыны сөзсіз.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫ

КАЙСАРИНОВА Р. С.

филология магистрі, аға оқытушы, ИнЕУ, Павлодар қ.

Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілі пәнін оқыту мақсаты – қарапайым және негізгі деңгей бойынша қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай студентті тілдік білім негізінде түсінікті сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету болып табылады.

Сол себепті өз сабақтарымда I курс студенттерінің қазақ тілін түсініп, өз ойларын қазақша жеткізуілерін талап етемін. I курс студенттерін қызықтыру үшін сабақта түрлі тәсілдерді қолданамын. Бірер жылдан бері қызығушылықпен айналысып жүрген тақырыптардың бірі – қазақ тіліндегі фразеологизмдер.

Әрбір ұлттың не болмаса халықтың өзіне тән болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары, ұлттық ерекшелігі – сол халықтың тарихи даму жолының бет-пердесі, бүгінгінің кескін-келбеті болып табылатыны баршамызға мәлім. Адамзаттың ой-санасы толып, таным-түсінігі артқан сайын өзіне дейінгі бабалар жасаған материалдық және рухани мұралардың тереңіне бойлап зерттеп, оны игеруге деген қажеттілік күн өткен сайын арта түсетіні, әрине, анық мәселе. Бүгінгі ғылыми түсінік ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ел-жұрттың білім өресі мен сауатын да, ойдың орамдылығы мен тілдің құнарлылығын

да, материалдық және рухани қажеттіліктердің деңгей-дәрежесін де, ең әрісі талғамның татымына дейін мәдениеттің аясына сыйғызады.

«Мәдениет» ұғымына берілген түсініктемелердің сан алуандығы «Тіл – Мәдениет - Адам (тұлға)» ұштағаны негізінде пайда болған, тіл және мәдениет, тіл және этнос, тіл және діл аралық қарым-қатынас пен өзара байланысты зерттейтін және сипаттайтын лингвомәдениеттану ғылымының мақсат-міндеттерін күрделендіре түседі.

Мәдениет ұғымына берілген алғашқы анықтамалар «мәдениет – барлық қоғамға тән гомогенді құбылыс» деген түсінікке негізделеді. Мәселен, «мәдениет – білім, дін, өнер, мораль, заң, салт-дәстүр және қоғам мүшесі ретінде адамның үйренген әдеттері мен дағдыларының кешенді тұтастығы» деп түсіндіретін Э. Тайлор зерттеулерінде жабайлықтан өркениетке қарайғы прогресс мәдениеттің даму деңгейінің көрсеткішіне алынып, қоғамдық айырмашылықтар мәдени өренің айырмашылықтары тұрғысынан сарапталады.

Мәдениеттің жалпыадамзаттық мәселелер мен ұлт тағбылымындағы мәнін В.Воробьев былайша көрсетеді: «Мәдениет – адам өмірін реттеуші қоғамдық құбылыстың ерекше түрі; ұлттық тұлғаға, әсіресе оның ішкі рухани өлеміне деген айрықша назар; тұлғаның материалдық және рухани шығармашылық саласындағы амал-тәсілдерінің жиынтығы; материалдық және рухани құндылықтарды бөлу мен пайдалану тәсілдері; адамзаттық прогреске ықпал ететін қоғамдық қарым-қатынастар саласындағы жетістіктер».

К. Герцтің «Мәдениет – тарихи жалғасым тауып, символға айналған мағыналар моделі, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан түсініктер жүйесі. Адамдар қарым-қатынасы сол жүйенің көмегімен жүзеге асады, соның негізінде адамның өмір жайлы білімі және өмірлік ұстанымдарды бекиді, дамиды» деген анықтамасы бізге жақын көрінгендіктен, осыны қабылдадық.

Мәдениеттегі тілдің рөлі туралы Э. Сепирдің: «Мәдениетті қордалау мен оның тарихи жалғасым табуында тіл аса маңызды рөл атқарады. Бұл мәдениеттің жоғары деңгейіне де, оның қарапайым формаларына да қатысты. Қоғамның мәдени қорының көп бөлігі тілдік формада сақталады», – деген пікірін де ұнатып, өзіміздің жұмысымызда басшылыққа алдық, өйткені, шынымен, мәдениет пен тіл өзара тығыз байланыста, сабақтастықта болып келетініне көзіміз жетті. «Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, сөйтсе де мәдениет аясында тіл оның астыңғы құрылымы, іргетасы, әмбебап құрал қызметінде көрініс береді» – дейді Р. Якобсон. Тілді мәдениеттің негізгі категориясы ретінде танып, қазақ лексикасындағы заттық мәдениет атауларының

ұлттық-мәдени сипатын сөз еткен Ж. Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше де, маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы көрнетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі», – дейді.

Тіл – мәдениет тарихының әр сатысын танытушы құрал. Ол туралы М. Маковский: «Адамзат тілі көне мәдениет пен адамдар тарихының баға жетпес қоймасы. Тіл халықтың салт-санасын, ойлау тәсілін барометр тәрізді дәлме-дәл бейнелейді; онда жекелеген адамзат ұжымдарының дүние-әлемді көруі мен тануының сан қилы, әртүрлі моделдері көрініс табады», – дейді.

Ұлт мәдениетінің сыр-қыры сол халықтың ана тілінде айшықталады. Этникалық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері тіл иесінің образды ойлауымен, дүние-ғаламды тануымен, салт-санасымен тығыз сабақтасып келіп, «тіл өлемінде» этномәдени сипат арқалаған мәтіндік тұрпатқа ие болады. Сондықтан да тіл-тілдің сөз қазынасында белгілі бір этномәдени қауымдастықтың дүние жайлы көзқарасы, мифтік санасы, ежелгі дүниетанымы бейнеленеді. Бұл жайлы З. К. Тарланов былай дейді: «Тіл тұрпат (форма) немесе қарым-қатынас жасаудың құралы ғана емес, тілдік заңдылықтары мен ережелері бола тұра, тіл иесінің әлеуметтік психологиясымен, тіл иесі жасаған мәдениеттің құрылымы және типтерімен тығыз байланысы бар дербес, біртұтас әлем. Этникалық мәдениетті этнос тілінен тыс қарастыру мүмкін емес, өйткені тек тіл ғана этносты толық және айқара аша алады. Екінші жағынан, этникалық мәдениеттен, этникалық дүниетанымнан және этностың танымдық әрекетінен қарым-қатынасын үзген тілдің мәні жоғалып, дамуы тежеледі. Мәдениет те өзінің символдық қасиетінен айырылған жағдайда ұлттық дара бітімін жоғалтады. Мәдени феномен, мәдениет элементі ретіндегі тілдің өмірлік жағдайларға байланысты изоляцияға ұшырауы мәдениеттің символдық қасиетінің біртіндеп көмескі тартуына әсер етпей қоймайды.

Демек, тіл, ойлау және мәдениет бір-бірімен тығыз сабақтастықтағы «тіл-ойлау-мәдениет» тұтастығын құрайды. Бұл тұтастықтың қоршаған әлемге қатысының нәтижесінде тіл иесінің дүние суреті – дүние бейнесі қалыптасады.

Тілдің фразеологиялық қоры – халықтың тілі мен мәдениеті туралы мәліметтердің ең бағалы қайнар көзі. Мұнда халықтық мифтер, дәстүрлер, салттар, әдет-ғұрыптар мен тәлім туралы түсініктер жинақталған.

Эталондар – заттардың, құбылыстардың, нысандардың сапалары мен қасиеттерін өлшейтін болмыс.

Стереотип – қоршаған ортаның нақты шындық көрінісі. Бізге белгілі кез келген тіркес астарында стереотиптік құбылыс бар. Мысалы: тарақ найзалы батыр; кең қолтық керей; астындағы атын алты ай іздеген Малтүгел; қыржанға өкпелеген қыржы; ұл туса қызай қуанар, гүл өссе қыз қуанар. Соңғы мысалды алатын болсақ, түздің қатерлі де қиын шаруаларын атқару ер адамның мойнына жүктелген іс екені қалып алған жағдай, ал жаугершілік заманда, үркінді кезеңде ер-азаматсыз отбасы өмір сүре алмас еді, сондықтан қазақ отбасында дүниеге ұл бала келсе, қуаныш еселенеді.

Символ – әр қырынан танылатын көпқырлылығымен танылатын мәдениеттің тұрақты элементі. Мысалы, бөлінгенді бөрі жейді; бір рулы ел.

Бейне когнитивтік модель қалыптастыратын таңба, кейіпкерлер мен нысандар: Айбике, Нұрбике, Айдабол, Ергенекті Уақ, Байыс, Қу дауысты Құттыбай, Түз еккен Малтүгел.

Жоғарыда көрсетілген когнитивті модельді ұйымдастыратын бірліктер мен таңбаларға (ассоциация, стереотип, символ, бейнелер) зер салсақ, олардың адамның ойлауы мен түсінуіне, қабылдауына, елестетуіне ықпалы ерекше екенін тануымызға болады. «Денотат – латынның белгілеу, білдіру сөзі, белгілі бір сөз білдіретін объектив дүниедегі зат не құбылыстар. Референт – латынның хабарлайтын сөзінен шыққан, белгілі бір тілдік элемент қатынаста болып ойдың элементтеріне тән, ойда бейнеленген объектив дүниедегі заттар мен құбылыстар» [1, 66 б.].

Сөздің лексикалық мағынасының құрылымдық элементтерінің енді бірі – сигнификаттық мағына. Сигнификаттық мағына деп – түйсік арқылы қабылданып, жалпыланған субъективті бейнені айтамыз [1, 86 б.]. Сигнификаттық мағына бір жағынан денотатпен, екінші жағынан танымдық бейнемен байланысып жатады.

Мағына таным теориясымен тығыз бірлікте қарастырылады. Ұлт танымының, оның ішінде жеке бір халық, қазақ халқының биік танымы мен талғамын танытатын мәдени құндылықтары болса, осы құндылықтарды жүзеге асыратын жеке-жеке ру, тайпа болып бірлесіп өмір сүрген адамдардың мәдени көрсеткіші – көркем де бейнелі тілі.

Аз сөзбен көп мағына таныта білген қазақ халқының ру-тайпа атауларының қойылуының өзінде үлкен мән жатыр. Мәселен, жоғарыда айтылған тілтанымдағы денотат, референт, сигнификат сынды ұғымдар негізінде Найман, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ, Арғын,

Керей руларының өзіндік аталуы мен белгілерін ажыратып көрсетіп, ұсынып отырмыз.

Мәдени семалар – сөздің мағыналық құрылымындағы мәдени ақпаратқа ие элемент, семантикалық бірлік. Мысалы, жылқы – «тақ тұяқты төрт түліктің түрі; өзі көлік, ал еті, сүті азық ретінде пайдаланатын жануар» десек, «еті», «сүті» деген семалар – мәдени ақпарат беретін семантикалық бірлік. Қазақ мәдени-тілдік қоғамдастығында 1) қан тіршілік, күш-қуат көзі деген символдық мәнді білдіреді. Мысалы, қан жоқ, сөл жоқ «күш-қуаты кеміген», бетіне қан жүгірді; 2) қан туыстық, бауырластықтың символы, мысалы, қаны бір, қандастармыз, қанына тартпағанның қары сынсын «түбі бір туыс»; 3) қан жастықтың, сұлулықтың символы. Мысалы, бетінен қаны тамған «жас, сұлу»; 4) қан қасиеттіліктің символы, мысалы, қаны жібермейді «қаннан құтылмайды» деген мағынада.

Мәдени ая – белгілі бір этностың әлеуметтік өмірі мен белгілі бір тарихи уақиғамен байланысты жайттарды білдіретін, тілдік таңбалардың жүйесі. Мысалы: а) қымызмұрындық, сіргежияр, сіргемөлдиретер; жар-жар, алтыбақан, шілдехана, үкітағар, тағаз беру т.б.; ә) Жеті жарғы, Қасымханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы; Қазақ қайың сауғанда, қырғыз Ғисар ауғанда; Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама; Он сан ноғай бұл күн буыршын мұзға тайған күн, Әрмембет өлген күн; Желтоқсан оқиғасы т.б. осындағы Қасымханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы; дегенге жаңадан Нұрсұлтанның нұрлы жолы деген оралымның енуі заманауилыққа тән екені, әрине, түсінікті, осыған орай, қазақ тіліміздің біздің заманымызда да әдемі дамып жатқанын қуана қарсы аламыз.

Тілдің мәдениетпен байланысуы қалай жүзеге асатыны туралы мәселе әрбір зерттеулерде әртүрлі беріледі: бірде ұлттық-мәдени компонент ретінде немесе аялық білімдер ретінде. Зерттеуші В.Н. Телияның пікірінше, бұл байланыс мәдени коннотация арқылы жүзеге асады деп санаймыз.

Жалпы коннотациялар сөзден шығатын ассоциацияларға негізделеді, әйтсе де, олар кей кезде шынайылыққа сүйенеді: садыр – қулықтың (сайтан қу ма, садыр қу ма?), матақ (керей) – тентектіктің (матақ, жүрген жерің шатақ), Белгібай (найман) – жомарттықтың (Береген Белгібай), тобықты (арғын) – сөзге шешен, іске алғыр, ұйымшыл (сөз маржаны тобықтыдан табылады, бөз арзаны Бұқардан табылады, толғағы бір тобықтының баласы т.б) және т.б.

Көбінесе, коннотациялар бағалаушы рөлінде келіп, сонымен қатар әлем картинасын құрайтын тілдің ұлттық ерекшелігін анық байқатады.

Мысалы, алғашында наймандардың әлемді қабылдау картинасында найманның қызына шыдағанға тозақ жұмақтай көрінеді; найманның қызын алған, жұмаққа барады тіркестері жағымды мағына берсе, арғындарда ажалыңнан бұрын өлгің келсе, не екі аяқты мотоцикл ал, не арғыннан қатын ал – жағымсыз баға алған; ал найман тайпасының ішіндегі қызай табының қыздары жайлы тек жағымды ғана баға берілген: арғыннан ән таңда, қызайдан қыз таңда. Коннотациялар әлемді бағалау формасы арқылы көрінеді.

Мәдени семантика салт, наным, сенім, рәсім т.б. тәрізді атаулардың мазмұнында ұшырасады. Қазақ тұрмысында нанды аса қастерлі тағам деп ерекше қасиет тұтады. Дәм-тұздың атасы нан деп біледі. Сөздің лексикалық мағынасымен жарыса жүретін мәдени коннотациялық мағына әуелде дәм-тұзды киелі санайтын наным-сеніммен байланысты. Нан ұрсын, дәм-тұзын аттамау, дәм-тұз ұрсын, дәм тартты, дәм тартпады, дәмнен үлкен емес, нанды баспайды, таспен атқанды аспен ат т.б. дегендер нан-тұзды киелі деп танумен байланысты. Сөйтіп, нан-тұз, тұз-дәм зұлымдыққа қарама-қарсы қойылады. Зұлымдық дәм-тұздан аса алмайды, зұлымдықтың бетін дәм-тұз қайтарады деп білген.

Байырғы қазақ қоғамындағы дәм-тұз адамдарды біріктіреді, ал қазан елдің бүтіндігін, бірлігін сақтайды деп білген. Жауласқан, кектескенде дұшпанның қазанын қақ айыру, қазан сындыру серті болған. Бұл семантикалық таңба дұшпанды бірлігінен, бүтіндігінен айыру деген мағынаны білдірген.

Қазіргі кез білім, ғылымның заманы деп, мифологиялық санаға қатысты әртүрлі жол-жоралғы, салт-дәстүр, ритуал т.б. қоғамдағы орнын мүлде жоққа шығаруға болмайды. Ритуал, жол-жоралғы, салт-дәстүр адамдарды қоғамдастырып отырады, салт-дәстүрі ортақ болғандықтан, бірін-бірі жақын тартады. Салт-дәстүр, жол-жоралғыны білмеген, мойындамағандарды қоғамдастықтан «бөтен» деп санайды. Тілдік қарым-қатынас мәдениетінде мұндай факторды елемеу коммуникативтік сәтсіздікке ұшыратады. Сондықтан мәдени-тілдік құзыреті жоғары тілдік тұлға тілдік коммуникацияда мифологиялық санамен байланысты факторларды да бағдарға алуға тиісті векторлардың бірі деп қарайды.

Тілдік тұлға үшін мәдени-тілдік семантиканың аса күрделі түрі фразеологизмдер, паремологизмдер тәрізді тілдік таңбаның мазмұн межесіндегі құралдармен байланысты. Мақал-мәтелдер белгілі бір құбылысқа «жаман»/«жақсы» деп баға береді, адамдарға ақыл-кеңес береді, сақтандырады: Жауды аяған жаралы қалады, Тәуекел түбі –

желқайық, өтесің де кетесің, Уайым түбі – тұңғиық, батасың да кетесің; Жал-күйрығы қалың деп, Жабыдан айғыр салмаңыз.

Тәртіпке шақырады: Әкесі тұрып ұлы сөйлегеннен без, анасы тұрып қызы сөйлегеннен без.

Көңілді тыныштандырады: Орнында бар оңалар; Батар күннің атар таны бар; Сақтандырады: Жаман айтпай жақсы жоқ; жау жоқ деме, жар астында; бөрі жоқ деме, бөрік астында; ауру – астан, дау – қарындастан.

Барлық фразеологизмдер, барша мақал-мәтелдер этномәдени семантика бола бермейді. Этностың ақиқат дүние туралы көзқарасы, салт-дәстүрі, жол-жоралғылары әдет-ғұрпы, моралі, әдеби, тұрмыс-тіршілігімен байланысты ақпараттар жинақтаған тұрақты сөз орамдарының мазмұндық құрылымында ақиқат дүниенің тілдік бейнесін көрсететін ұлттық ерекшелікті (спецификаны) танытатын компоненттер болады. «Адам қартаймайтын шайтан емес қой» деп қайсыбір кісілер мұндай тілекті қош алмайды. Қазақ ұғымында қарттық үлкен құрмет, адамның қызметі, атақ-дәрежесінен гөрі жасын сыйлау, жасына қарай жол беру жағы мықтап ескеріледі. Үлкендердің байырғы кезде көрілікке жеткізсін, жағын түспей жамандық көрме, ақ сақалды сары тісті бол дейтіні сол этикалық норманы айқын аңғартады.

Ұлттық мәдениетті тіл арқылы тану, рухани мәдениетке жататын тілдік бірлік ретіндегі фразеологизмдер арқылы танудың маңызы өте зор. Ру-тайпа одағы қоғамдық құқықтық қатынастар институты, ол құқықтық қатынастарды реттейді, ол қоғам мүшелерінің (жүз, тайпа, ру, тап, тармақ т.б.) әлеуметтік қатынастарына қызмет етеді, ол ру-тайпа мүшелерінің мәдени қатынасына қызмет етеді; ол жалпы адамзаттың ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие ісіне қызмет етеді; ол санаға, қоғамдық санаға сөз арқылы әсер етуге қызмет етеді. Ру-тайпа → құқықтық мәдениет → әлеуметтік этика → тәрбие → ұлттық құндылық → қоғамдық стереотип → ұлттық менталитет ретінде қарастыруға болатынын көреміз.

Ұлттық болмыс тұрғысынан алып қарағанда, әлеуметтік этиканың қалыптануында адамның өткендегі тәжірибесі маңызды орын алады. Мысалы, қазақы ұғымда қуанышты жағдайды қабылдаудың өз ерекшелігі бар. Құнанбайдың немере інісі Ақбердіге Құнабайдың «Бетқұдықты Ақбердіге берсін!», – деген сәлемін әкелген Абайға Құлыншак ақын: «Ақберді, Ақберді, Ақбердіге Құдай бақ берді», – деп тақпақтай бергенде, Бала Абай іле жөнеліп: «Бақ берген емей немене, Борсақтан қалған аз жерді «Менікі» деп тап берді деген екен. Ақберді, Ақберді, Ақбердіге Құдай бақ берді мағыналық бірлігі осы бір қуанышты оқиғадан кейін ел аузында қалса керек. Ұлттық қабылдау,

ұлттық түсінікте бақты берейін десе, бір-ақ сәтте бере салар деген қағида қалыптасқан, сонымен қатар есте қаларлық жағдайда өлең сөзбен термелей жөнелу бұл да қазақы топырақтан өніп шыққан бір белгі [2, 47 б.]. Ұлттық менталитет. Қазақ халқы салт-дәстүрін, әдет-ғұрпынан бой тартпаған халық. Көптеген күрмеуі киын мәселе дала дәстүрі негізінде шешіліп отырған. Мысалы, өліп кетті Өтекең, майға толды Көтекең тұрақты тіркесінен жол-жоралғы негізіндегі даулы мәселенің оңтайлы шешімін тапқанын көреміз. Айдабол балаларының арғы атасының аты Көтібақ болса керек. Ауыл ішіндегі істің аяғы насырға шауып (Абыралы жерінде), кісіге жазығы жоқ, көпшіл де діншіл жан Өтебай қазаға ұшырайды. Екі ауыл да бір Үсеннің балаларынан. Елдің тыныштығын, азаматтардың амандығын қалайық дей отырып, сол елдің болысы, Ноха қажы 2000 теңгедей ақшалай күн кескен екен. Жоғарыдағы сөзді Өтебайдың құрдасы Күлшім деген айтып, елге таралып кетіпті. Ағайын арасына жік түспеуін көздеген шешім қалыптасқан дәстүр негізінде оң шешімін тапқан [2, 50 б.].

Қоғамдық стереотип. Халық рухының өмірлік мәні оның тілінде сақталған. Сондықтан кез келген мағыналық – бірлік ру-тайпа өмірінің мәнді бір бөлшегі. Қазақ халқының өзіндік сөйлеу өнері қалыптасқан. Шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан. Сол себепті шешен де шебер сөйлеудің қыр-сырын жетік білген қазақ халқының ұлттық сөйлеу ерекшеліктерін төмендегідей бөліп көрсетуге болады:

Біріншіден, қазақ үйіне келген адамды бірден әңгімеге тартпаған, алдымен сый-құрметін көрсетіп, ынғайы келді-ау дегенде, қалыптасқан жөн-жоба негізінде көңіл-қошын білдірген. Екіншіден, әңгімелесу ахуалында айтылған сөздің астарлы мағынасына көз жеткізіп барып қана, өз ойын айтқан. Қазақ көп жағдайда қойылған сұраққа бірден жауап қайтармаған. Үшіншіден, тілдесудің ойдағыдай өтуінің этикалық шарты бар. Сөйлеушіге оң пейіл білдіру, тілдесуге ықыласты екенінді көрсету, оның сөзін түсіністікпен ден қоя тыңдау т.б. сондай-ақ әңгімеге, сөзге құлақ түріп, назар аударудың вербалды белгісі – қоштау таныту арқылы жүзеге асады. Қазақ амандасудан бастап қоштасуға дейін тиісті қалыптанған жазылмаған ережені сақтайды. Қазаққа кендік, есептеспеушілік, «бір Алла біледі» деушілік, қанағат, тәубеге келушілік қасиеттері тән.

Осыларды біздің замандастарымыз, кейінгі ұрпақ, біліп, өз ойларын білдіруде қолданып жүрсе, нұр үстіне нұр болмас па еді?! 1 курс студенттеріне қазақ тілін пәнінен жалаң грамматиканы үйретіп

қана қоймай, осындай деректермен қызықтыра білсек, әрине, нұр үстіне нұр жауар!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қайдар Ә. Халық даналығы. - Алматы: Толғанай Т. 2004. – 260 б.
- 2 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998.
- 3 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М: Академия, 2001. – 208 с.
- 4 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. - Минск: Тетра Системс, 2004.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

КАПАНОВА М. Е.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №14 мектеп-гимназия, Астана қ.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесіне қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету, жылдам өзгермелі әлемде табыстылығын қамтамасыз ететін білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы білім беретін мектептерде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жанаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты.

XVII (он жетінші) ғасырдағы адамның бүкіл өмірі бойындағы алған ақпаратты қазіргі заманғы адам 1 айда ғана алады және өндейді. Әлемде ақпарат әрбір екі жыл сайын екі еселенеді, бұл оны қарапайым жаттаудың мүмкін еместігін және пайдасыз екендігін көрсетеді.

Мұндай жағдайларда білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет.



XXI ғасыр – жоғары компьютерлік технологиялардың заманы. Қазіргі жас адамға өмірдің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында өзін ыңғайлы сезіну үшін не қажет? Адамды өмірге және еңбекке дайындауда мектептің рөлі қандай және мектеп қандай болуы керек? Алдымыздағы мыңжылдықтың индустриалды қоғамында өмір сүретін және еңбек ететін қазіргі мектептің түлегі өздігінен белсенді әрекет етуі, шешім қабылдауы, өзгеріп отыратын өмірлік жағдайға тез бейімделе алуы керек. Оқытудың тек дәстүрлі әдістерін қолдану арқылы бұл мәселені шешу мүмкін емес, мектепте келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін жағдай туғызу керек және туғызылып жатыр:

- әрбір оқушыны белсенді танымдық үдеріске тартуға;
- әртүрлі мәселелерді шешу үшін ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс істеуге;
- басқа мектептерден, аймақтардан, елдерден достарымен араласуға;
- әртүрлі мәселе бойынша өзінің меншікті, тәуелсіз, дәлелді пікірін қалыптастыру мақсатымен, бүкіл әлемнің ақпараттық орталықтарының қажетті ақпараттарына еркін кіруіне.

Қазіргі оқытудың мақсаты – еліміздің әлеуметтік, эмоционалды және саясаттық өміріне тиімді қатысуға дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау. Қазіргі оқытудың міндеттері: отансүйгіштікке, адамның құқығын құрметтеуге тәрбиелеу, өмір бойы білім алуға ұмтылатын, табысты және тиімді іс-әрекетке дайын құзыретті, белсенді, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын сақтайтын, отбасында, қоғамда, ұжымда әлеуметтік рөлін орындайтын, өзінің іс-әрекетіне әлеуметтік жағынан қолдау алған құнды бағыты бар әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру.

Қазақстанда қазіргі білім берудің негізгі бағыттарының бірі тұлғаны әлеуметтендірудің қажетті жағдайы ретінде оқушылардың коммуникативті құзыреттіліктерін, оның ішінде тілдік және сөйлеу құзыреттіліктерін дамыту болып табылады. Бұл бағыт оқу үрдісіндегі мақсат пен міндеттерді өзгертіп, білім берудің нақты бағдарламаларында көрсетілген. Соңғы жылдарда филологиялық, лингвистикалық және психология-педагогикалық әдебиеттерде тілді оқытудың мақсаты оқушылардың тіл туралы лингвистикалық білімдерінің тек қана жүйе ретінде емес, тұлғаның тілдік және сөйлеу әрекетін дамыту. Сөйлеу іс-әрекетінде құзыретті тұлғаны дамытудың әдістері мен формалары туралы сұрақ туындайды.

Вербальды өнімділікті қалыптастыру, яғни, өздігінен қатесіз ойын жеткізу тілдік және сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру құралы

болып табылады. Осыған байланысты, біздің зерттеулеріміз вербальды өнімділіктің моделін, оның мазмұндық мінездемелерін, сонымен қатар, оқушылардың вербальды өнімділігін көтеретін психология-педагогикалық технологияларды құрастырумен түсіндіріледі.

Жас адамдардың көбіне жаңа жағдайда өмір сүру мен еңбек етуге психологиялық және әлеуметтік дайындық сапасы мен білімдері: ауызекі сөйлеуде тілдік білімдерін қолдану қабілеті мен дайындығы жетіспейтіні анық.

Тіл пәні мұғалімі жұмысының мақсаты – балаларды ойлауға үйрету. Мұны бізден қазіргі өмір талап етіп отыр. Ғылыми-техникалық прогресстің ғасырында әлем туралы түсінік өзгерді, әртүрлі ақпараттардың саны көбейді.

Қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағытталған білім берудің жаңа жүйесі құрылу процесінде. Білім беру жүйесі жаңа мазмұнды, жаңа әдістерді, жаңа құқықты, қарым-қатынасты, іс-әрекетті ұсынады. Білім берудің мазмұны жаңа әдістермен, ойлармен, білім беру мәселелерін шығармашылық шешумен байытылуда. Қазіргі таңда Қазақстанның мектептік білім беруі жаңа бастау алу сатысында. Қазіргі уақытта инфрақұрылымдық дамыту мен жаңартылған мазмұнға көшу басты басымдықтар болып тұр.

Ақпараттың дәстүрлі тәсілдері оқытудың компьютерлік құралдарына орын береді. Педагогикалық технологияларды құрастыруда ғылымның рөлі көтерілуде.

Әртүрлі педагогикалық жүйелер мен оқыту технологияларды салыстыру мектепте тәжірибеден өткізу маңызды. Қазіргі уақытта мұғалімге инновациялық технологиялардың, мектептердің арасында бағыт таба білу қажет. Қазіргі уақытта білім беру технологияларының түрлерін зерделемей, педагогикалық сауатты маман болу мүмкін емес.

Жаңа ақпараттық технологияларды оқу үрдісіне енгізу, оны белсендендіруге, дамыта оқытуды іске асыруға, сабақтың қарқындылығын көтеруге, оқушының өздік жұмысының көлемін көбейтуге мүмкіндік береді. Компьютерлік технологиялардың ғасыры дамып келеді, адам іс-әрекетінің барлық саласында қолданылады [1, 8 б.].

Оқу үдерісін қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізінде ұйымдастыру қажеттілігі туындады, ақпарат көздері ретінде электронды құралдар, бірінші кезекте, интернет жүйелерінің ғаламдық телекоммуникациялары кең көлемде қолданылады. Біздің балаларымыз өз тағдырын ғана емес, өз елінің тағдырын құруға қабілетті болуын көргіміз келсе, білім беру

мәселелерін педагогикалық шешу жолдарын іздеу және табу керек. Бұған жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар көмек береді деп ойлаймыз. Бірінен бірін ажырату мүмкін емес, өйткені, жаңа педагогикалық технологияларды кең көлемде енгізу білім беруді өзгертуге мүмкіндік береді, жаңа ақпараттық технологиялар арқылы ғана жаңа педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді іске асыруға болады. Жаңа педагогикалық технологиялар ақпараттық-коммуникативтік технологияларды кең көлемде қолдану арқылы іске асады, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы сол әдістердің педагогикалық, дидактикалық қызметтерін толық ашуға, мүмкіндіктерін іске асыруға болды.

Гуманитарлық пәндер – ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізудің құтты жері. Оқыту үдерісінде оқушының белсенділігі дидактиканың негізгі тұжырымдамасы болып қалады. Ол қызығушылықтың жоғары деңгейімен, білімді және біліктілікті игеруге қажеттілікті сезінумен, нәтижелілік пен әлеуметтік нормаға сәйкестігімен түсіндіріледі. Кейбір мәселелерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық технология маңызды көмек көрсетеді. ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануда мұғалім алдына келесі мақсаттарды қояды:

- Ғылыми құрастырылған бағдарлама негізінде тиімді оқыту.
- Баланың жеке дара қасиеттерін ескере отырып оқыту.

Техникалық прогресстің алға жылжуымен жыл сайын білім беру жүйесін объективті түрде күрделендіру болып жатыр, оқушылардың жүктемесі өсті, олар кең көлемдегі ақпаратты игере алмай жатыр. Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері компьютермен не үшін пайдаланады? Ең алдымен, сабақты жандандыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын туғызу. Және ең маңыздысы: сабақтағы еңбек шыдамдылықтың сынағы емес, материалды саналы түрде игеру үрдісі. Мына мақал-мәтелде айтылғандай: «Маған айт, мен ұмытып қаламын. Маған көрсет – мен есімде сақтаймын. Маған өзіме жасауға мүмкіндік бер, ол мәңгі менікі болып қалады» [2, 5 б.].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері сабақтарында ақпараттық технологияларды табысты қолдануда. Заман талабына сай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен компьютерді қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Компьютерлер, интернет, электрондық оқулықтар оқытуды қызықты етеді. Сабақтары эмоционалды өтуі үшін көрнекі материалдарды, дыбыстық және бейнетаспаларды жиі және жүйелі түрде қолдану қажет. Осының барлығын мультимедиялық мүмкіндіктері бар компьютерлік техника қамтамасыз етеді. Қазақ тілі

мен әдебиеті сабақтары үшін мұғалімдер мен оқушылар қызықты жобаларды, кино және мультипликация әлеміне, музыка әлеміне, көркем сөздің және театр шеберлерінің әлеміне саяхат сабақтарын дайындайды. Компьютерді қолдану әлемді суретшілердің көзімен көруге, өлендерді әртістердің оқуында тыңдауға мүмкіндік береді. Сондай сабақтар сұлулықты сезінуге тәрбиелейді, оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді, аз уақытта кең көлемді әдебиеттік материалды береді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ-ны қолдану жұмыстың формаларын, оқушылардың іс-әрекетін түрлендіруге, зейінін белсендендіруге, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін көтереді. Презентациялардағы сызбалардың, алгоритмдердің, кестелердің құрылуы материалды эстетикалық түрде рәсімдеуге мүмкіндік береді. Бірден тексерілетін тапсырмалар оқушылардың зейінін белсендендіреді, орфографиялық қырағылықты қалыптастырады. Сөзжұмбақтарды, көрнекіліктерді, суреттерді, әртүрлі тапсырмаларды, тесттерді қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады [3, 10 б.].

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияны әртүрлі ресурстарды, көрнекілік-ақпараттық материалдарды қолдануға мүмкіндік береді. Материалды оқушылар интернеттен өздері таба алады, презентациялар құрастырады. Сонымен, АКТ өздігінен жұмыс жасауды, таба білуді, саралауды және материалды сабаққа дайындауды дамытады. АКТ-ны әртүрлі сабақтарда қолданудың тәжірибесін талдай отыра, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар келесі мүмкіндіктерді туғызады деп сенімділікпен айтуға болады:

- оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендендіру;
- сабақтарды жоғары эстетикалық және эмоционалды деңгейде өткізу;
- дифференциалды оқытудың жоғары дәрежесін қамтамасыз ету;
- білімін бақылауды жетілдіру;
- оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру, сабақтың тиімділігін көтеру;
- зерттеушілік іс-әрекеттің дағдыларын қалыптастыру;
- түрлі анықтамалық жүйелерге, электрондық кітапханаларға, басқа да ақпараттық қорларға енуді қамтамасыз ету.

Мектептің педагогикалық үдерісін ақпараттандыруды жетілдіру педагогикалық диагностиканың құрылымдарына: сыныптық ұжымның тәрбиелік мүмкіндіктеріне, оқушының жеке тұлғалық кәсіби бағытына, оқушының психологиялық, әлеуметтік даму ерекшеліктеріне сәйкес

ақпараттық-коммуникациялық технология әдістері мен құралдарын енгізу. Осындай жұмыстың нәтижесі жалпы білім беру үдерісін ғылыми түрде жоспарлау болуы керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технология – мұғалімнің қолындағы мықты педагогикалық құрал, оны өзінің сабақтарында қолдана білу керек. Кез-келген сабағын қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін бір қағида. «Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз» қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Ұстаздың өзі – ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді [4, 12 б.].

Шәкірт жетістігі – ұстаз мақтанышы. Әр оқушының жетістігі – мұғалімнің ашқан жаңалығы, әдістемелік ізденісі, нәтижесі. Бүгінгі оқушы – ертеңгі еліміздің болашағы. Сондықтан, жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру – біздің міндетіміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қаппасова Қ. Р. Оқу құралы. Нығмет Нұрмақов – аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері. Қарағанды, 2005. – С. 8.

2 Intel. Обучение для будущего при поддержке Microsoft. 4-ое изд., испр. – М., 2004. – С. 5.

3 2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты. – С.10;

4 Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании. – С. 12.

#### БИЗНЕС АУДАРМА

КОНРАТБАЕВА Ш.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Аударманың маңызы қай кезеңде де – адамзат тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі, тіпті негізі деуге де болады. Әсіресе, қазіргі техногендік өркениетте аудармаға деген зәрулік еселеп артып отырғанын байқауға болады. Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық қарым-қатынастар жүйесінің жаңа деңгейіне ауысуымен және жаһандану үдерісінің бүкіл әлемді қамтуына

байланысты аударманың маңыздылығы алдағы кезеңде айрықша арта түсетіндігі сөзсіз.

Аударма – лингвистика заңдылықтарына арқа сүйеу арқылы тілаларлық коммуникация міндеттерін шешетін сөз өнерінің өзгеше түрі. Аударманың қоғамдық сұранысқа тәуелділігі – басы ашық жай.

Тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениеттік өрелік алға шығып, жаһанданудың лебі есіп тұрғанда көп тілді игергенге ешкімнің таласы бола қоймайтыны анық. Еліміздің алға қойып отырған міндеттерінің бірі – тілді меңгеруге деген қызығушылықты арттыру, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу, үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды тәрбиелеу. Көптілділік – заман талабы. Бұл мәселе кең жолға қойылғанмен, қазіргі уақытта қазақстандық азаматтардың басым бөлігі тек аударманың қызметіне жүгінеді. Осыған орай аударманың маңыздылығы артуда. Сөздік қорымызда бизнес аударма деген сөз пайда болды. Бизнес аударма басқа елдерде ертеректеу қолға алынса, бізде енді қолданылуда. Бизнес аударма тікелей нарықпен байланысты ұғым. Осыған байланысты бизнес аудармада маңызды болып табылатын жайлар ретінде аударманың уақытында орындалуын, сапасын, баға мен келісімді айтуымызға болады. Бұл айтылғандар - тұтынушы үшін маңызды жайлар. Нарық заманында аударма арқылы табыс табатын жеке тұлғалар мен аударма бюролары аударма қызметінің аса қиын, жауапты қызмет екенін естен шығармауы тиіс. Ол аудармашыдан ең алдымен шынайы болуды, ғылыми ұстанымдарға бойынуды талап етеді.

1) Аудармашы болған адам ең алдымен аударатын өзге тілді және өзінің ана тілін толық білуі, лексикалық қорының бай, тілдің бейнелеуіш құралдарын жетік білуі тиіс. Түпнұсқаны толық түсінбейінше, оны дәл, сапалы аудару мүмкін емес. Сондықтан түпнұсқаны толық түсіну аударманың сапасына кепілдік етудегі негізгі шарт болып табылады. Аударатын өзге тілді толық білмеген жағдайда бұл мақсатқа жетуі мүмкін емес. Екіншіден, өз ана тілінді жетік білмесең, түпнұсқаның мазмұнын дәл бейнелеп, түсінікті, жатық етіп жеткізу қиынның қиыны. Аударатын және аударылатын тілді жетік білу – басты шарт. Бұл шарттың дұрыс орындалмауы, аударманың сапасына нұқсан келтіреді.

2) Аудармашы ғылымның әр саласынан хабары бар, бұрынғыны да бүгінгіні де жақсы білетін, мол білімді адам болуы керек. Тар өрісті, таяз адамдар екінің бірінде қателікке бой алдырып, ұятқа қалып жатады.

3) Аудармашы үшін өзге тілді жақсы меңгеру өзінің ана тілін толық білудің алғышарты екені шындық. Бірақ оның сыртында аудармашы болған адам екі тілдің бейнелеу жағындағы ерекшеліктерін де жан-жақты игеруден тыс, аударма теориясын, аударма талаптарын естен шығармауы тиіс.

4) Аудармашы теориялық білімі мол, сауатты болу керек. Аударма жұмысы қашанда саясатпен қатысты. Әсіресе саяси теориялық шығармаларды аударғанда аудармашының бұл жақтағы білімі таяз болса, қателік көп кездеседі. Сондықтан аудармашы әрбір тарихи дәуірдің саяси жағдайына қанық болуы шарт. Сол дәуірдегі қоғамдық тәртіпті, саясат пен экономиканы, алуан түрлі ағымдар мен діндерді толық түсінуі, соларға қатысты атау терминдерді айқын білуі қажет.

Бүгінде ғаламтордан көптеген лингвистикалық және аударма сайттарды кездестіруге болады. Олар бағалы мәліметтерге өте бай.

Ғаламтордағы аударма сайттар аудармашылар мен аударма агенттіктерінің базасы болып табылады. Олар ғаламтор арқылы, аудармашыларға басқа елдерден тапсырыс алуға, ал тапсырыс берушілер өзіне қажетті біліктілігі бар аудармашыны таба алады. Сонымен бірге, құнды мәліметтерді, аударма агенттіктерін, аударма қауымдастықтары мен жеке аудармашылар сайттарынан табуға болады. Бүгінде олардың қызметіне жүгінушілердің қарасы көп.

Сонымен қатар көптеген интерактивті қарым-қатынастар аудармашылар арасында тәжірибемен алмасуға көмектеседі. Оларға форумдарды, чаттар мен телеконференцияларды жатқызуға болады. Ғаламтор арқылы осы аудармашылардан әріптес ретінде (егер аудармашы болсаңыз) ақыл- кеңес сұрай аласыз немесе тікелей тапсырыс берушімен жедел байланысып, қажетті сұрақтарды талқылай отырып, көптеген жауаптар аласыз.

Осыған қоса, көптеген лингвистикалық ресурстар бар. Олар терминтану саласында, лексикография және компьютерлік лингвистикада жиі кездеседі. Бұл ресурстарды бизнес аудармада тиімді қолдана аласыз.

Басқа елдерде құрылған бизнес-аудармашылар бюросы ағылшын, неміс, испан, француз, орыс және т.б. тілдерге кәсіби аударма жасаумен шұғылданады. Олар түрлі салада аударма жасайды. Көркем әдебиетті, ресми құжаттарды т.б. түрлі тақырыптағы мәтіндерді аударумен шұғылданады. Бұл пресса, оқу-әдістемелік немесе техникалық материалдар, ғылыми зерттеулер, техникалық құрылғылардың нұсқаулықтары болуы мүмкін.

Аударма бюросының клиенттері жеке және заңды тұлғалар, көбіне кәсіби аударманы қажет ететін бизнесмендер болып келеді.

Аудару үдерісі бірнеше этаптан тұрады:

- Түпнұсқамен танысу. Бұл мәтіннің құрылымымен, стилімен танысудағы маңызды кезең.

- Аудармас бұрын мәтінге алдын ала талдау жасау, терминологиясына, сөз қолдану ерекшелігіне, аударма жоспарын құру.

- Мәтін аудармасын жасау – қажетті әдебиеттерді, сөздіктер мен арнайы тақырыпқа байланысты материалдарды қолдану, сонымен қатар қажет болған жағдайда пәнге, сол салаға қатысты маманмен кеңесу.

- Аударылған мәтінді редакциялау (терминологиясын, стилін және т.б.)

- Аударылған мәтінді оқу (орфографиялық, пунктуациялық, стильдік және т.б. қателермен жұмыс жасау).

Бизнес аударма қызметін көбінесе шетелдік фирмалармен тығыз жұмыс жасайтын компаниялар пайдаланады. Келісімшарттарды, анықтамаларды, бизнес-жоспарларды, тендерлік және корпоративтік құжаттарды аударуда бизнес аударманың маңызы зор. Бизнес аударма артықшылықтары:

- жетікті мамандар қызметтері;
- сапалы аудармалар;
- кәсіби көзқарас;
- қызметке жауапкершілікпен қарау.

Бизнес аударманың артықшылықтары ретінде төмендегі қағидаларды тануға болады. Бизнес аудармамен шұғылданушылар ұстанатын қағидалар:

- жетікті мамандар қызметтері;
- сапалы аудармалар;
- кәсіби көзқарас;
- қызметке жауапкершілікпен қарау.

Әрбір аудармашы ең алдымен өзі аударатын материалға қанық болуы, кәсіптік білім деңгейінің жоғары болуы, түпнұсқаның мазмұнына, ерекшеліктеріне баса назар аудару қажет. Қызметкерлері – өз жұмысының мәнін түсіне білетін және аударма қызметі саласындағы зор тәжірибелері бар білікті мамандар. Сонымен қатар жетістіктері мен жауапкершілігі жоғары болуы тиіс. Аударма қызметі тікелей қаржымен қатысты болғандықтан, кез келген аударма бюролары нарық шарттарына сай келуі керек. Алған

тапсырысты жауапкершілікпен орындау басты орында. Бизнес аудармаға төн ерекшеліктер:

– Тапсырыс өз мерзімінде орындалатынына кепілдік беру. Аудармашылар материал ресімделген сәттен бастап бір сағат ішінде аударуға кіріседі.

– Әрқайсысы өз саласына маманданған болуы тиіс.

– Әр аударманы редактор оқып шығады. Сапаны бақылау қателерді азайтады.

– Әділ баға. Сапалы аударма.

– Барлық талаптарыңыздан әрқашан хабардар боп жүретін дербес менеджермен жұмыс қойлайлылығын бағалай аласыз.

– Құпиялылықты сақтау шартпен және ішкі стандарттармен кепілдендірілуі тиіс.

– Редакторлар – тіл қолданушылары. Тіл қолданушысы қажеттілікке қарай аудармаға редакция жасай алады.

– Корректорлар – сала бойынша мамандар. Белгілі бір сала маманы (қаржыгер, заңгер, инженер) қажеттілікке қарай аударманы түзете алады.

– Ұзақ мерзімді әріптестік. Ұзақ мерзімді әріптестік және клиенттерге адал қызмет ету.

– Икемді баға саясаты. Тапсырыстың көлемі мен мерзіміне, клиенттің қалауына қарай жеңілдік беру мүмкіндіктері қарастырылуы мүмкін. Бұл да өз кезегінде тапсырысты молайтуға септігін тигізеді.

– Жұмысқа шығармашылық көзқарас. Аударманың бастапқы мәтініндегі ақпаратты барынша дәл беруге тырысу.

Осы үддеден шығу аудармашыдан кәсіби біліктілікті талап етеді. Ауызша аударма жасайтын, жедел аударма, халықаралық тілдер, шығыс және сирек тілдерді қоса алғанда, әлемнің барлық тіліне аудару және сол тілдерден аудару.

Бизнес аудармада менеджерлердің рөлі ерекше. Олар аудару үрдісін ұйымдастырып, бақылап отырады. Клиентке кәсіби кеңес те береді.

Жазбаша аудармалар. Оларды былайша жіктеп көрсетуге болады:

– қаржы және банк құжаттарын аудару (инвестициялық, қаржы және лизинг компаниялары, банктер қаржы құжаттарын аудару үшін тапсырыс береді);

– мұнай-газ тақырыбындағы мәтіндерді аудару;

– құрылыс құжаттамасын аудару;

– медициналық мәтіндерді аудару (анықтамалар, сырқатнамалар, препараттар мен құрал-жабдықтар нұсқаулығы, мақалалар, медицина тақырыбындағы диссертациялар мен кітаптардың аудармасы);

– жарнаманы аудару;

– ғылыми мәтіндерді аудару;

– Бұқаралық ақпарат құралдарын аудару;

– экономикалық мәтіндерді аудару.

– заң құжаттамасын аудару (келісім шарттар, келісімдер, жарғылар, жеке құжаттардың кәсіби аудармасы);

– тағам өнеркәсібіндегі аударма;

– логистика саласындағы аударма;

– энергетикалық тақырыптағы мәтіндерді аудару;

– металлургиядағы аударма;

– автомобиль тақырыбындағы мәтіндерді аудару;

– IT саласындағы мәтіндерді аудару (Аудармашылар арасында

– бағдарламашылар, жүйелік әкімгерлер, сайттар құру және оны ілгерілету, БЖ жасау және енгізу жөніндегі мамандардың болуы да жоғары нәтиже береді).

Аударма тапсырысын онлайн режимде ресімдеуге болады. Барлық қажетті құжаттар мен материалдарды, сондай-ақ дайын аударманы жеткізу қызметі де қарастырылады. Бұл айтылған жайлар аударма бюросының нарықта ұзақ әрі табысты еңбек етуінің кепілі.

## ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ

КОРЖУМБАЕВА М. Х.

магистр, Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжі,  
Павлодар қ.

Қазіргі білім берудің басты мақсаты, рухани білім беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болуда. Болашақ ұрпақты білімді, талапты, талантты, дарынды жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру ұстаз алдында еліміздің болашағы тұр. Жас ұрпақтың бойындағы қабілетін көру, оны жетілдіру, ізденгіштік қабілетін дамыту мұғалімнің сабақ берудегі шеберлік қабілетіне байланысты. «Сабақ беру – жайғана шеберлік емес, жаңадан жананы табатын өнер» Ж. Аймауытов деген, яғни оқу үрдісін жағаша ұйымдастыру, оқушының іс-әрекеті арқылы

ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, шығармашылық қабілетін дамытуға негізделуі қажет.

Білім беру жүйесінің маңыздылығы оқушылардың белсенділігін арттыру, топта жұмыс істеу білігін дамыту, ізденімпаздыққа жетелеу. Оқытуда оқушыны жобалау әдісін іске асыруда неге жетелейді деген сұрақ қойсақ. Жобалау технология түсіндірме сөздікте: «Оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі», - деген анықтама берілсе, ағылшын тілінен аударғанда «cooperative learning» – бірге үйрену деген мағынаны білдіреді. Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу. Жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдыққа, ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелейді. Жобалау технологиясының негізінде оқушының жұппен, топпен бірігіп шығармашылық жұмыстарды орындау. Мұғалім жеке тұлғаға бағыттаушы, ұсынушы, нақты мақсат қоюшы десек, оқушы мақсатқа дербес өз іс-әрекетімен жетуші белсенді субъект. Өз ізденісімен табысқа жетуші шығармашыл тұлға. Осы аталған бағыттар бойынша білім беруді оқушылардың білу, орындай алу, бірігіп жұмыс жасау, жеке тұлға ретінде өзін сезіну, өзін және қоғамды өзгертуге негіздеу. Осы орайда мынабір дәйекті ұсынсам Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденген де ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы игі. Мұғалім мен оқушы арасындағы іс-ірекет. Білім беру үрдісін дәстүрлі пәндер шеңберінен тысқары, оқушылардың сұранысына, олардың ерекшелігіне, жеке басына бағыттау. Кәсіби білікті, білім беруге, нәтижеге жетуге ынтасы мол, қызығушылығы бар педагогтар қауымын қалыптастыру, мұғалімдерді әлеуметтік қорғау, кәсіби өсуіне жағдай жасау, мүмкіндік тудыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде және адамды қалыптастыруға және кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жана технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру,

халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы сабақтың сапасын арттыруға көңіл бөлу керек. Жаңа технология үрдістерінің талабы – оқушыға білім беруде мақсатқа жету, оқушының іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттыра отырып, сабақтағы үш біріккен мақсатты жүзеге асыруға қол жеткізу. Оқушыларға сапалы білім беру жолында оқыту әдісін жетілдіру – мұғалімнің басты міндетінің бірі. Оқу білім беру барысында ең алдымен оқушылардың белсенділігі мен танымдық ізденісіне қатысты. Мен өзімнің ұстаздық тәжірибем және көп іздену арқылы сабағымның нәтежелі өтуі, практикада қолдану арқылы іске асыруда. Жаңашыл оқыту технологияларды іс-тәжірибем енгізіп жүрмін. Қазақ тілі мен әдебиет сабағының мұғалімімін мен үшін қазіргі таңда басты қиындық оқушыға көркем шығарма оқыту. Оқушы көркем шығарма оқымаса, сабақта талдау мүмкін емес. Сол себепті күні бұрын оқуға, шығармашылық ізденушілік жұмыстарға машықтандырам. Біртіндеп оқушылармен жеке, жұппен іздеуге, бірлесіп ізденуге жетелеймін. Әйтеубір оқушы жан-жақты ақпарат жинау арқылы өзінде ізденімпаздыққа құштарлығы артады, біртіндеп өзіндік көзқарасында ұштастыра алады. Солай білімді қалай іздеу керек екеніне өзінде машықтанып төселе бастайды. Іздену, оқудың арқасында өзін үйретеді және өзгеніде үйретуге құлшыныс береді. Менінде бір ой бөлісетін ақпаратпен уақыты келген сияқты, менің әріптестерім мен студенттерім сіз көп ізденесіз және маңайыңыздағыны да соған итермелеп жұмыс жасауына көп жағдай жасайсыз, сіз үшін пайдасы бар ма деп сұрайды. Сонда мен ойланбай әрине пайдасы бар бірінші өзім үйренем екінші жанымдағыларды үйретем деп жауап берем. Іздену мен үшін машықтанып қалған нәрсе егер ізденбесем «ағынсыз тоқтап қалған су сияқтымын» -деп тұжырымдаймын. Істеген әр ісімнің нәтежесі, нәтежесіз қалмайды жасаған жұмыстарымның жемісі шүкір бәрі нәтежелі. Жасаған жұмыстарым өзім үшін атақ үшін емес, өз оқу орыныма қосқан үлесім және қоғамға азда болса жасаған еңбегім деп білемін. Сонымен, қазіргі заман талабына сай мұғалім «білім бұлағы емес, білім бұлағына» жеткізуші, яғни білім алушыға жол таба білуші десем. Білім оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Білім беруде мұғалім жана білім алу үрдісін жалғастырушы, оқушыны шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек. Осы кезде мұғалімнің талапқа сай оқушының білім алу

белсенділігін жоғарылату мақсатында жаңа технологиялар меңгеруі қажеттілігі туындап отырады. Абрашева Қ. «Инновациялық білім беру – нәтижеге жету кепілі», Дүсенбаев С. Жаңа педагогикалық технология, Ж.А.Қараев интерактивті әдістерді, Ибрагимова Г. Оқытуда жаңа әдістерді пайдалану жұмыстарын басшылыққа аламын.

Сабақ барысында ұжымдық оқыту әдісі, топтық технология, тірек сызбалар көрнекілігі, дамыта оқыту технологияларын пайдалану арқылы, мұғалім мен оқушының іс-әрекет, мақсат, міндеттері жүзеге асырылады. Сабақта ақпараттық технологияны пайдалана отырып, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруды көзделеді. Сабақ барысында оқудың белсенді әрекет әдістерін қолдану Оқы, түсін, түсіндір, болжай біл, талда, салыстыр, жинақта, өзіңе-өзің сын көзбен қара, пікір-таластар, өзін-өзі бағалау, бірін – бірін тексеру, тест тапсырмаларын құрастыру оқушылардың ашылуына мүмкіндік жасайды. Сабақ мақсатына орай білім алушыға дайын білімді бермей, оның ізденушілігін өз бетінше жұмыс жасауды «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиялар жиксо, рафт, кубизм, INSERT, семантикалық карта, миға шабуыл, бес жолды өлең, эссе интерактивті тақта т.б. стратегиялар тақырыпты меңгеруге жол ашамын. «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» технологиясы тек білім алу үшін ғана емес, жеке тұлға болып қалыптасуына, қарым-қатынастарын дамытуға, бір-бірін тындауға, талдауға, саралауға, бағалауға тиімді. Оқушының дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол ашылады. Жаңа сабақты ашу және бекіту мақсатында семантикалық картамен жұмысты ұйымдастыру өте тиімді. Жобалау технологиясын қолдану арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастырып, оларды зерттеу және жобалау жұмыстарына тартып, белсенділігін арттыруға болады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша оқушының өзі жүзеге асырады. Жаңашыл технологиялар арқылы сабағымда Қасым Аманжолыптың «Рухты лирикасы», Аманжол Шамкеновтың «Өз елімнен бір жылылық сеземін» рухани жаңғыру мақсатында өтілген ашық сынып сағаты, Сұлтанмахұмыт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы, І. Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасы, Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы, Ы.Алтынсарин прозалық шығармалары тақырыптарда ашық сабақтарымның әр қайсы мен үшін ерекше құнды. Барлық сабақтарым жан-жақты терең талдаумен мұғалім мен студенттеріміздің ізенімпаздық, шығармашылық даму деңгейлерінің көрсеткішінің айғағы. Және студенттерімізде практика барысында мектептерде ашық сабақтар беріп өздерін шындауда.

Қорыта айтқанда оқушылардың теориялық білімді аз уақытта меңгеріп, өз бетінше ізденуіне жол ашады, танымдық, шығармашылық жұмыстарға баулуға мүмкіндік береді.

Сұлтанмахұмыт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романын жаңашыл технологияға салып көрсетсек. Технология – қандайда бір жұмысты шеберлікпен іске асыру жиынтығы. Әдебиет сабақтарымда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану өте тиімді.

Талдау барысында қаралатын басты жұмыстар:

- Сыни көзбен қарау;
- Күрделі мәселелерді шешу;
- Үйрету мен үйрену;
- СТО технологиясының үш кезеңін сабақ барысында қолдану.

1 Қызығушылықты ояту.

2 Мағынаны тану.

3 Ой толғанғы.

С. Торайғыров «Қамар сұлу» романын оқытуда әр оқушы өз ойын еркін жеткізуге машықтанады.

1 Топтық тапсырмалар:

2 Оқушылар романды оқып, мазмұнымен танысады.

Романдағы көтерілген мәселе талқыланады.

Бірінші топ:

1 Қамар кім?

2 Қамардың бақытсыздығына неде?

Екінші топ:

1 Әкесі Омар неге Жорға Нұрымға Қамарды беруге келісті?

2 Қамар өз бақыты үшін күресе алды ма?

Романдағы басты оқиғаның басын аша отырып, талдаудың бес сатысын ажырата отырып, әр сатының даму деңгейінде болған оқиғаны тыс қалдырмай дәптерлеріне түртіп алу тәсілі арқылы іске асыра отырып талдау жасау. Әр сатыны талдаған сайын оқушылар ой бөлісіп, өздері тұжырым жасап, талқылап талдау жасайды. Бір-біріне сұрақтар арқылы жауап алып жан-жақты пікір талас тудырады. Кейіпкерлердің мінезін, кескін келбетін ашу, жанама бейнелердің іс-әрекетін ашу, сол арқылы басты кейіпкер бейнесінің қырын ашу т.б. жұмыстар кең ауқымды талдауды талап етеді.

Сондай талдаулардың үлгісі:

## Кесте 1 – Тұжырым кестесі

Кейіпкердің аты	Іс-әрекет	Өмірге қызығушылығы	Кейіпкер әрекетіне баға
Қамар			
Ахмет			
Омар			
Жорға Нұрым			

Әр топ кесте бойынша дәуірге байланысты сипаттама береді:

## Кесте 2

Ескі өлем	Жаңа өлем
Сауатсыздық	
Жасы үлкен кісіге тұрмысқа шығу	
Дәстүрді сыйлау	
Қалын мал	
Әлеуметтік теңсіздік	
Қазақ қыздарының бас бостандығы	

«Қамар сұлу» романы поэзия тілімен жазылған, себебі өлең жолымен жазылған поэзия.

Поэмадағы кейіпкерлер екі топқа бөлінеді:

1 Әділет, шындық, адамгершілік бағытты көксеген жаңашылдар, жаңа адамдар тобы Ахмет, Қамар, Қасен.

2 Қатгез, жауыз, ескішіл надандық өкілдері Оспан, Қалтан, жорға Нұрым.

Омар – көзі ашық, қызының бақытын аңсаушы.

Қасен ағасы – оқыған көзі ашық білімді болып оқиғада кездеседі.

С. Торайғыров Қамар бейнесі арқылы феодалдық типтік жағдайды әшкерлеу. Қамар – феодалдық ортада қазақ әйелдері бастан кешкен ауыр халді айқын танытарлық бейне. Қамардың моламен айтысы жаңаның ескіні жеңе бастауы. Яғни жаңа тип, жаңа өмірге келе бастауын көрсетеді. Ахметке жазған жауап хатында Қамардың Ахметке қосыла алмауының негізгі себебі әлеуметтік теңсіздіктен, үстемдік етіп тұрған феодалдық салттан табады. Ахмет – ақын ұсынуы бойынша, жаңа дәуір өкілі. Ахметті ақын басқалардан ерекше етіп көрсетеді ақын, оқыған, талантты, ойлығып ерекше суреттейді.

## Кесте 3 – Талқылау кестесі

Шығарманың тақырыбы талқылау	Қамар сұлу роман
Негізгі кейіпкер	Қамар, Ахмет

Тақырып	Қазақ қыздарының теңсіздігі, тарих-әлеуметтік жағдай
Әрекет	Қамарды күшпен Жорға Нұрымның алып кетуі
Осы әрекетке итермелеген не нәрсе	Омар би мен Қалтаң қажының Омардың келісіміз уәде беруі
Жазалаушы тарап	Омар би, Қалтаң қажы, Жорға Нұрым және бақсы-балгер
Олардың бойындағы қасиет	Қатал, мейірімсіз, мансапқор
Шығарма қалай аяқталды?	Ахметтің соққыға жығылып. Нұрымға пышақ салуы. Нұрымның қашып құтылуы.

## V Эссе жазу

I топ Қамарға, II топ Ақынға, III топ Ахметке

I топ Қамар – ға

Ғашықтар талай өмір кешкен екен,

Қамардай талай сұлу өткен екен.

Қайратты салтын сақтап қазағымның,

Өмірі өкінішпен өткен екен.

Қамар жан сүйгеніне қосыла алмай,

Өмірі өкінішпен өткен екен.

Әдеп – ғұрып салтымыз кінәлі емес,

Сол дәуірді билеген би, болыс, шенеуліктер.

Халқы мен жастарын наданғылып,

Бір – біріне жауғылып, жұлыстырып.

Өмірлерін азапқа салған екен,

Ақынның айтпақ ойы осы екен.

II топ Ақын – ға

Қазақтың дара туған бір перзенті,

Халқының мұны менен қайғы жеген.

Өмірде сондай ақын көп дейді ғой,

Қазақтан туған дейді талай тарлан.

Біз қазақ болып туғанан соң,

Қалайша ақындарға бас имейміз.

Болашақ ұрпағына із қалдырған,

Бүгін де ұрпақтары жалғастырған.



III топ Ахмет – ке  
Ахмет көзі ашық, оқыған жас,  
Оған қоса ақындық, зеректігі,  
Тоғыз қырлы, тоқсан сырлы қайратты,  
Өзгеге көрсетерлік үлгілі жас.

Өмірдің ащы мен тұщысын тартқан екен.  
Бір міні кедейлігі, қолы қысқа.  
Өмірде сүйгені Қамар қызға.  
Қосыла алмай, өмірі өткен екен.

Рефлексия. Ой толғау жазу.  
«Егер мен автор болсам...»  
«Егер мен Қамардың орнында болсам...»  
«Егер мен әкесі Омар болсам...»

Әдебиетті оқыту көркем туындыны оқыту, талдау оқырманның пікірін қалыптастырумен ашылмақ. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды қазақ әдебиетіндегі өиелдер теңсіздігі бойынша С. Торайғыров «Қамар сұлу», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, С.Көбеевтің «Қалың мал» романдарының көтерген мәселесі бір, бір тақырып, бірнеше шешім, үйлесім мен қайшылықтар төңірегінде мәселе қозғау. Оқушы көркем шығарманың өзекті мәселесін, автор идеясын, кейіпкер тағдырының әр түрлі шешуін, суреткер түсінеді. Оқыту барысында талдау жүргізу арқылы «оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз» қағидасын ұстанған ұстаз үшін әрбір сабағын бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Ұстаздың өзі – ізденуші. Сабақты қызықты өткізген мұғалім басқаларға да қызықты жеткізе алады. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әр кез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты өткізе алады.

Инновациялық технологияларды жүйелі түрде қолдану қажет және ол оқытушының шеберлігіне байланысты. Осы технологияның әдістерін пайдалану оқушылардың тақырыпты жан-жақты меңгеруі, өз ойын еркін жеткізу оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады, танымдық қабілетін арттырады, оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды. Жаңа оқыту технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға, оқушылардың дайын өнімді қабылдамай, өз бетімен ізденіп, дербес

іс-әрекет жасай алатын тұлға ретінде қарау – жоғарыда аталған технологиялардың негізі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қараев Ж. Білім беру процесіндегі танымдық әрекеттің белсенділігі.
- 2 Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
- 3 «Мұғалімге арналған нұсқаулық».Үшінші (негізгі) деңгей.
- 4 Торайғыров С. романдары «Жазушы» баспасы 1967 жыл.

### ДАРЛАП-САРАЛАП ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

КОШУМБЕКОВА Ж. Д.  
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Павлодар политехникалық жоғары колледжі, Павлодар қ.

Біздің елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл. Соған орай оқу орыс тілінде жүретін колледжілерде егемендік еліміздің мемлекеттік тілі-қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие.

Бүгінгі күннің ұстаздарына қоғамымыздың экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын әлемдік талапқа сай келетін білімді, мәдениетті азамат дайындап, тәрбиелеп шығару міндеті жүктеледі. Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын ізденіп әзірлену-ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздардың бірлесе отырып атқарар ісі.

Осыған орай, өз тәжірибемде жиі қолданып жүрген технологияларының бірі-саралап-даралап оқыту технологиясы. Бұл технология бойынша студенттердің білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген.

Даралап-саралап оқытудың маңыздылығы:

- 1 Топ студенттерін жаппай жұмыс істеуге әкеледі.
  - 2 Бос отырған студент болмайды.
  - 3 Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады.
  - 4 Қиындықтарды және білуге дағдыланады, пәнді оқып үйренуге қызығушылығы пайда болады.
  - 5 Ізденіс дағдысы қалыптасады.
- Даралап-саралап оқытуда күтілетін нәтиже:
- 1 Алдына қойған мақсатына жете алатын тұлға тәрбиелеу.

2 Әр студент өз білім деңгейін, мүмкіндігі, іскерлігін біліп ғана қоймай оны дамытады.

3 Өз бетімен ізденіс дағдыларын шығармашылық қабілетті жетілдіретін, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Ерекшелігі:

1 Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемдігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен айырылады.

2 Студенттердің оқуға деген ынтасы артады.

3 Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Саралап-даралап оқыту технологиясымен оқытқанда студенттерге тек білім берумен шектелмей, танымдық әрекетін арттырады және ойлау қабілетін, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

**Тәжірибенің жаңашылығы:** компьютерлік технологияны қолдану арқылы студенттердің қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, интерактивтік тақталарының мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, студенттердің ынтасын, белсенділігін арттыру.

**Тәжірибенің тиімділігі:** пәнге деген қызығушылығын арттырады, оқытуда саралау және жіктеуді қамтамасыз етеді, студенттердің танымдық процестері мен танымдық қабілеттерін дамытады, оқушылардың сауаттылығын ашуға септігін тигізеді, студенттердің оқу әрекетінде жетістіктерге жетуіне жағдай туғызады.

Қазақ тілі пәнін білім деңгейіне байланысты саралап-даралап оқытудың мақсаты- студенттердің жеке бас ерекшелігіне қарай қабілетін аша отыра, осы пәнді теориялық және тәжірибелік жағынан сараланған түрде даралап оқыту, сөйлестіру, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой-пікірін дамыту.

Студенттердің дербес ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім алдымен олардың ықылас-жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын жалпы білім деңгейін зерттеу қажет. Бұл ерекшеліктерді айқындау үшін білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау, студент біліміне диагностика жүргізу, психологиялық тәжірибе жасау ата-аналарымен әңгіме жүргізу керек. Студенттердің жеке ерекшеліктері сабақтың сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды, тағы да басқа тиянақтау сатыларында ескерілуі тиіс. Мәселен, үлгерімі жақсы студенттерге берілген сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташыларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға уақыт беріледі, ал үлгерімдері төмендеріне нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады.

Оқыту үрдісін студенттердің жеке ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру үшін оқу-тәрбие жұмысында мұғалім өзіне лайық әдіс енгізеді.

Өзіндік әдісті жүзеге асыруда мына мәселер көзделеді:

– Студенттердің жеке ерекшеліктерін зерттеп, типтік топтарға бөлу.

– Оқу үрдісінің барлық сатыларында әр түрлі топтардағы студенттерді оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әдістемелігін жасау.

– Әр алуан мақсатта жеке дидактикалық материалдардың жүйесін құру.

– Білімді бағалау, бақылай жүйелерін жетілдіру.

Даралап-саралап оқыту технологиясы студент пен мұғалімнің белсенді шығармашылық қабілетін дамытумен қатар студенттерге өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Студенттің білімі мен білігіндегі жетістіктерді, кемшіліктерді, олардың себептерін анықтап, мұғалім өз жұмысына талдау жасайды, оны жетілдірудің жолдарын белгілейді. Сонымен қатар даралап-саралап оқыту барысында студенттер де өзінің оқу жұмысындағы жетістіктер мен жіберген кемшіліктері туралы мәліметтер алып, өз еңбегіне талдау жасайды. Ең бастысы, оқудан ләззат алуға, білім мен ғылымға деген құштарлығын арттыруға дағдыланады.

Ұстаз сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша дегеніне жете алмайды. Сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойластыруы қажет. Сабақты жоспарлауға қандай негізгі талаптар қойылады. Олардың жобасы төмендегідей:

1 Студенттердің сабаққа бар зейінін аударып және ықыласпен, ынта-жігермен тындауын ұйымдастыру.

2 Сабақтың тақырыбына сай мақсатын нақтылай білу.

3 Ұстаздың тақырыпты терең және жан-жақты меңгеруі.

4 Мұғалімнің материалды жеткізу шеберлігі, сезімі, тиімді әдіс-тәсілдері.

5 Көрнекі құралдардың нақтылығы, әсерлігі, мазмұндылығы.

6 Мысалдардың өмірмен байланыстылығы, студентті ойлануына, сөйлетуге, тәрбиелеуге ықпалы.

7 Топпен, жеке студентпен жұмыстың жандылығы, өртүрлігі.

8 Теориялық жағынан меңгергенін іс-тәжірибеде, күнделікті сабақта қолдана алуы.

9 Студенттердің алдына проблема қойып, оны ізденіске бастау.

10 Сабақта басқа пәндермен ұқсастығына қарай түрлендіру.

11 Шығармашылық белсенділігін арттыратын өз бетінше жұмыс беру.

12 Бағалау, оның тәрбиелік мәні.

13 Үй тапсырмасы уақытында түсіндіріп, үлгісін беру.

14 Осылардың ең бастысы-сабақтың жүйелігі.

Оқу орыс тілінде жүретін топтарында қазақ тілін оқитын студент өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет.

Қазақ тілін орыс балаларына оқыту әдістемесінің ғылыми тұрғыдан зерттелу тарихы ұзақ емес. Сондықтан оқыту әдістемесі бұрыннан қалыптасқан шет тілдерді оқыту, орыс тілін оқыту әдістемелерінен оқып, үйренуіміз көп.

Қазақ тілі сөз жасау жағынан жалғанбалы. Сол себептен де қазақ тілінде жұрнақ түрлері көптеп саналады, сонымен қатар төрт түрлі жалғаудың беретін өзіндік мағынасы, сөзге жалғану кезіндегі нұсқаулары да жеткілікті.

Қазақ тілін оқытуда жақсы нәтижелерге жету үшін, мынадай басты бағыттарда жұмыс түрлерін жүргізген тиімді.

Ең бастысы, студенттердің қазақ тілінен тілдік қорын молайту. Ол үшін сөздік жұмыстарын үнемі жүргізу. Қазақ тіліндегі сөздер көп мағыналы және синонимдер мен омонимдерге бай. Сөйлемде осындай сөздердің мағынасын ажырата білуге, оларды тиімді қолдана білуге үйрету, студенттердің тілдік қорын байыту оң нәтижелер береді. Сөздік қорын байытуда сөздік жұмысының алатын орны ерекше, сабақ процесінде сөздік қорды байытудың мынадай жолдарын пайдалануға болады: мәтін бойынша сөздік қорды байыту. Сөздік жұмысының енді бір саласы- әңгіме, өлең оқып, мақал-мәтел, жұмбақ жаттаумен байланысты. Әр сабақта игерілген жаңа сөздер ауызша, жазбаша сөзде үнемі қолданылып отырғанда ғана сөздік жұмыстары нәтижелі болады. Сөздікпен жұмыс грамматикалық наықтамалар, жаттығу жұмыстарын, суретпен жұмыста, өлең, жұмбақ түсіндіргенде, сұрақтарға жауап бергенде де жүргізіліп отырады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кобдикова Ж. У. Деңгейлеп саралап оқыту. / Ж.У. Кобдикова.

2 Ахметов С. Білім берудің тиімді жолдары. / С. Ахметов.

3 Занков Л., Эльконин Д., Давыдов В., Репкин В., Левин В. Дамыта отырып оқыту әдістемесі. / Л. Занков, Д. Эльконин, В. Давыдов, В. Репкин, В. Левин.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

КУРБАНОВА А. Т.

№ 6 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі кезде оқытуда басты назар оқушылардың шығармашылық белсенділігіне және оқушыларда сабаққа деген қызығушылығына аударылады. Әр түрлі байқаулар, чемпионаттар, олимпиадалар өткізілуде. Бұл оқытуда бала белсенділігінің қағидаты дидактикада ең маңыздысы болып табылатынын дәлелдейді. Осы түсінікке жоғары деңгей уәждемесімен, білім мен біліктілікті саналы түрде меңгерумен, нәтижелілігімен және әлеуметтік нормаларға сәйкестігімен сипатталатын іс-әрекет сапасы жатады.

Мұғалімнің міндеті – оқыту үдерісін қызық, балалардың көңіл-күйін жігерлі, жұмысқа бағытталған қып, оқу материалын меңгеруде қиындықтардан өтуді жеңілдету болып табылады. Сабақ беретін пән теориясы мен әдістемесі бойынша білімді жүйелі түрде жетілдіріп, әдістемелік әдебиетті жаңартып, өз жұмысында жаңа технологияларды қолдану қажет.

Ойын технологиялары оқушылардың сабақтардағы танымдық белсенділігін дамытуға септігін тигізеді.

Ойын технологияларын бастауыш сыныптардың барлық сабақтарында қолдануға болады. Себебі бастауыш сынып – балалар өміріндегі жаңа кезең. Бұл кезеңде бала үшін басты тұлға мұғалім, себебі ұстаз баланы жаңа өмірге, жаңа әлемге жетелейтін, қызықтыратын жан. Бастауыш сынып мұғалімі күн сайын балаларға өмірді көрсете отырып, сабақ беруі тиіс. Бұл сатыда бала қиындықтардан, жаңа материалдан, жаңа адамдардан қорықпай үйренуі, оқуға қызығуы тиіс. Мына жерде көмекке ойын сабақтары, саяхат сабақтары келеді. Дәстүрлі сабақтармен қатар, мұғалім ойын арқылы қызықтырып, көлемді және қиын материалды меңгеруге негіз салады.

Бұл сабақтарда оқушылар белсенді жұмыс жасайды. Әсіресе дәстүрлі сабақтарда белсенділік танытпай жұмыс жасаған балалар аса жоғары белсенділік, қызығушылық танытып оқитыны қуантады.

**«Сақина тастамақ», «Хан талапай», «Қоржын той», «Көкпар»**

ұлттық ойындары қолданылады.

**Педагогикалық ойындар келесідей жіктеледі:**

– іс-әрекет бойынша: дене шынықтыру, зияткерлік, еңбек, әлеуметтік және психологиялық;

– Педагогикалық үдеріске қатысты:

1 оқыту, жаттықтыру, бақылау және жалпылау;

2 танымдық, тәрбиелік, дамытушылық;

3 репродуктивті, продуктивті, шығармашылық;

4 коммуникативтік, диагностикалық, бағдарлы және т.б.;

– *ойын әдістемесі бойынша*: объективті, рольдік, еліктеу және т.б.;

– ойын ортасы бойынша: заттармен, заттарсыз, компьютерлік және оқытудың техникалық құралдары және т.б.

Дидактикалық ойын барысында білім мен білік мәселені шешуде пайда болады. Алдын ала көрнекілік, дидактикалық үлестірме материалы дайындалады.

Оқушылар берілген тапсырманы орындау, оқушылардың іс-әрекеттерін бағалау барысында дидактикалық ойында белгілі нәтиже болады. Дидактикалық ойынның құрылымдық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты. Әр түрлі мақсат қойып, дидактикалық ойын арқылы оқушылардың сабақты қалай меңгергендерін көруге болады.

Дидактикалық ойынды құруда белгілі ережелер мен талаптар болады: оқушылардың іс-әрекеттері, шығармашылығы, қызығушылықтары, қанағаттанушылықтары ескеріліп, оқушылар бір-бірімен жарысу керек.

Дидактикалық ойын түрлері: жаттығу ойыны, саяхат, жарыс, іскерлік ойын.

Сонымен қатар, рольдік ойындар да үлкен маңызы бар ойын. Ол арқылы оқушылардың тілі, санасы дамиды. Тағы да көптеген ойындарды қолдануға болады.

Ойынның аты: **«Мағынасы қандай?»**

Ойынның мақсаты: Оқушыларды сөздердің мағыналарын ажырата білуге үйрету.

Ойынның шарты: Өлең жолдарына сүйеніп, қарамен жазылған сөздердің мағыналарын

Қайыпбайдың, қарашы,

Қандай ерке баласы.

Нан жемейді нансаңыз,

Тек қант пен бал – асы.

\* \* \*

Тұр уылжып жемістер,

Еңбек қызды егісте.

Күз – береке,

Күз – ырыс,

Тер сіңіріп,

Жемістер!

\* \* \*

Ойынның аты: **«Жұмбақ зат»**

Ойынның мақсаты: Оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру.

Ойынның шарты: Оқушылардың алдына ыдысқа салынып бір зат әкелінеді. Сол затты мұғалім, жауабын айтпай сөзбен сипаттайды. Оқушылар шешімін табуы қажет.

Ойынның аты: **«Сұрақ – жауап»**

Ойынның мақсаты: Оқушылар мақал-мәтелдерді тез есте сақтап, тілі мен ойлау қабілеті дамиды.

Ойынның шарты: Оқушыға белгілі бір мақалдың негізіне құрылған сұрақтар.

Мысалы:

– Елдің атын кім шығарады?

– Елдің атын ер шығарады.

– Әдепті бала қандай бала?

– Әдепті бала – арлы бала.

– Әдепсіз бала қандай бала?

– Әдепсіз бала – сорлы бала.

Ойынның аты: **«Сұрақ – жауапқа құрылған хат»**

Бұл ойынды итальян жазушысы Дж. Родари ойлап тапқан.

Ойынның шарты: Алты оқушыға алты түрлі сұрақ беріледі. Сол сұрақтарға оқушылар тез жауап береді.

Бірінші сұрақ: «Кім? Не?» (яғни бір оқушы зат есімді айтады).

Екінші сұрақ: «Қай жерде?» (яғни жатыс септігінде тұрған кез келген сөзді айтады).

Үшінші сұрақ: «Не істеді?» (оны үшінші оқушы жазады).

Төртінші сұрақ: «Ол не айтты?» (бұл сөйлем төл сөз болуы керек).

Бесінші сұрақ: «Адамдар не деді?» (бұл сөйлем де төл сөз болуы керек).

Алтыншы сұрақ: «Оқиға немен тынды?» (бастауышы жоқ бір етістік айту керек).

Мысалы:

а) Құмырсқа

Қонақта

Топырақ жеді

Ол айтты: «Мен бақыттымын»

Адамдар: «Ғұмырың ұзақ болсын», – деді.

Құмырсқа жарылып өлді.

ә) Шегіртке

Мектепте

Доп тепті.

Ол айтты: «Мен кетемін»

Адамдар: «Біз де кетеміз», – деді.

Шегіртке сылқ-сылқ күлді.

Ойынның аты: **«Жалғасын тап»**

Ойынның шарты: Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөздер жазылады. Олардың жалғасын табу керек

1 Ұяда ... ..

Ұшқанда ... ..

2 Көп ...

Терең ...

Ойынның аты: **«Жылдам жасау»**

Ойынның шарты: Оқушыларға әзіл аралас сұрақтар беріледі.

Әзіл аралас сұрақтар:

Қар жана ма?

Келіннің сөзі қандай, баланың сөзі қандай?

Көрдім деген неше сөз, көрмедім деген неше сөз?

Ананың сүті мен баланың тілі бірдей дейді. Сонда қалай?

Бір қазанға сыймайтын қандай бастар?

Адамның қай жеріне нан піседі?

Сиырдың сүті қай жерінде?

Қандай бала сүйкімді?

Қандай кілт аспанда болады?

Тауық түс көре ме екен?

Ойынның аты: **«Сөйлем құра»**

Ойынның шарты: Оқушыларға екі заттың суретін көрсету арқылы сөйлем құрау.

Мысалы: алма мен аю

1 Аю алманы көрді.

2 Аю орманда жүріп келе жатып, алманы көрді.

3 Алма ағашын көрген аю тез жинап алғысы келді.

Ойынның аты: **«Бізде»**

Ойынның шарты: Мұғалім балаларға бір әңгімені бастап айтады.

1. Мен өзенге бардым.

2 Онда үйрек ұстап алдым.

3 Үйректің жартысын итім жеп қойды.

Ойынның аты: **«Ертегіні аяқта»**

Ойынның шарты: Ертегі сәтсіз болса, сәтті аяқтау.

Мысалы: Ешкі апан ішінде қалып қояды. Ешкі апаннан қалай-ары қарай балалар жалғастырады.

Ойынның аты: **«Ұқсату»**

Ойынның шарты: Бір-біріне ұқсамайтын, байланыспайтын суреттерді салыстыру

Мысалы: күн, кітап, қасқыр, кесе, тамақ, сабын, т.б.

Ойынның аты: **«Жұмбақ құрастыр»**

Ойынның шарты: Етістігі берілген немесе соңғы сөзі берілген сөйлем

Мысалы: .... .. тынығады,

.... .. зымырайды (шана)

Ойынның аты: **«Режиссер»**

Ойынның шарты: Берілген тақырып бойынша диафильм жасайды.

Ол үшін мысалы, «Алтын күз» тақырыбына диафильм жасау.

Ойынның аты: «Жаңылмаймын жаңылтпаштан»

Ойынның мақсаты: Оқушыларды сөйлеуге, дұрыс оқуға тәрбиелеу.

Мысалы:

Жаңылтпаштарымнан жаңылысыңқырағандарын

Жаңылысыңқырамағандарыңды

Жаңылыстырмасандарсайшы.

Ойынның аты: **«Мақал-мәтелдер айтудан жарысайық»**

Ойынның мақсаты: Оқушыларға тәрбиелік мәні жоғары, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді

Ойынның шарты: Бұл ойында мұғалім әрбір топтың алдына келіп,

Мысалы, мұғалім бірінші топтың алдына келіп, өтірік сөз деді,

Жыртық үйді жел табар,

Өтірік сөзді жан табар.

Өтпес пышақ қынға қас,

Өтірік сөз жанға қас.

Өтірікшінің шын сөзі зая кетер

Өтірік деген дұшпан бар,

Отқа сүйреп салады, т.б.

Мұғалім екінші топтың алдына келіп, ұрлық деді. Оқушылар ұрлық

Көп жортқан түлкі терісін алдырар

Ұрлық түбі – қорлық

Жаман ұры жанындағысын қармайды, т.б.

Ойынның аты: *«Жалғасын тап»*

Ойынның мақсаты: Оқушылар үлкенді сыйлауға, мінез-кұлықтарын жас

Ойынның шарты: Жасырылған мақал-мәтелдердің екінші сыңарын табу.

Адам болар баланың,

Кісіменен ісі бар.

Адам болмас баланың,

...

Ана тұрып, қыз сөйлегеннен без,

...

Көп оқыған білмейді,

...

Әдептілік – адамдықтың белгісі,

...

Тақырыбы: *Айна*

Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.

Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» – жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.

Тақырыбы: *Қызыл табан*

Мақсаты: Балаларды ұжыммен жұмыс жасауға, ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа, әдептілікке үйрету.

Ойынның шарты түсіндіріледі. Осы лагердегі бір адамның табанына «қызыл табан» белгісі жапсырылған. Ол белгі кез-келген адамда болуы мүмкін. Қай топ сол адамды бірінші тауып, әуелі әдепті сөздер көмегімен табанын көрсетуін сұрап, дәл тапса, солар ұтады. Балаларды екі топқа бөлеміз. Жүргізуші әр топтың алдына келіп бір сөзді айтады. Сөздер алдын-ала дайындалады. Қай топ осы сөз кіріктірілген мақалдарды көп тапса солар ұтады. Мысалы: «тіл» деген сөзді қатыстырып мақал айту. «Тіл –тас жарады, тас жармаса бас жарады», т.с.с.

### Логикалық ойындар

Тақырыбы: Балық, құс, аң

Мақсаты:

Жүргізуші ойыншылардың жанына барып жаймен ғана «балық, құс, аң» – деп айтып-айтып келеді де, бір ойыншының жанына барған кезде дауысын қаттырақ шығарып:

– Балық!(немесе аң, құс) –деп айтып қалады. Сол мезетте ол ойыншы бірден өзі білетін кез-келген балықтың атын айтып үлгеруі керек. Айта алмай қалса ол ойыннан шығады. Ойын ең соңғы ойыншы қалғанша жалғаса береді.

Қағазға жазылған әр түрлі мақалдар тең етіп екі топқа таратылады. Жүргізуші бір тақырыпты айтады. Сол тақырыпқа қатысы бар мақалы бар бала ортаға шығып, дәлелдер келтіріп, түсіндіруі керек. Қай топтан көбірек, әрі «дәлелі түсінікті» жауаптар болса, сол топ ұтады.

### Өзін-өзі таңуға арналған ойындар

Тақырыбы: Жақсы сөз – жарым ырыс

Мақсаты: Баланың білетін бар жақсы сөздерін достарына айтқызыра отырып, өзара сыйластыққа, достыққа жетелеу, әрі сөздік қорын молайту. Өзін-өзі таңуға, өзінің тіл байлығын бағалауға үйрету. Баланың бойындағы ізгілікті ояту, түрткі болу.

Қатысушыларды шеңбер бойына отырғызамыз. Жүргізуші «жақсы сөздерді» айта отырып, қолындағы допты кез-келген балаға лақтыра салады. Допты алған бала дереу бір «жақсы сөзді» айтады да келесі балаға допты лақтырады. Жақсы сөздер тізбегі осылай жалғаса береді. Ойынның шарты бойынша айтылған сөздер қайталанбауы керек. Сөз таппай қалған, немесе қайталанған сөз айтқан қатысушы ойыннан шығады. Ойынның тағы бір ізгі шарты бар: ойыннан шығып қалған баланы досы «жақсы сөз» сыйлап қайта кіргізе алады. Бірақ бір рет қана бұл мүмкіндікті пайдалана алады.

Сонымен, сабақта ойындарды қолдану өте қолайлы, пайдалы, нәтижелі болып табылады. Себебі ойын арқылы оқушылар жаңа тақырыпты тез меңгеріп, олардың логикалық ойлау қабілеттері, тілдері дамып, сабаққа деген қызығушылықтары артады. Және де ойын арқылы оқушылардың өздеріне сенім пайда болады. Сондықтан, сабақта әр түрлі ойындарды, ойын элементтерін пайдаланудың маңызы зор.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тойбаев Ә. Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде оқушы тұлғасын дамытудағы ойын технологиясының теориялық негіздері:

пед. канд. дис. автореф. 130001-»Жалпы педагогика». – Алматы : әл-Фараби ат. Қазақ мемлекеттік ун-ті, 2008. – 25 с.

2 Садықов Т. С., Әбілқасымова А. Е. Қазіргі заманғы сабақ. Оқу процесін ұйымдастыру. Алматы, 2004. – 218 б.

3 Журнал «Современное образование» 2011 ж.

4 Ашимов У. Новые приоритеты в образовании. – 2012, 3 октября.

## ЖАҢАША ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕГІ ТӘСІЛДЕРІ

ҚАДЫРОВ Ж. Т.

ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

СИНБАЕВА Г. К.

ғылым магистрі, аға оқытушы, М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

АУБАКИРОВА Б. К.

ғылым магистрі, аға оқытушы, Ш. Уәлиханов атындағы  
Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

Қазіргі кезде бүкіл дүние жүзілік білім әлеміне кіру мақсатында Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалімде күнделікті ізденіс арқылы, барлық жаңалықтармен қатар тұру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілі туындайды, яғни мемлекетіміздің білім беру жүйесінде жаңа бағыт, жаңа мазмұн жүріп жатыр. Ғылым өзін-өзі түзете отырып, үздіксіз ілгері жылжи береді [1, 28 б.]. «Ғылым – саты», – деп В. Гюго айтқандай ғылым мен техниканың дамуы білім жүйесіне тың серпіліс әкеледі. Білім білік дағдысын механикалық түрде емес, танымдық қабілетті дамыған өзін-өзі көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға оқыту технологиясының маңызы зор. Сондықтан жанаша әдіс-тәсілдерді оқып үйрену – заман талабы. Оқыту әдістері

танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады. Оқыту тәсілдерінің түрлері: ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері; мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер; оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер; жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері. Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі. Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру, ал оқыту құралдары – білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, оқу кабинеттері, зертханалар т.б. Оқыту әдістері белгілі бір негіз бойынша топтарға бөлінеді. Оқушылар сөзден, кітаптан, көрнекіліктен, тәжірибелік жұмыстардан білім алады. Осыны ескеріп 20–30 жылдарда Н. М. Верзилин, Е. Я. Голант сөздік, тәжірибелік, көрнекілік әдістерін ұсынды. Қазір компьютерлік жүйелер арқылы білім алу мүмкіндігі бар.

М. А. Данилов (1899–1973), Б. П. Есипов (1899–1967) дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістерді топтастырды. Олар: білім алу, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру, білімді қолдану, шығармашылық іс-әрекет, бекіту, білім, іскерлік, дағдыларды тексеру. Аталған авторлардың пікірлерін ескерсек, оқыту әдісі – дидактикалық мақсатқа жету үшін оқушылардың іс-әрекетін реттеп, ұйымдастыру тәсілдері болып саналады. И. Я. Лернер, М. Н. Скаткин оқыту әдістерін оқушылардың танымдық жұмыстарының түріне қарай топтастырған. Авторлар балаларға ақыл-ой жұмысының, өз бетімен білім алудың жолдарын көрсетеді [2, 39 б.].

Оқытушының басшылығымен жұмыс істейтін оқушылардың танымдық белсенділігі әртүрлі. Репродуктивтік әдіс арқылы оқушы «дайын» білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенмен, оның ақыл-ой белсенділігі төмен болады. Эвристикалық әдіс арқылы ақыл-ой жұмысы күшейеді, оқушы білімді өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы алады. Ю. К. Бабанский оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістерін топтады. Ол іс-әрекет 3 бөліктен: ұйымдастыру, ынталандыру, бақылаудан тұратынын атап көрсетіп, әдістерді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру,

ынталандыру, бақылау әдістері деп бөледі. М. И. Махмутов оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістерін іріктеген. Оқыту әдістері: а) ақпарат беру әдісі, ә) түсіндіру әдісі, б) ынталандыру әдісі, в) тәжірибелік әдіс [3, 117 б.].

Бинарлық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты оқыту мен оқудың тәсілдерін (хабарлау, міндеттер қою, мұғалімнің тапсырма беруі, оқушылардың тыңдауы, жаттығулар орындауы, есептер шығаруы, мәтінді оқуы, т.б.) қолдануды талап етеді. Мысалы, мұғалім оқушыларға фактілер мен ережелерді хабарлайды, заттарды көрсетеді, фактілердің мәнін түсіндіреді, оларға сұрақтар қояды. Егер оны тәсілдердің арасында түсіндіру тәсілдері, дәлірек айтсақ фактілерді талдау, салыстыру, хабарлау, т.б басым болса, онда оқыту әдісін түсіндірмелі деп атауға болады. Егер негізгі тәсіл ақпараттарды, фактілерді ұсынумен шектелсе, (мысалы: мұғалім оқушыларға ережелерді жаттауды ұсынады, бірақ ереженің мәнін түсіндірмей, оны жаттау тәсілін айтады), онда оқыту әдісі ақпараттық-хабарлау, немесе оны жай ғана хабарлама әдісі деп атайды. Осыған сәйкес бірінші жағдайда оқушылар заттарды бақылап, фактілерді есінде сақтайды, мұғалімнің түсіндіргенін тыңдайды және ой елегінен өткізеді, ақпараттық сұрақтарға жауап іздейді. Бұл жерде оқу әдісі репродуктивтік, дәлірек айтсақ жаңа ережені оқушылар дайын күйінде меңгереді (оқушылар фактілерді талдап, ережелер шығармайды). Егер оқыту әдісі хабарлау әдісі болса, оқудың негізгі тәсілі жаттау, оқушылардың үлгі бойынша жұмыс істеуі. Мұндай оқу әдісін шартты түрде орындаушылық деп атаймыз. Сондықтан оқушының кітаппен жұмысы оқу әрекетінің тәсілі болып табылады. Егерде оқушы мәтінді талдаса, түсінгенін өз сөзімен айтса, онда кітаппен жұмыс оқу әдісі болып табылады. Егер монологтық баяндау әдісі қолданылса, онда мұғалім әңгімелейді, ғылымның дайын қорытындыларын, ережелерін, фактілерін хабарлап оқиғаларды суреттейді, іс-әрекеттің үлгілерін көрсетеді және оқушыларға тапсырмалар береді. Эвристикалық әдісті қолданғанда мәселелік деңгей (оқушылардың белсенділігі) едәуір көтеріледі, эвристикалық әңгімелерге танымдық (логикалық) есептер және проблемалық тапсырмалар қосылады. Оқушылар мұғалімнің көмегімен «жаңалық» ашады, бірақ негізінен оқушылар өз бетімен жұмыс істейді. Зерттеу әдісін қолданғанда мұғалім оқушыларға тәжірибелік сипаттағы тапсырмалар (тәжірибе жүргізу, қосымша ақпарат, фактілерді жинап оларды өз бетімен талдау және қортындылау, өз ойын дәлелдеуге керекті материалдарды жинау, т.б.) береді. Оқушылар оларды өз бетімен орындайды, бірақ бұл жерде

мұғалімнің басшылығы керек емес деген сөз тумады. Оқыту әдістерін тандау әдетте сабаққа оқу материалының мазмұнын тандаған кезде жүреді. Ол дидактикалық мақсатқа, оқушылардың білім деңгейіне мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты.

Әңгіме – оқу материалын ауызша баяндау. А. Байтұрсынов «Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас» дейді. Сөз өнерінің айшықты болуы сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемділігіне, тіл тазалығына байланысты екенін дәлелдеп, алмастыру, кейіптеу, бейнелеу (ұқсату), әсірелеу тәсілдерінің мәнін ашады. Міржақып Дулатов оқытудың баяндау, әңгіме, түсіндіру әдістеріне ерекше мән беріп, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды әсерлі баяндаудың тәсілдерін көрсетіп берді. Ол «баланы толық жауап беруге әдеттендіру керек», - дейді. ....Сөйтіп, оқытушы көркемдеп оқытудың жаңаша жолдарын ұсынып, мұғалімдерден соны іс-әрекеттерді талап етеді. «Балалар дұрыс оқи алмай, қиналған жерде мұғалім өзі оқып, көрсету лайық», - дейді. Сөздік әдісі мектептің барлық сатыларында қолданылып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығы өзгереді. Әңгіме арқылы жаңа білімді хабарлау үшін оған кейбір талаптар қойылады. Олар: әңгіменің оқушылардың адамгершілігіне әсер етуі; әңгімеде дәлелді және ғылыми фактілердің болуы; ой пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін жарқын және нанымды мысалдардың, фактілердің жеткіліктілігі; әңгіменің жүйелілігі болуы керек; әңгіменің әсерлілігі; тілінің қарапайымдылығы және түсініктілігі; мұғалімнің фактілер, оқиғаларға берген бағасының болуы.

Түсіндіру – жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекі құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мысалы, шет тілі сабағында жаңа мәтінді өтер алдында оқушыларға жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріледі. Мұғалім оқушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекі құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды түсіндірмес бұрын оларды оқушыларға түсіндіреді. Түсіндіру әдісі жаңа тақырыпты түсіндіргенде жиі қолданылады, бірақ бекіту кезінде оқушылар білімді дұрыс меңгермегенде де қолданылады. Түсіндіру әдісіне қойылатын талаптар:

- сұрақтарды дәл және анық тұжырымдау;
- себеп-салдар байланысын ашып, дәлелдер келтіру;
- салыстыру, қатар қою, ұқсату, жарқын мысалдар қолдану;
- жүйелілік.

Әңгімелесу – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың



жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Әңгімелесу – дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қолданған, сондықтан әңгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды. Оқу материалының мазмұны, оқушылардың шығармашылық танымдық қызметіне қарай дидактикалық процестегі әңгімелесу әдісінің көптеген түрлері бар. Олар: кіріспе, немесе сабақты ұйымдастыратын әңгіме, жаңа білімді қалыптастыру (сократ, эвристикалық), жинақтаушы, жүйелеуші және бекітуші әңгімелер арқылы оқушылардың іс-әрекеттің жаңа түріне, жаңа білімді тануға дайындық деңгейі анықталады. Әңгімелесу әдісі оқушыны жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді. Эвристикалық әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, олардың жаңа білімді түсінуін, қорытынды жасауын жеңілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланып жаңа білім алады. Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Оқушы өз білімін жаңа оқу және ғылыми мәселелерді шешуге қолданады [4, 33 б.].

Әңгімелесу барысында мұғалім сұрақты бір оқушыға (жеке әңгімелесу) немесе барлық сынып оқушыларына (жаппай) қояды. Әңгімелесудің бір түрі – оқушымен әңгімелесу. Оны сыныппен, оқушылардың жеке топтарымен өткізуге болады, әсіресе жоғары сынып оқушылары өз пікірлерін айтып, сұрақтар қойып, мұғалім ұсынған тақырыпты талқылайды. Әңгімелесудің нәтижесі көп жағдайда сұрақтардың дұрыс қойылуына байланысты.

Әңгімелесу әдісінің артықшылықтары: ес пен тілді дамыту; оқушылардың оқу-танымдық қызметін белсенді ету; оқушылардың білімінің белгілі болуы; жақсы диагностикалық құрап; үлкен тәрбиелік күші бар. Әңгімелесу әдісінің кемшілігі: уақыттың көп кетуі; қауіп элементі бар (оқушы дұрыс жауап бермеуі мүмкін, оны басқа оқушылар естіп, есінде сақтап қалады).

Оқу пікірталастары оқытудың сөздік әдістерінің ішінде елеулі орын алады. Оның оқыту процесіндегі ең басты қызметі – танымдық қызығушылықты ынталандыру, оқушыларды қандай да мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғанық және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау. Пікір-сайыс өткізу үшін оқушылардың дайындығы, талданатын мәселе бойынша кем дегенде екі қарама-қарсы көзқарас болу керек. Оқу – пікір сайыстары оқушылардың өз

ойларын анық және дәл тұжырымдау іскерлігінің болуын, дәйекті дәлелдерді құрастыра білуін талап етіп, оларды ойлауға, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге, ой жарыстыруға үйретеді. Мұғалім сөз мәнерінің үлгісі болып, оқушылардың ой-пікірлерін тыңдап, оған әдепті түрде түзетулер енгізіп, өз пікірінің ақиқаттығына таласпай, соңғы сөзді айтуға құқығы бар екендігін оқушылардың естеріне салуы қажет. Жақсы өткізілген пікірсайыс балаларға білім және тәрбие береді, мәселені терең түсінуге, өз пікірін қорғауға, басқалардың пікірімен санасуға үйретеді.

Кітаппен және оқулықтармен жұмыс – оқытудың маңызды әдісі. Баспа материалдарымен өз бетімен жұмыс жасаудың кейбір тәсілдері бар. Олар: конспектілеу - кітаптың мазмұнын қысқа баяндау; мәтіннің қарапайым және күрделі жоспарын жасау. Жоспар құру үшін мәтінді оқып болған соң оны бөліктерге бөліп, әр бөлікке атау беру керек; тезистеу - кітаптың негізгі ойларын қысқа баяндау; цитаталау – мәтінді сөзбе сөз көшіру. Міндетті түрде автор, кітап (жұмыс) аты, баспасы, шыққан жылы, беттері көрсетіледі; аннотация – мәнді, елеулі мағынасын жоғалтпай мазмұнды қысқа баяндау; рецензиялау - оқу материалы туралы өз ойын қысқа жазу; справка жазу – тапқан кітап, т.б. мағлұмат көзі туралы мәлімет. Анықтамалар статистикалық, библиографиялық (өмірбаяндық, терминологиялық, географиялық, т.б.) түрде болады; формалдық-логикалық модель – мәтіннің сызбасы.

Оқытуда қолданылатын көрнекілік әдістер де бар. Әл-Фараби «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік» деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазіргі мектепте осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады. Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация. Иллюстрация әдісі арқылы оқушыларға иллюстрациялық құралдар – атап айтсақ: плакат, кесте, картина, карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі. Демонстрацияның (көрсету) оқыту әдісі ретіндегі ерекшеліктері демонстрация әдісі арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе техникалық

құралдардан, кино-фильмдерден, диафильмдерден көрсетіледі. Оқу процесіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (теледидар, видеомагнитофондар) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі – жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, мектептерде электронды-есептегіш техникасы кабинеттерін құру міндеті шешілуде, оқу процесіне белгілі бір жағдаяттарды және процестерді үлгілеуге мүмкіндік беретін компьютерлерді, интерактив тақталарды енгізу қолға алынуда. Олар оқушыларға бұрын оқулық мәтінінен меңгерілген көптеген процестерді қозғалыста, көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді. Компьютерлер, көрнекілік әдістерінің оқыту процесіндегі мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтеді [5, 51 б.].

Оқытудың тәжірибелік әдістері арқылы оқушылар тәжірибелік қызметпен айналысып, тәжірибелік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады. Тәжірибелік әдістер: жаттығулар, зертханалық және практикалық жұмыстар. Жаттығу көмегімен ақыл-ой және тәжірибелік іс-әрекет меңгеріледі. Егер оқушы іс-қимылдарды ауызша айтса, онда оны түсіндіру арқылы жаттығу деп атайды. Мұғалім оқушы іс-әрекетінен қателіктер тауып, оқушылардың іс-әрекетіне түзетулер енгізеді. Жаттығулардың ерекшеліктері: ауызша жаттығулар логикалық ойды, есті, тілді оқушылардың зейінін дамытуға көмектеседі.

Жазбаша жаттығулар білімді бекіту және оны қолдану іскерлігін жасауда қолданылады. Оларды қолдану логикалық ойды дамытуға, жазбаша тіл мәдениетін, өздікті дамытуға көмектеседі. Әрбір оқу пәнінің міндетті бөлігі – ана тілінен шет тіліне аудару, берілген тақырыпқа шығарма жазу, суретпен жұмыс, өз бетімен мысалдар және есептер, кесте құрастыру, диаграмма, баяндама, көрініс әзірлеу. Жаттығуды орындау алдында оқушыларға теориялық материал түсіндіріліп, нұсқау беріледі. Оқушы оқуға үйренгенде, мәтінді мәнерлеп оқып, грамматикалық ережелерді қолданып, көптеген жаттығулар жазады [6, 87 б.].

Графикалық жаттығулар: кесте, сызба, технологиялық карта, альбом, стенд жасау, экскурсия кезінде салған суреттер. Жаттығу әдісіне қойылатын талаптар: оны орындауға деген оқушылардың саналы көзқарасы; жаттығуларды орындаудағы дидактикалық сабақтастық: алдымен оқу материалын түсінуге көмектесетін, содан кейін есте сақтауға, қолдануға, оқылғанды жаңа жағдаяттарда өздігінен, шығармашылықпен қолдануға, жаңа материалды бұрын меңгерген білім, іскерлік және дағдылар жүйесіне қосуға мүмкіндік беретін жаттығуларды орындау.

Ойын – оқыту әдісі. Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын – қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет Г. Спенсер ойын арқылы денедегі артық энергияны шығару, К.Крус тіршілік үшін күреске әзірлеу ойындарының, С. Л. Рубинштейн еңбекке дайындайтын ойындарының теорияларын жасады. Ойын туралы қазіргі көзқарастар оның көптеген қызметін анықтап отыр. Ол баланың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қанағаттандырып, оның өмірге бейімделуін жеңілдетеді (Д. Б. Эльконин), болмысты тануға көмектеседі [7, 63 б.]. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Оқушылар ертегілерді, аңыздарды, әдеби шығармаларды, өмірден алынған оқиғаларды сахнаға лайықтап қойып, өздері түрлі рөлдерде ойнайды [8, 3 б.].

Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Іскерлік ойындар оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болады. Мұғалімдер көптеген танымдық ойындар өткізеді. Оқыту әдістерін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Оқыту әдістерінің тиімділігін арттырып, оқытудың жаңа нысандары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі.

Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану – білім беру жүйесінің дамуының негізгі көзі болып табылады. Ана тілі мен өзі өмір сүріп отырған қоғамның, жалпы тіл мен мәдениеттің өзара байланысып түсінуде тілдегі сөздің мағынасын білу оқушының танымын кеңейтеді. Сондықтан қазақ тілінің сөздік қорын, тіл байлығын, сөз сырын тереңдей ұғындыруда жаңаша бағыт алып оқытудың алатын маңызы зор. Қорыға айтқанда жаңаша жандандырып оқытудың тиімділігі оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен қатар шығармашылық деңгейі де көтерілді. Әр оқушы өзінің білім дәрежесіне байланысты тапсырмалар орындай отырып, әлсіздер білім алуға ұмтыла түседі, мықтылардың өзіне тән деген сенімділіктері арта түсті. Нәтижесінде: жан-жақты шығармашылық іс-әрекеті бар тұлға болып қалыптаса алады. Бұл әдістердің тілді үйретуде маңызы зор.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. // Қ.М, 2/6 шілде, 1999.

2 Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтөбе: РИПК:СО, 1999.

3 Таубаева Ш.Т., Лактмонова С.Н. Педагогическая инновация как теория и практика нововведений в системе образования : научный фонд и перспективы развития. – Алматы: Ғылым, 2001. – 255 б.

4 Мұхамбетов С.Қ. Педагогика. – Ақтөбе, 2001. – 189 б.

5 Бұзаубақова К.Ж. К.Құдайбергенов Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМУ, 2003. – 187 б.

6 Сабыров Т.А. Оқушылардың өз белсенділіктерін арттыру жолдары. – Алматы, Мектеп, 1978. – 110 б.

7 Әлімжанов Д, Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1996. – 248 б.

8 Әбдіғалиева Қ. Осы заманғы педагогикалық технология.// Қазақстан мектебі – 2001 №2 13 б.

## ТҮР-ТҮСТЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ТАНЫМҒА НЕГІЗДЕЛУІ

ҚАЗАҚБАЕВА К. Р.

оқытушы, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.,

Табиғаттағы неше алуан түр мен түсті, олардың реңктерін адам баласы екі түрлі жолмен танып біле алады екен. Оның бірі – ғылыми жол да, екіншісі – халықтық дәстүр, тәжірибе. Түр-түс әлемін ғылыми жолмен тану, осы құбылысты зерттейтін ғылым салаларының (колOMETрия, физика, физиология, психология) дамуына байланысты болса, дәстүрлік тану өмір тәжірибесіне сүйенеді. Хронологиялық жағынан дәстүрлі тану ғылыми танудан бұрын тұрады. Дәстүрлі ұғым барысында түр-түстің жалпы қасиетін, негізгі белгілерін білсек, ғылыми-теориялық зерттеу нәтижесінде олардың жай көзге көріне бермейтін нәзік реңктерін дәлдікпен белгілеуге, өлшеп, көрсетуге болады.

Түр-түстің мағыналық өрісінің кеңуі мен тарылуы әрбір халық, әрбір этностың оларға байланысты өзіндік танымы болуынан, өз тілінде ат қойып, айдар тағуынан, яғни дәстүрлілігінен байқалады. «Дәстүрлі таным» деп аталудың өзі халық болып танылғаннан бергі дүниетанымның өзін қоршаған табиғаттың түр-түсін меңгеруінің және оларды өзінде қалыптастыруының нәтижесі болып табылады.

Евразия даласын үш мың жылдан бері мекен етіп келе жатқан көшпелілердің ой-жүйесі адам мен билеуші тылсым күштің

арасында қандай қарым-қатынас орнады, ол қатынастың себебі мен сипаты қандай болды деген сауалдарға өз болмысына лайық жауап іздеттірді, өз өмірінің сан-салалы белестерін толып жатқан мифтік және діни ұғымдармен көмкеріп отырған. Көшпелілер қиялы мен дүниетанымы үлкенді-кіші өз құдайын (Тәңір, Ұмай, Жер, Су) дүниеге әкелді. Байырғы діндер (шаманизм, нагуализм, зороастризм т.б.) мен наным-сенімнің (тотемизм, анимизм, түрлі культ, т.б.), сондай-ақ мифологиялық сана классикалық діндерге арқау болды, адамзат санасының әр түрлі қырын ұштауға негіз болды.

Мифологиялық таным-түсініктерді сұрыптау және оны тілдік жағынан түсіндіру қазіргі кезеңде өте-мөте маңызды. Себебі тарихи әлеуметтік тұрғыдан алғанда, тіл – мифологиялық дүние танымдық жинақталған бірден-бір көзі» [1, 62 б.].

Қазақ мәдениеттану тарихында миф мәселесі қоғамдық сананың құрамдас бөлігі, этномәдениеттің өмір сүру дағдысы, сананың дүниетанымдық негізі ретіндегі деректердің іздері Ш. А. Байт, Қ. Жұбанов, М. Сыздық, Е. Жанпейісов, А. Сейдімбек, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Қ. Құрманова, Ғ. Есім т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде айтылып жүр. Қазақ тіліндегі түр-түстің мифтік сипаты бар, бұл сипат олардың мағыналық өрісі мен функционалдығына әсер етіп келеді.

Айталық, «көк» сөзіне келсек, бұл сөз түркі халықтарына ортақ. Заттық ұғымдағы көк («аспан») пен сын есім «көкті» синкретикалық түбір деп қарастырылып жүр. Аспан мағынасындағы көк сөзі мен онымен түстес нәрселердің бәрінің көк аталуы әбден мүмкін. Түркі тектес халықтардың ішінде «көк» күшейту мәнінде «көкпенбек» болып қолданылады. Бұл «көк» пен «көк», яғни көк түске көк үстелді дегенді, көк түстің қоюланғанын білдіреді. М. Қашғари сөздігінде «көк» атауының бірнеше мағынасы берілген: 1. негіз, түбір; 2. шылбыр; 3. аспан, көк; 4. қиындық, машақат; 5. түс; 6. қала көгі.

Бұлардың бәрі бірдей болмағанмен, кейбірі тұрақты тіркестер құрамында сақталған: көген көз, көкше көз, т.б. Көне түркі тілінде «көк» сөзінің бір мағынасы «тамыр» («корень») «көкеу» қазіргі түркі тілінде «тамырлас» ұғымын береді. Бұл «көке» туыстық атау сөзімен де байланысты. Мұндай мағына «көгі жақсы», «көгі жаман» тіркестерінде сақталған. Бұлар көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі. М. Қашғари сөздігінде «көкен кім?» тіркесінің мағынасы «шыққан тегін қандай (кім?)» дегенді білдіреді [2, 284 б.].

«Зенгір көк» түс адам баласы түсініп, қабылдап жүрген бояуларының ең реңділерінің бірі. Бұл кездейсоқ емес. Өйткені не

нәрсе де адамзаттың өзін қоршаған ортаға, табиғатқа еліктеуінен туып жатады. Ендеше аспан түстес болудың ықыласқа бөленуі әбден заңды. Сондықтан да тілімізде «көк» (аспан, тәңірі) ұғымымен байланысты айтылатын тіркестер көп. Көк сын есімі қатаң дауыссыздан басталады. Ал, қатаң дауыссыздардың қолданылуы С. Е. Маловтың көрсетуінше, тіл құрамындағы ежелгі заңдылықтың белгісі, тіл тарихындағы өте ескі құбылыс. Тілдің тарихына көз жүгіртер болсақ, «Құтадғу білікте» түр-түсті білдіретін сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарағанда, ескерткіште түсті білдіру үшін нақты сөздер қолданылған. Олардың қолданылу дәрежесі әр түрлі: қара 100-ден артық бәйітте, көк – 78, қызыл – 50, жасыл – 26, ақ – 25, қоңыр – 22, сары – 17, күлгін – 6 рет қолданылған. Негізгі мағынасында көк бір бәйітте ұшырасады.

Ал көк сөзінің аспан мағынасында қолданылуы түс атауларына қарағанда әлдеқайда жиі. Көк сөзінің мағыналық реңктері түс атауларының функционалды тұрғыдан мағыналық өзгеріске қалай түсетінін нақтылай алады. М. Оразов сөз мағынасын объектив дүниенің жалпыланған, дерексізденген бейнесі екенін айта отырып, кейбір түстің, оның ішінде көк түстің мағыналық-функционалдық қырларын былайша ашып береді: 1. ашық аспан тәріздестүс; 2. қаулап өскен шөп; 3. жеміс-жидек, көкөніс. Сондай-ақ бұл сөздің жас, буыны қатпаған деген мағынада да қолданылады [3, 153 б.].

Көк – киелі түс. Бұл оның барлық мағынасымен тіркесетін сөздердің барлығы да наным мен сенімнің, кие тұтудың салдарынан туғанына нұсқайды. Көк сөзі және оның тіркесімдеріне қарағанда, олардың әр біреуінің шығу, тіркесуінде көне заманғы шамандық түсінік сезіледі. Айталық, *көк тіреу* тіркесі мағынасында жаратылыстың сыры, көкке табыну мағынасы сезіледі: Бір мүйізін көк тіреп, бір мүйізін жер тіреп, т.б. Көкпен келетін тіркесімдерде киелілік мән-мағына сақталады. Көкке қолын жайып,

*Кеудесі жарық, Көк ана –*

*Көк тәңірі көзіңді аш,*

*Көк айрылып күн шық!..*

*Тас жарылып, су шық!*

*Жер жарылып, көк шық!*

*Қуыс керіліп, жел соқ!*

*Желін жарылып, сүт шық!...*

Көк тәңірі ежелгі түркілер үшін *аспан*, *ұлы*, *биік*, *құдірет*, *құрметті* мағынасына жақын ұғынылған. Көк тәңірі мен көк

бір-біріне синоним болып шыққан, бертін келе «көк» сөзі субстанцияланып, «тәңірі» сөзінің анықтағышына айналған. Бұл екі сөздің түпкі мағынасында семантикалық ұқсастық күшті болған, сөйтіп осы сөзден тарайтын туынды сөздер, туынды мағыналардың бәрі бір функционалды-семантикалық өріске шоғырланған, – дейді профессор А. Б. Салқынбай [4, 24 б.].

Көк – зат есім және көк – сын есім, көгер етістігі, фонетикалық өзгеріспен жұмсалатын көкпеңбек сияқты кіріккен сөз – бәрі де көк сөзінің функционалды-семантикалық өрісін құрайды. Тарихи семантикасымен *көк тәңіріден* (Күлтегіндегі: Биікте Көк тәңірі Төменде қара жер жаратылған) [80, 40 б.] дегендегі кейінгі орында келетін көк бөрі сөзі көк сөзінің функционалды-семантикалық өрісінің бір қанатын, оның өзінде де белсенді бөлігін құрайды. *Көк бөрі – бөрі тайпасы, бөрі үйірі, көк шулан, көк шулан қасқыр, көкжал, көкжал қасқыр, көк сұр қасқыр*, т.б. мағыналық қатар жалғаса береді. Егер функционалды-семантикалық өрістің өзге бір өріспен шектесетінін ескергенде, *көк-сұр*-дан өрістейтін мағыналық өріс жеке бір микроөріс болумен бірге *көкбет* сөзі арқылы келесі бір өріс бірліктерімен (адаммен байланысты) мағыналық байланыс жасайды.

Көк сөзінің символдық мәні функционалды-семантикалық өрістің бір қанатын құрайтыны сөзсіз. Айталық, Оғыз қағанның балаларының аты Ай, Күн, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз болса, онда да Көк тәңіріне сыйыну байқалады.

Көк сөзінің қазіргі түсінікте болуға тиіс емес мағыналары көне мұралардан табылады. Айталық, көгілдір түс атауы: *Ертеде күндердің бір күні Ай қағанның көзі жайнап бір ұл тапты Сол баланың жүзі көгілдір* дегенде де, киені қасиеттеу, символдық сипат анық көрінеді. Я болмаса, *аспаннан көк нұр түсті Күшнен де шұғылалы, айдан да сәулелі екен* деген мысал да көктің мағыналық өрісінің тарихи сипатын көрсеткенмен, қазіргі қолданыс аясымен жиілігіне қарағанда бұл тіркесімдердің өрістің шеткі перифериясына тән екенін байқау қиын емес. Ал *көзі көктен көкшірек* дегенде *көкшірек* мөлдір ұғымын, таза, кіршіксіздікті білдіреді. Келесі *көзі көкшірейіп* дегенде, бұл жағымды мағынасынан айрылып, өзге мағыналық реңкпен айтылады. Көзі көкшірею, *көзін көкшиту – ашулануды және аузын аңқитып кету* дегенді білдіреді. Символдық мән *көк киік, көк құс* тіркесімдері арқылы да жеткізіледі [4, 24 б.].

Көк түсінің қолданыс өрісі кең. Сондықтан көк түсіне байланысты жинастырылған тілдік материалдарды қолданыс орнына қарай, атап айтқанда, ономастикалық атаулар құрамында

келуі, мақал-мәтелдерде кездесуі, т.б. зерттеуді қажет етеді. Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі жер-су атауларында, гидронимдер мен ойконимдер құрамындағы түр мен түстің көп болуы қызықты құбылыс және өз алдына болашақта жеке зерттеуге лайық дүниелер. Мұралар тілінен, соның ішінде ауыз әдебиетінен де түр-түске байланысты мол материал жинауға болады, болашақта бұл бағытта да жұмыс істеу мүмкіндігі жоқ емес. Яғни түр-түс атауларын зерттеудің перспективасы, болашақ бағдары сан қырлы, сондықтан бұл бағыттағы зерттеулерді тереңдету, әр бағытта ізденістер жасау қажеттігі сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бекежанов О. Мифтің қоғамдық санадағы мәні мен қызметі. – Алматы, 1999. – 186 б.
- 2 Қашқари М. Девону луғат-ит түрк. – Тошкент, 1963. – 2 т. – 284 б.
- 3 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 212 б.
- 4 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект: филол. ғыл. д-ры дисс. – Алматы, 1999. – 309 б.

### СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ

ҚОЖАХМЕТОВА Г. Б.  
докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан қ.

Бүгінгі таңда білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білімнің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы үлкен. Өйткені бұл жас ұрпаққа сапалы білім берудің негізі болып табылады.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алып, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы білім мен ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің III съезінде: «Құрылымдық өзгерістер мұғалім кадрларын әзірлеу жүйесін оздыра отырып, дамыту мен қамтамасыз етілуі тиіс. Жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әрдайым

саналып келгеніндей біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс, бұл – уақыт талабы» [1], – деген еді. Олай болса, мектеп оқушыларын ғылыми білімнің қоғамдық қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды отандық, ұлттық және әлемдік мәдениет арналарынан сусындату – қазіргі заман мұғалімдеріне басты міндет болып табылады. Бұл үрдіс қазіргі қоғамдағы жалпы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуды, сабаққа деген қызығушылығын арттыруды, оқытудың озық технологияларын меңгеруді талап етеді. Озық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі таңдағы мектептердің іс-тәжірибелеріне дамыта оқыту жүйесі біртіндеп енгізіліп, жатыр. Жүйенің авторлары «дамыта оқыту деп оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды. Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау. Сондықтан да жаңа сапаға ие, шығармашыл, қабілетті адамдар тәрбиелеу үшін дамыта оқыту жүйесін ең негізгі басшылыққа алатын нысана деп білеміз.

Дамыта оқыту жүйесінің сабақтары оқушының ойлау мен практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Ал ойлау мен практикалық іс-әрекет арқылы студенттің шығармашылық қасиеті дамитынын білеміз. Дамыта оқыту жүйесінің қағидаларын ұстанған мұғалім дайындықсыз сабақ өткізе алмайды. Бұл мұғалім еңбегінің шығармашылығының болуын талап ететін жүйе. Бұл жүйедегі оқытудың мақсаты, мазмұны, формасы, әдісі, баға қою тәсілі дәстүрлі оқыту жүйесімен ешбір сәйкестік таппайды. Дамыта оқыту жүйесінің нәтижесінде студент өз пікірін айтуға, оны дәлелдеуге, салыстыруға, болжам жасауға, қорытынды жасауға және өз білімін қажетіне орынды пайдалана білуге үйренеді. Дамыта оқыту жүйесі белгілі бір технологияны қажет етеді. Сондай технологиялардың бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту». Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасының негізі қаланып, Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық белгісі қалыптасып

келеді. Мұндағы басты мақсат студент тұлғасы және оның білім алу арқылы өзін-өзі дамытуы. Бүгінгі жаңа қоғам мұғалімінің ішкі жан дүниесінде жаңаша, өйткені өскелең ХХІ ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. Мектептегі сабақ беру жүйесін әлемдік деңгейдегі талаптарды қанағаттандыратындай етіп құруда жаңаша ізденіс пен шығармашылықтың берері мол. Соған сәйкес білім беру жүйесінде жаңа педагогикалық технологиялар пайда бола бастады.

Инновациялық білім – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге, ұстаздың кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған.

Білім туралы Заңда мемлекеттік ерекше дарынды азаматтардың элитарлық білім, оның ішінде шетелде білім алуына қажетті жағдай жасайды деп пайымдаған. Заңның бұл көкейкестілігін қазіргі өмір көрсетіп отыр. Соған орай, бүгінгі таңда жаңа технологияны оқып-үйрену, болашақ ұстаздардың немесе мектепте жұмыс істейтін ұстаздардың шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру, үнемі ізденіс үстінде жүруіне жол ашу ерекше орын алады.

60–70 жылдары Ресейде озат мұғалімдердің, ғалымдардың оқытуды дамыту, студенттердің танымдық әрекетін белсендіру, проблемалық оқыту сияқты тәжірибелер идеяларын Ж. Қараев [2], Л. В. Занков, Л. С. Выгодский [3], А. В. Текучев теориялық жағынан дамытқаны белгілі. Ал 90 жылдары Қазақстанда АҚШ-тың оқу жүйесінде пайда болған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы мұғалімдер үшін әйгілі бола бастады. Мазмұны жағынан бұл бағдарлама оқыту әдістері бағытының бірі болып табылады.

«Оқу және жазу» арқылы сыни ойлауды дамыту бағдарламасына негізделген сабақтар оқушыларға бағыт-бағдар беріп, әсер етуге, олардың көзқарасын өзгертуге септігін тигізеді. Мұндай сабақтарды өту барысында сабақтың мақсатын нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығуын арттырып, ой-өрісін дамытуға баса назар аудару керек.

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарында оқушы өзін-өзі еркін ұстап, өзгеге сенімін күшейтеді. Кейде өзгеге көмектесе, кейде өзіне көптің көмегі қажет болады. Оқушының дербес ізденісі жаңа білімді өз белсенділіктерімен алу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлау – белгілі бір идеяны қабылдай отырып, ойын қарсы қоя салыстыру, оны жүйелілікпен салыстыру, пайдалану, кез-келген мәселеге сын көзбен қарау.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (СТО) бағдарламасының қазіргі таңда талаптарға сай жоғары білімді мамандарды тәрбиелеу мақсатында алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықтан бастап, тақырып туралы оқушыға болжам жасатып, мақсат қойып, іс қылуға, сұрақ беріп, жауап алуға, мазмұнды толық түсінуге жағдай жасалынған.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасының мақсаты оқушыға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым, бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Мұғалым сабақ барысында оқушыларға белгілі бір мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, мол ақпараттар ағымынан өзіне қажеттісін тандап алуға, саналы шешім қабылдауға сұрақ қоя білуге, әркез сол сұраққа жауап іздеуге үйренеді, оқушының ойы дамиды. Басқа бағдарламадан ерекшелігі баланың қызығушылығын арттыра отырып, қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру, әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, нашарын сынамау. Осы кезде ғана оқушының ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетеді. Бұл әдісті қазақ тілі сабағында пайдалану арқылы оқушылардың сөз саптау дағдыларын дамытуға болады. Қазақ тілі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сөйлеу мәдениетін, сөз саптау ерекшеліктерін меңгертуде оқушылар өз ойын білдіруге, жаңа ақпарат бойынша бір-бірінің болжамдарын тындап, талқылауға, өзіндік қорытындыларын, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жанасымды екенін саралауға үйренеді. Өз бетімен ізденуге ынтасы, шығармашылық жұмыстарға қабілеті артады.

Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады. Сабақ барысында бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуге, өз пікірін қорғай білуге, сын пікір айта білуге дағдыланады.

Ойды тыңдаушыға дұрыс жеткізе білу – сөйлеушінің басты мақсаты. Сөйлеу – бұл жеке адамның әрекеті және оның жазбаша немесе ауызша түрдегі нәтижесі болса, сөз саптау – тілдік бірліктерді ретімен, жүйелі қолдану. Бүгінгі күннің талабы - оқу материалдарын оқушылардың дайындық деңгейлеріне қарай сұрыптап ұсыну, сабақтың типі мен түрін оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдау, мақсаттарды және күтілетін нәтижені анықтау, оқу біліктілігін жетілдіру.

Егер тіл – бұл қарым-қатынас құралы болса, сөйлеу – бұл тіл арқылы қарым-қатынас үдерісі, тілдің жүзеге асырылуы, тілдің белгілік бірліктерімен қолдану үдерісі. Күнделікті қарапайым сөйлесімдерден іскерлік қарым-қатынасқа дейін, тіпті бұқаралық

ақпарат құралдарындағы сөйлеу әлеуметтік қатынас негізін құрайды. Өйткені кез келген адам қоғамның бір мүшесі бола отырып, қоғамдағы өз орнына, ортасына сәйкес қарым-қатынас жасауы, өзін-өзі ұстауы қоғамда қабылданған нормаларға сай болуы тиіс.

Әр сабақта оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрететін жұптық, топтық тапсырмаларды қарастыру, сонымен қатар Блум таксономиясы бойынша құрылған сұрақтар арқылы сабақтарды бекіту жұмыстарын жүргізу. Диалог арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту сыныптағы қарым-қатынасты зерттеуді көздеген еңбектер белгілі бір өзара әрекеттестік үлгілері, зерттеушілік әңгіме, дәйек пен диалогтың мұғалімдер мен оқушыларды мағына мен білімді игерудегі бірлескен іс-әрекетке тартылуымен қатар, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттері өрістеуіне және зияткерлік қырларының дамуына ықпалын тигізетіндігін көрсетті.

Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлермен бөлісуге, ойын ашық айтуға, басқа адамның пікірін дұрыс қабылдауға, сөз мәдениетін сақтап, сауатты сөйлеуге үйренеді. Оқылған ақпаратты талдау, түсіндіру, шығарманы өңдеу жұмысы барысында оқушы ойын анық жеткізуге дағдыланады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылы 27 қаңтарда Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауы. 28 қаңтар 2012 ж.

2 Қараев, Ж., Кобдикова У. Оқытудың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі». А, 2009.

3 Выгодский Л. С. Мышление и речь. -М., 1988.

#### **«МЕН ЖАҚСЫ МАМАН БОЛАМЫН» ТАҚЫРЫБЫНДА БЕРІЛГЕН КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫ**

МАРАЛБАЕВА Қ. Т.

қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы,

Павлодар құрылыс және коммуналдық шаруашылық колледжі, Павлодар қ.

Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болғандықтан, қазір қоғам өмірінің қай саласын алып қарасақ та, мамандардың мемлекеттік тілді білуі талап етіледі. Бәсекелес

мамандарды даярлау мақсатында студенттерге үздіксіз білім беру, оларды оқыту, әсіресе мемлекеттік тілді кәсіби тілде үйрету маңызды болып табылады.

Кәсіби тіл – белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы екенін мәлімдей отыра, өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл деп білеміз.

Болашақ мамандардың өз кәсіби саласына қатысты негізгі ұғымдардың атаулары мен жиі қолданылатын оралымдарды білуге деген ұмтылыс ерекше болып саналады. Кәсіби қазақ тілі пәнінің тәжірибелік сабақтарынан мамандықтары туралы тереңірек білулерімен бірге, басқа да тақырыптарды меңгеріп, термин сөздермен жұмыс жасауға өздерін дайындайды. Ой-пікірлерін дұрыс жеткізе білуге, сөздік қорларын байытуға, жаңа сөздерді меңгеруге тырысады.

Дегенмен, кәсіби қазақ тілі – әр маман иесін өз маман тілінде сөйлей алуға бағыттау. Бұл салада болашақ маман, яғни студент тілді меңгерген немесе түсіне алатын, сөйлеуге талпыныс жасайтын, грамматикалық тұлғалардан, тілдік нормалардан хабары бар тұлға болуы тиіс. Мұнда оқытушының мақсаты – әр мамандық ерекшелігіне байланысты термин сөздерді меңгерте отырып, кәсіби тілде сөйлеуге бағыттау. Әрине, кәсіби қазақ тілі тәжірибелік (практикалық) сабақ болғандықтан, оны жүргізу жолдары қазақ тілі сабағына жақынырақ болады. Олай дейтініміз, тәжірибелік сабақта міндетті түрде педагогика ғылымы көрсетіп бергендей әдістеме саласындағы сабақтың барлық сатылары қарастырылып, сабақты түрлендіріп, өткізіп отыруға міндеттейді.

Кәсіби қазақ тілінің зерттеу нысаны – сөйлеу тілі қалыптасқан үйренушілердің қазақша сөйлеуін, жазуын, баяндауын мамандықтарына қатысты жетілдіру, лексикасын байыту.

Кәсіби қазақ тілін оқытудың мақсаты: коммуникативтік құзыреттілік дағдыны қалыптастыру және дамыту, бәсекеге қабілетті әрі құзыреттілігі жоғары тұлғаның кәсіптік маңызы бар жағдайларда ғылыми тілмен қазақша ойын толық және анық жеткізуі үшін тілдік кәсіби бағдарға дайындықты қамтамасыз ету.

Кәсіби қазақ тілін оқытудың міндеттері:

- қазақ тілін кәсіптік қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту;
- қазақ тілін іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту;

- студенттердің ауызша және жазбаша кәсіби салада сөйлеу тәртібі мен мәдениетінің деңгейін көтеру;
- мамандық туралы энциклопедиялық және зияткерлік – мәдени мәліметтермен студенттердің білімін толықтау;
- студенттердің диалогтық және монологтық сөйлеуін, ауызша және жазбаша түрде дамыту.

Осы мақсаттармен міндеттер кәсіби қазақ тілі пәнін оқыту практикалық сабақтары, СТЖ (Сабақтан тыс жұмысы) арқылы жүзеге асырылады.

Тілді үйретуге байланысты шыққан еңбектерге сараптама жасап, қайсысы тиімді, соны көбейту керек. Қазір жаңа технологиялар бойынша аудио, ойын, жазба түріндегі материалдарды енгізу де тиімді. Әріптестерімізбен ақыл-кеңес алмасу мақсатымен оқу жылының басында жоспарланып өткізілген сабақты ұсынамыз,

Сабақтың тақырыбы / Тема урока: Мен жақсы маман боламын. Сабақтың мақсаты / Цели урока:

А. Білімділік / Оқушының тақырып бойынша білім, білік,білік дағдыларын қалыптастыру, тақырыпты игерту.

Б. Дамытушылық /теориялық және практикалық білімдері арқылы ой-өрістерін дамыту.

В. Тәрбиелік / білімділік қасиеттерін бойына сіңіру арқылы адал маман иесі болуға тәрбиелеу.

Көрнекілік / Наглядность:слайд, үлестірмелі тапсырмалар, тест сұрақтары, түрлі түсті стикерлер.

Сабақтың нысаны / Тип урока: Игерілген материалды жинақтау және жүйелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Әдіс, Тәсіл / Методы: Сөздік,сұрақ-жауап, салыстыру, талдау,жинақтау.

Жұмыс формасы/ Формы работы: Жеке және топпен жұмыс.

Пәнаралық байланыс / межпредметные связи: өндірістік оқыту,арнайы пән.

Кесте 1

Сабақ кезеңдері/ Этапы урока	Уақыты/ Время	Оқытушының іс- әрекеті /Действия преподавателя	Оқушының іс- әрекеті/ Действия обучающихся	Күтілетін нәтиже /Ожидаемый результат
1. Ұйымдастыру-мақсаттық кезең / организационно-целевой этап: Психологиялық жағдаят туғызу/Создание эмоционального настроения; Үй тапсырмасын тексеру/Проверка домашнего задания(устный опрос,работа по карточкам, творческое задание)	2мин	Сәлеметсіздер ме?Бүгін біздің ашық сабағымызға келген қонақтарымызға және өзімізге жақсы тілектер тілеп бастайық. «Жақсы тілек».Адамға жақсы тілеу тілесең әрқашан жолын ашық болады. Алдымен бір-бірімізге сәттілік тілейік. Үй тапсырмасын тексеру (слайд арқылы) Сұрақтар Бұл слайдта қандай мамандықтарды көріп отырсыздар? Олар қандай жұмыстар атқарады?	Бір біріне сәттілік тілей Ді  -ұсташы, көлік жөндеуші, сылақшы және дәнекерлеушіні -әр түрлі жұмыстар атқарады	Слайдтарды көреді
Сабақтың мақсатын көю/Постановка цели урока. Оқу іс-әрекетінің түрткісі /Мотивация учебной деятельности	5 мин	Абай «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі тыңдау. Сұрақтар 1.Бұл Абай өлеңі сендерді неге ойландырады? 2. «Әсемпаз болма әрнеге» дегенді қалай ұғасыңдар? 3.Осыдан қандай шешім шығды? 4.Бүгін қандай тақырыпта жұмыс жасауымыз мүмкін? 5.Маман деген кім?	-мамандық тандауға -әр түрлі мамандық түрінен өзіңе керекті мамандықты тандап алу мамандығын таңдау керек мамандыққа және маманға байланысты -Маман деген тандап алған маман иесі	Өлеңді тыңдайды



<p>2.Жаңа тақырыпқа шығу Сабакта оқыту жұмысын ұйымдастыру/Организация учебной работы на уроке: -Білім,білік,дағдыны бекіту тапсырмалары /Задания на закрепление ЗУН-ов</p> <p>Операционалды-танымдық кезең / операционно-познавательный этап</p>		<p>Тақырып: Мен жаксы маман боламын. Топтардың аттарын және мәтіндерді тарау. Әр топ спикеріне бағалау парағын тарату. Сабактың мақсаты қандай? Мәтінмен жұмыс</p> <p><b>Мамандық</b> Мамандық тандау – әрбір мектеп бітіруші тұлғктің мақсаты. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» - дейді халық.Бірлық адам баласының арманы болады.Арманшыл адам болашақта дегеніне жете алады.Мамандық пен өнерді өз қабілетіне де қарай тандап алады.Өмірде мамандықтың түрі өте көп.Халық алдына шығып ән салатын әнші болу.Адам өмірінің арнасы болатын ақ халатты дәрігер болу.Шәкірттерді білімге жетелейтін ұстаз болу.Адам жас кезінен бастап өзінің жүрегі қалаған мамандығына қарай бейімделе бітейді.Терек білім алуға талпынады.Өз бетінше ізденеді.Көп оқиды.Түрлі мамандықта еңбек етіп жүрген адамдардың өмірімен танысады. Жаксы маман болу үшін еңбек ету керек.Иижелер, дәрігер, мұғалім, журналист болу үшін оқу керек.Бақташы, сауыншы, егінші,лопан болу үшін ауылда жұмыс істеу керек.Ал жаксы жұмысшы,кеші,құрылыс болу үшін өндірісте істеу керек. Бала шақ пен болашақ әрқашан үлдесіп жатады.Болашаққа апаратын тұра жол бала шақтан басталады. Тапсырмалар: 1.Жаксы маман болу үшін не істеу керек? 2.Мәтіннен қандай мамандық аттарын кездестіріліз? 3.Септеніз: <i>мұғалім,кеші.</i> 4.Синтаксистік талдау жасаныз. <i>Түрлі мамандыққа еңбек етіп жүрген адамдардың өмірімен танысады</i> 5.Өз ойыңызды өрбітіңіз. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең»</p>		
---	--	---	--	--

<p>3.Рефлексивті кезеңі/рефлексивно-оценочный этап</p> <p>Взаимопроверка в группах и самооценка/ Слбак нәтижесін бағалау/Оценка результата урока Қорытындышығару/Подведение итогов</p> <p>4.Үй тапсырмасы/ Домашнее задание</p>	<p>10мин. 5мин</p>	<p>Оқу, аудару</p> <p>1.Тапсырмалар 1-топ –Мәтінге 7-8 сұрақ құрастыру 2 топ-Мәтінді өз сөзімен мазмұндау 3 топ –Осы мәтіннен 5 жолды өлең құрастыру 2.Тапсырмалар:Мына сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңыздар. Бірлық адам баласының арманы болады.Арманшыл адам болашақта дегеніне жете алады. Релаксация 3.Тапсырмалар: 1топ-Мына сөзді септеніздеп Сылақашы 2 топ-Мына сөзді жіктеніздеп</p> <p>Ұсташы 3 топ- Мына сөзді тәуелденіздеп Мамандық 4. Тапсырма: Ең-ең...(ойын)Уақыт 3мин. Парақшалар таратылады.Ол парақшаларда келесі жазулар жазылған:Топтың ішінде бірге ақылдасып мамандықтардың тізімін құру керек және де топтың мүшесі тізімдерімен таныстырып шығалы. -Ең жасыл мамандықтар(экоог,биолог,географ, бақташы,гүл өсіруші) ең ақылшы мамандықтар( банк қызметкері,экономист) еңтазамамандықтар(дәрігер,мұғалім,зангер -ең көңілді мамандықтар(клоун,әзіл--сықақшы) Ең тәтті мамандықтар(аспаз,кондитер) -ең жауапкершілікті мамандықтар(бухгалтер,сот) 5.тапсырма. «Дұрыс-бұрыс» ойыны</p>	<p>-мәтінмен танысу -мәтін бойынша сөйлесу -жаттығулармен жұмыс жасу</p> <p>Дәптерге жазу</p>	<p>Слайдтан тақырыптың мақсатын оқу</p> <p>Тапсырма ларды тексеру</p>
---	------------------------	--	---	---

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1 Ұғашы жасайды бұйымдар	+	
2 Өмірде мамандықтар түрі аз.		+
3 Автокөлік жөндеуші машинаны жөндейді.	+	
4 Армансыз адам-қанатсыз құспен тең.	+	
5 Инженер аурыларды оқытады.		+
6 Сылақшы терезені сырлайды.	+	
7 Мұғалім балалды емдейді.		+
8 Жаксы маман болу үшін еңбек ету керек.	+	
9 Аспазшы киім тігеді.		+
10 Дәнекерлеуші металды дәнекерлейді.	+	

6. Тапсырма: Тест орындау  
 Қорытындылау: Өз пікірлерін белгілеу.  
 3 түрлі стикер  
 Қызыл стикер-сабақта тақырыпты меңгерді  
 Сары стикер-сабақты жартылай меңгерді  
 Жасыл стикер-сабақты меңгермеді  
 Стикердің бағалауын тыңдау  
 Үй тапсырмасы: «Ер дәулеті-еңбекте» деген тақырыпқа шығарма жазыңдар.

Кәсіби қазақ тілі пәні білім алушының болашақ маман ретінде кәсіптік шеберліктерін мемлекеттік тілде меңгеруіне негіз бола отырып, сөйлеу әрекетінің төрт қағидатына (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) негізделген білім алушының мақсаты, тілді қолдану саласы, коммуникативтік жағдаяттар компоненттері, контекспен байланыстылығы тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметіне сай анықталады.

Бүгінгі студент – ертенгі болашақ маман. Әр студент маман ретінде өзінің кәсіби тілінде, яғни мемлекеттік тілде қарым-қатынасқа түсе біліп, мамандығына қатысты термин сөздерді меңгеріп, белсенді қолдана білуі тиіс.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Білім туралы заңы

2 Сәрсекө Г.Ә. Тіл мәдениеті. Оқу құралы. Павлодар: ПМПИ баспасы, 2011. - 114 б.

3 Қапасова, Б. Қ. Қазақ тілін жедел оқыту [Мәтін] : жоғары сынып оқушыларына арналған қазақ тілін жедел оқыту құралы / Б. Қ. Қапасова, Б. Х. Әбдіжүсіпова, Ш. Т. Жұмаділова. – Астана : Арман-ПВ, 2007. - 288 б.

### МАҒЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

МЕЙРАМОВА Г. З.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Мағжан Жұмабаев – шын мәнінде ұлы тұлға, біздің рухани өмірімізді нұрландырып тұрған биік шындардың бірі. Халқымыздың атакты сөз зергері Мұхтар Әуезовтің «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін... Бұдан соң Мағжанды сүйемін... Мағжан – мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай» деуі тегін болмаса керек.

Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын. Мағжан түйеден түскендей түйдей-түйдек ойларын жыр үлгісінде жалаң түрде бере салған жоқ, керісінше, құбылту арқылы троп пен фигураның түрлеріне салып,

тігісін жатқызып, икемдеп әкелді. Иін, иірім сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолданып, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп танытып, ойды өзгертіп жеткізе білді.

Поэзиялық шығарма тілінің айрықша белгілері – оның көркемдігі мен бейнелілігі. Сөздің көркемдік, бейнелік сипаты қандай жолмен болсын, жаңа мағынаның үстелуі сөзге образдылық сипат береді.

Ай туды, күнгірт кеш еді, алтын табақ,  
Ару ғой ай дегенін алтын қабак.  
Жүзінен сол сұлудың нұр төгілді,  
Жапырақ – суда ойнаған алтын шапақ.

Ай қалқыды, сәуле аспаннан сорғалады,  
Ағаштар ерке арудай ырғалады.  
Арудың аққу мойны бұрылғанда,  
Жұлдыздай жарқ-жүрқ етіп сырғалары...  
«Тұранның бір бауырында» [1, 167 б.].

Міне, бұдан артық, бұдан керемет суретті іздесең де таппайсың. Ақын тілінің әсемдігі мен әсерлігі осында. Табиғат ананың көркем көрінісі – Айды – «алтын табақ», «ару», «алтын қабакқа» ауыстыра отырып, оның қозғалысын «суда ойнаған алтын шапақпен» салыстырып, ай астындағы көріністерін динамикалық қозғалыспен көз алдымызға елестетті. Ағаштардың қозғалысын ерке аққудай деп теңесе, арудың мойнын аққу мойнымен көріктендіріп, сырғаларын жарқ-жүрқ еткен жұлдыздарға теңейді. Ақын сұлулықты, әдемілікті суреттеу үшін сын есімнен, өткен шақ есімшеден жасалған күрделі эпитетті жиі қолданған. Жанға жайлы май, жарқ-жүрқ еткен нажағай, еркін кең дала, жібек жылы жел, сылдыр қаққан су, қаңқылдаған қу Мағжан суреттерінде ерекше сұлулық танытып тұр. Мағжан өлең сөздің ішкі мүмкіндігін жарқырата ашып, оның сәнін әрлендіру үшін теңеудің де әр түрін ұтымды пайдалана білген.

...Өткізген балаусадай бөбек күнім,

Барқыттай белес-белім жатыр.

Айбынды арыстандай құмды кезген ...

Күңіреніп қалың қалмақ елім жатыр...-дай жұрнағы арқылы балаусаға, барқытқа, арыстанға теңесе,

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,

Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді?-деп, Баянның батырлығын көрсету үшін оны сұңқарға теңейді. «Батыр Баян» [1, 235 б.].

Қазақ әдебиетінде Абай енгізген кейіптеу элементі Мағжан өлеңдерінде де жиі кездеседі.

Ол толқынға жан бітірген. Толқын жылан боп бүктетіледі, не балаша былдырлайды. Тағы бірде ғашық жардың қылығына көшеді. Жансыз дүниеге «жан бітіріп» кейіптеуді «Толқын» атты өлеңінде керемет берілген. Көз алдымызға үлкен айдын орнатады.

Мағжан өлеңдері әсіресе метафораға, ауыспалы мағынаға өте бай.

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,

Қалың ой – қара жылан жүректі еміп,- деп зар шегеді Мағжан түрмеде жазылған «Сарғайдым» деген өлеңінде. Осындай ауыстыру мағынасында қолданылған күрделі сөздер ақын поэзиясын өзінің сонылығымен қоректендіреді. Ой мен жыланның арасы жер мен көктен де алыс шығар. Бірақ сол екеуін жанастыра білген ақын қиялы жай жыланға балап қоймайды, оның жүрегін еміп жатқанын айтады. Жалғау арқылы жасалған метафоралар да ақын шығармаларында көрініс тапқан. «Сарғайдым» [1, 125 б.]

Мен ақынмын – ағынмын,

Мен ақынмын – жалынмын,

Шапшып көкке тиемін.

«Жас сұлуға» [1, 104 б.].

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар? ...

Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,

Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.

«Мен кім» [1, 79 б.].

Бұл өлеңдерінде ақын өзін ағынға, жалынға, арыстанға, жолбарысқа, күнге балайды. Осы баламалардан ақын бойына тән жарасымды асқақтық сезіледі.

Мағжан өлеңдерінде қайталама ұйқас, соның ішінде эпифора көп кездеседі. Қайталама ұйқас дегеніміз – сөз әсерін, айтар ойды күшейте түсу үшін бір сөзді немесе сөз тіркесін бірнеше мәрте қайталап қолдану тәсілі. Қайталаудың бірнеше түрі бар. Жай қайталау – бір сөзге ерекше екпін түсіріп бірнеше рет қайталау.

Мағжанның «Туған жерім - Сасықкөл» өлеңінде:

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,

Бетінде күннің нұры балқыған көл.

Жарысып саф күмістей ақ көбігің,

Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл [1, 25 б.].

Бұл өлең қара өлең ұйқасымен жазылған, «көл» сөзі үш рет қайталанған, жай қайталау немесе эпифора деп атаймыз.

Қайталаудың ендігі бір түрі – анафора. Бұл фигура ақын өлеңінде былайша көрініс табады:

Ой деген у-  
 Ауызға салсаң, қандырап  
 Ой деген у-  
 Жанды есінен тандырап  
 Ой деген у-  
 Ішсең мас боласың  
 Ой деген у-  
 Ішсең де соласың.  
 «Ой» [1, 150 б.].

Ақын оқырман назарын сөз басындағы тіркестерге аударып, әр тармақ сайын қайталап, ойдың адам есінен тандыратын, мас қылатын, солдыратын нәрсе екендігін көрсетеді.

Ал еспе қайталауда тармақтың соңында айтылған ой келесі тармақтың басына көшіп, жаңа бір ұғымға негіз салады.

Отауларды аралап,  
 Жас жүрегін жаралап,  
 Сұлуларды құшыпты.  
 Құшыпты да өліпті,  
 Жел толқыннан біліпті...  
 Балқиды жаным бұл күйге.  
 Мені де, өлім, әлдиле!..  
 Әлдиле, өлім, әлдиле!..  
 «Мені де, өлім, әлдиле» [2, 38 б.].

Қымбат адамдарынан айрылған лирикалық кейіпкердің бебеу қаққан зарлы үнін жеткізу үшін «құшыпты, құшыпты да өліпті», «мені де, өлім, әлдиле, өлім, әлдиле» деп зарлайды.

Аспанменен тірескен  
 Тәңірменен тілдескен  
 Көкшетауым біп - биік.  
 Қою қара көк бұлт  
 Жайнап, ойнап, құлпырып,  
 Көкшетауды тұр сүйіп.  
 «Көкшетау» [1, 135 б.].

Мағжан «аспанменен тірескен», «тәңірменен тілдескен», «Көкшетауды тұр сүйіп» деп шамадан тыс үлкейтіп айтуды, яғни гиперболаны қолданған. Мұндай тәсіл бір жерде емес, бірнеше жерде пайдаланылған.

Таласқан аспанменен көкпеңбек тас,  
 Қарасаң төбесіне айнарлар бас.

Орал тауын суреттей отырып, оны «көкпеңбек тас» деп, литотаны қолданса, «таласқан аспанменен» деп, шамадан тыс үлкейтіп гиперболаны қолданады.

Судай сұлу қара көз,  
 Сүйгеніне берген сөз  
 Белгілі жерден табылмақ,  
 Қараңғы жаздың түнінде.  
 «Жазғы түнде» [1, 133 б.].

Бұл жерде «қара көз» деп бүтіннің орнына бөлшекті қолданып тұр. Мұндағы «қара көз» - синекдоха. Мұндай тәсіл «Орман патшасы» өлеңінде де кездеседі.

Неге қорқып тығылдың  
 Айтшы, көзім қарасы  
 «Орман патшасы» [1, 358 б.].

Ақынның өлеңдерінде сан алуан семантикалық сипат алып отырған сөздер бар. Өзінің көркемдік тәжірибесін поэтикалық тәсілдерді әсерлендіре жетілдіретін суреткер құбылтуды түрлі бағытта дамыта келе, жекеленген сөздерді символ дәрежесіне дейін жеткізе білген. Осындай тұрақты сипат алған сөздер Мағжан ақынның бүкіл шығармашылығының – күн, дала, өзен, от, жел, өмір, толқын символына айналған.

Әдебиеттен мүлде жаңа өріс іздеп, өзгеше өрнектер табуға ұмтылған ақынның өлеңдерінен қандай мысал іздесең де табыла беретіні таң қалдырады. Мағжан жырларында шендестіру де (антитеза) ұшырасады. Бұл да бір ақын шеберлігінен сыр ұқтыратындай. Автор бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын кескін-кейпін анықтайды, елестетеді.

...Жүрген жанның артында ізі қалар,  
 Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.  
 Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,  
 Жүйрік өлсе, артында сөзі қалар!

Мағжан Жұмабаев поэзиясының шеберлігі өз алдына күрделі әлем. Өзінің бай ана тіліндегі сөздік қорды сұрыптап, поэзияның керегіне жаратқан шебердің бірі болды. Мағжан поэзиясы өзін туғызған уақыт аясында қалып қойған жоқ. Оның сыршыл лирикасы әлі де талай жүректерді тебірентеді, өмірдің жарқын күйлерін бейнелейді. Мағжан жырларының шыншылдығы, өткірлігі, пәктігі бүгінгі заманға да қызмет етері сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмабаев М.Шығармалары:Өлендер,поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 2 Елеуенов Ш. Мағжан Жұмабаев.- Алматы,1990
- 3 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Мектеп.1964

### МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛГЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

КАВАКЛЫ МЕХМЕТ

докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан қ.

Құндылықтық бағдар – адамның маңызды қажеттіліктерінің бірі болып табылады. Тіл біліміндегі құндылықтарды қарастыратын сала лингвистикалық аксиология деп аталады. Лингвистикалық аксиологияның басты ұғымдары бағалау, баға, құндылық, құндылықты мағына, құндылықты бағдарлау болып есептеледі.

Бүгінгі жаһандану жағдайында білім беру саласында оқушылардың құндылықтық бағдарын дұрыс қалыптастыру ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Себебі, құндылық бағдар күрделі жеке тұлғалық қалыптасу болып анықталады.

Құндылық бағдар деген атаудың өзі бірнеше мағынада қолданылып жүр. Біріншісі – субъектінің қоршаған шындық дүниені идеологиялық және онда бағдар алуы, бейімделуі дегенді білдірсе, екінші мағынада индивидтің объектілерді олардың маңыздылығына жіктеу тәсілі болып саналады Құндылық бағдар адамының танымдық және еріктік қасиеттерімен тығыз байланысты. Жеке адамның тәжірибесіндегі құндылық көріністер жүйесінің пайда болуы, қажеттіліктерді ұғыну және оларды қоршаған дүниенің заттарымен салыстыру – бұл құндылық көріністерінің пайда болуының негізгі тәсілі. Екінші жолы қарым-қатынас, яғни құндылық көріністердің оқыту, идеологиялық, педагогикалық тәрбиелеу және басқадай ықпал ету арқылы пайда болды. Топтық құндылық бағдар адамдардың топтағы қарым-қатынасын анықтайтын біріккен іс – әрекет процесінде қалыптасады.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» еңбегінде «Біз құрып жатқан

қоғамның ең жоғарғы құндылығы - адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр» [1] – деп, көрсетілген. Ендеше, оқушының өз өмір жолын таңдай білу қабілетін дамытуда – оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастырудың маңызы зор болып табылады. Қоғамымыздың өскелең мәдениеті, егемен елдің экономикалық және әлеуметтік прогресі жағдайында мектептің маңызы ерекше.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыздың басты міндеттерінің бірі – ғылыми-техникалық прогресті, нарықтық экономика процесін жеделдетуді соның негізінде елімізде әлеуметтік-экономикалық өзгерісті түбегейлі жүзеге асыру. Бұл мәселені ойдағыдай шешуде басты сала – ол оқу барысында оқушылардың құндылық бағдарын дұрыс қалыптастыру болып табылады. Ол үшін болашақ ұстаздарға тек арнаулы пәндерді ғана оқытып қоймай, кәсіби бағдары мен құндылық бағдары қалыптасқан маман етіп даярлауды талап етеді. Бұл мәселені ойдағыдай шешуде басты сала оқу барысында болашақ ұстаздарды құндылық бағдарын қалыптастыруға даярлау болып табылады.

Әр адамның мінез-құлқының негізгі сипаттарының бірі – оның бағдары. Әр адамның өмірдегі бағдарының әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан дамуының оның оқып, білім алуы, мен тәрбиеленуі үшін маңызы зор екеніне ешкім күмән келтірмейді. Алайда, әр адамның бағдары деген ұғымның өте күрделі категория екенінде айту керек.

Адамның іс-әрекеті әр нәрсеге итермелейтін, ішкі ойын іске асыратын қозғалысқа келтіретін дұрыс шешуін күттіретін мәселе. Оны дұрыс шешкен жағдайда ғана адамның құндылық бағдары ұғымының мәнін түсінуге болады. Адамның құндылықтарды сезінуі - қоғамдық болмыстың айнасы болып табылатын қоғамдық сананың қалыптасуы үшін аса қажет. Құндылық бағдарды сезіну: құндылықтарға өз бетінше жасырын түрде ұмтылу, жеке идея, бір жүйеге келтірілген, ой санадан өткізілген құндылық қана адамның сол құндылықты менгеруге деген қоздырғыш күші тудырады. Зерттеуші ғалым Ж. Дәулетбекова «Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациясында гуманитарлық білім аясындағы құндылықтардың мәні туралы жан-жақты қарастырып, сөз мәдениетін оқытудағы құндылықтар жүйесіне тоқталады [2, 82 б.].

Ғалымның пікірінше, гуманитарлық білім ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйене отырып, жас ұрпақтың болашақта сапалы өмір сүруінің кепілі боларлық қабілеттерді дамытуға қажетті пәндік құзырлықтарын қалыптастыруға бағытталады.

«Құндылық» категориясы қоғамдық санада берік бекіген адами, әлеуметтік және мәдени мәні жоғары өмір құбылыстары туралы ұғымдарды біріктіреді.

Сондай ақ, ғалым жалпы білім беретін мектептерде оқитын оқушыларға түрлі пәндерді оқу барысында бүкіл адамзаттың даму тарихында туып қалыптасқан көптеген материалдық және рухани құндылықтармен танысуға тура келетінін, ал ол құндылықтарды әрбір жеке тұлға өздігінен жүргізетін жұмыстары нәтижесінде ғана «иелене алатынын» айтады. Ж. Дәулетбекова сөз мәдениетін оқытудағы құндылықтар жүйесін талдай келіп: «Құндылықтар негізінен адам арқылы анықталатындықтан және олар адам үшін, оның дамуы мен жетілуі үшін қажет болғандықтан, әлеуметтік сипатқа ие. Сондықтан адамның әрекетінсіз, әлеуметтік практикасынсыз ешқандай құбылыс құндылықтық маңызға дейін көтеріле алмайды. Адам құндылықтың мәнін түйсіну үшін алдымен әлеуметтік дүниеде өмір сүруі керек. Ал тілсіз әлеуметтену жүзеге аспақ емес [2, 85 б.] деген тұжырым жасайды.

Бүгінгі ғаламдану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі болып отыр. Түптеп келгенде, бұлар мәдениет, таным, тіл деген ең негізгі құндылықтардың беріктігіне келіп тіреледі. Тіл, таным және мәдениет – халықтың рухани дамуының түп қазығы, тірегі. Олай болса, осы ұштаған сақталған жағдайда ғана, оны барлық кері ықпалдарға төтеп бере алатындай деңгейге жеткізу ғана халықтың болашақ тағдырын оң шешеді. Сол себепті де, жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі тіл, таным және мәдениет деп аталатын құндылықтар негізінде жүйеленуі қажет.

Құндылық бағдар мәселесін зерттеушілердің бірі Нұрғалиева Г. Қ. оның мазмұны мен маңыздылығын, оған ғылыми-техникалық прогрестің, қоғамның әлеуметтік жағдайының, ортаның және тағы басқа жағдайлардың әсерін қарастыра келіп, білікті маман кадрлар даярлау ісіндегі ұстаздарды оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыруға даярлаудың маңызы зор екенін атап көрсетеді [3]. Оқушылардың құндылық бағдары интегралдық жеке тұлғалық қалыптасу, ал құндылық бағдар дамудың танымдық іс-әрекет және мотивация салаларының бірлігімен өзара үйлесімділігін сипаттайтындығын анықтайды. Құндылық бағдар – бұл бір жағынан алғанда, жеке тұлғаның нақты іс-әрекетке деген көзқарасы мен қарым-қатынасының білінуі, екінші жағынан белгіленген мақсаттар жүйесі.

Рухани құндылықтар – саяси, заңдық, имандылық, эстетикалық, философиялық, және діни идеялар мазмұны. Адамдардың алға басуы

өткеніет дамуы құндылықтар дүниесінің күннен күнге өсуін құру және жіктелуін адамдар арасындағы құндылық байланыстардың күрделене түсуін көрсетеді. ұндылықтар мәні қоғамдық маңызды қасиеттер жиынтығы, оларды осы қоғамда құнды қылатын зат немесе идеал функциясы болып табылады.

Бүгінгі таңда білім беру саласында оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыруға аса көңіл бөлу қажет. Оқушының санасына, зейініне, сонымен бірге ұлттық тіл және ұлттық мәдениет құндылықтары туралы білімдерді саналы меңгеруіне тікелей байланысты оның тілге деген құндылық бағдары қалыптасады. Жеке тұлғаның тілге құндылық бағдары жеке тұлғаның ұлттық тілді, ұлттық мәдениеттің құндылықтары туралы білімдерді саналы түрде ұғынып, меңгерумен тығыз байланысты.

Тілді оқытудағы басты мақсаттардың бірі оқушыға тілдің ең жоғары құндылық екенін түсіндіру болуы тиіс. Мектеп оқушысы ана тілін ұлттық мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде қабылдауы қажет. Қазіргі ғаламдану жағдайында еліміздің болашағы – жастарды бәсекелестікке қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу үшін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар өзара ұштастырылуы шарт. Тіл – адам өміріндегі басты рухани құндылықтардың бірі.

Рухани құндылықтар адамның шынайы болмысының нығаюына игілікті әсер ететін, тұлғалық дамуына өзек болатын, еркіндігін шығармашылықпен, жасампаздықпен көрсетуге мүмкіндік беретін қасиеттер. Рухани құндылықтар адамның ішкі әлеуетін көтереді, рухани үйлесімділігіне әсер етеді. Негізінен әрбір халықтың мәдениетінің әлеуметтік жағдайын анықтау үшін олардың ұлттық құндылықтар жүйесін зерттеу қажет. Сол «құндылықтар жүйесінде адамсүйгіштік, гуманистік нормалар басымдық танытса, онда рухани құндылықтар әлемінің қалыптаса бастағаны, ал оның орнына өзіншілдік, өзгеге деген қаскөйлік етек алса, онда мұндай ортаның «белді құндылықтары» оның өзінің түбіне жететін болады. Мұның соңғысы – қоғамдағы түрлі деңгейдегі қайшылықтардың салдары» [4, 119 б.].

Мектеп оқушыларының тілге құндылық бағдарын қалыптастырудағы мақсат – ұлттық тілге құндылық қатынас қалыптастыру арқылы өз ұлтының дәстүрі мен мәдениетін, тілі мен тарихын құрметтейтін тұлға тәрбиелеу, оқушылардың бойында ұлттық тілдің бай рухани қазынасы арқылы ұлттық сана, ұлттық намыс қалыптастыру.

Мектеп оқушыларына қазақ тілі сабағында тілдің ұлттық құндылық екендігін санасына сіңіру арқылы, ана тілін құрметтеп, оны

бағалай білуге, ұлттық тілді сақтауға үлес қосуға талпындырамыз. Сонымен қатар оқушыларды ұлт тілінің көркемдігін түсіне білуге, оның мол мүмкіншілігін пайдалана білуге үйретеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н. «Қазақстан Республикасының болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде». – Астана, 1993, 9 қазан.
- 2 Дәулетбекова, Ж. Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері Пед. ғыл. докт... дисс. – Алматы, 2008.
- 3 Нурғалиева Г. К. Ценностные ориентации личности методология, теория, практика, формирования. – А., 1994.
- 4 Нұрмұратов С. Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы, 2000. – 180 б.

### ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДА СҮЙЕМЕЛДЕУ

НУРГАЛИЕВА Г.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қарақұдық ЖОББМ, Ертіс ауданы

Қазақстандағы тәуелсіз жолындағы күресі қазақ тілінің қоғамдағы лайықты орнын талап етуден басталған болатын. Қазақ тіліне мемлекет мәртебесіне әперу оңай болған емес. Осы жолда қаншама тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Сөйтіп, елім, тілім деп күрес майданына шыққан көптеген асыл азаматтардың зор қажыр-қайратының арқасында туған тіліміз өз тұғырына қонды. Бұл істердің қай-қайсысының болсын басы-қасында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болғанын тағы жақсы білесіндер. Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік тілімізде оймен бірге жетіліп, қолданыс аясын кеңейте түсті. Оның әрбір сатысынан Мемлекет басшысының қолтаңбасын көтеруге болады. Елбасы дәстүрге айналған жыл сайынғы Жолдауларында да, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларында да мемлекеттік тіліміздің тірегі ретінде қазақ тілінің өрісін кеңейту, ел халқының мемлекеттік тіл аясына ұйысуын қадағалап, осыны ұдайы айтып келеді. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясын құрғандағы мақсаты да ел халқын тұтастандыру болатын. Ол, әрине, мемлекеттік тіл арқылы іске асады. Сондықтан

Қазақстан Халқы Ассамблеясы мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарын бұрынғыдан да қарқынды жүргізіп, өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тіл аясында топтасуына ұйытқы болғандары жөн дегім келеді.

«Елбасының «Үш тұғырлы тіл» жобасы ел болашағын баянды етуден туған, алысты көздеген мақсат. Осы жобаны түсіндіруде және іске асыруда түрлі жансақтықтарға жол беріп алып жатамыз. «Үш тұғырлы тіл» – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қойып, жарыстыру емес. Керісінше, бұл әр тілді өзіне лайықты орнымен қажетіне қарай лайықты пайдалану деген сөз. Мұнда мемлекеттік тілдің орны тіпті бөлек. Оған ешкімнің таласы жоқ. Үш тұғырлы тілді желеу етіп, мемлекеттік тілді ығыстыру мүлде дұрыс емес» – дейді.

Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тану керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономиканы ойдағыдай түсіну тілі. Дәлірек айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Үштұғырлы тіл идеясын дамыту үшін мемлекет тарапынан еліміздің әр азаматына көптеген жағдайлар жасалынған.

«Үш тілдің бірлігі» мәдени жобасы – үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенімен, бұның түпкі негізі, көздеген мақсаты – мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу.

Елбасымыз, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – өзінің стратегиялық ойлау қабілетімен, саяси-экономикалық батыл қадамдарымен Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына енгізген, енді алғашқы 30-дың қатарына кіргізуді мақсат еткен әлемдік деңгейдегі, ірі саясаткер. Жалпы Мемлекет басшысы қойған негізгі мақсат – 2050 жылға дейін Қазақстан әлемдегі 30 дамыған мемлекеттің қатарына қосылуы керек. Бұл әрине өте үлкен мақсат. Бірақ бұл жетуге болатын мақсат екеніне көзіміз жетеді. Бұған «Қазақстан-2030» даму стратегиясы куә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы бұл болашақ ұрпақтың қамы. Болашақ бүгіннен басталады, ел болашағы – ертенгі азамат, бүгінгі жас ұрпақ. «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек» – деген болатын Елбасы.

Білім берудің мектепке дейінгіден бастап жоғары білімге дейінгі барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылып, сондай-ақ жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлініп жатқаны жасырын емес.

Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді.

Компьютермен сабақ өткізу арқылы оның қолданылуын үйрене отырып телесабақтарды тың, жаңа деңгейде өткізуге, оқытушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық және методикалық тұрғыдан сараланып алынған алуан түрлі қызмет түрлерінің қолданылуы жүзеге асады. Компьютерді қолдану барысында өздерін қызықтыратын әр түрлі мәселелерді шешуге болады және талқылайды. Компьютермен бала жазады, оқиды, түрлі тестер орындайды. Техникалық құралдарды пайдаланудың ең тиімді жағы уақытты ұтасың, дәл, тиянақты оқу-материалдарын алдын-ала дайындап, оқушыға беріп отырсаң өзінен-өзі жасауға тырысады, қызығады, жасамай, үлгермей отырған оқушы болмайды, себебі оның алдында бәрі дайын тұр. Сонымен қатар мұғалім қазіргі мектептегі ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Active Studio бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек. Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғандай, мұғаліммен салыстырғанда оқушыда көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан әрбір мұғалім өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе білім беруді ақпараттындырудың қажетті шартына айналып отыр.

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертені өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

## ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР

НҰРФАЛИЕВА Ш. К.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Көркем әдебиеттің шырқауында фольклорлық сюжеттерді, аңыз-әңгімелерді әдеби шығармада қажетіне қарай пайдалану бұрыннан бар процесс. Шығыстың, қазақтың поэтикалық ойлау жүйесінде сөз зергерлерінің фольклорлық бастаулардан тірек іздеуі жиі байқалады. XX ғасырда қазақ әдеби үрдісінің дамуында фольклорлық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы біркелкі болмады.

Фольклорлық жүйе XX ғасыр басындағы әдебиетте жақсы көріне бастады да, 1930-1960 жылдардағы әдебиетте үстемдік еткен идеологиялық себептердің салдарынан үзіліп қалды, содан кейіннен 1970 жылдардан бастап қазақ әдебиетінде осы сабақтастық қайта жалғасын тапты. Фольклорлық желі, фольклорлық сюжеттер, мотив пен образдар атақты қаламгерлер туындыларында жиі пайдаланылып, көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді үрдісі жүрді.

Шыңғыс Айтматов аңыздық проза үлгілеріне жаңалық енгізген қаламгер. «Ақ кеме», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» повестеріндегі жұмбақ сырлы аңыздық мифтік мотивтер шығарманың әлеуметтік мәнін тереңдете түседі. Жазушы жаңа заман бейнесін суреттеуде аңыздың тылсымдық құдіреттілігіне басты ден қойған. Адам әлемін, оның рухани болмысын көркемдік шындықпен суреттеуде түрлі мазмұндық формалық әдеби тәсілдерді қолданады.

Шыңғыс Айтматовтың шығармаларының кейіпкерлері алған бағытынан қайтпайтын, қандай қиын халде де елдің рухын сақтап қалатын ерлер бейнесі болып саналады. Адам психологиясының нәзік иірімдерін айқындай білетін қаламгер, сана ағымындағы жай



көзге көріне бермейтін ішкі рухани толғаныстарды психологиялық шындықпен аңыздық арнада суреттей білген. Жазушының «Жәмилә» атты повесі өзіндік даралық қолтаңбасын айқындап тұр. Жазушы кейіпкерлері бойындағы жағымсыз қасиеттерді даралап, бөліп алып аңыздық желілер арқылы суреттейді.

«Жәмилә» повесі алғашқыда «Әуен» деп аталған. Қаламгер шығарманың тууына негіз болған оқиға жайында қызықты баяндайды. Жазушының шығармаларындағы оқиғалар мен өзініңестеліктерін салыстыртын болсақ, осы повестің жалпы сюжеті ғана емес, жекеленіп тұрған оқиғалар да қаламгердің өмірден көрген әсерін өзінің басынан өткізген шындықтан алынғанын байқаймыз. Осы повесте жазушы соғыс жылдарындағы небір қиын кездерді көрсеткісі келген. Бидайды қаптап, траппен көтеретін қабылдау пунктіндегі жұмыстар, арбамен дән тасыған жолдар, бәрі-бәрі де жазушының жас шағында өз көзімен көрген, басынан өткерген оқиғалары. Повестің басты кейіпкері – Жәмилә бейнесі қазақ оқырмандарына қымбат және қадірлі. Жәмиланың қайсарлығын жазушы шығармада былай суреттейді: «Жәмиләнің пар ат жеккен арбаны айдап кететіндігіне мен күмәнданған жоқпын. Ол өзі жастайынан жылқыға үйренген, таудағы Бақайыр ауылындағы жылқышының қызы еді. Біздің Садық та жылқышы болып жүріп, жайлаудағы малшылардың тойында қыз қууға түсіп, Жәмиләға жете алмай, осыдан кейіннамыстанып, оны алып қашып келгенін естігенім бар. Олай емес екеуі сүйіп қосылды деп айтып жүрді абысын-ажындар. Не болса да олар үш-төрт ай бірге тұрып, одан кейін Садық ағамды әскерге алып кеткен. Білмеймін, бәлкім, жастайынан әкесімен бірге ой-қырда жылқы айда, атқа шауып жүріп өр мінез болып өскен бе, ілде жалғыз қыз болғандықтан ба, әйтеуір Жәмиләнің жүріс-тұрысында бір қайраттылық, еркек адамға тән бір мінез бар. Әрбір іске шапшаң кірісіп, басқа келіншектердей басым, белім деуді білмейтін. Онан кейін біруге ақысын жібермейтін өжет, айтысқанмен айтысып, тартысқанмен тартысып, ол ол ма, тіпті бір-екі рет өзі қатарлы әйелдерді шашынан сүйргені бар-ды. Маңайдағы жеңге-желпілердің: «Әй бұл өзі дікендей беретін не деген келін! Есік, төрді көргеніне бір күн болмай жатып, тілімен жұртты қуырып барады ғой!» – дегендеріне апам: «Мейлі! – деп, оны қорғаушы еді. – Келіміз осындай тік, өткір...Адамның ашық болғаны жақсы. Сұмдық қайта тымпиып жүргендерден шығады» [1, 294 б.].

Қазақ елі Жәмиләны шынайы өмірден алынған жанды, бейнелі образ болғандықтан құрметтеді. Жәмилә бейнесі – соғыс кезіндегі тылда ауыр жұмыс істеген мындаған қазақ, қырғыз әйелдерінің

прототипіндей. Сонымен қатар, өзінің адал махаббаты үшін күресе алатындығымен, қазақ жігіті Даниярды шын жүрекпен жақсы көруімен ғана емес, ұлы жеңіске, болашаққа деген сенімділігі мен құлшынысы, жан дүниесінің кеңдігімен де ыстық. Жәмилә – ішкі жан дүниесі терең ашылып суреттелген, ойы таза, сезімі мөлдір, адамгершілік қасиеті мол образ.

Шыңғыс Айтматовтың повестерінің ішінен «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Ақ кеме» үшін триптих деп атауға да болады. «Ақ кемеде» – Әйел-балық, «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбетте» – Ана-бұғы жайындағы аңыз түрлері повестке арқау болған. Екі шығарманың да кейіпкерлері бір-бірімен ұқсас, екеуінде де – ата мен немере жайында. Бірінде – Момын шал өте жуас, көнбіс адам болса, екінші шығармадағы – Орган шал – іскер, данышпан ата.

Орган Әйел-балық жайлы аңызға, Момын шал Ана-бұғы туралы аңызға сенеді, немерелерін сендіреді. Осы сенім олардың адамгершілік, ізгілік қасиеттеріне арқау болған. Ш. Айтматов туындылар жайлы берген сұхбатында Ғ. Есім «Осы сенім олардың адамшылық, ізгілік қасиеттерінің өлшеміне айналған. Олар үшін аңыз – айтыла салған бос қиял емес, халықтың рухани байлығы, ұғымы, санасы және тарихы», – дейді [2, 36 б.].

«Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» повесінің мағынасын ашып тұрған мифтік баяндаулар. Шығарманың басталуда көне миф әлемімен байланысты: «Охот жағалауын тұтас тұтып жатқан тастан қараңғы суық түнде құрлық пен сулықтың ұзына бойына жайлаған екі зұлмат дүниенің дамылсыз мәңгі-бақи шайқасы толастамаған. Теңіз көшкінін құрлық кекестейді, ал су сұрапылы құрлыққа шабуылданудан бір тынбайды-ақ. Теңіз түн-түнекте жартастарға арсылдай соғып, абалай алқынады. Теңіздің соққыларына тойтарыс берген сайын қалжырап, қара тастай қатты жер уһілейді. Күндіз-күндіз болып, түн-түн болып дүние-әлем жаралғалы бері, мәңгі-бақи күндіз де, түнде де бұл ғаламат шайқас таусылмас. Күндіз де, түнде де...»

Бір заманда бәрі де басқаша болатын. Сонау ықылым заманда Лувр үйрек болмаса, дүние мүлде өзгеше жаратылуы мүмкін екені: құрлық пен теңіз арпалыспауы, бір-біріне қарсыласпауы мүмкін екені қазір ешкімнің қаперіне де кіріп шықпайды. Әу баста, дүние-әлемнің бозала таңында табиғатта құрлық атаулы тұрмақ титтей тозаң да жоқ еді ғой. Дүние түгел топан су еді, тек қана су еді» [1, 432 б.].

Жердің пайда болуы туралы миф шығармада Лувр үйрекпен байланыстырылады. Теңізге барар сәтте түндегі баланың қиялы

осы Лувр үйректің жерді жаратуына қатысты өрбіген. Оны жазушы хикаятта былай суреттейді: «Үйрек байғұс жұмыртқаға толғатып, шыдамы кетіп, жұмыртқалайын десе түпсіз тұңғиықтан қорқып, су үстінде жанталасып ұшып жүреді. Қайда ұшып бармасын, телегей теңіз, шетсіз-шексіз толықсыған топан суы. Күллі әлемде тұяқ тіреп, ұя салар бір кылпық жоқ екеніне көзі жетіп, бейшара үйрек дінкесі күриды.

Ақыр соңында сұр үйрек суға қонып, төсінің жүнін жұлып, ұя салған екен. Әне, сол ұядан жер пайда бола бастаған. Жер жарықтық бірте-бірте ұлғайып, оның үстіне бірте-бірте жан-жануарлар, түрлі мақлұқат пайда бола бастапты. Олардың арасынан адамзат артықша шығып, шаңғымен қар үстінде, қайықпен суда жүріп, жүзе алатын амал тауыпты. Аң ұстап, балық аулап, тамағын асырап, үрім-бұтағын көбейте беріпті» [1, 423 б.]. Байтақ судың ортасында құрлық пайда болысымен жарық дүниенің апшысы қуырылып, қиын күндер туарын сұрша үйрек сонда сезер ме еді. Хикаят оқиғасының ортасында Кириск баланың түсіне Лувр үйрек пен бір әулеттің үш буын өкілі тұман мен тұтқынында қалғандығы кіреді. Жазушының баяндауында былай беріледі:

«Кириск түсінде теңіз бетімен жаю жүріп барады екен. Құрлыққа тезірек жетіп, су ішкісі келеді. Суға батып та кетпейді, құлап та қалмайды. Теңіз бетінде бала жападан жалғыз. Әуелі ол Орган, Эмрайин және Мылгунның алдына түсіп, озып кетіп, жағаға тезірек жетіп, су тауып, әлгілерді сол суға шақырмақ болып жүгіре жөнелген сияқты еді. Ал, кейін байқаса – теңіз бетінде жалғыз өзі. Сол бір кезде ол төбеде ұшып жүрген құсты байқап қалады. Лувр үйрек сол екен. Жарықтық жұмыртқалайтын жер іздеп, теңіз үстінде шарқ ұрып, шаңқылдап жүр екен.

Ей, Лувр! – деп айқайлайды Кириск. – Жер қай жақта? Мен шөлдедім!

Әлемде әлі жер пайда болған жоқ! – дейді Лувр үйрек. – Айнала тек толқындар ғана.

Басқалар қайда кеткен? – деп сұрады бала ғайып болған адамдарды іздеп.

Олар жоқ, оларды іздемей-ақ қой, ешқайда да жоқ олар, – деп үн қатты Лувр үйрек» [1, 478 б.].

Адам ауызбен айтып жеткізгісіз ауыр қасірет пен жалғыздық сезім баланың жанын күйзелтті. Шарасы таусылған бала Лувр үйректен көмек сұрайды. Лувр үйрек жайлы миф повестте жалаң жазылмаған.

Онымен әрі қарай жалғасатын Балық-әйел, Ақ үкі, көк тышқан жайлы мифтер оқиға бояуын өршіте түседі.

Хикаяттағы Балық-әйел туралы оқиға да мифтік сарынмен баяндалады. Орган қарттың Балық-әйел жайлы көрген қасиетті түсі ерте-ерте күндергі бір оқиғадан басталады. Ажалдың ақиқат екенін, енді көрі қойдың жасындай ғұмыры қалғанын, өлім шіркін ақырғы меже екенін қарт түсінеді-ақ, әйтсе де ол Балық-әйел туралы өзі көретін қасиетті түс өлгеннен соң да әлдеқалай созыла берер деп үміттеніп ойға қалады: «Келер ұрпаққа бәрін қалдыруға болады, ал түсінді қайтіп қалдырарсың, түс мұралыққа жатпайды, ендеше өлгеннен кейін де ол өзіммен бірге болады деп ойлайды. Түс мәңгі-бақи жоғалып кетуі мүмкін емес...Балық-ана – мәңгілік, ендеше ол туралы түс те мәңгілік болса керек» [1, 436 б.].

Балық әйел туралы аңыздық оқиғада Тарғыл төбет тауында тұратын үш ағайындының ең үлкені бұғы-адамның қызын жар етсе, кенжесі орман адамының қызын алады. Туғанынан ақсақ болып туылған ортаншы ұлы бір күні теңізде жүретін балық-әйелге кез болады. Бірақта, ақсақ балықшы ол әйелден көз жазып қалады. Балық-әйелді іздеп теңіз жағалап жүргенде су кемерінде жалаңаш отырған сәбиді кездестіреді. Бұл бала – оның балық-әйелден туған баласы болып шығады. Әлем халықтарының мифтерінде жиі кездесетін сюжет – адам баласы мен пері қызының қосылып, айырылысуы.

Ерте замандағы адамдар өздерін аң-құстан, бөріден, киттен тарадық деп сенуі мифтік әңгімелерден кездеседі. Түркі тайпаларының тотемі – бөрі болып саналады, ал қырғыз халқының бұғы-ана туралы мифіндегі тотемі – бұғы. Т. Жұртпайдың еңбегінде: «Бүгінгі жер басып жүрген үлкенді-кішілі ұлттардың барлығы да өзінің түпкі таралу тегін жан-жануардан таратады. Бұл есте жоқ ескі дүниеден қалған танымдық сенім» [3, 78 б.], – деп жазады.

Тотемдік мифтер адамдар мен жануарлардың байланысына сенген, олардың кейбірін ата-тегі деп ойласа, кейбірулерін киелі деп сенген көне таным негізінде пайда болған. Шыңғыс Айтматов повесіндегі Балық-әйел жайлы аңыздың қайнар көзі осы танымда екен. Осы Балық-әйелді есінен шығармайтын Орган қарт үшін ол – таусылмас сағыныш, өмір бойы аңсағаны.

Шығарманың соңында қайық үстіндегі үлкендері баланы аман қалдыру үшін өздерінің өмірін қиып, бірінен кейін бірі теңізге секіреді. Сөйтіп, ұрпақтарын аман қалдырады. Әкесі мен атасының аманатын арқалап шыққан Кириск бала арқылы жазушы адамдардың жасампаз қасиеттерін баяндады. Алайда, адам ұлылығының мәні табиғаттың

еншісінде. Қаламгердің бұл ойы « Шыңғыс ханның ақ бұлты» повесінде жалғасын табады. Бұл шығарманың тағдыры оңай болған жоқ. Алғашында «Боранды бекет» романының бір оқиғасы болып жарияланған, бірақ кейін ол романнан шеттетілген. 1992 жылы алғаш рет жарық көреді.

Туындыда ел кезіп жүрген сәуегей шал Шыңғыс ханға Көк Тәңірінің бұны қолдауының белгісі – көкте бірге ілесіп жүретін ақ бұлт екенін әңгімелейді.

«Төбенде бір шоқ бұлт үйіріліп жүреді. Және қайда барсаң да соңынан қалмайды. – Ол сенің жер бетіндегі әмір жүргізуіңді Көк Тәңірі де қолдайтынының белгісі»

Әлем халықтары мифологиясында бұлтты адам тағдырымен байланыстырады. Аспандағы бұлт пен жердегі адамның арасындағы құпия-сырға толы байланыстың арасында баяғы таным жатыр. Мистиктер бұлттарды адамдардай ойланады, қайғырдаы, көңіл күйімен ерекшеленеді деп сенеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Айтматов Ш. Боранды бекет. Жәмілә. Құс жолы. Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет. Повестер. – Астана: Аударма, 2005. – 504 б.

2 Тойшанұлы А. Түрік – моңғол мифологиясы: Монография. – Алматы: «Баспалау Үйі», 2009. – 192 б.

3 Ғалиева А. Қазіргі қазақ романы құрылымындағы мифопоэтикалық пішіндер. Фил.ғ.е.д. автор. – Алматы: 2006. – 32 б.

### ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛТАНЫМ МӘСЕЛЕСİNДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ БІРІЗДІЛІГІ

ОМАШ А.

магистрант, Семей қаласының

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Арнаулы салалардың атаулары термин сөздер туралы сөз болған жерде бірізділік мәселесі міндетті түрде көтеріледі. Біріздендіру - терминология болған жерде үздіксіз жүргізіліп отыруға тиіс негізгі терминологиялық жұмыстардың бірі болғандықтан да термин туралы алғаш сөз бола бастаған жылдардың өзінде-ақ бірізділік мәселесіне айрықша мән берілген еді. Мәселен, сонау 1917 жылы Мұхтар Әуезов «Сарыарқа» газетінде жарық көрген «қайсысын қолданамыз?» атты шағын мақаласында-ақ терминдерді бірізді қолдану мен терминдерді

алатын өзге тілдерді, терминологияны қалыптастырудың сыртқы көзін пайдалану мәселесін көтерген еді. 20-жылдарда да бұл мәселеге Ахан бастаған алаш зиялылары тарапынан да үнемі мән беріліп отырған.

1928 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Тағы да жат сөздерді қолдану туралы» деген тақырыппен атын көрсетпей «оқытушы» деп жазған автордың мақаласы да сол кезеңде жарияланған. Осы мақаласында автор терминдерді біріздендіру жөнінде былай деп жазады: «ілім кемесіесі «минутаны « – «мүйнет» деб алды. Ал, оқығандардың біреуі менот, біреуі монет, біреуі мінот деп жазады. Айдың аты да осындай. «Январьды» біреулер «ғынауар», біреулер «жануар», біреулер «жанбар» дейді. Түбінде осының «ғануары» қолайлы-ау деймін.

Тілгірам, тілігірап, тілпон. Кітәб кітаб, боген, багон, болшебек, балшабек, үстел, үстол - осы сөздердің бәрін де дұрыстап бір ізге салып алу керек», деп берілген екен,-дейді М. Әуезов [1, 65].

Терминологияны біріздендіру бірнеше сатыдан тұратын ауқымды да күрделі жұмыс. Тілші-терминолог ғалымдар терминологияны біріздендірудің бес сатысын атап көрсетіп жүр. Бірінші - белгілі бір тар мамандықтың шеңберінде біріздендіру; екінші - сала шеңберіндегі біріздендіру; үшінші - нақты бір ұлт тілінің шеңберіндегі біріздендіру; төртінші - туыстас тілдер шеңберіндегі біріздендіру; бесінші - тілаларлық, ұлтаралық біріздендіру; алтыншы – халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасындағы біріздендіру.

Аздаған тірліктер атқарыла бастағанымен, өкінішке қарай біз қазір терминологияны біріздендірудің қай сатысында да жұмыс өз дәрежесінде жоғары кәсіби деңгейде жүргізіліп жатыр деп айта алмаймыз. Олай болуының себебі - бізде бұл іспен кәсіби түрде тұрақты айналысып отырған білікті мамандары бар, терминологиялық жұмыстарды Мусаев К. Формирование терминологии на титульных языках республик Российской Федерации и СНГ. М., Институт языкознания РЛН, 2000. стр.32.) ғылыми-практикалық, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ете отырып, бір орталықтан үйлестірілетін дербес органның болмауынан әркім өз білгенінше сөздік шығарып, ғылыми еңбектерінде қалаған терминдерін қолданып, термин жасаумен оның мән-жайын жақсы білмейтіндер де айналыса беретін болса, онда біздің терминологиядағы бірізділікке қол жеткіземіз деуіміз сөз жүзінде ғана қалып қоя береді.

Дегенмен дейінгі жылдары Тіл комитеті мен Мемтерминком тарапынан салалық терминдерді біріздендіру бағытында біршама

жұмыстар қолға алынды. Соңғы үш жыл көлемінде, нақтырақ айтқанда 2002-2004 жылдары заң, іс жүргізу, тіл білімі, әдебиеттану, тарих, география салалары бойынша мамандандырылған жұмыс топтары құрылды. Олардың жинақтап ұсынған атаулары алдымен сала мамандарының, одан соң тілдік сараптамадан өтіп барып Мемлекеттік терминология комиссиясында қаралды.

Биылғы 2005 жылы да экономика, медицина, химия, сәулет-құрылыс сияқты төрт арнаулы саланың терминологиясын біріздендіруге қаржы бөлініп, осы салалардың мамандарынан тұратын жұмыс топтары құрылды.

Бұл жұмыстардың көлемі - тілге оның ішінде терминологияға бөлінген қаржы көлеміне байланысты болса, орындалған жұмыстың сапасы – осы салалардың терминдерін жасаған салалық мамандардың біліктілігі мен термин жасау ісіне жауапкершілігіне тікелей байланысты болғандығын ашық айту керек. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстардың сапасы барынша артып, ауқымы кеңейе түсер деп үміттенеміз.

Ал, халықаралық терминологияны біріздендіру жұмысының осы уақытқа дейін жүргізілу бағыты мен сипатына келер болсақ, ол жөнінде мынаны айтуға болады. Жалпы терминологияны біріздендіру мәселесі термин жасау мен оларды қалыптастыру жұмыстарын үйлестіре жүргізуге, жарыспалылықты болдырмауға байланысты туындайды. Термин шығармашылығы кезінде жарыса қолданылып жүрген баламалардың біріне тоқталып, оны арнаулы ұғымның атауы ретінде терминологиялық лексикада тұрақтандыру процесін біріздейдіру деп түсінетініміз белгілі. Біріздендіру термині 2000 жылы Мемтерминком ресми бекіткенге дейін кеңестік дәуірде қалыптасқан унификация нұсқасында қолданылып келді. Қазақ тілі білім беру мен ғылым сала-сындағы қызметін атқару мүмкіндігіне ие болып. терминдерді ұлт тілінде жасап, қалыптастыруға бет бұрған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, аталған терминнің формасы ғана емес мағынасы да өзгеріске ұшырағаны байқалады. Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерімізді орыс терминологиясына қарап қалыптастыру дәстүрі орныққан болса, терминологиядағы біріздендіру жұмыстары да сол бағытта жүргізілді. Белгілі бір терминнің шет тілі мен орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі нұсқаларының бірін таңдау қажет болған жағдайда, көбінесе, ең алдымен орыс тілінде орныққан нұсқа басымдыққа ие болатын еді. Мұндай таңдау кеңестік тіл саясатына да ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың сол

кезеңдегі принциптеріне де сәйкес келетін. Тілімізге қабылдаған кірме терминдердің орыс тіліндегі жазылуына нұқсан келтіріп алмау үшін әліпбиімізге өзгертулер мен толықтырулар енгізгеніміз де ешкімге құпия емес. Отызыншы жылдарға дейін жасалып, қалыптаса бастаған көптеген терминдер, жаңа қолданыстар отызыншы жылдардың бас кейінен бастап, қолданыстан шеттетіліп, олардың орны орыс тіліндегі нұсқасымен алмастырылды. Мәселен, 1925 жылы Мәскеуде Қошқа Кеменгерұлының редакторлығымен басылып шыққан «Қазақша-орысша тілмашта» берілген төмендегідей терминдер мен атауларға мән беріп көрелік: пленка – үлдірік, экономия – үнем, экономный – үнемшіл, экономность – үнемшілдік, экономист – үнемші, прогресс – үдеу, колонизатор – отаршыл, колонизаторство – отаршылдық, патриот – отаншыл, патриотизм – отаншылдық, федерация – құрама, экспертиза – сарап, эксперт – сараншы, интеллигент – зиялы, центробежный – делегей, урок, лекция – дәріс, поэма – дастан, творчество – шығаршылық, антитеза – шендестіру, чиновник – төре, чиновничество – төрешілдік, музыка – әуез өнері, администратор, правитель – әкім, административность, власть – өкімдік, методика – әдістеме.

Осы атаулардың барлығы дерлік қазақ терминологиясы дамуының А. Байтұрсынов кезеңінде баспасөз беттерінде кеңінен қолданылып, сол кезеңде жарық көрген оқулықтар МСН оқу құралдарына, сөздіктерге еніп, тілде орныға бастаған болатын. Ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың 30-жылдардан бастау алатын келесі кезеңінде бұл терминдердің халықаралық сипатын арттырып, орыс тіліндегі нұсқасын қалдыру қажет деп танылды. Терминдерді біріздендіру жұмысының бағыты да басқа арнаға ойысып, ұлт тілінде жасалған терминдердің арнаулы салалардан орын алу мүмкіндігі барынша шектелді. Нәтижесінде пленка, колонизатор, патриот, экспертиза, интеллигент, творчество, антитеза, администратор тәрізді шет тілдерінен қабылданған мындаған терминдер мен кірме сөздерге басымдық беріліп, олар тілімізден берік орын тепті. Терминдерді біріздендіру мәселесі терминологияны халықаралықтандыру бағытына сәйкес жүргізілді. Бір ғана ұлт тілінің ауқымында жүргізілетін тіршілік біріздендіру (внутриязыковая унификация) жұмысынан гөрі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай келетін тіларалық біріздендіру (межъязыковая унификация) ісіне мемлекет тарапынан айрықша мән берілді. Кейбір ғалымдар терминологияны іштей біріздендіру (внутренняя унификация терминологии) терминін де қолданып жүр. Біздіңше, тілшілік біріздендіру термині ықшамдылығы жағынан да,

терминологиялық жұмыстың мазмұнын ашуы тұрғысынан да алдыңғы терминнен гөрі ұтымдырақ.

Тілралалық біріздендіру жұмыстарын жүргізуде КСРО халықтарының ортақ тілі орыс тілін үлгі етіп алу ұсынылды. Мәскеудегі КНТТ (Комитет научно-технической терминологии) Одақ көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отырған басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде кенес халқына ортақ терминологиялық қордың (общесоветский терминологический фонд) орыс тілі негізінде қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Халықаралық біріздендірудің түпкі мақсаты – екі немесе одан да көп тілдердің терминологиялық жүйесінің ортақтығы артып, жақындай түсуін көздейді. Сол себепті де кезінде бұл терминді А. В. Крыжановская «терминологиялық интеграция» деп атауды ұсынған болатын. Алайда ғалымның бұл ұсынысы жаппай қолдау тауып кете алған жоқ. Ғылыми-техникалық әдебиеттерде бұрынғысынша көбінесе екі тілге қатысты тілралалық біріздендіру, екі немесе бірнеше тілге қатысты өңгіме қозғалғанда халықаралық біріздендіру термині қолданып келді.

1981 жылы наурыз айында Мәскеуде терминология мәселелеріне арналып өткізілген бүкілодақтық семинарда жасаған бас баяндамасында академик Г. В. Степанов терминологияны біріздендіру жұмыстарының елеулі қиындықтарға тап болып отыруына республикаларда орыс, латын, грузин, армян графикаларына негізделген төрт түрлі әліпбидің пайдаланылуының себеп болып келе жатқандығын және орфографияның фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық, тарихи принциптерге негізделуі де өзара термин алмасу процесін қиындатып отырғанын айтады. Өз жазуларын сақтап қалған армян, грузин және латын графикасын пайдаланған балтық жағалауы республикалары болмаса, кириллицаға көшіп, 30-жылдары-ақ әліпбиімізді орыс сөздерін бұрмаламай жазу үшін бейімдеп, кеңейтіп, толықтырып алғандықтан, біз академик атап көрсеткендей, терминологияны біріздендіруге де, термин алмасуға да кедергі келтіргендер қатарына жатпаймыз. Керісінше, сол кедергіні алғаш бұзып терминологиямыздың халықаралық сипатын барынша арттырған халықтар санатына қосыламыз.

Г. В. Степанов осы баяндамасында терминологиялық жұмыстардың ең негізгілерінің бірі ретінде біріздендіруге айрықша мән беру қажеттігін айта келіп, бұл жұмыстың маңызын былайша атап көрсетеді: «В многонациональном государстве важное значение приобретает работа по унификации, смысл которой состоит в

достижении соотносимости научных и технических понятий, выражаемых терминами на различных национальных языках» .

Көп ұлтты мемлекетте терминологияны халықаралық-тандырудың, тілралалық біріздендірудің маңызды мәселе ретінде көтеріліп, оған мемлекеттік тұрғыдан үлкен мән берілуі түсінікті. Онсыз ғылым мен техника саласындағы және басқа да тілдік қатынастарда бір тілдің үстемдігін орнату мүмкін болмаған болар еді.

«Термин унификация употребляется в постановлении об унификации терминологии на языках народов СССР» – деп көрсетеді Ю. Д. Дешериев өз мақаласында Терминологияны тілралалық біріздендіруге мемлекеттік тұрғыдан айрықша мән берілгендігін бұл істі бүкіл одақ көлемінде үйлестіре отырып жүргізу мақсатымен арнайы қаулы қабылданғандығынан да көруге болады. Ондағы түпкі мақсат - бір тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қызметін атқаруына мемлекеттік тұрғыдан барынша ықпал ете отырып, жүйелі де жоспарлы жұмыстар жүргізу арқылы көп ұлтты құрама елдің тіл мәселесін түбегейлі шешу еді. Кеңестік тіл саясатының көрегенділікпен жүргізіліп отырғандығын, терминологияны біріздендірудің бүкілодақтық деңгейде орыс тілін үлгі етіп ала отырып жүзеге асырылып жатқандығының дұрыстығын және бұл үрдістің солай жалғастырыла беруі қажеттігін әр қырынан дәлелдеуге ат салысқан ғалымдар Мәскеуде де ұлттық республикаларда да аз болмағаны белгілі. Мәселен, мәскеулік ғалым Р. Г. Котов терминологиялық тасқынның ғылым мен техникадағы, басқару саласындағы қарым-қатынасты едәуір қиындатқанын, көп тілді елдегі мұндай кедергінің туындауына тілдік бөгеттің (языковой барьер) үлкен тосқауыл болып отырғанын, оны жою керектігін айта келіп, былай дейді: «Таким образом, проблемы развития и упорядочения терминологии оказываются тесно связанными с актуальными информационными проблемами современного общества, среди которых важное место занимает проблема преодоления языковых барьеров»

Әрине, көп ұлтты елде тілдік бөгеттің шешімін күтетін әлеуметтік лингвистикалық күрделі мәселе ретінде көрініс беруі табиғи нәрсе. Ғалымның бұл мәселені терминологияны дамыту және реттеумен тығыз байланыста шешуі қажет деуі де орынды. Алайда мәселенің үлкені сол терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында қай тілдің мүддесі көзделіп отырғандығында.

Ғалымдардың алға тартқан дәлелдері мен ұсыныс-пікірлерінен біріздендіру жұмыстарын қандай мақсатпен, қай бағытта жүргізу көзделгенін көруге болады. Жалпы-кеңестік терминологиялық қор

күру мақсатын көздеген терминологияны біріздендіру жұмыстары мемлекеттік тұрғыдан қолдау тауып, ғылыми-әдістемелік негізде бір орталықтан үйлестіріле жүргізіліп отырғандықтан едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Оған 70–80 пайызын орыс терминологиясымен ортақ терминдер құрайтын біздің терминологиялық лексикамыз бен біз тәрізді одақ құрамында болған көптеген халықтардың терминологиялық қоры құрамына қарап-ақ көз жеткізуге болады.

Ендігі жерде терминологияны біріздендіру жұмысы қалай, қай бағытта жүргізілуі қажет деген мәселеге келсек, бұл жұмыс мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің мүддесін көздей отырып жүзеге асырылуы керек екендігі дау тудырмайды. Қоғам өмірінде болған саяси, тарихи-мәдени өзгерістерге байланысты көптеген жаңа терминдер жасалды және кезінде орынсыз шеттетілген бірқатар терминдер терминологиялық лексикамызға қайта қосылды. Оған жоғарыдағы Қошке Кемеңгерұлының сөздігінен алынған мысалдағы отаршылдық, отаншыл, ошаншылдық, сарапшы, зиялы, дәріс, дастан, шендестіру, әкім, әкімдік, әдістеме атауларының тілімізде кеңінен қолданыс тауып жүргендігі, тіпті кейбіреулерінің ресми бекітілген термин ретінде терминологиямыздан орын алғандығы дәлел бола алады.

Біріздендіру жұмысы ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданылып жүрген нұсқаларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алуға тиіс. Сондай-ақ тілімізде арнаулы ұғымды дәл беретін байырғы атауы бола тұрып орынсыз шет тілінің сөзімен алмастырылған немесе сөз-жасам, терминжасам тәсілдерін ұтымды пайдалана отырып сәтті жасалған терминдер де ұлттық терминологиялық қордан орын алу қажеттігін назардан тыс қалдыруға болмайды. Термин шығармашылығы терминологияны біріздендіру, жетілдіру жұмыстарымен қатар жүріп жататын үздіксіз процесс болғандықтан, жаңадан жасалып қолданысқа ене бастаған терминдерді іріктеп алумен бірге қажеттілігіне қарай жаңа терминдер жасап, оларды тілде орнықтыруға да көңіл бөлінгені жөн. Бұл жұмыс барлық арнаулы саланың терминдер жүйесін қамти отырып жүзеге асыруды қажет етеді. Яғни тіршілік біріздендіру ісіне жете мән берілуі керек.

Ал тіларалық біріздендіру жұмысы да бұрынғыдай орыс тілін ғана үлгі етіп алып, бір жақты сипат алмай, ғылыми негізделген байыпты бағытты ұстануы керек. Әсіресе, туысқан түркі тілдес халықтар тілдерінің арасындағы терминжасам тәжірибесін бөлісу мен термин алмасу ісін дұрыс жолға қоюдың маңызы өте зор. Ділі мен тілінің

ұқсас қырлары, ортақ жақтары мол туысқан халықтардың өзара термин алмасу ісін жолға қоймай, өзгеге тәуелді кезде солардың белгілеп берген қағидаттарын әлі басшылыққа алып, ескі сұрлеуден шыға алмай отыруымызды құптау қиын. Бұл осы саладағы жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізілмей отырғанын көрсетсе керек. Тілдік туыстығы жағынан бір топқа жататын өзге халықтар тілдері арасындағы термин алмасу тәжірибесі де ескеріліп, оның ұтымды жақтары бізге үлгі болуы қажет. Бірімізде жоғымызды бірімізден тауып, тілдік байланысымыз бен ғылым саласындағы ынтымақтастығымызды нығайтудың тарихи-мәдени әрі саяси маңызы да зор деп білеміз.

Орыс тілімен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерімен арадағы термин алмасу дәстүрі бізде кеңестік кезеңде әбден орныққан деуге болады. Тіпті, термин алмасудың бірден-бір дұрыс жолы ретінде ұсынылды десек, шындықтан ауытқымаймыз. Ол дәстүрден үзілді-кесілді бас тартып, туыстық жақындығы жоқ тілдерден сөз, термин алмасуды тоқтатайық деген жолды ешкім де ұсынып отырған жоқ. Ұлт тілінде термин жасау, тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үрдісі жандана бастады деген соңғы он шақты жылдың көлемінде де еуропа тілдерінен көптеген терминдер тілімізге еніп үлгерді. Ол тілдерден ендігі жерде сөз алуға болмайды деуге де еш негіз жоқ. Еуропа тілдері де өзге тілдер сияқты терминологиялық лексиканы қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде қала беруге тиіс. Тек терминдерді қай тілдерден қандай мөлшерде, нендей тілдік және тілден тыс заңдылықтарға сүйене отырып қабылдайтындығымыздың себептерін ғылыми тұрғыдан анықтап алуға тура келеді. Саяси және экономикалық тұрғыдан ықпалы зор, әскери қуаты күшті, ғылым-білімі өркендеген елдердің тілдерінен термин қабылдау қашан да, қай тілдің де басында болатын құбылыс. Мемлекет нығая түскен сайын мемлекет құраушы ұлттың ғылымды өз тілінде өркендетіп, ақпарат алмасу процесінде өзінің тиесілі орнын алуға ұмтылуы табиғи нәрсе. Біз қазір дәл осы кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Қазіргі кезеңде де кешегі кеңестік дәуірдің кемшіліктерін қайталап, терминологияны дамытуда біржақтылыққа ұрынуға жол беруге оолмайды. Өлемдік ғылымның даму үрдісіне сәйкес өзге тілдердің терминдер қорын қалыптастырудағы ұстанып отырған бағытын, терминологиясын қалыптастыру тәжірибесін де ескеріп, алайда басқаникінің бәрін асыл көріп, қозсиз көшіруге ұрынбай, ұлт тілі мен ғылыми-техникалық прогрестің мүддесін ұштастыра жұмыс жүргізгенде ғана мәселе дұрыс шешімін таппақ.

Сонымен қорыта айтар болсақ, тілішілік біріздендіруді тіларалық біріздендіру жұмысын да ескі сарынмен жүргізе беруге болмайды. Тілішілік біріздендіру барысында ұлт тілінің ішкі мүмкіндіктері сөз жүзінде емес, іс жүзінде барынша кәдеге жаратылуы керек. Барлық лексикалық қабаттарды терминологияны қалыптастырудың ішкі көзі ретінде, ал сөзжасам, терминжасам тәсілдерін тіліміздегі термин жасаудың жолы ретінде кәсіби шеберлікпен пайдалану арқылы ғана ғылыми-техникалық терминдер бұрын ұлттық тіл негізінде қалыптастыра аламыз. Ал аралық біріздендіру ғылым мен техниканың өркендеуі немесе мемлекеттердің саяси және экономикалық ықпалдылығы сияқты тілден тыс (эксталингвистикалық) факторларға ғана негізделмей, тілдердің туыстығы мен құрылымдық ұқсастығы тәрізді таза тілдік (лингвистикалық) факторларды да ескере отырып жүргізілуі қажет. Сонда бізде терминологияны қалыптастыруда кенестік деңдегідей орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы қабылдаудан басқаны білмейтін біржақтылық орын алмайды. Терминологиялық қорды қалыптастырудың сыртқы көзін қажеттілігіне қарай сұрыптап пайдалануға, терминді қай тілден қабылдаудың тиімділігін анықтап, оларды елеп-екшеп алуға да мүмкіндік туындайды.

Орыс ғалымдары Д. С. Лотте мен Кеңес өкіметінің ҒА-ның ғылыми-техникалық терминология комитеті еңбектерінің негізінде жазылған «Как работать над терминологией. (основы и методы)» атты еңбекте ғылым мен техниканың немесе пәннің терминологиясын реттеу үйіні сала мамандары мен іргелес сала мамандарынан тұратын ғылыми комиссия құрып, оған түрлі ғылыми мектептер мен әр түрлі көзқарастағы ғалымдарды тарту қажеттігі атап көрсетіледі. Сондай-ақ осы еңбекте реттелуге тиісті терминдерді мамандар талқысына ұсынудың үлгісі беріледі. Онда бірінші бағанға терминдердің рет саны, екінші бағанға ұғым атаулары терминдер әліпбилік емес, жүйелік тәртіппен беріледі де, үшінші бағанға сол терминдердің анықтамалары орналастырылады.

Бұл үлгіні ұсыну арқылы ғалым терминнің атауы мен мағынасының сәйкес келуін әрі атаулардың ұғымдар жүйесінің ерекшелігіне сай болуын мақсат еткені аңғарылып тұр. Г. В. Степановтың терминологияны реттеу жұмысын осылай түсінгенін оның берген анықтамасынан көруге болады. Реттеуді ғалымдар түрліше түсініп, әрқалай түсіндіреді: Бірі бұл жұмысты біріздендіру аясында қарастырса, екіншілері кең мағынада қолданып, терминологиялық жұмыстардың барлығының басын қосып реттеу деп ұғады. Біз

терминологияны реттеуді Д. С. Лотте, Г. В. Степанов т.б. ғалымдардың берген анықтамасы негізінде ұсынып отырмыз.

Терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуін іздеуге бағытталған мамандардың бірлескен жұмысының реттеу (упорядочение) деп аталатынын жоғарыда атап көрсеттік (1.5). Ұғым мазмұнына оның атауының сәйкес келуі жөнінде бізде жиі сөз болады. Бұл мәселе жөнінде терминтанушы тілшілер де, лексикологтар да, сала мамандары да жалпы филологиялық білімі барлар да, қаламгерлер де кейде журналистер де пікір білдіріп жатады. Бірақ пікірдің де пікірі бар. Біреулер сөздің қысқалығын, біреулер сөздің ұзындығын, біреулер оның төркінін қуып моңғолдың, арабтың, гректің немесе ағылшынның сөзі екендігін сөз етеді. Сөз біздің меншігіміз оған араласпа деп ешкімге тыйым салуға болмайды. Әркім де пікір білдіруге қақылы. Бірақ мәселеге біліп араласқанға, мәселенің мәнін ұғып, оны зерттеп, зерделеп барып жүйелі ой айтып, тұжырым жасағанға не жетсін. Бұлай деуіміздің себебі, термин мағынасы жөнінде айтылып жататын пікірлердің арасында лексикалық, терминологиялық мағына табиғатын терең түсініп, оның нәзік қырларын аңғара отырып, кәсіби біліктілікпен айтылатын ой-тұжырымдардан ғөрі жоқ-барды теріп, жалпы, үстірт пікір білдіретін жағдайлар бізде көбірек ұшырасып жатады. «Тіпті мына сөз маған ұнайды, немесе «ұнамайды» бұрынғысы дұрыс еді» деген пайымдауларды еш лингвистикалық негіздеусіз-ақ алға тарта беретін мақалалар жарық көріп жатады. Таңбалаушы мен таңбалаушының, атау мен ұғымның байланысы, термин-сөз мағынасының ерекшеліктері, ұғым белгілерінің мағына құрауға қатысы деген нәрселер шолып өтіп, атүсті ой айта салатындай оп-оңай мәселелер емес. Сондықтан мұндай іске қай-қайсымыз да арнайы дайындықпен, ізденіспен келіп, жауапкершілікті сезе отырып араласып, терең зерделеуге сүйене отырып пікір білдірсек, ортақ шаруамыздың оңалуына үлес қосылар еді.

«Бізде әлі де айтылған пікірлерді сараптан өткізіп, дұрыс-бұрысын ажыратып, ғылыми құндылығы барларын ескеріп, оларды реттеу жұмысында қажетімізге жаратып отыру жағы жолға қойылмай келе жатқаны аландатарлық мәселе. Жоғарыда тоқталғанымыздай, құнды пікір-ұсыныстармен бірге негізсіз айтылатын пайымдаулардың көп орын алып жататыны да осындай мамандар тарапынан жұмылып жасалып отырған мақсатты жұмыстың жүргізілмей отырғандығынан. Егер білікті мамандар бірлесе отырып, түрлі басылымдар мен баспасөзде жарияланған мақалалар мен ұсыныс-пікірлерді жіті қадағалап, оларды дер кезінде електен өткізіп сұрыптап отырса, бұл

мәселеге ерінбегеннің бәрі араласып үстірт, жайдақ пікір айтушыларға жол берілмес еді. Істің жоғары кәсіби деңгейде, біліктілікпен жүргізілуіне қол жеткізе алар едік. Әзірге олай болмай отыр. Реттеудің мамандардың бірлескен жұмысы негізінде жүзеге асатынын ескеріп, терминологияны реттеу жұмысын осы бағытта жүргізу керектігін айрықша атап айтқымыз келеді», - дей отырып, ғалым Құрманбай келесі пікірлерді ұсынады: «Терминология туралы сөз болған жерде ұлт тілінің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалану қажет деп жатамыз. «Қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалануды» академик Ә. Қайдар терминологияны дамыту қағидаттарының бірі ретінде ұсынды (3-принцип). Ахандар кезеңінен бастап келе жатқан бұл бұл қағидатты біз де қолдаймыз. Тілдің лексикалық байлығын сарқа пайдалану мүмкін болмас, оны барынша ұғымды пайдаланудың қажет екендігі дау туғызуға тиіс емес. Жалпы лексикалық байлығымыз ғана емес «тіліміздің ішкі мүмкіндігін барынша немесе сарқа пайдалануымыз керек» деген сөз жиі айтылып жатады. Алайда бізде сол барынша пайдалану дегеннің не екенін нақтырақ, дәлірек түсіндіру жағы жетісіңкірей бермейді. Біздің ұғымымыз-тіліміздің ішкі мүмкіндігін барынша пайдалану дегенміз - тіліміздегі лексикалық қабаттардан арнаулы сала ұғымдарын атауға жарайтын сөздерді үлкен ыждағаттылықпен, кәсіби біліктілікпен сұрыптап ала білу мен терминжасамның барлық тәсілдерін жаңа атау жасау кезінде шығармашылықпен сауатты пайдалану. Ал ендігі мәселе – «тіліміздің ішкі лексикалық мүмкіндігін қалай пайдаланамыз?» деген сұраққа жауап беру. Тіліміздің лексикалық байлығын терминқор қалыптастыруда ұғымды пайдалану үшін алдымен сол байлықкөз алдымызда, қолымызда болуы керек. Лексикалық байлық халық тілінде бар болғанымен оны жинақтап, жүйелеп, мағыналарын анықтап отыр. Әдістемелік, анықтамалық құралдар дайындамасак, арнаулы ұғымдарға ат беру кезінде оларды пайдалану мүмкіндігіміз төмен болады. Сөз байлығы мол, тілді ең жақсы біледі деген адамның өзінің сөздік қоры шектеулі, екіншіден, атау іздеп отырған ұғымға қажет сөзді термин жасаушы білген күннің өзінде оның жадында сол сөз үнемі кезегін күтіп тұра бермейді. Қажет кезінде қажет сөздің табыла қоймауы, еске түсе бермеуі мүмкін. Ондай сөзді асықпай, көптеген әдебиеттерді ақтарып іздеуге, ұзақ бас қатыруға тура келеді. Сондықтан да қазақша термин жасау барысында ұғымды дәл беретін ең ұғымды сөз қалтарыста қалып қойып, оның орнына мамандардың мағынасы біршама жуықтайтын сөзді алып, сөздікке, оқулыққа енгізетін жағдайлары ұшырасып жатады. Осындай кемшіліктерге орын беріп алмау үшін терминқор

қалыптастырудың ішкі көздері анықталып, термин ретінде пайдалануға болатын лексикалық қабаттар көрсетілуі керек.

Жалпы кез келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын екі кезі бар. Оның бірі – ұлттың өз тілі де, екіншісі – өзге халықтардың тілдері. Алғашқысы – терминжасамның ішкі көзі, ал кейінгісі – сыртқы көзі деп аталады.

Бұл көздердің термин шығармашылығында пайдаланылуы – ғылым-білімнің даму деңгейіне, ұлт тілінің қоғам өмірінде алатын орнына тікелей байланысты. Соған сәйкес бір тілдің терминологиялық лексикасының басым белігін ұлт тілінде жасалған терминдер құрайтын болса, кейбір тілдерде керісінше, өзге тілдерден қабылданған кірме терминдер өте көп ұшырасады да, төл терминдердің үлес-салмағы елеусіз болып жатады.

Мәселен, қытай тілін зерттеген ғалым И. М. Ошанин қытай терминологиясы туралы былай деп жазады: «Многотысячелетнее развитие китайской культуры с ее материальным и духовным богатством, с ее развитой теоретической мыслью, отраженной в многочисленных сочинениях по философии, истории, экономике, медицине, математике и т.д., обусловило огромные словообразовательные возможности, позволяющие передавать сред-ствами своего языка любые понятия, заимствованные у других народов «Поэтому удельный вес прямых заимствованных и иностранных слов в китайском языке чрезвычайно мал...».

Ал қазақ терминологиясының жайы мүлдем басқаша. Тілші ғалымдар терминологиямыздың 70-80 пайызын кірме терминдер құрайтынын айтып жүр. Өз билігі өзінде болмаған халықтың тілінің де еркін дамуына мүмкіндік тумайтыны белгілі.

Терминологиямыздың ұлттық сипатынан айырылуы - тіліміздің ғылым саласында, термин шығармашылығында өз деңгейінде пайдаланылмағандығының көрінісі болып табылады.

Ендігі жерде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі өзінің ғылым саласындағы қызметін толық атқаруға көшуге тиіс. Ол үшін терминжасам тәсілдері іске қосылып, үздіксіз жетілдіріліп отыруымен қатар, термин жасауда пайдаланылуға тиісті лексикалық қабаттар тиімді пайдаланылуы қажет.

Қазақ тілі арнаулы лексикасының оның ішінде терминжасамның ішкі көзін пайдалану арқылы қалыптасқан терминологиялық лексиканың жасалуына жалпыхалықтық тілдің негіз болғандығы дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Бірақ жалпыхалықтық тілдегі барлық сөздердің терминдену қабілеті бірдей бола бермейді. Белгілі



бір лексикалық қабаттар немесе лексика-семантикалық топтар термин шығармашылығында өнімділік танытса, кейбіреулерінің терминологиядағы үлесі өте төмен.

Мәселен, сөз таптарының терминденуі тұрғысынан қарар болсақ, барлық сөз таптарының (сын есім, етістік, үстеу, есімдік) негізінде жасалған терминдерді қосқанда бір ғана зат есім негізінде туындалған терминдермен теңдесе алмайды. Сөздердің қолданылуы тұрғысынан келгенде де тіліміздегі лексикалық қабаттардың терминге айналу мүмкіндігі өркелкі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. - А., 1997 ж.—146 бет.
- 2 Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. А., 1986 ж. —213 бет.
- 3 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. А., 1991 ж.
- 4 Әуезов М. Қазақ тіліндегі терминология мәселелері. Жиырма томдық шығармалар жинағы. -А., 1999 ж.
- 5 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. А., 1999 ж.
- 6 Барлыбаев Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. А., 2000 ж.
- 7 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. А., 1994 ж.

### ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫБЫНДА ӨТКІЗУ

РУШАНОВА А. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 5 ЖОББМ, Павлодар қ.

Біз мемлекеттік тілді қалай оқытып жүрміз деген заңды сұрақ туындап отыр.

Қазақ тілін ұлт мектептерінде оқыту, жалпы басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету мәселесі ХХ ғасырдың 30 жылдарында қолға алынып, түрлі оқулықтар, оқу құралдары, бағдарламалар шығарыла бастады. Ағартушы-ұстаз А. Байтұрсынов –қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол – қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды: «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралында» тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады – «зат есім, сан есім, етістік,

есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдерін, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», төртінші – сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды алып, «Баяншыны» жазды.

Басқа ұлт өкілдеріне арнап: «Учебник казахского языка для русской школы» деп аталатын оқулық Телжан Шонановтың қалам астынан 1933 жылы жарық көрген. 1940 жылы «Бастауыш мектептерде қазақ тілінің методикасы» деген Ғали Бегалиевтың еңбегі баспадан шыққан. Ш. Сарыбаев қазақ тілін басқа ұлтқа оқыту әдістемесі бойынша тұңғыш ғылым кандидаты болды. Қазақ әдістемесі мәселелерін зерттеп, ғылыми еңбек жазған әдіскер-ғалым К. Жақсылықова нақтылы дерек береді: «Выявлено, что первые программы и разработки уроков по казахскому языку были составлены в 1930 годы видными учеными-языковедами С. Аманжоловым, Ш. Сарыбаевым, Т. Шонановым, и многими другими»[1].

М. С. Лапатухинның 1940 жылы шыққан «Очерки по методике казахского языка в русской школе» еңбегі - орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің тұңғыш үлгісі.

1987 жылы Республикада қазақ тілін оқытуды жақсарту туралы үкімет қаулысы қабылданып, 1990 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алғаннан кейін қазақ тілін оқытуға көзқарас өзгере бастады. Қазақ тілін үйренуге көңіл бөлініп, бұл мәселенің зерттелуі, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдарын жазу қолға алынды.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған оқулықтарды, оқу құралдарын, тілашарлар мен сөздіктерді, бағдарламалар шығару ХХ ғ. сексенінші жылдардың аяғынан бастап қоғамдық саяси сипатқа ие болды. Қазақ тілін дамытуға үлкен бағыт-бағдар жасалып, жұмыстар жүргізіле бастады.

ХХІ ғасырда Қазақстан Республикасының Тіл саясатын, мемлекеттік тілді дамыту

саясатын басшылыққа ала отырып, мектепте мемлекеттік тілді оқыту барысында жаңа парадигмаларға сай инновациялық жүйелерді енгізу қолға алынды – қазақ тілін деңгейлік меңгерту кешені. Деңгейлік оқыту тілді бастапқы дәрежеде білу, ана тілі дәрежесінде білу, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсе алатындай дәрежеде білу деген ұғымдармен байланысты.

Практикалық және лабораториялық жұмыстар, сабақты ұйымдастырудың үлгілері, диктант пен жаттығу жұмыстары, оқушылардың білімін есептеу ғылыми-практикалық жағынан жан-жақты талданып көрсетілген еңбек оқытушыларға әдістемелік жағынан

көмек беретін жұмыс болып табылады. Сондықтан қазақ тілді емес мектептерде мемлекеттік тілді деңгейлік оқыту мақсатын басшылыққа ала отырып 10 тамызда 2012 жылы ұйымдастырылған «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан дайындықтан өттім.

Деңгейлік оқытудың негізгі ұстанымы – тілдік материалдарды өмір шындығындағы жағдайлардың негізінде ұйымдастырып сөйлеу жағдаятында қолдану. Жобалай оқыту технологиясының ең басты сипаты адами тілдік қатынасқа негізделуі болса, оның адам өміріндегі мәнін ғалым Ф. Ш. Оразбаева былай тұжырымдайды: «Тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алысуы, адамдық қатынастың түп негізі дегенді білдіреді» [2].

Жалпы білім беретін мектептің басты мақсаты – дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау болса, сол тұлғаның басты көрсеткіші – сөйлеу әрекетін еркін меңгеруі, өз ойын ашық айта алуы ғана емес, сонымен қатар, оның өзіндік сөйлеу стилінің қалыптасуы. Ал бұл мемлекеттік тілдің оқытылу сапасы мен оның ұйымдастырылуының түпкі нәтижеге сәйкестік деңгейіне тікелей қатысты.

Қазіргі қазақ тілі сабақтарында тілдік қатынас жасау мәселесіне басымдылық берілуі – тілдің адам болмысы мен бірлігіне сүйеніп жасалған жана қадам. Тұлға мәдениеті – қоғам дамуының көрсеткіші, өркениетінің өлшемі. Ғылым мен техниканың, педагогикалық инновация мен технологияның соңғы жетістіктерін оқушыларға саралап беру мұғалімнің шеберлігін көрсетері анық.

Оқушылар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сыни көзбен қарайды. Оларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Ол мұғалімнің көп ізденісін қажет етеді. Оқу материалдарын оқушының жас ерекшеліктеріне орай таңдау – әдіскерлікті талап етеді. Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Бір сабақтың өзінде қолданатын әдістерді кезектестіріп, оқушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн. Өзара қарым-қатынасқа және сөйлесуге құрылған оқыту оқу процесінде белсенді формаларды қолдану арқылы іске асырылады. Олар: топтық, жұптық, ұжымдық. Оқытудың бұл формалары жалпы немесе құрылымдық деп аталады.

Түсіндіру әдісі жаңа тақырыпты түсіндіргенде жиі қолданылады, бірақ бекіту кезінде оқушылар білімді дұрыс меңгермегенде де қолданылады. Түсіндіру әдісіне қойылатын талаптар: – сұрақтарды дәл және анық тұжырымдау; – себеп-салдар байланысын ашып, дәлелдер келтіру; – салыстыру, қатар қою, ұқсату, жарқын мысалдар қолдану; – жүйелілік. Түсіндіру – оқыту әдісі ретінде әр жастағы балалар тобымен жұмыста кен қолданылады.

Әңгімелесу - дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қолданған, сондықтан әңгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды. Соңғы жылдары отындық та, шетелдік те әдіскерлердің еңбектерінде тіл пәнін оқытуға қатысты айтылып жүрген ой-тұжырымдарын саралап қарағанда, мынадай әдіснамалық ұстанымдардың ерекшеленіп көрінетіні байқалады: – білім беруді қоғамның сұранымына сәйкестендіру; – білімді оқушының өміріне ең қажетті біліктіліктерін жетілдірудің базасы ретінде жүйелеу; – білімді оқушының дүниетанымының, болмыс мәдениетінің коммуникативтік іскерліктерінің дамуының тетігі ретінде қолдану, оның ішкі мотивациясының негізі ретінде ұсыну. Оқушыны болашақ үлкен өмірге дайындау маңызды болып саналады. Әрбір жеке тұлға – мемлекеттік, елдің бүгінгі және ертеңі. Қолданыс құралы ретінде әлемдік мәнге ие болып отырған ағылшын, неміс, француз, орыс т.б. тілдерінің оқыту жүйесінің әдіс-тәсілінен үйренеріміздің мол екені де жасырын емес. Әсіресе шет тілдерін оқыту әдістемесін қазақ тілін оқыту барысында тиімді пайдалану бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін атап айтқымыз келеді. XXI ғасыр сұранысына жауап бере алатын тілді үйренудің басты тәсілдерінің бірі – деңгейлік оқыту жүйесі.

Егер нақтылап айтсақ, оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді: 1) мақсаттары (не үшін оқыту керек?); 2) мазмұны (нені оқыту керек?); 3) ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?); 4) құралдары (ненің көмегімен оқытукерек?); 5) оқыту кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері. Қазақ тілін оқытудың барысында мұғалім оқытудың формалары мен мазмұнын, міндеттерін шешуде, әдістемені анықтауда дидактикалық принциптерді басшылыққа алады. «Принцип» – латын сөзі «основа первоначально-руководящая идея...» қазақшасы – «оқытуда басшылыққа алатын идея, қағида». Қазақ тілін оқытудың барлық деңгейлерінде бағдар беретін негізгі жұмыс бағыты осы.

Ж. Нұржанованың «Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары» атты әдістемелік құралында берілген оқыту әдістерінің: 1) түсіндіру әдісі – бұл әдіске ауызша баяндау – түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, дәріс

түрлері жатады. 2) кітаппен жұмыс істеу әдісі – мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау-анықтама, түсініктер, жоспар, конспект, тезис, газет, журнал, сөздік, т.б. жұмыстар. 3) көрнекілік әдісі – экскурсия, таблица, сурет, схема, карточка пайдалану т.б. 4) техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің бірі – демонстрациялық әдіс – экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент, т.б. техникалық құралмен жұмыс істеу. 5) жаттығу әдісі – ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс, тақтамен жұмыс, өз бетінше жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану жұмысы деген жіктелуін бір ауыздан қолдаймыз.

Дамыта оқыту жүйесінің маңызды тағы бір ерекшелігі сынып оқушыларын «жақсы», «жаман» оқушылар деп бөлмей, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтуы. Нашар оқушының да өз шамасы келгенінше, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылған. Сол арқылы ол да өзін мүмкін дәрежеге дейін дамыта алады. Бұл жолда оның қателесуі, жаңылуы әбден мүмкін. Тек мұғалім тарапынан көрсетілген сабырлылық, байсалдылық оның өз күшіне деген сенімін арттырып, алға жетелейді деп есептеледі.

Сонымен, дамыта оқыту технологиясының нәтижелерін төмендегідей көрсетуге болады:

- түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
- оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
- оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
- оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;

– жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады. Дамыта оқыту технологиясы идеяларының қатарына сондай-ақ оқу қызметінің әр қилы жағдайларында үйренушілердің қажет болғанды өзінше танып, содан өздігінен жауап әрекет орындауға (рефлексия) ынталандыру идеясы да кіреді. Аталған жүйе бойынша сабақтарды даярлау және өткізу кезеңдерін төмендегідей құрастыруға болады:

I Әдістемелік іс-әрекет жағдайында мақсат пен міндеттерді менгеруі сабақтың мазмұны; оқу жағдайын ескеру; әдістемелік тәсілдерді қолдану.

II. Келесі сабақтың моделін жоспарлау, сабақтың негізгі мақсаттарын анықтау (аралық міндеттер мен шешу жолдары); сабақтың әр кезеңіндегі оқушының негізгі әрекет түрлерін анықтау; оқушы әрекетін ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін тандау.

III. Сабақты жүргізу. Әр сабақтағы баланың іс-әрекетін ұйымдастыру; оқушымен жанама қарым-қатынас; жұмыс барысын бақылау жұмысы.

IV. Рефлексия (Сабақтың қорытынды бағасы) қойылған мақсатқа жету; тақырып бойынша өзгерістер енгізу; оқыту нәтижесіне талдау (жетістіктер мен кемшіліктер).

Сонымен біз дамыта оқыту мен дәстүрлі оқыту жүйелерінің ерекшеліктері мен өзгешеліктерін айыра алатындай болдық. Дәстүрлі оқыту балада білім, білік дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарасқа, ал, дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген. Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтауға, ал, дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге алған білімді пайдалана білуге үйретеді. Әр мұғалім жаңа сабақты жоспарлағанда тек тақырыпты мазмұндау міндетті емес, оқушы ойын қалай дамыту керек, оқушыға не берем деген мақсат тұрса, қазіргі оқытудың жаңа технологиялық әдіс, тәсілдерін қолдана білсе, оқытушы аз сөйлеп, көп білім мен тәрбие бере алады. Бірнеше нақтылы заттарды алып, оның түр-түсін, көлемін, сапасын, әр түрлі сындық ерекшеліктерін анықтатып, ой қорытындысын оқушының өзіне шығартуға жетелеу керек.




Қазақ тілі сабақтарын дамыта оқыту технологиясы арқылы өткізуге болады. Мысалы:

Кесте 1

Сабақтың тақырыбы	Қарындашынды берші!
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	2.1.2.1. күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну
	2.1.5.1 тыңдау- көру материалдағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою және сипаттау
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсінеді.
	Көбі: тыңдау-көру материалдар бойынша сөз тіркестерін жазу, оқиғаларды түсінеді, сұрақтар қояды және сипаттайды.
	Кейбірі: тыңдау-көру материалдарғы оқиғаларды түсінеді, сұрақтар қояды және сипаттайды.

Оқыту әдістері :	Түсіндіру, сұрақ- жауап,салыстыру, «Қарындашты алу» тренингі, «Қанша? Қандай?» топтық жарысы.
Күтілетін нәтиже	Сурет бойынша сұрақтарға жауап береді, өз заттары туралы толық ақпарат береді
Пәнаралық байланыс	Еңбектану пәні
Жаңа сөздер:	Қағаз, қайшы, өшір, ки,түрлі- түсті
Дереккөздері:	Әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар, сөздік

### Кесте 2

Сабақ барысы		
С а б а қ т ы ң жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин  (3 мин)	МК) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Психологиялық ахуал туғызу. «Ақ пен кара» ойыны Оқушылар шеңбер жасап, ақ пен кара болып араласып тұрады. Мұғалім «Ақ» дегенде оқушылар жақсы, жақын, сау, үлкен ал «Кара» дегенде жаман, алыс, ауру, кішкентай <i>Қарындаштар арқылы топқа бөлу.</i> Қ.Б: «Бағдаршам» әдісі.	PowerPointта жасалған қосымша Слайд №1  
С а б а қ т ы ң ортасы 30 мин	<i>Ребусты шешу, сабақтың тақырыбына шығу.</i>    1 -тапсырма. Мәтінді тында. • Дұрыс жауабын тап. Мен дүкеннен түрлі- түсті қарындаш сатып аламын. Қағазға сары қарындашпен күннің суретін саламын. Оны қайшымен киямын. Көк қарындашпен аспаптың суретін саламын. Жасыл қарындашпен жапырақтың суретін саламын. Қызыл қарындашпен гүлдің суретін саламын. Қарындаштарды қаламсауытқа саламын. 1) Мәтін не туралы? А) қайшы туралы В) түрлі- түсті ғарындаштар туралы С) қағаз туралы Д) гүл туралы Мәтіннің жанрын анықта А) әңгіме В) өлең С) ертегі Д) жұмбақ • Мәтінге сәйкес келетін суретті тап.    А) В) С) Д)	

	<p><i>Дескриптор: Білім алушы</i> - мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді; - мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін суретті анықтайды. Бағалау әдісі «Түрлі түсті бармақтар» арқылы бірін-бірі бағалайды. <i>Сергіту сәті: «Қанша? Қандай?» топтық жарысын ұйымдастыру.</i> Шарты оқушылар төрт- төрттен топтасады. Мұғалім не қаламды, не қарындашты жоғары көтеріп, « Бұл не? Қанша? Қандай?» деп сұрап отырады.</p> <p>Жұптық жұмыс. 4- тапсырма. Суретті пайдаланып, сөйлем құрап жаз. <i>Дескриптор: Білім алушы</i> - сурет бойынша сөйлемдер құрастырады; - сөздерді орынды қолданады; - сөйлемдегі сөздердің байланысын сақтайды. «Балық қаңқасы» әдісі. Оқушылар түрлі- түсті қарындаштардың түстерін айтып балық қаңқасын толтырады. «Түйінді сөздер» әдісін қолдану. Мысалы: <i>дүкеннен сатып аламын, суретін саламын, қаламсауытқа саламын, сенің қарындашың, оның қарындашы..</i> <i>Осы сөз тіркестерінен сөйлемдер құрастырады.</i></p>	
Сабақтың соңы Кері байланыс	Оқушыларды бағалау: «Жақсы!», «Жарайсың!», «Өте жақсы!» (К) Оқушылар сабақ барысында нені білгені, қандай жұмыс істегені, не қызық әрі жеңіл болғаны, не қиындық туғызғаны туралы ой-пікірлерін білдіре алады.	PowerPointта жасалған қосымша  Слайд № 3

Сонау ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру –үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан, қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Оқушыларды қазақ халқының рухани байлығы мен заманауи біліммен қаруландыру – ұстаздың айнымас мақсаты.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.

2 Оралбаева Н. Қазақ тілін үйрену курсының программасы. Алматы, Мектеп, 1987. – 75 б.

3 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. Алматы., 2001. - 280 б.

## ИСА БАЙЗАҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

РЫСПЕКОВА Қ. Т.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кішкентайынан «Домбырашы бала», «Әнші Иса» атанған Иса Байзақовтың артында көптеген мұралары қалған ұлы ақын. Ол біздің әдебиет қоржынымызға алты-жеті ірі дастан қалдырған өте әйгілі дарын иесі. Иса творчествасын тереңдеп барласақ - бұл сегіз қырлы тамаша дарынның ең күшті, асыл қырын – оның жазба өнерінен – поэмаларынан айрықша көрінеді. Иса Байзақов поэмаларының негізгі тақырыбы ерлік пен махаббат болып табылады. «Құралай сұлу», «Қойшының ертегісі», «Алтай аясында», «Кавказ», «Ақбөпе» поэмаларында адамгершілікті, адал махаббатты жыр етеді. Өткен өмірдің өкінішті, қайғылы кезеңдерін көз алдына елестетіп, қазақ пен қалмақтың ірі бай-феодалдарының зұлымдығын әшкерелейді, тап қайшылығын көрсетеді.

Иса Байзақов поэма жанрын дамытуға зор үлес қосқан. Ақын Қ. Бекхожин: «Иса творчествосын тереңдеп барласақ - бұл сегіз қырлы тамаша дарынның ең күшті, асыл қырын - оның жазба өнерінен – поэмаларынан айрықша көрінеді. Кейбір зерттеушілер Иса – суырып салма ақын, домбырашы ақын деген бір жақты, ағат пікірден арылмай келеді. Рас, Иса – бұрынғы Ақан сері, Біржан сал секілді әнші, импровизатор ақындардың дәстүрін совет заманында өзінше өрістеткен сері ақын» [1, 93 б.]. Оған дәлел ретінде «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Ақбөпе» тағы басқа шығармаларын атап айтуға болады. Көлемді шығармаларының көбі өткен заман оқиғалары мен кейінгі дәуір шындығынан көрініс береді. «Құралай сұлу», «Алтай аясында» поэмаларында жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» заманындағы қазақ халін, қанжарлы ерлер мен қара қылды қақ жарған отты билері туралы айтылады. 1924 жылы Орынбор қаласында оқып жүрген жас ақын Иса Байзақов «Құралай сұлу» атты поэмасын жазады. «Құралай сұлу» поэмасының негізгі ойы, сонау «Ақтабан шұбырынды» заманындағы қазақ тұрмысы шынайы суреттеп, ел бірлігі мен патриотизм идеясын көтерген. Поэма жарық көргеннен бастап (1925 ж.) оқырманға бірден ұнауының себебі неде? Бұл елдік жайында, еңіреген ерлік жайында кіршіксіз таза махаббат жайындағы дастан. Ананын балаға деген махаббаты, ата-ананың перзентке деген сезімін және екі жас арасындағы сүйіспеншілік сезімді

жырлайды. Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» дастанына ғасырлар бойы қазақ даласында жаңғырған Құралай сұлу жайлы аңыз арқау болған. Ақын тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат мүддесін, арманын білдіреді. Көркем шығарманың сюжеті оқиғалар жүйесінен құрылады. Оқиғалар бір-бірімен байланысып, желісі үзілмей, үнемі өрбіп отырады. Шығарманың ерекшелігі өлі сөзге жан бітіре сөйлей білген ақынның тілге шеберлігін көреміз. Мысалы ел жайлап отырған Шу өзенінің екі жақ алабы мен көл маңының көркін айна қатесіз көз алдыңызға келтіріп, сөзбен сурет салады. Иса Байзақов «Құралай сұлу» поэмасын оқығанда Монтай атты мұрагерсіз қалған қария мен Келден батырдың аңсаған армандары туралы ой ентелеп келеді.

Қыпшақ елінде әрі би, әрі батыр Монтай есімді сексенге келген шал болады. Оның қара қылды қақ жарған әділдігі алыс-жақын елдің барлығына жағып, қай жерде де төбесі көкте, орыны төрде жүретін сыйлы адам екен. Бірақ өмірде күйіншіпен жүреді екен. Себебі артында қалған баласы, өлсе жоқтап құран бағыштар ұрпағы жоқ екен. Ел болып, көп болып құдайдан тілегенімен, ол тілегі қабыл болмай арманда қалып келеді. Молданың көзі тиіп өлген баласының қайғысын жамылып отырып Монтекең:

Армансыз адам көрмедім,  
Осы жасқа келгенше.  
Мұңсыз ешкім көрмедім,  
Қартайып отым сөнгенше.  
Арманы жоқ ер көрсем,  
Арымастай болар ем,  
Азбайтын тату ел көрсем,

Тұғырға қайта қонар ем..., [2, 24 б.] – деп үміт ете сөйлегенде бір жігіт орнынан тұрып армансыз адамды білетінін айтады. Оған елен еткен Монтай сол адамды іздеп жолға шығады.

Жалпы, армансыз адам болмайды. Халқымыз «Үмітсіз – шайтан» деген. Алдынан күткен несібесі болмаған адам өмір сүре алмаса керек. «Тірі адамның ісі – үміт» деп Абай да арман мен үмітті өз жырларында айтып өткен.

Монтайды жұбата сөйлеген жігіттің сілтеп отырғаны – жұрт «армансыз Келден» деп атайтын он сегіз баласы он сегіз ауыл болған, әрі бай, батыр кісі екен. Монтай сол Келденнен:

–Бақ мынау, бала мынау, дәулет еркін,  
Келдеке, сізде де арман бар ма?» – деп жөн сұрайды.

Сонда Келден ойланып:

– Армансыз бұл дүниеде жан бола ма,

Жеткізген кімді «тәңірі» түгел етіп, – деп өз арманынан сыр шертеді.

Адам емес, Алла емес, мен кінәлі,

Өлтірттім жазасы жоқ бір жас жанды, [2, 276.]

– деп Құралай сұлудың өліміне өзінің айыпты екенін жазғыра сөйлейді.

Шығарманың негізгі идеясы да – осында. Армансыз адам болмайды. «Бір кем дүние» деп бүкіл адамзатқа қаратыла айтылған, және Алланың да 99 есімі бар екен.

Қалмақ пен қазақ арасында сұрапыл соғыс болған жылдары аз ғана үй отырған қазақ ауылына қалмақтар шабуыл жасап, 13 жасар Келден жау соңынан қуып кетеді. Жаумен алысамын деп жүріп тұтқынға түсіп, қалмақ ханы Сейқынның тұтқынында 5 жыл өткізеді. Бір күні Сейқын хан үлкен той жасап, тұтқындардың бәрін босатуға өмір береді. Бірақ мәселе қазақ батырына келгенде, оны алдына алып келуге бұйырады. Келден батырға хан егер қалмақ елін жау көрмей, дос тұтатын болса ғана бостатынын айтып, ант беруін талап етеді. Бірақ дұшпанға ант беруді намыс көрген Келден батыр қарсылық танытып, қалмаққа дос болмайтындығын, өлгенше күресетіндігін айтады. Осы әрекеті үшін хан оны тағы қамауда ұстайды. Ертесі күні таң ата Келден батырды әлдекім түртіп оятып, босатып алады. Қараса Сейқы ханның қызы Құралай сұлу екен. Құралай сұлуды қыз баласы-ау демей, онымен ел билеу ісінде ақылдасып, кеңесіп отыратын болған. Құралай сұлу батырға шешесінің қазақ қызы екенін, 15 жасында қалмақ қолына түсіп, Сейқын хан қазақ қызының асқан сұлулығына қызығып әйелдікке алғаны, шешесінің қалмаққа қор болып, еліне деген сағынышы мен махаббаты үшін құсамен өмір сүріп, шерменде халде дүние салғандығы жайлы мұңын айтады. Шешесіне деген махаббаты мен Сейқын ханға деген өшпенділігі, қалмаққа қор болмауын өтінген анасының өсиетінің осы күнге дейін байыз таптырмағандығын сөз етіп, елден бірге қашуын сұрайды. Бір-бірін сүйіп қалған жастар елден қашып, қазақ жеріне беттейді. Артындағы қалмақ қуғыншыларымен алысқан Келден оларды мерт қылып, кегін алады.

Өлім аузында жатқан Құралай батырға арманының орындалғанын айтып, батырдан әрі қарай өмірін жалғастырып, ұрпақ өрбітуін тілейді. Сөйтіп, жан тапсырған Құралай ханның жете алмаған арманына айналады.

«Ақбөпе» – Иса Байзақовтың нағыз реалистік поэмасы. Білімдар сыншы А. Нұрқуатов бағалауынша: «Бұл поэма Иса Байзақовтың

ақындық шеберлігі толыса өскендігін, оның өмірге, тарихи шындыққа деген көзқарасының тереңдегенін танытады» [3, 32 б.]. Иса Байзақов поэма жанрын дамытуға зор үлес қосқан. Оған дәлел ретінде «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Ақбөпе» тағы басқа шығармаларын атап айтуға болады. Көлемді шығармаларының көбі өткен заман оқиғалары мен кейінгі дәуір шындығынан көрініс береді. Иса дастандарының ішіндегі ең көркемі «Ақбөпесі» одан соң «Кавказы», «Құралай сұлу» деуге болады. Бұл дастандары дұрыс басталып, дұрыс өрістейді де дұрыс аяқталады. Бұл дастандарында Иса нағыз эпик ақынша алуан уақиғалардың арасына еркін еніп кетеді де, дастанның желісін адастырмай алып шығады. Ұсақ-түйек жәйттерге көп бөгелмей, кесек уақиғаларды тез ұтып отырады. Соның арқасында өз оқырманын аумақты (көлемді) уақиғалармен қызықтырып отырады. Қазақтың табиғатын, әдет-ғұрпын, уақиға орнын жақсы білуінің арқасында Иса ақын еркін маневрлер жасап, мол уақиғаларды құбылтып алып кетеді. «Құралай сұлу», «Алтай аясында» поэмаларында жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» заманындағы қазақ халін, қанжарлы ерлер мен қара қылды қақ жарған отты билері туралы айтылады. Уақиғасы басқа жерлерде болғанмен «Ақбөпе», «Кавказ» поэмаларында да сол бір ғашықтық жыр болады. Бірақ бұл соңғы екі дастан алғашқы үшеуіндей бірін-бірі қайталай қоймайды. Иса дастандарының ішіндегі көркемі «Ақбөпесі» деуге болады. «Ақбөпе» поэмасы 1945 жылы басылған. Иса Байзақов «Ақбөпе» поэмасында қазақ даласындағы таптық артыстан туған хикаяны баяндайды.

Мұндағы тартыс Қуандық ішіндегі кірме кедей Тәукен, Әмірхандар мен Ақажан, Әбіш, Құдияр секілді феодалдар арасында туындады. Халыққа өнерімен жаққан әнші, әрі ер Әмірхан мен Ақбөпе арасындағы махаббатқа феодалдық жауыздық тор құрылады. Әлеуметтік қайшылықтарға толы «Ақбөпе» пәмасында ақын өз кейіпкерлері Ақбөпе мен Әмірхан бойына бұрынғы қазақ жастарының ең жақсы қасиеттерін жинақтаған. Поэма желісі мынадай: Тәукен кедейдің жалғыз ұлы Әмірханның Ақтарлан деген атын болыс билер алып кетеді. Тәукеннің бар байлығы сол аты еді. Аты жоқ кедей көше алмай жұртта қалады. Ақтарлан өзінен ат оздырып көрмеген сәйгүлік еді. Жауларынан қысым көрген Тәукен қыспаққа шыдамай қайын жұртынан көмек сұрап сонда көшеді. Ал Әмірханға көңілі тоқ болсын деп нағашы жұрты Мамакер атын жетектетеді. Алайда Әмірханның ойы Ақтарланды табу болады да бірнеше күнге сол жұртта қалады. Аз күн аялдап Ақтарланын тапқан бозбала тақымы толып, Мамакерді жетелей еліне қайтқан жолда қуғыншылардан ақыл-айласын асырып

сытылып шығады. Әмірхан келісімен ауыл жастары бас қосады. Ол жерде Ақбөпе мен Әмірхан танысады. Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған деп екі жастың арасында сезім ұшқыны пайда болады. Бір бірімен жақын сырласып жүрген жастарды уақыт өте келе ел сөзге айналдырады. Бұл сыбыс Ақбөпенің қалың малын беріп атастырып қойған Құдиярдың құлағына жетеді. Мұнан кейінгі сюжет былай өрбиді: Ақажан кісі салып қызды тез алуды ойлайды, Әмірханмен Ақбөпенің қашуы, Әмірханның жоқтығын пайдаланып Ақбөпені Құдиярдың алып кетуі, Ақбөпенің ауыр хәлі, Ақбөпеге бақсы болып Әмірханның келуі, екеуінің екінші рет қашуы және Әмірханның өлуі, Ақбөпенің кек алуымен аяқталады.

«Алтай аясында» шығармасының алтын арқауы – тәуелсіздік, бостандық, яғни еркін өмір жолындағы ержүрек жандардың бойындағы күрес рухын, қажыр-қайратын құдіретті поэзия тілінде кестелеу болып табылады. Адал махаббат, шынайы сүйіспеншілік жолында басын бәйгеге тігетін, биік мақсат-мұратты армандайтын, осы жолда қандай да қауіп-қатерден тайсалмайтын қазақ жастарының тұлғасы типтік бейнелер арқылы көрсетіліп отырады.

Бұл шығарма тұңғыш рет 1934 жылы жарияланған («Әдебиет майданы» журналының 1, 2, 5, 6, 10 – нөмірлерінде). Бірнеше дүркін жеке кітап болып та, топтамалар жинғында да жарық көрген. Жалпы бұл шығармада жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» заманындағы қазақ тұрмысы шынайы суреттеліп, ел бірлігі, патриотизм идеясы көтеріледі. Алтайдың керемет табиғатын суреттейді. Алтай алқабындағы аңдары, бұғы, маралдың асыр салып секіріп жүруі; аю, қаблан, құлан, елігі мен ешкісінің шөл далада жайылып, сайрандауы; бұлбұлдың әндетуі барлығы да ерекше мәнде жырланған.

Алтайдың ең үстіне Ақтау биік,  
Бойына бұлт жете алмай тартқан күйік.  
Аңдары, бұғы, марал ойын салып,  
Секірген қиясында өршіл киік.  
Алтайдың алқабында аю, қаблан,  
Оңтүстік даласында орғып құлан.  
Елігі ешкісімен есебі жоқ,  
Жайылып сайын шөлде сайрандаған [4].

Алтайдың жеріне, жемісіне мейірі қанып, алқа тағынып жүрген ұйғыр, ойрат, қазақ, қалмақтар жайлы айтылған. Және батыс жағын наймандар мекендеген екен. Қалмақ, қазақ хандары бірігіп қарашыға соққы бергендігі айтылады. Қаратайдың баласы Балағаздың,

Құбылайдың жалғыз қызы Еркежанға деген сезімі, қалай ғашық болғаны, екеуінің арасындағы махаббат ерекше жеткізілген.

Сол кездегі елдің бір белді, беделді адамдарының бірі – Құсан мырзаның қуанышына ортақтасқан ауыл адамдары, кешкі ауылдың күйбелең тіршілігі, Құсан, Еркежан, Балағаз бен Жоламанның арасында өрбіген әңгіме баяндалады.

Кәпін мен Кәбіктің әйелдерді күң, ерлерді құл қылып ұстауы туралы айтылған. Солардың ішінде Еркежан да бар. Еркежан үшін сол Алтай аясында соғыс болған. Ол соғыста Еркежанның әкесі көз жұмады. Еркежанның қатты қиналып, азап шеккені ерекше айтылған. Жалпы бай адамдар кедейлерді құлдыққа алып отырған. Әйел теңдігі туралы да сөз қозғалады. Сол тақырыпта өрбиді бұл шығарма. Балағаз Еркежанды сол қиындықтан құтқару үшін қолынан келгеннің бәрін жасайды. Соңында әділдік пен махаббат жеңіп, Балағаз өзінің сүйіктісіне қол жеткізіп, екеуі соңында бақытты болады. Алтай аясында қанша жанжал, соғыс болғанымен, қазіргі күнде ол жер өте керемет табиғатымен көрініс табуда.

Поэmanın бас кейіпкерлері Балағаз бен Еркежаның басынан кешкен өмір қиындықтарын суреттеу арқылы автор сол кезеңдегі дала өмірінің сан қатпарлы тарихи-әлеуметтік шындығын көрсете алды. Оқиға желісінде әрқилы әлеуметтік топтар өз әрекетімен, өз мінез-құлқымен шынайы танылады. Автор сол замандағы билік басындағы барлық мырзалардың сұм әрекеттерін қызықты оқиғалар арқылы бере отырып, өзін тоқсанның тобырымен бірге екендігін оқырманға ұқтырады.

Жалғыз-ақ, ол заманды кім биледі,  
Хан мен бек, мырза, шора, сұм биледі.  
Жазықсыз жара салып қарашыға,  
Қор етіп тоз-тоз қылып сан иледі [4].

Қысқаша сюжеттік өрбуіне тоқталатын болсақ, поэма Алтай мен Еркежанның бір-біріне деген сүйіспеншілік махаббатынан бастау алады. Екеуі де қарапайым қара отбасынан шыққан тоқсанның тобыры. Ел билеген қара жауыз Құсан би жастардың махаббатын мазақ етіп, Еркежанды өзіне ермек еткісі келеді. Бірақ Еркежан бойындағы адалдық, махаббатқа беріктік Құсан мырзаның құрығына түскізбейді. Алтайдан басқа жанды қаламайды. Құсан өзінің залымдығын істемесе мырза бола ма? Кәпін, Кәбік сынды қалмақ жауларымен мәмлеге келіп, өз елін жаудың қолына тапсырады. Еркежан күң болып сол жаудың құрығына түседі. Кәпін би мен Кәбік батыр қыздың сұлулығына тамсанып, Еркежанды әйелдікке алуға таласады. Қыздың жау қолында

өткізген күндері азапқа толы қайғылы өте береді. Алтай сүйгенін құтқаруды алдына мақсат қойып, сенімді серігі Жоламанмен бірге амал-айлалар құрады. Осы сәтте, өз мырзаларынан қорлық көрген Қаутүн дейтін кедей қалмақ көмекке келеді. Ақырында Алтай өзінің адал достары Жоламан, Қайтұнның көмегімен сүйген жарын жау қолынан құтқарып, бақытты өмір кешеді.

Қорыта айтсақ, тарихи оқиғаларды қамтып көрсету, тұлғаның көркемдік қуатын аша түсетін іс-әрекеттерді бір желінің бойында шебер қиоластыру, табиғат суреттері, психологиялық иірімдер – барлығы түптеп келгенде, ақынның суреткерлік шеберлігінің мықты екендігін аңғартады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бекхожин Қ. Өлең өткелдері: Әдеби-сын мақалалар, портреттер. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.
- 2 Байзақов И. Құралай сұлу. – Алматы: Атамұра, 2007. – 192 б.
- 3 Нұркуатов А. Мақалада: Кәкішев Тұрсынбек. Исаны тани алдық па? // Егемен Қазақстан. – 2007. – 9 қаңтар. – 6 б.
- 4 Поэмалары. // <https://isa-baizakov.psu.kz/>

### МЕКТЕПТЕ СӨЗ МӘДЕНИЕТІН МЕНҒЕРТУ

САЙЛАУОВА Ф.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдің тірегі – сөз. Сөз – халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігінің, ой – сезімінің, елдігі мен ерлігінің, парасатының әрі куәсі, әрі дерек көзі. Мектепте сөз мәдениетін меңгерту көркем шығарманы оқыту, тілін талдау арқылы да іске асады. Тілдің сөз байлығын танытатын – көркем шығарма. Көркем шығарма тіл байлығын танытумен ғана шектелмейді, сондай-ақ, тілді байытатын, дамытатын негізгі арналардың бірі болып табылады. Сөз күдіретін көрсету мен сөзден айшықты кесте өрудің шеберлерінің поэзия немесе прозалық шығармаларының тілін зерттеу арқылы әдеби тілімізді танып, меңгерудің тиімді жолы болып табылмақ. Оқушыларға тіл мәдениетін меңгерту – әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгерту, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білуге төселдіру. Ғалым

Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөз дұрыстығы – әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды. Ол үшін сөз мағынасын, тұлғасын өзгертетін жалғау, жұрнақтарды дұрыс тұтыну керек; сөйлем ішінде сөздерді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру керек; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластыру, дұрыс орналастыру керек» [1, 48 б.], – деп сөз дұрыстығы жайлы баяндайды. Сөз дұрыстығы әдеби тіл нормаларын қолданумен байланысты болады. Өйткені әдеби тіл нормасы тіл тазалығын қамтамасыз етеді: біріншіден, ол сол қоғамда әбден орныққан ортақ заңдылықтарды қолдануды міндеттейді, орынсыз ауытқушылыққа жол бермейді; екіншіден, тілді тым қарабайырлықтан сақтайды, диалектілер мен жаргондардың орынсыз қолданылуына тосқауыл қояды; үшіншіден, сөзді талғап жұмсауға төселдіреді. Осы әдеби тіл нормаларын меңгерту жалпы білім беретін мектептің бастауыш және негізгі мектеп сатыларындағы білімнің өзегінен алынады. «Сөз қолданым – сөйлеу не жазу процесінде сөз таңдау, қолдану принципі, сондай-ақ әдеби тіл нормалары тұрғысынан сөз жұмсаудың ережелері мен заңдылықтары», – деп саналады [2, 360 б.].

Ойды мүлтіксіз жеткізуде грамматикалық тұлғалардың сөз мазмұнын анық та нақты, түсінікті жеткізуде рөлі ерекше, сол себепті сөйлеушіден тұлға мен мазмұнның сәйкестігін сақтау талап етіледі. Олай болса, «сөз қолданым мәселесі тіл білімінің белді саласы тіл мәдениетімен де тікелей байланысты» болатындығы дау тудырмайды.

Сөз дұрыстығы жөніндегі ой-пікірлер ның еңбектерінде де нақты сөз болады. Ол сөздің өнді, ұнамды болуына ықпал ететін бірнеше шартты атап көрсетеді. Олардың барлығы да сөз мәдениетіне қойылатын талаптармен ұштасып жатыр. Ғалым сөз талғаудың басты шартын былай көрсетеді: Тіл мен норманың арақатынасы туралы А.Байтұрсынұлының пікірі оқыту үрдісінде үнемі ескеріп отыруды қажет етеді. Яғни сөз дұрыстығымен сабақтас қаралатын мәселенің бірі сөз қолданым екендігіне дау жоқ. Оқытудың жүйелілік, сабақтастық, қарапайымнан күрделіге қарай немесе жеңілден ауырға қарай секілді дидактикалық ұстанымдарына сүйене түзілуі тиіс білім мазмұны да мектептегі қазақ тілі пәнінің өн бойында сөз дұрыстығы мен сөз шеберлігі аясындағы білім көлемін нақтылау қажеттігін көрсетеді.

Әдеби тіл нормаларына «тұрақтылық, қолданым аясының кеңдігі, жалпылама қолданымдық, жалпыға ортақтық, тілдік жүйенің өзіндік дәстүрі мен мүмкіндіктеріне сәйкестік тән» [3, 72 б.].

Қолданушылары шетсіз де шексіз ұлы даланың, кең байтақ өлкенің қай жерін мекендесе де, айтарлықтай тілдік айырмашылығы болмаған, жалпы жаратылысы әу бастан-ақ текті де таза қазақ тілінің нормалары



оның табиғи болмысымен тығыз тұтасып жатқандықтан, оны үйрету де осыған дейін тілді ауызекі деңгейде қолдана білетін бала үшін қиынға соқпайды. Тек тілді оқытуда оны өзге тілдің қалыбына салып қоймай, «біріншіден, оны өз табиғатына сүйене отырып жүргізуге, екіншіден, сол білімді баланың ұғыну психологиясынан туындатып үйретуге» [4, 5 б.] басымдылық берілуі шарт.

Әлбетте, тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, оның әдеби тілдік нормалары да ішінара өзгеріп, жетіліп отыруы заңды. Ол, әсіресе, сөз мағыналарына, сөз тұлғасына, сөз құрамына қатысты кездесіп жатады. Тілде жаңа сөздердің, оралымдардың тууымен байланысты екі не одан да көп нұсқалардың қатар қолданылатын кезеңдері болады. Сондықтан әдеби тіл нормасында да екіұдай қалыпта қолданылатын сөздер ұшырасып жатады. Ол бала тіліне де әсер етпей қоймайды. Сол себепті ғалымдар тілдің нормалануының үш деңгейін саралап көрсетеді:

1-деңгейдегі норма – қатаң норма – міндетті түрде сақталуы керек, өзгертілмейтін, басқа нұсқаның қолданылуына жол бермейтін норма. (Мысалы: ауызша тілде шегара деп айтылғанмен, жазбаша нұсқада тек шекара деп қолданылады).

2-деңгейдегі норма – босаң норма – екі нұсқаның қатар қолданылуына шек қоймайтын, еркіндікке ыңғайлы норма (Мысалы: мақрұм сөзінің махрұм, рақмет сөзінің рахмет нұсқасы тілде қатар қолданыла береді).

3-деңгейдегі норма – өзгермелі норма – ауызекі тілдегі, көнерген формалардың қолданылуына шек қоймайтын норма» [5, 77 б.]. Біздіңше, алдыңғы екеуі нормалану деңгейі деп қарастырылғанмен, соңғы деңгей норманың талабына жауап бере алмайды. Өйткені норманың басты сипаты - оның тұрақтылығы, ал үшінші деңгейде ол талап мүлде ескерілмейтіндіктен және тілді қарабайырландырып жіберетіндіктен, оны норманың деңгейі деп қарастыру сыйымсыз.

Сөз мәдениетінің нормалық сапасының сақталуы, әлбетте, әр сөздің мағынасын дұрыс ажыратып, орынды қолданумен тығыз байланысты. Яғни лексикалық норманың мәні ерекше деген сөз. Сол үшін мектепте оқылатын тіл білімінің әр саласы оқушыға сол саладағы негізгі нормаларды сақтай білуге үйретуден бастау алады. Сөздерді өз мағынасына сай қолдана білу сөйлеушінің тілдік талғамы мен ой дәлдігін қатар тәрбиелейді.

Сөз мағынасын тап басып, өз орнында қолдана білуде орын алатын олқылықтарды саралай келе Р. Сыздыкова оларды былайша топтастырады:

- сөз мағыналарын түсінбей, орынсыз жерде жұмсау (майталман сауыншы);
- ғасырлар бойы қалыптасқан тіркестің қосақтарын жөнсіз ажырату (асқар телемұнара);
- о баста бірер тіркесте сәтті шыққан кейбір сөздерді оңды-солды келтіріп, жауыр ету (торқалы той);
- қалың көпшілікке түсініксіз сөздерді молынан келтіру (шеру тарту);
- көне сөздерді түсінбей қолдану (кебенек);
- тілден шығып қалған сөздерді қайта тықпалау (сүрен бастау);
- қажетсіз тұста жаңа сөз жасау немесе қажеті бар жерде жасалған жаңа сөздің сәтсіз болуы (деректі һикая);
- штампқа бой алдыру ;
- сөздің жалтырауықтығына үйірсектік...» [5, 78 б.].

Мектеп оқушыларының тілінде диалектілер мен жаргондарды қолдану жиі ұшырайды. Оның алдыңғысы өзі өмір сүріп жатқан аймақтағы сөздің әдеби баламасын білмеуден ғана емес, күнделікті қалып алып кеткен, үйреншікті тілдесім дағдыларынан ажырай алмағандықтан болып жатады. Мұғалімнің міндеті – оның әдеби тіл нормасына жатпайтынын, ал әдеби емес нормалардың сөз мәдениетіне, жалпы адамның болмыс мәдениетіне кері әсер ететінін саналы ұғындыру. Оқушылардың енді бір жиі қолданатын сөздері - жаргондар. Олардың әдейі сөз арасына араластырылуы балалардың жас ерекшелігімен байланысты. Әдетте жаргондарды жеткіншектер өзінің «даралығын» көрсету мақсатында немесе белгілі бір топқа кіретінін дәлелдеу үшін пайдалануға тырысады. Мысалы, «демал, жапырақ», «қашып кет», «ата тектерім», т.б.

Сөз тазалығы адамның ой тазалығын да, оның жалпы тілдесімге деген биік жауапкершілігін де танытады. Өйткені тілді шұбарламай сөйлеу ең алдымен адамның сол тілге деген құрметінен туындайды. Ойдағы алалық қана тілдегі алалыққа әкеледі. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламауды тіл тазалығының белгісі деп қарастырады және «тіл тазалығы тіл анықтығын тудыратынын, яғни айтылған лебіздің ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмеуіне әсер ететінін» бағамдайды [1, 180 б.]. Жалпы, сөз тазалығын екі тұрғыда қарастыруға болады. Біріншіден, тілдесімде бөтен сөздердің қолданылуы жағынан; екіншіден, сөйлеуде басы артық сөздер мен оқшау сөздерді, сөз тіркестерінің кірістірілуі жағынан сөз тазалығына нұқсан келуі мүмкін. Шындығында әлемде бөтен сөз араласпаған, шеттен сөз қабылдамаған

бірде-бір тіл жоқ. Мәселе сол сөздердің дұрыс, орынды қолданылуына байланысты болып отыр. Сөз байлығы мен тазалығына қатысты В. Г. Белинский былай дейді: «Орыс әдебиетінің әр дәуірінде шет сөз ағыл-тегіл болып еніп отырады; біздің дәуір де ол салттан арыла алған жоқ. Бұл қалып жуырда жойыла қоймайды: бөтен жерде туған идея бізге келгенде бөтен сөзді ертіп ала келеді. Дегенмен, ілгері басқан сайын шет сөздің тасқыны азая береді, себебі біз осы күнге дейін жат ұғымды тобымен қабылдап келдік. Европамен жақындасуда табысқа жеткен сайын бізде жат ұғымның қоры сарқыла береді, Европаның өзіне жаңа көрінетін ұғым ғана бізге жаңа болып табылатын жағдай туады. Сонда шет сөзді пайдалану да біркелкі, баяу қарқынға түседі. Себебі біз онда Европандан кейін жүрмейміз, онымен қатар жүреміз. Тілдің тағдыры жеке адамның бұрмалауына көнбейді. Тілдің сенімді, азбас сақшысы бар; ол сақшы – тілдің тума рухы, табиғаты, тума данышпандығы. Сондықтан да шеттен енген сөздің көбі өзінен өзі жоғалып, азы ғана өмір сүріп қалады. Жаңадан енген орыс сөздері де сол заңға бағынады: біразы кірігіп, іске асады, қалғандары жоғалады. Жат ұғымды атау үшін олақ жасалған орыс сөзі шет сөзден тиімді емес, қайта әлдеқайда жаман» [6, 127 б.]. Дәл осындай жай қазіргі қазақ тілінің де басынан кешірілуде. Жаһандану жағдайындағы алыс-жақын шет елдермен алыс-берістің арта түсуі, әсіресе, тілдік қорға үлкен салмақ салуда. Күнделікті БАҚ-тардағы, сан алуан жарнамалардағы «шұбар тіл» мектеп балаларының санасына сіңбей қалмайды. Ендеше, бүгінгі шұбар тіл ана тіліміздің ертеңгі тағдырына қалай әсер ететінін бағамдау қиын емес. Сол ағылып келіп жатқан сөздердің тек терминдер емес, күнделікті тұрмыстағы қолданылатын атаулардың тілде бұрыннан бар сөздердің өзін ығыстырып бара жатқаны да шындық. «Тіл – бейне бір шексіз мұхит, оған дария суы да, ірілі-ұсақ өзен суы да, қайнар бұлақ та, өткінші жауын да, қажетсіз лай да құйылып жатады» [7]. Мәселе сол сөздердің ішінен қажеттілерін іріктеп ала алатын талғамның қалыптасуында. Осы орайда бүгінгі мектеп оқушыларының ғана емес, жалпы қоғамдық сипат алып бара жатқан келеңсіз үрдістің бірі – сөйлеу тілінде кірме сөздердің, оның ішінде макоронизм деп аталатын бөгде тілдік элементтердің жиі қолданылуы. Бұлар көркем шығармада «кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектескенмен» [7, 38 б.], осы құбылыстың тым кең етек алуы тілдің мәдениетін төмендетумен бірге жастардың ойлау қабілетіне де кеселін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан сөз мәдениетінің арнайы пән

ретінде оқытылуы жас буынды осы тілдік кеселден сақтауға бірден-бір мүмкіндік беретін маңызды жол болмақ.

Сөйлесімде диалектілердің тигізетін ықпалын тіл тазалығы тұрғысында ғана емес, оның анықтығы мен түсініктілігі жағынан да ықпалы барын дәйектейтін пікірлер де кездеседі. Мысалы, Ш.Сарыбаев сөзде диалектизмдердің қолданылуынан туындайтын кері әсерді оның тек тіл тазалығына нұқсан келтіруімен шектемейді, «ол сөздің түсініктілігіне де кедергісін тигізетінін» айтады [8, 98 б.]. Өйткені диалект әр аймақтың адамына түсінікті болғанмен, қазақ тілінде сөйлеушілердің барлығына бірдей ұғымды емес. Сол себепті тілдесім кезінде әдеби тілді қолдану – басты талап.

Жалпы табиғаты таза да текті қазақ тілінің сөз қорында диалектілердің де, жаргондардың да, қыстырма сөздердің де өте елеусіз деңгейде кездесетінін балалардың өзі сезінетіндей жұмыстар жүргізудің ұтымды жақтары жеткілікті. Мұнда көне мұралар тілін де, кейінгі шешендер сөзін де, қазіргі сөз шеберлерінің айтқан ой-пікірлерін қатар қамти отырып көз жеткізуге болатын тапсырмаларды орындату тиімді. Ал ізденіс сипатындағы жұмыстарда оқушы өз ортасындағы адамдардың сөйлеу тіліне талдау жасау барысында өзіндік тұжырым жасағаны ұтымдырақ. Бұл орайда әр түрлі әлеуметтік топқа жататын адамдардың (қарттардың, интеллигенттердің, оның ішінде әр түрлі пән мұғалімдерінің, жоғары білімді өзге де мамандық иелерінің, мектептес, сыныптас оқушылардың) тілінің негізінде қорытындылар шығару жалпы адам болмысы мен сөз мәдениетінің арасындағы байланысты бағамдауына жол ашады. Кемшіліктердің сырын өзіндік ізденіс арқылы тану бала үшін үлкен мектеп болып қалары даусыз. Тек сабақ үстінде ғана емес, жалпы мектеп ішінде тіл тазалығына қатысты арнайы шараларды оқушылардың өздері ұйымдастыруының тәрбиелік жағынан да, білімдік тұрғысында да берері аз болмайды. Әсіресе, тілді шұбарлауда жиі ұшырасатын бір жағымсыз әдет – «жаңағы», «яғни», «сөйтіп», «сосын», «ия», т.б. секілді қыстырмалар мен қайталаулардың сөйлеу тілінде қаншалықты өрескел көрінетінін бала өзі түсінуі керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. -Алматы: Алаш, 2003. -1-том - 408 б.
- 2 Қазақ тілі. Энциклопедия. –Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. -509 б.
- 3 Л.А.Введенская, Л.Г.Павлова, Е.Ю.Кашаева. Русский язык и культура речи. -Ростов на Дону: Феникс, 2003. -537 с.

4 Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. –Алматы: Рауан, 1991.- 184 б.

5 Сыздық Р. Сөз саралау мәдениеті // Сөз өнері. -Алматы, 1978. – 18-24 б.

6 Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары.- Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1948. 1-кітап. - 215 б.

7 Кенесбаев І. Әдеби тілдің мәселелері // Қазақ әдебиеті, 1959. -15 мамыр.

8 Ш.Сарыбаев. Көркем әдебиет тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // Жазушы және сөз мәдениеті. -Алматы, 1983. –131-138 б.

## ИСА БАЙЗАҚОВ – КӨРНЕКТИ ТҰЛҒА

САРЖАНОВА К. Қ.  
мұғалім, № 2 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауданы

Қазақ халқы өзінің киелі топырағынан жаралған рухы берік, қарымы мықты, құлашы кең, топ ішінен дараланып шыққан жүйрік тұлпардай дара тұлғаларымен мақтанады. Халқының қасиетін жанымен ұққан, азаматтық тұлғасы мен ақындық дарыны өзара әсем үйлесім тапқан, өнердің мәңгі сөнбес жарық шамшырағы Иса Байзақовтың туғанына 118 жыл толады.

«Иса – халықтың ізгі қасиеттерін ерекше қадірлеп, үлгі еткен сұңғыла ақын, ақындық өнердің телегей теңізі, ұлттық өнердің шамшырағы. Дала перзентінің мөлдірлікке, сұлулыққа іңкәр көңілінің ләззатты күйін кешемін десең, Исаның шығармашылық лабораториясының ауасымен тыныста. Сонда ғана Иса өнерінің тамыры қазақ сахарасының тағдырымен сабақтасып жатқанын аңғарасың, сонда ғана шебердің кәусарына қанып, рахатына бөленесің. Асылы, Исаның өнер дүниесіндегі мүмкіндігі алуан түрлілігімен, жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Сегіз қырлы, бір сырлы талант иесінің өнегелі өмір жолы соны аңғартады», - деп тарих ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Құсайынов сыр шертеді.

Ақын 1900 жылы Павлодар облысы, Ертіс ауданындағы, Үлгілі колхозы, Жабысқан деген жерде дүниеге келген. Әкесі Байзақ шағын шаруа адамы ескіше хат таныған, түркі сауаты бар адам болса керек. Кейіннен өлең жазуды да әдет қылыпты. Шешесі Ғазиза әнші, ойынан өлең шығаратын адам болыпты. Байзақ пен Ғазиза 9 ұл, 12 қыз тәрбиелеп өсіріпті. Иса берекелі отбасында 18-шісі болып туған екен.

Анасы 9 жасында қайтыс болғаннан кейін Нұртаза деген құдаларының қолына барып, соның аулында молдадан оқып, хат таниды. 1914 жылы «Ғалия» медресесінде Құрлеуітұлы Құсайын деген мұғалімнен төрт ай оқиды. Нағашы жұрты жастайынан өнерге құмар ақынды барынша қолдап, бетінен қақпай өсіріпті. Бала күнінде көптеген әндерді сол нағаш жұртынан үйренген. «Менің кескінім, әр нәрседен сергіп кететін, ақкөңіл, жомарт мінезім шешеме, тез ашуланатын кіді мінезім әкеме тартқан», – деген екен ақын өз естелігінде.

Болашақ ақын небәрі 16-да болған шағында нағашы шешесінен де айырылады. Сол кезден бастап ағалары Мұса, Арынмен бірге Томск қаласының қасындағы бір шахтаға қара жұмысқа алынады. Ақын, әрі әнші жасөспірімнің өнеріне сүйсінген елді-елден жиылған жұмысшылар оны «бала ақын» атап кеткен екен.

Сол жылы елге келгеннен кейін Бабашайық Жаныбекұлы деген ағайындары Қанжығалы Жұмабек деген нағашысына баратын болып, Исаны ертіп апарды. Жұмабек алдына ақын барып өлең айтпаған, тәкаппар адам екен. Мінезді адамның алдында өнерін көрсетпеген Иса өз өлеңін адам шежіресінен бастайды. Жұмабек тыйым салмай тыңдап, «бала, ақын екен» деп сараң ғана тіл қатады. Бала ақынға осының өзі үлкен сый болады. Осы жолдан қайтқан Исаның аты бұрынғысынан да кең жайыла береді.

1918 жылы тұңғыш рет «Құдас Төбет» деген елдің ішіндегі Сағит деген ақынмен айтысқа түседі. Сағит көпті көрген, өлеңді ел руынан бастап айтатын ақын болған. Бұл жағынан жеңіске қолы жетпейтінін түсінген жас ақын жұмбақ айтуға көшеді. «Бір шақырымда неше ине бар» деп сұрағанда Сағит ақын жауап бере алмай, тосылып қалады. «24000 иненің бойы бір шақырым болады» деп шешуін Иса өзі айтып береді. Иса ақын айтыс өнеріндегі алғашқы бәйгесін осылайша қанжығасына байлаған екен.

Қазақ мәдениетіндегі орны, ақындық, әртістік шеберлігі жоғары бағаланған Иса Байзақовтың ұрпаққа қалдырған мұрасы зор. Қазақ өнерінде орны бөлек «Құралай сұлу» әні 1925 жылы, «Алтай аясында» әні 1934 жылы, «Ақбөпе» әні 1941 жылы жарық көрген. Ал, «Қырмызы-Жанай»-аяқталмай қалған шығармасы. Ол ақынның кейінгі жылдары басылған топтамаларына енген. «Клеопатра» – бұл әйгілі ақын Әбділда Тәжібаевтың естелігі бойынша тұңғыш рет Иса Байзақовтың туындысы ретінде берілген шығармасы.

Исаның тума таланттығының ерекшелігі оның суырып салма ақындығында екенін барша жұрт мойындауда. Әдеби тілге шеберлігі соншалық, бір қырласа бауыры қызған тұлпардай тоқтау бермей

жырлайтын дарабоз шешен. Бірақ оның толық шығармалары жинақ боп басылмағаны өкінішті-ақ. Сондықтан да оның өлеңдері мен поэмалары көп жағдайда тек таңдамалы жинақ ретінде топталған. 1983 жылы жарық көрген екі томдық таңдамалы жинағы ақынның жүзжылдық мерейтойы қарсаңында шығарылған таңдамалы жинағына негіз боп алынған. 1920-1930 жылдары ескі әндерге шығарған жаңа сөздері, оның тума шығармалары қатарына қосылды.

1938 жылы ақынның «Он бір күн, он бір түн» поэмасы дүниеге келеді. 1939 жылдың көктемінде Москва, Киев, Кавказды аралап, «Кавказ» поэмасын жазып, кеудесіне «Еңбек Қызыл Ту» орденін тағып оралады.

Шығармаларын жинақтап, құрастырушылар Иса ақынның еңбектерін толық жинақ етіп шығару үшін ел аузында жүрген немесе қолжазба күйінде сақталған текстерді жинақтау, саралау қажет екенін айтады. Бұл парыз - алдағы уақыт еншісіне жүктелмек.

«Қырғыз-қазақ ақындары айтысқанда екі халық төбесіне Исаны көтеріп әкетті, теңдесі болмады. Мен Исадай ұлы бар қазақтан туғанымды мақтан еттім... Ендігі арманым Иса туралы роман жазу, соңғы бес-алты ғасыр ішінде ешбір ұлтта мұндай тасқын ақын болмағанын анықтадым. Сол Исаның бейнесін жасау ендігі мақсатым», - деп ақын өнеріне сүйсініп жоғары баға берген.

Қаламгер шығармашылығы дегенде, оның тек ерекшеліктен тұрмайтыны, белгілі бір суреткердің әрі басқа өз әріптестерінде (өзіне дейінгі және өз кезіндегі) бар ортақ сипаттарды қабылдайтыны, әрі өзіндік бейнелеу мәнері т. б. болатыны қоса ескеруі керек. Демек ұқсау мен дербестіліктің бір-біріне ықпал етуінен, бірлігінен барып, ақын стилі қалыптасатыны басшылыққа алынды.

Тілдік қолданыстар туралы сөз қозғағанда, оны алдымен лирикалық қаһарманның өзіндік сипатымен байланыстыра қарау тиімді. Расында, шығармаларындағы өзгешеліктер әлемін байыптасақ, тақырып таңдап, идея жеткізуге, шығарма сюжетін өрістетіп, композиция құруға, өлең ұйқасына негіздеуге – бөріне лирикалық қаһарманның өзіндік бітімі алдымен шешуші ықпал ететін зерделенген жөн.

Ақын шеберлігі, суреткер ретінде қаншалық шарқайғандығы, әр сөз мәнеріне ғана емес, оны шығармадағы басқа да сөздермен үндестікке, бірлікте алуда екендігіне де көңіл бөлмесек, қазақ өлеңінің жеткен биіктерін кең бағындай алмаймыз. Қысқасы, қазіргі қазақ лирикасы есейген, кемелденген лирика десек, сол биікте кең таныту үшін де, біз ақындарды көркемдік әдіс, стиль, бейнелілік тұрғысынан өзара байланыста алып, салыстыра сараптадық.

Таңдаулы дастандары мен өлең-жырларында әр ақын халықтың айшық-бедерлікті тыңнан жаңғырта қат-қатымен үстей тудырған. Бірде ол халық поэзиясының қалыбын алады да, көркемдегіш құралдарды өзінше таба біледі.

Иса Байзақов – қазақ сөз өнеріне өшпес із қалдырған көрнекті тұлғаларымыздың бірі. Әдебиетіміздің тарихын зерттеуші сыншы – ғалымдарымыздың көпшілігі, оны Кеңес кезеңінің көрнекті өкілі деп таныды.

Иса Байзақов – биік тұлға, дүлдүл ақын, өнердің мәңгі сәнбес жарық жұлдызы. Жан дүниесі даналық пен бауырмалдылыққа толы, кейінгі ұрпаққа үлгі.

Маған өлеңінен егіз, шығармашылығымен тұтас адамдай көрінді. Мысалы, ақын өлеңдері бір қарағанда қарапайым ғана жолдар, қатардағы шумақтар ғана секілденеді. Ал көз жүгіртіп оқи бастасақ, оның құдіреті мен қуатын сезіне бастайсың. Өлеңдер жолдарынан әлде бір кейіпкер арқылы өзінді немесе ақын образы арқылы өзінді көресің. Міне, Иса ақынның шығармаларының құндылығы осында.

Осыдан кейін еріксіз мынадай байламға келесің, алғаш оқығаннан-ақ баурап алатын, сезімімен сезімнің астасып, ойымен ойың ұласып жататын, жан-жүрегіңді ерітетін ақын өлеңдерінде ақындық тұлға болмаса, композиторлар ән жазып, әншілер ақын өлеңін шырқамас па еді?

Ақын лирикасы- мәңгілік жыр. Оның өміршендігі күн санап айқындала түспесе, ешқашан биігінен аласармасы анық.

Ақын жаны шығармаларында берілгендей нәзік те адал, мейірімді де мейірбан. Ол өлең арқылы мұңлықпен мұңдаса да, доспен сырласа да, ғұламамен тілдесе де, баламен балаша сөйлесе де біледі. Ақынның бұл жан-жақтылығы ақындық тұлғасын асқақтата түседі.

Сезім пернелерін дөп басатын ақынның ақындық тұлғасы-азаматтық пен адалдықты ту еткен шынайы тұлға. Сондықтан да оның оқырманы – қарт та, жас та, бала да, ана да бола алады. Оқырманның ақындық тұлғасымен баурайтын Иса ақынның шығармалары – хакім Абай мұрасындай жыл көше жасара берері, жасай берері күмәнсіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Иса Байзақов «Құралай сұлу». Алматы, «Жазушы» - 1971 жыл;
- 2 Жүсіп Қ.П. Көркем сөздің құдіреті. Павлодар 2000жыл;
- 3 Қабдолов З. Көзқарас. Алматы 1996 жыл;
- 4 Сарыарқа Самалы. №116. «Ақын ауылындағы той» Ф. Жұматов;
- 5 «Өлең болып өрілген өмір» С.Н.Сүтжанов, З.Х.Латыпова;

- 6 №114 29.09.2000 жыл.  
 «Өр Иса, асқақ Иса, байтақ Иса,  
 Жырлаған дәйім басын шайқап Иса.»;  
 7 №67. «Ақын деректеріне мұқият болсақ»;  
 8 М. Жаманбалинов «Халықтың қасиетін жаны мен ұққан»;  
 9 Қ. Марданұлы «Тұлпардың тұяғы – Мақпуза».

## РЕПЕТИТОРЛЫҚТА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

СӘРСЕКЕЕВА А.  
 магистрант, С. Торайыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасының негізі қаланып, Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық белгісі қалыптасып келеді. Мұндағы басты мақсат оқушы тұлғасы және оның білім алу арқылы өзін-өзі дамытуы. Бүгінгі жаңа қоғам мұғалімінің ішкі жан дүниесі де жаңаша, өйткені өскелең XXI ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. Мектептегі сабақ беру жүйесін әлемдік деңгейдегі талаптарды қанағаттандыратындай етіп құруда жаңаша ізденіс пен шығармашылықтың берері мол. Соған сәйкес білім беру жүйесінде жаңа педагогикалық технологиялар пайда бола бастады. Соның бірі-сын тұрғысынан ойлау сабақтары, онда оқушы өзін-өзі еркін ұстап, өзгеге сенімін, жылуын күшейтеді. Оқушылардың дербес ізденісі жаңа білімді өз белсенділіктерімен алу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға көмектеседі.

Сын тұрғысынан ойлау – белгілі бір идеяны қабылдай отырып, ойын қарсы қоя салыстыру, оны жүйелілікпен салыстыру, пайдалану, оқушының ойын шыңдатып, кез-келген мәселеге сын көзбен қарауы. «Оқу және жазу» арқылы сыни ойлауды дамыту бағдарламасына негізделген сабақтар оқушыларды жан-жақты және тереңірек ашуға, оларға бағыт-бағдар беріп, әсер етуге, оқушы көзқарасын өзгертуге септігін тигізеді. Мұндай сабақтарды өту барысында сабақтың мақсатын нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығуын арттырып, ой-өрісін дамытуға баса назар аудару керек. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы арқылы сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды рухани адамгершілікке тәрбиелей отырып, әр оқушының жүрегіне жол табуына, ішкі сезімін толғанысқа түсіруге, танысдық өрісін кеңейтуге болады.

Сын тұрғысынан ойлау – белгілі бір идеяны қабылдай отырып, ойын қарсы қоя салыстыру, оны жүйелілікпен салыстыру, пайдалану, оқушының ой шыңдатып, кез-келген мәселеге сын көзбен қарауы.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төмендегі шаралар орындалуы шарт.

- 1 Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек.
- 2 Оқушыларға ойланып – толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
- 3 Әр түрлі идеяларды, пікірлерді қабылдау.
- 4 Үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдану.
- 5 Қолайсыз жағдайға ұрынған оқушыны күлкіге айналдырмау.
- 6 Бір-бірінің жауабына жасалған оқушылардың сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
- 7 Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау сабағын шешендік сөздерді меңгерту мақсатында өткізілген сабақ үлгісі:

Сабақтың мақсаты: Ауыз әдебиетінің барлық саласына байланысты болып келетін шешендік сөздің ерекшелігін меңгерту. Шешендер шығармасымен жақын танысу.

Сабақтың міндеті:

1 Мазмұндық Шешендік сөздің мәнін түсіну, мағынасын ашу, мазмұнымен танысу.		сұрақ-жауап жұптасып оқып,  жұптасып талдау
--	--	--

2 СТО міндеті

Шешендер сөдерін салыстырады, сипаттайды. Шешендік сөздердің ұқсастығын, айырмашылығын анықтайды, ажыратады. Топпен шағын топпен, жұппен жұмыс жасайды. Көрнекілік.		Екі жазбалы  күнделік Эссе  Семантикалық карта
--	--	---

1 Оқулық.

2 Жыраулар поэзиясы.

3 Баспа материалы.

Сабақ барысы.

Қызығушылықты ояту.

1 Шешен деген сөзді естігенде көз алдарыңа нендей нәрселер келеді?

2 Қандай ой келеді?

3 Адамның аты

4 Жер аты

5 Жанр түрі

6 Адамның қасиеті

7 Зат атауы

Семантикалық карта толтырады.

Кесте 1

Мазмұны	Өз Жәнібек хан	Жиренше	Төлеби	Әйтеке би
Қара жердің өлгені – қар астында жатқаны		+		
Дүниеде не өлмейді.	+			
Жаңбыр жаумаса жер жетім, Басшы болмаса ел жетім			+	
Суалмайтын суат жоқ, Тартылмайтын бұлақ жоқ				+
Үш жүз – қазақтың ағайын үш баласы			+	
Жаксының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді.		+		
Бәрінен де қиын сол екен Артында жанған шырақ жоқ екен				+

Оқушылар семантикалық картаны толтырғаннан кейін, «Қазбек би» тақырыбын жұптасып оқып, жұптасып талдайды.

«Екі жазбалы күнделік» стратегиясын пайдаланып тексереміз. Оқушылар өздері таңдап үш цитата алады, соған түсінік береді.

Кесте 2

Цитата	Түсінік
Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.	Бірлік болмаған жерде тірлік жоқ. Ол тістегеннің аузында, ұстағанның уысында кетуі мүмкін. Ал берекесіздік жамандыққа ұрындырар. Яғни берекесіздік жамандықтың нышаны.

Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.	Асқынған дертке қарсы тұрар қауқар жоқ. Асқынған барлық істер өкінішке апарды. Сондықтан не нәрсенің де алдын алған дұрыс.
Ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым.	Қазақ сүйсінген адамдарын тұлпарға теңейді. Өйткені жылқының кез келгені тұлпар емес. «Жүзден жүйрік, мыннан тұлпар» дейді. Олай болса мыннан шыққан, талайды тамсандырған. Ойы ұшқыр, тілі шешенді теңеп тұр.

Әр топтан тексеріп, оқушыларды бағалап, үйге «Өткір де асыл ана тілім» тақырыбына шығарма жазуға береміз.

Бағалау.

Әдебиет сабағы

Сабақтың білімдік мақсаты: «Қараой» әңгімесі туралы мағлұмат беру, жазушының қазақ әдебиетіндегі қадау-қадау көркем тұлғаларды бейнелеудегі ерекшеліктеріне тоқталу, кейіпкерлерге жеке-жеке сипаттама беруге дағдыландыру.

Дамытушылық мақсаты: әңгіме жанрының ерекшеліктерін ұғындыру. Махамбет поэзиясын талдай білу, әңгімені бөлімдерге бөліп, ат қоюға дағдыландыру.

Тәрбиелік мақсаты: Ғазиз ақын, айбарлы батырдың жау қолынан қапыда қаза болуын ұғындыру. Ықыластың опасыз, қанішерлік әрекетін әшкерелеу арқылы адалдық пен жолдастықтың парқын білуге жетелеу.

Сабақтың түрі: интегралды сабақ. Тарих, ән-саз пәнімен байланыстыру.

Сабақтың әдісі: баяндау, дәлелдеу, ақын өлеңдерін таңдау.

Сабақтың көрнекілігі: дәйектеме сөздер, оқу құралдары, «Т. Әлімқұловтың шығармаларының көркемдік ерекшеліктері».

Сабақтың жүрісі:

1 Ұйымдастыру

2 Үй тапсырмасын тексеру.

Дәйектеме.

Қазақ халқы талай қиын кезеңдерді басынан кешірді. Айталық, 18-ші ғасырда қазақ-жоңғар қалмақтарының шапқыншылықтарының салдарынан «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталған ұлы қырғынға ұшыраса, 19-ғасырдың бірінші жартысындағы елеулі оқиғалардың бірі шаруалар көтерілісі еді. Еліміз тәуелсіздігінің 10-жылдығын тойлады. Ұғына білген адамға тәуелсіздік ата-бабамыздың асыл да асқақ арманы мен, қырғын да қызыл қан

төгіспен, Махамбет пен Исатайдың асыл ерлеріміздің реуіл атқа ер салып, «қара қазан, сары бала» қамы үшін қылыш сермеп, жан беріп жан алысуы ел үшін жасаған ерлігінің арқасында келді. Сондықтан, балалар, аяғынан жаңа-жаңа қаз тұрған жас мемлекетіміз үшін 10-жыл ғасырға тен. Өйткені осы тәуелсіздіктің жолында Исатайдай ұлы қолбасшы, Махамбеттей атты ақын жанын қиды.

Жаңа сабақты түсіндіру;

Сабақ эпиграфы;

Жаман дос - көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың "Абай".

Мазмұнымен таныс оқушылардың біліміне сүйене отырып, әңгіменің бөлімдері бойынша жоспарлау.

а) Қараойдағы жалғыз үй

б) Туған жердің елесі

в) Үміт пен Күдік

г) Исатай басшы, мен-қосшы

д) Әуестейін асыл жар

е) Ұрпақ туралы толғаныс

ж) Жұмбақ жолаушылар

з) Ықыластың жалған көлгірсуі

и) Жаңа берген ойласы

й) Қанды көл жәндеттердің әрекеті

к) Қапыда кеткен асыл ер

қ) Қараойдағы қаралы үй.

Оқушылардың жоспарға сүйене отырып, бір-біріне сұрақ қою әдісін іске асыру.

Т. Әлімқұловтың шығармаларының тілдік, көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасайды.

Жазушы Махамбет, Ақан сері, Тәттімбет, Ықылас Сүгір, Сейтен, Әбікен сияқты өнер иелерінің образдарын заман шындығымен, уақыт тынышымен үндес, сабақтас сомдады. Бұл әңгімеде қаламгер Махамбетті Хан - сұлтан, би-болыстарға қарсы күрескен ақын ретінде суреттеген. Азаттық жолында ешкімге бас иеген қайсар жан, қайран ақынның өр тұлғасын сомдаған. Күрескер ақынның талас-тартыстан бір сәтке де таластамаған өмір тағдырының ең соңғы сағаттары терең психологизм арнасында суреттеледі. Елсіз далада қара дауылға қасқайып қарсы тұрып, ештеңеден қаймықпаған, ешкімге бас иеген, қайратты ақынның ғұмыр кешіп жатқан соңғы тұғырына күтпеген жерден сау етіп, қанды көл жәндеттер жетеді. Оларды бастап келген Ықылас, ал көздеп келгені - Махамбет өлімі еді. Ақын өлімінің

жан түршігерлік трагедиясына алып келген ағайын опасыздығын, ауылының жан баласы ойлап таппас жұмысқы сойқынын суреттеді.

Дәптермен жұмыс;

Ырым - жорамалға тән сөздерді теріп жаздырту.

«үй айналма», «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» т.б.

Сабақты бекіту.

Үйге тапсырма: Әңгіме мазмұнын оқу, талдау.

Әдебиет сабағы

Сабақтың тақырыбы: Бала Мұхтар мен Абай

Сабақтың мақсаттары:

1 Білімділік: Саналы түсініп оқу, мәнерлеп оқу және дұрыс оқу машығын жетілдіру. Шығармадағы негізгі ойды білуге дағдыландыру.

2 Дамытушылық: Дамыта оқытуға негізделген шығармашылық қиялын жүйелі ойлау қабілетін, сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту.

3 Тәрбиелік: Дана жазушының ұлылығын, кеменгерлігін дәріптеу, оқушыларды өз елін туған жерін, табиғатын сүюге тәрбиелеу.

Сабақтың көнекілігі: Мұхтар, Абай суреті, бүктеме сөзжұмбақ, тест сұрақтары, домбыра.

Әдіс-тәсілдер: Мұғалімнің сөздік әдісі (түсіндіру, хабарлау), сұрақ-жауап әдісі, ішінара ізденушілік әдісі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Тақтаға күннің жады жазылады.

ә) Оқушылар оқулықтар мен дәптерлерін ашады.

II Үй тапсырмасын сұрау. Топтарға тапсырма:

1-топ. Мұхтар ауылының көктемгі көрінісін суреттейтін жолдарды тауып оқы.

2-топ. Абай аулының көрінісі (тауып) суреттейтін тұсты тауып оқыту.

3-топ. Мұхтарды қандай көрініс қызықтырды? Мәтіннен тауып оқыту.

Жалпы сыныпқа сұрақ:

а) Мәтін неше бөлімнен тұрады?

ә) Бөлімдерге қандай ат қойдық?

1 б. «Мұхтар ауылының көрінісі»,

2 б. «Абай аулында».

б) Ұлттық ойындарды ата.

«Қыз қуу», «Көкпар», «Аудырыспақ», «Ханталапай», «Алтыбақан», «Аксүйек».

1 Жаңа сабақ тақырыбымен таныстыру.

а) Бала Мұхтар мен Абай.

ә) Әңгіменің авторының Тұрсын Жұртбаев екендігін таныстыру.

б) «Қоңыр қозы», «Бала Мұхтар мен Абай» жазушы Мұхтар Әуезовтың балалық шағынан мағлұмат береді.

2 Ендеше, Мұхтар Әуезов туралы не білетінімізді ортаға салайық. Оқушылар қысқаша өмірбаянымен бүктемелер арқылы таныстырылады.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1987 ж. 28-қыркүйекте Семей облысы Абай ауданында бұрынғы Шыңғыс болысында, қазіргі Бөрлі бөлімшесінде дүниеге келді. Әкесі Омархан, атасы Әуез де хат танитын сауатты, салиалы, адамдар болған, Мұхтардың анасы да, әкесі де Абай ауылымен іргелес араласып тұратын көңілі жақын адамдар екен.

Мұхтар 7 жасқа келгенде 1904ж. Абай дүниеден қайтады. Бұл кезде Мұхтардың күллі қазақ халқының ұлы тұлға алтын діңгек болар жоқ. Жас Мұхтар алғаш хат тынытқан Әуез атасы. Атасы Мұхтардың сауатын өліппемен емес, Абай өлеңдерімен ашты.

1997 жылы М.Әуезовтың 100 жыл толғанына байланысты М.Әуезов жылы деп аталды.

3 Мәтінді мәнерлеп оқып беру.

4 Сөздікпен жұмыс жүргізу.

Сыз – дымқыл, ылғал су.

Белдеу – киіз үйдің туырлығының сыртынан бастыра тартылып байланытын арқан.

Мініс ат – мінетін ат, көлік.

Тал түс – дәл түс, шаңқай түс.

ІІІ. Топпен жұмыс

Топ тапсырмалары.

1-топ. Мәтінен Абайдың Мұхтар туралы айтқан сөздерін тауып оқы

2-топ. Алдына келген Мұхтарға Абай қандай бата берді?

Мәтіннен тауып оқы.

3-топ. Әңгімеден Абайдың нақыл сөзін тауып оқы.

5 Оқушыларға мәтінді тзбектеп оқыту.

6 Бекіту сұрақтары.

1 Абай неліктен бала Мұхтарға көңіл аударды.

2 Ол Мұхтар жайлы не деді?

3 Қариялар неге таң қалды?

4 Мұхтар неге қысылды?

5 Абай Мұхтарға негериза болды?

7 Тестпен жұмыс.

1 Қазақтың ұлы ақыны кім?

а) Ыбырай ә) Абай б) Шоқан

2 «Абай жолы» роман-эпопеясын жазған кім?

а) М. Әуезов ә) Ш. Мұртаза б) Ж. Жабаев

3 «Көксерек» әңгімесін жазған кім?

а) Абай ә) Шоқан б) М.Әуезов

ІҮ. Қорытындылау.

1 а) Әңгімедегі басты кейіпкердің екіншісі кім?

ә) Абай туралы не білеміз?

2 Оқушылар қысқаша өмірбаянымен таныстырады.


3 б) Венн диаграммасы

5 асыл

5 дұшпан

Абай сазгер ақын. Қандай өлеңдерін білесіңдер?

4 «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін оқушылар орындайды



Сурет 1

Бүктемеден Дихан Әбілев өлеңін оқу. Индияда көшеге М. Әуезов есімі берілгенін айту.

Үйге тапсырма: Мәнерлеп оқу. Нақыл сөзін дәптерге жазу. «Көктем» тақырыбына сурет салу.

Мектепте әдебиет сабағында ғана емес қазақ тілі сабақтарында шешендік сөздерді тілдік материал ретінде қолдану - өзінің нәтижелі көрсеткіштерін береді.

Мұғалім өзінің шеберлігін шыңдап отыруы керек, ол үшін озық мұғалімдердің ашық сабақтарына қатысып отыру тәжірибе алмасу, өз нәтижелерін береді. Сондай мақсатпен қаламыздың бірнеше мектептерінің әдебиет сабақтарына қатыстым.



## Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ФОЛЬКЛОРДЫ ЖИНАУ ЕРЕКСЕЛІГІ

СЫЗДЫҚОВА Ә. С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ халқының келешек бағыты айқындалған жолайрық заманда Абылайдың атына қатысты аңыз сөздер аса көп болатын. Абылай туралы деректерді архивтен емес, тікелей семьялық шежіре ретінде естіп, тану Шоқанның өткен істерге, ел тарихына ой жүгіртіп үйренуіне септескен. Бір заманда бетіне жан қаратпаған айбарлы хандық династияның өкілі Шоқан өткен тарихтың көңіл сүйсінер даңқты беттерін де, өкінішті сабақтарын да жаттап өскен еді. «Бұл қалай?» деген сауал оның көңіліне еріксіз тұрақтайды. Қазақстанның Россия қарауына өтуінің жағдайлары, өз әулетінің халі, Абылай балаларының екі жікке бөлініп, бір жағы ақ патшаның сенімді қызметшісі болуға бейімделуі, екінші жағының тәуелсіз қазақ хандығын көксеуі, осы негізде туыстардың өзі бір-бірін көрместей дұшпанға айналуы нағыз шытырман болатын.

Уәли ханның кезінде Орта жүзде хандық жойылып, елді билеудің жаңа жүйесі жасала бастағаны ел ішінде қандай пікір тудырғаны да болашақ ғалымға бала күнінен азды-көпті таныс еді. Кейіннен Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектерінде орын тебетін тарихи, этнографиялық мағлұматтардың көбі оның балалық шақта үққандары мен байқағандары болады. Өз ата-бабаларының әулеттік шежіресін жастай біліп алуының өзі аса қымбат білім еді.

Қазақ руларының ішкі құрылысы, олардың өзара қарым-қатынасы, халықтың үш жүзге бөлінетіндігі туралы шежіре білімдерін де Шоқан ауыл «университетінен» алған.

Ш. Уәлиханов ес біле бастағаннан қазақ елінің тарихы мен сол кездегі жағдайын сипаттайтын аңыз-әңгімелердің қалың ортасында жүреді. Мұның өзі баланың ойына берік орнап қалғаны мәлім. Қазақ халқының басына түскен әр түрлі ауыртпалық сезімтал, зерек Шоқанға өшпес әсер еткен, ерте ойлауға үйреткен. Бір заманда зор болған әулеттің соңғы ғасырларда әлсіреп, ақ патшаға тәуелді халге көшуінің себебін білугі ұмтылу да мұндай жағдайда табиғи көрініс болатын. Болашақ қазақ даласының зерттеушісі Шоқанның алдағы істерінің бағытын күн ілгері «белгілеген» себептің бірі осы.

Ғалымның ой-өрісінің кеңейуіне, көркемдік талғамның жетілуіне жасынан ақындар, әншілер, күйшілер, шешендер өнерін естіп, ғибрат алуы зор әсер еткен. Шоқанның орыс достарының бірі Г. Н. Потанин кейінгі естеліктерінің бірінде Ш. Уәлихановты өз халқының жазушысы болуға жаралған адам еді деп сипаттауында үлкен мағына бар. Ғалым өзі жинаған, зерттеген ауыз әдебиеті шығармаларын алдымен түрлі орындаушы, дарынды өнерпаздардан тындаған. Ол XVIII ғасырда жоңғар жаулаушылығына қарсы күрескен қазақ батырларына қатысты аңыз бен жырды бала кезінен сан рет естіп, санасына күйған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Көкше» секілді эпикалық жырларды, тарихи аңыздарды, ертегілерді, тұрмыс-салт өлеңдерін айтушылар ол кезде жиі ұшырайтын.

Көкшетау өңірінің тамылжыған әншілік дәстүрі жас Шоқанның эстетикалық талғамын ұштаған ғажайыптың бірі. Шоқан жазбаларында аттары ұшырайтын Жұмағұл, Жанак, Орынбай, Арыстанбай, Шөже сынды Ақын, жыршылар, түрлі әнші-күйшілер, Шыңғыс Уәлиханов аулына келіп, апталап, айлап жатып, өз өнерлерімен халықты қуанышқа бөлеп отырған. Әрбір орындалған күй, ән, жыр, толғаудың өз тарихы, туу себепері де бар еді. Айтушылар тек жұртшылық көңілін көтерумен шектелмей, тындаушыға тарих білімін де тарататын. Қысқасы Шоқан қазақ тарихы туралы шежірелік мағлұматтарды, өзінің ата-анасынан, құйма құлақ қариялардан естіп білсе, сол тарихтың желісін ауыз әдебиеті шығармаларынан да аңғарғандай болады. Ел намысы үшін жан аямай жорыққа аттанып, асқан ерліктер көрсеткен, күні кеше ғана, XVIII ғасырда өмір кешкен Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Сырымбет, Олжабай, Малайсары, Жасыбай секілді батырлардың бейнесі сезімтал, сергек Шоқанның қиялын қозғайды, сыры ашылмаған жұмбақтай болып бұлдырайды. Өз халқының осыншама бай ақындық өнерін, таусылмас көркем аңзын, жырын, өлеңін, күйін жасында қанып тындап, құлағына сіңіріп, олардың сөзін де, сазына да қызыға білуі Шоқанды алдағы зерттеушілік істерге табиғи түрде жетелегендей болады. Ақын, әнші, жыршылардың өнегесі, қайталанбас өнері Ш. Уәлиханов есінде берік ұялайды. Тендесі жоқ әсерлі мағлұмат береді [1].

Шоқан Уәлихановтың ғылыми ізденістерінің алғашқы қадамы оның ауыз әдебиеті ескерткіштерін жинап, жазып алуынан басталады. Болашақ ғалымның мұндай іске ден қоюына өз әкесінің де ықпалы аз болмаған. Шыңғыс Уәлиханов сауатты, білімді адамдардың бірі болғаны белгілі. Оның аулына қызмет бабымен келуші орыс адамдарының ішінде қазақ халқының тұрмыс-салтын, фольклорын

іздеушілер де бар еді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының кейбір нұсқаларын жазып алуының өзі Шоқанның аса көрнекті жинаушылық жұмысының бастамасы еді. Ол бұл нұсқаны өзінің оқытушысы Н.Ф. Костылецкийдің тапсыруы бойынша жазып алған. Кейіннен осы нұсқаны Костылецкий И. Н. Березинге жіберген [2].

Жыр алғаш рет 1841 жылы хатқа түсірілген. Осы нұсқаның бір атап айтарлық ерекшелігі – оқиғалық, тілдік кестесінде көне дәуірге тән белгілердің молдығы. Мұнда жырдың өзге нұсқаларында кездеспейтін кейіпкерлер, қиял-ғажайып көріністер бар. Эпостың бастапқы жолдарынан-ақ кейбір ескі тіркестерді көруге болады. Сол екі байдың жайлауы төмен еміш, // Киік атып, аң етін жеген еміш, // Екі байды сұрасаң азаматым, // Қарабай мен Сарыбай деген еміш [1].

Қозының Баянға хабар айтуда бозторғайды «жумсауынан», шоқтеректің түбінде Қозының он төрт күндік ұйқыға берілуінен, өлген Қозыны Баянның әулиелерге жалбарынып «тірілтіп» алуынан байқалады. Осы сияқты және басқа қасиеттері Шоқанның қатысуымен жазып алынған жыр вариантының ғылым үшін қаншалық қымбат екенін дәлелдейді. Шоқан жазып алған «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» басқа бір нұсқасы да өзіндік өзгешіліктерімен дараланады. Мұның алғашқы жолы жыр оқиғасының Қазақстанның басқа бір өңірінде өтетінінен хабар береді. Жоғарыдан көрінген сары ноғай, // Еділ суға таласқан мұ не тоғай? // «Қозы Көрпеш» дегенің біраз өлең // Ептеп айтқан кісіге тым-ақ оңай [3].

Осы нұсқада Сарыбай мен Қарабай бір-біріне «Еділ – Жайық бойында жолдас болды» делінеді. Бірақ түптеп келгенде, эпостың елге варианттарындағыдай, оқиғаның өрістейтін, аяқталатын өңірі Аягөз маңы болады. Қалай дегенде де ғылым үшін бұл нұсқаның өзіндік бағалы орны бар. И.Н. Березиннің «Турецкая хрестоматиясына» Шоқанның әкесі Шыңғыс Обағаннан М.В. Ладыженскийге жіберген осы варианттың енуі де атап өтерлік [4].

Ш. Уәлиханов үлкен жырлардан «Ер Көкшені» де жазып алғаны белгілі [5]. Ғалымның қолжазбаларының ішінде «Едіге» жырының да нұсқасы сақталып келеді. Бұл эпикалық аңыздау орыс ориенталистерінің назарына ілініп, революциядан бұрын-ақ баспа жүзін көрген. Шоқан жазып алған «Едіге» нұсқасы осы эпостың барлық варианттарының ішіндегі ең толығы әрі классикалық нұсқасы болып есептеледі [6]. Шоқан хатқа түсірген ауыз әдебиеті үлгілерінің бір тобы тарихи өлеңдер, жоқтаулар, айтыс сөздер. Солардың ішінде Бұқар жыраудың Абылайға арнаған өлеңдері «Абылай туралы жыр», «Қара батырдың толғауы», «Орақтың толғауы» баспа жүзін көрген.

Шоқан жинаған мақал-мәтелдердің аз ғана тобы баспа жүзін көрген. Олар: «Өтірік сөз жанға қас, өткір пышақ қынға қас», «Жауда қалған бұлбұлдан, үйге қашқан ит артық», «Сақтанғанды құдай сақтайды», «Ерді құдай сақтайды, етікті нәл сақтайды», «Өзің білме, білгеннің тілін алма», «Мұрын жоқ болса, екі көз бірін-бірі шүқиды», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Патша болсам май жер едім», «Көп сөз боқ сөз, аз сөз рас сөз», «Асықпа қарға, түсерсің торға», «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа», «Білгенің қайсы, білмегенді кешірмесең», «Сусыз жерде қамыс жоқ, азған елде намыс жоқ», «Өшкен жанбайды, өлген тірілмейді», «Қамқа тон да шүберек болар тозған соң», «Тоты құс бойын көріп сыланады, аяғын көтеріп қорланады», «Ақ сұңқар атқа ғашық, күйкентай жемге ғашық», «Етігің тар болса, тыныштығыңнан не пайда», «Ұйқы жанның тынышы, иман жанның қуанышы», «Қос ат мінгеннен қол көбейеді, қозысымен қой көп көрінеді», «Тойғаннан құрсақ жарылмайды, қуанғаннан маңдай жарылмайды», «Басқа бөле қайдан-тілден», «Мезгілсіз таң атпайды, уақытсыз жан шықпайды» – деген тәрізді халық нақылдары.

«XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер» деген еңбегінде Шоқан Уәлиханов аса қызғылықты деректер келтіреді. Мұнда сол дәуірдің белгілі қайраткерлері жайында он төрт әңгіме берілген. Сол әңгімелерде Абылайға, Бөгенбайға, Жанатайға, Сырымбетке, Жәнібекке, Байғозыға, Оразымбетке, Елшібекке, Малайсырыға, Баянға қатысты жайлар сөз болады. Қалмақ ханы Қалдан – Церенмен арадағы соғыстар, елшіліктер, қарым-қатынастар жөнінде де мағлұматтар кездеседі. Бұл аңыз-әңгімелердің тарихы да, мәдени де мәні мол. Олар өз тарапынан XVIII ғасырдағы жаугершілік кездің шындығын толығырақ, тереңірек танытуға көмектеседі. Тарихи жазбаша деректер ауқымынан онша алыс кетпейтін, мұндай әңгіме – аңыздар белгілі бір оқиғалардың, адамдардың нағыз келбетін білуге жәрдемдесе алатын құнды естелік орнына жүреді. Аңыздар сол замандағы көрнекті адамдардың іс – әрекетін мінездейтін, ел аузында біреуден екіншіге көшіп, қорытылып, өңделіп жеткен сөздер. Бұлар тарихи істердің хронологиясы орнына жүрмегенімен, халық естелігі ретінде аса бағалы. Аталған әңгімелердің көбі ауызша түрінде соңғы кездерге дейін айтылып келген. Солардан Ш. Уәлиханов жазбаларының кейбір маңызды айырмашылықтары бар.

Біріншіден, бұл аңыз-әңгімелердің бұдан бір ғасырдан артық бұрын жазып алынуы өте мәнді. Осы әңгімелерді кейінгі кезге дейін

ел аузында сақталған нұсқалармен салыстырып көрудің өзі қызықты мәселе болар еді.

Екіншіден, ғалымның шыққан, өскен ортасы Абылайдың өз әулеті екенін ескерсек, аталған аңыз-әңгімелердің бағасы арта түседі. Өйткені XVIII ғасырдағы Жоңғарға қарсы қазақ халқының азаттық күресінің басында Абылай хан, оның атақты батырлары тұрғаны мәлім. Жоңғармен жойқын күрестің барлық кезеңі, қайшылықтары, ерекше ерлігімен көзге түскен батырлар жөнінде әңгімелер Абылайдың айналысында аса көп тарауы табиғи болатын. Үшіншіден, қазақ тарихының жағдайларын заманында өз отандастарының қай-қайсынан да артық білген Шоқанның ел аузындағы әңгімелерді талғаусыз тізбей, ең маңыздыларын ғана екшегенін, бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан келгенін, үлкен жауапкершілікпен қарағанын атап өтпеуге болмайды.

Енді осы еңбектегі кейбір аңыз-әңгімелердің танытқыштық сипатына кідірейік. Он төрт әңгіменің біріншісінде көңіл аударарлық нәрсе – Абылайдың Бөгенбай мен Жанатай батырларды ерекше қадір тұтқанын мәлімдейтін түс. Жоңғарға қарсы соғыстың атақты қолбасшыларының бірі – Бөгенбайдың даңқы өзге аңыздардан, тарихи өлеңдерден, көлемді жырлардан белгілі. Солардың үстіне Шоқан келтірген мысал Бөгенбай жайындағы түсінігімізді кеңейте түседі. Бір жолы Жанатай мен Бөгенбай жауға аттанып, біраз уақыт хабарсыз кеткенде Абылай тынышсызданып, қасындағы Бұқар жыраудан «Менің батырларыма не болды екен» деп сұрайды. Бұқардың «батырларың аман-есен олжалы оралады» деген жорамалының дұрыс келгенін естігенде хан «төбем көкке жеткендей болды-ау» дегені бұл ерлердің ел алдындағы беделін айқындай түседі. Бұл арада атақты ақын, дана Бұқар жыраудың хан құзырындағы орны, оның сенімді кеңесшісі, ақылгөй екендігі көрініп тұр.

Осы топтағы екінші аңыз-әңгіменің де көңіл аударарлық сырлары бар. Бұл Абылайдың қытай әскерлеріне қарсы сәтсіз соғысының бір эпизодына анықтық енгізе алатын аңыз. Тарихи документтерде үлкен оқиғалардың жалпы бағыты, негізгі фактылары ғана сақталып, жекелеген детальдар еленбей қалатыны табиғи.

Міне, осындай оқиғалардың бірінің шын астары Тәтіқара жырау жырынан да көрінетін. Мұны Шоқан қысқаша мазмұнын жазып алған әңгімеден де аңғаруға болады. Жаудан шегіну қарапайым жұртшылыққа теріс әсер етер ме екен деп ойлап, Абылайдың алаңдаған, қынжылған сәтін жыр-аңыз дәл бейнелеген. Ол өлең мынау:

Кебеже қарын, кең құрсақ,

.....

Көтере көр бұл істі.

Көп қытайдың жылқысы

Тұрымтайдай құнысты,

Жау жағадан алғанда,

Ит етектен алғанда,

Ер Абылай қорыққан жоқ,

Әншейін еңкейе бере жылысты.

Бәсентиін Сырымбет

Оқ жіберіп ұрысты

Ақыл қалмас қашқанда,

Дегбір қалмас сасқанда,

Баяндай ерді көрмесің

Бұрылып жауды шанышқанда [7]...

Мұндай өлең тарихи оқиғаның сыры мен қырын таныстыруға аса қымбат куәлік бере алады. Соғыстың алмағайып бір кезеңіндегі жағдай, сол кездегі адамдардың түрлі әрекеті өлеңде мейлінше айқын түскен. Қысылтаяң кезде Абылайдың шегінуге, жан сауғалауға ойысқаны, ал Сырымбет, Баян секілді ерлердің теңдессіз ерлігі, ел намысы үшін ақырына дейін алыса білетіндігі жалт етіп көрінген. Міне, тарихи өлеңнің танытқыштық құдыреті деген осы. Шоқан жазып алған, мазмұны ғана орысша берілген қысқа әңгіме осыншама сырды анықтай алатындығын келтірген мысал сипаттаса керек.

Енді бір әңгімеде Абылайдың үйсін Ерден биге қаһарланып, қол жинағаны, ханның бетіне ешкім келе алмай тұрған кезде Бұқар жыраудың басалқы айтқаны келтірілген. Ал тағы бір аңыз-әңгімеде Абылайдың Түркістаннан шығып, Әбілмәмбет ханға беттеген жолында біраз уақыт өз атын жасырып, Қарауыл адамы Дәулетбай дегеннің үйінде жүргені, оның әйелі жолаушы жігіттің мінезіндегі тартымдылықты, сыпайылықты, таза тәбеттілікті байқап қалғаны, Дәулетбай бұл жігіттің мән-жайын, нәсілін қасында еріп жүрген Ораздан сұрап білген соң Әбілмәмбетке еріп апарғаны, Дәулетбайдың Абылайға сыйлаған аты кейіннен сан жорықта даңқы шыққан Шалқұйрық екені айтылады. Бұл да ел арасында кең тараған аңыздың бірі. Абылайдың өзге елге танылар сәтке дейін түрлі себеппен шын атын, ата-тегін жасырып жүргені, кейіннен жаугершілік заман туғанда, жоңғарға қарсы соғыста жарқ етіп көзге түскені туралы әңгіме көп. Қалай болған күнде де Шоқан жазып алған әңгіме нұсқасы осы шындықтан алыс кетпейді. Бұл әңгіме ел арасында айтылып келген аңыздарды өз тарапынан толықтырып қана қоймайды, жана өрнектермен байыта түседі.

Келесі бір аңыз-әңгіме Абылайдың Қалден – Цереннің қолына түсіп қалып, одан қалайша босап шыққандығын сөз етеді. Бір соғыста Абылай Қалденнің ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіреді. Ақырында жаулар Абылайды қолға түсіреді. «Менің ұлым Шарышты неге өлтірдің?» деген Қалденнің сұрағына Абылай: «Сенің ұлың Шарышты менің қолым мен халық өлтірді, айыбы маған таңбылды» деп жауап беріпті. Бұл әңгімеде Шарыштың анасы баласының мерт болғанын ойлағанда ашу-ызаға булығып, тұтқындағы Абылайды күн сайын зөбірлеп, балағаттағаны, ақырында Қалденнің аманат алып қалып, Абылайды босатып қоя бергені айтылады. Тарихи факты мен аңыз – әңгіме арасында бірсыпыра айырмашылық бар екені көрініп тұр. Шындығында Абылайдың жоңғар тұтқынынан босауына орыс патшалығы өкілдерінің талап етуі себепкер болғаны тарихтан белгілі [8]. Ал бірақ бұл аңыз – әңгімеде, ешбір архивте тіркелмеген жайлар көрініс береді. Абылайдың тұтқындағы халі мұнда анық елестеген...

Шоқанның осы еңбегінде келтірілген келесі бір аңыз-әңгімеде үш жүздің баласынан кімдерді ерекше сыйлайсыз деп сұрағанда Абылай «Өзімнен бұрынғылардан екі адамға: Қалденнен тоқсан тұтқынды қайтарған қаракесек Қазыбекке, сол секілді өз адамдарын тұтқыннан алып шыққан уақ Дербісәліге сүйсінуге болады. Мұның алғашқысы тұтқындарды Қалденнің алдына барып, сұрап алды, сонысы үйінде отырып-ақ жауды қорқытып, адамдарын қайтара білді. Өз қарауымдағы батырлардан байлық, батырлық, мінезге келгенде бәсентіін Малайсарыдан, ақыл мен ерлікке уақ Баяннан асатыны жоқ» деген екен [9]. Осы аталған адамдардың тарихи істері түрліше айтылатын аңыз көп. Мына сөздер солардың қатарынан ең мәнді, неғұрлым сенімді әңгімелер ретінде замана, оқиғалар шындығын толығырақ түсінуге көмектесе алады. Мәселен, қаздауысты Қазыбектің дүлдүл шешендігі, батылдығы, парасаттылығы бүкіл қазақ еліне жайылған. Ол туралы халық жадында сақталған естелік мол. Абылай айтыпты деген мына баға сол сөздермен ұштасып жатқанын көреміз. Халық Қазыбектің ел ішіндегі дауларда айтқан төрелігінен гөрі сырт жаулардан ел есесін қайтарған мезеттеріне ерекше көңіл қоюы мейлінше табиғи. Ал Абылай Малайсары мен Баянды барлық батырлардан артық қоюы да олардың тарихи қолбасшылық қызметінің мәні туралы мәселені жаңа қырынан тануға себептеседі. Әрине, аңыз-әңгіме хатқа түскен, айтушының қолы қойылған документ емес. Абылай дәл осылай айтты ма, жоқ па, оны ешкім де дәл куәлендіре алмайды. Бірақ, аңыз-әңгімеде әлгі батырлардың осыншама асқақ дәріптелуі бекер деуге келмейді. Қандай

әңгіменің де түп негізінде қуатты шындық жататыны белгілі. Ендеше бұл мағлұматтар аталған батырлардың тарихи документтерге түспеген, бірақ шындықты танытарлық сипаттамасы бола алатыны күмәнсіз. Бұл куәліктерден тарихи дәуірдің асқан батыры уақ Дербісәлінің де тұлғасы елес бергендей... Сондай-ақ Тарақты Байғозы батырдың бейнесін мінездеуге де Шоқан еңбегінде келтірілген дерек негіз бола алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уәлиханов Ш. Таң. – Алматы, 1985. – Б. 16
- 2 Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. (в 5 т.) – 1968. Т. 4. – С. 26
- 3 Валиханов Ч.Ч. Т. 3. – С. 53
- 4 Березин И.Н. Турецкая хрестоматия. – Казань, 1876. Т. 3.
- 5 Валиханов Ч.Ч. Т. 4. – С. 26
- 6 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л., 1984. – С. 353,
- 7 Алдаспан. – Алматы, 1970. – Б. 126
- 8 История казахской ССР. – Алма-Ата, 1979. Т. 3. – С. 72
- 9 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т. 1. – С. 222.

### БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢА РТҰ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ

ШАЙЗАДЕНОВА А. А.

Михайловская СОШ, Железинский район, с. Михайловка

Табысқа жету үшін оқушыларға біліммен қатар дағдылар да қажет. Бұл оқушылардан ақпаратты есте сақтаудан оны ұғынуға көшуді, дағдылар да сондай-ақ осы білімді ұғыну және түрлі жаттығуларда қолдануды талап етеді.

«Қазақ тілі және қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламаларын мақсаты сөйлеу қызметінің төрт түрін – тілдесім, айтылым, оқылым, жазылым қолданудың тәжірибелік дағдыларын дамыту арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама тараулары сөйлеу қызметінің төрт бөлімінен тұрады. (тілдесім, тыңдалым, оқылым, жазылым).

### Тыңдалым дағдысын қалыптастыруға арналған белсенді жұмыс түрлері:

Оқушылар аудиоматериалды екі рет мұқият тыңдайды (ол сюжетті мәтін, өлең, публицистикалық ақпарат болуы мүмкін). Тыңдалымнан өздеріне таныс емес сөздерді жазып алады, сөздік арқылы аударарды. Аудионы тағы екі рет тыңдап, жазбаның мазмұнын толық түсінуге тырысады. Сыныппен ой бөліседі. Осы әдісті жүйелі қолдану – оқушылардың тыңдау арқылы түсіну дағдысын қалыптастырады.

#### Суреттеу:

Оқушылар аудиожазбаны /сөздік диктант/ тыңдай отырып, мағынасына қарай сөзді суретпен бейнелейді.

**«Синонимдерді тап»:** Оқушыларға сөздер ұсынылады. Олар тыңдаған мәтіннен осы сөздердің синонимдерін тауып, жауап парағына белгілеуі керек. Осы арқылы оқушылардың тыңдау әрекеті мен сөздік қоры дамиды.

**3 Тыңдалымға арналған аудиожазбалар мәтіндері.** Бұған әр сыныптың, әр оқушының жас ерекшелігіне байланысты мәтіндер алуға болады.

Аталған дағдыларды қалыптастыруда әдіс-тәсілдерді қолдануға болады: оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру, барлық оқушының сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту, өз ойын жеткізуге, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту, проблемалық оқыту арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру, сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану, мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, мәселені талқылау, ой қорытындылау, өз ойын ашық айта білуге тәрбиелеу, сабақ процесінде оқушының белсенді іс-әрекеті белсенді ойлауға, белсенді оқытуға бағытталады. Оқушы өз көзқарасын қалыптастырып, басқалардың да пікірін ескереді. Жаңа идеялар ұсынуда және жаңа мүмкіндіктерді көруде, мәселелерді шешуде ұжымдық оқыту технологиясының маңызы зор, ұжымдық оқыту технологиясының мақсаты – оқушының қабілетін дамыту, еңбекке баулу, ұйымшылдық қабілеттерін ояту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, өзін-өзі басқару. Сабақты өткізуде мұғалім келесілерді ескеруі қажет: сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтиже анық болуы тиіс, тілдік төрт дағдыны (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) дамыту, белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы уәжін

арттыру, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс, оқу жетістігін критериалды жүйе арқылы бағалау.

Қорыту жасағанда осындай өзгерістер көрінеді. Оқушылар ынтымақтыққа үйренеді, топпен жұмыс жасауға үйренеді, өздерін бағалауға үйренеді, сабақты қорғауға үйренеді.

Қазіргі кездегі білім берудің барлық жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады.

Сөйлеу өзіне сөздік қорын пайдалануды, тыңдалған немесе оқылған мәтіндердің мазмұнын айту және талдауды, аудиовизуалды материалдар негізінде ауызша мәлімдеме және дәйекті дәлелдер жасау және бағалауды қосады.

Оқу, оқушылар мәтіндерді түсіну, негізгі идеяны анықтау, мәтіннің стильдерін және түрлерін айыра білу, оқылған мәтіннің негізінде сауатты сұрақтар құру.

Жазу сипаттама құралдарын, аудирование, оқу және аудиовизуалды материалдардың синтезін, грамматикалық және сөйлесу нормаларын, дұрыс жазу ережелерін, тыныс белгілер нормаларын және шығармашылық жазуды қолдана отырып, түрлі стильдер мен үлгідегі мәтіндерді құрастыру дағдыларын дамытуды көздейді.

Коммуникативтік қабілеттілігі, бұл, оқушыларға сұрақтар құруды және оларға жауапты дұрыс тұжырымдауды, мұқият тыңдауды және проблеманы талқалауды, сұхбаттасушының сөзіне пікір білдіруді, топта өз пікірін дәлелдеуді үйрету. Коммуникативтік дағдылардың құрамдастары:

- Тыңдай білу
- Өзгенің пікірін түсіне және қабылдай білу
- Өзіне және өзгелерге дұрыс баға бере білу
- Жаттығулар түрлері:

1 Соңғы буынын жалғастыр:

Мен бастаймын, сіздер аяқтайсыз

– «тау» немесе «у» қосуға болады

– Бас - ..., қос - ..., лас - ..., рас- ..., бас - ..., қос - ...

2 Буын аукционы. Келесі буындармен сөздерді тап: ас, қо, шы, шө, мы.

3 Буын лотосы. Келесі буындардан сөздер құрастыр: лық, қа, ра, р, аң, ла, ха

4 бақ сөзінде бірінші әрпін ауыстырыңыз (қак, так, шақ);

- үшінші әрпін ауыстырыңыз (бас, бақ, бар, бай, бал, бөл);
  - кез келген әрпін ауыстырыңыз (бұр, бұл, бол, бұз, бір, бер, бос).
- Сөйлеу аппаратын дамыту үшін келесі жаттығулар ұсынылады.

Мысалы,

– **сөзді өзгерткен дыбысты атаңыз.**

БАҒА – ТАҚА – БАҚА – САҚА

ТАҚ – БАҚ – ҚАҚ – ШАҚ

БОС – БАС – ҚАС – ТАС – РАС

– **сөздерді тарқатыңыз**

БОСАКА, ПОСАГИ, ЛЕКОСО, КОСЫНКА, МОСАВАР, МОСАЛЕТ;

ЛЫС БЫР, САҚЖҰМ, ТЫҚҰЛТ, ТЫМАҚЫН, ПАНАЛБА,

– «Сөзді аяқта» ойыны

Мен оқушы....., Сен оқушы....., Ол оқушы....., Біз оқушы....., Сендер оқушы...

– **зат есімдер мен есімдіктердің қиысуы** – «Кімнің заты?» (Менің қарындашым, Менің оқулығым ....);

– **сын есімдерді қалдану** – «Зат неден?» (ағаш қарындаш, ағаш сызғыш, темір сызғыш ...).

Сөздік қорын анықтау келесі жаттығулар арқылы мүмкін:

– қарастырылап жатқан заттар туралы әңгімелер (атауы, маңызы, заттың бөлшектері, сыртқы бейнесінің ерекшеліктері, оларға қатысты әрекеттер);

Ол үшін сөзді буындық және морфемдік талдау мен синтезіндегі жаттығулар қолданылады; сөздер мен морфемалардың көп мағыналығына, синонимия, антонимия және омонимия құбылыстарына байқау ұйымдастырылады. Мысалы,

– **әрекетті атау** (допты басқаға лақтыра):

Қар (не істейді?) – жауады, жел – соғады ..., қар – ..., күн – ..., жауын – ..., найзағай – ..., аяз – ...;

– **сондай белгілермен басқа затты атау:**

Бор ақ (қар да ақ), белбеу жіңішке (бау да жіңішке), қауын сары (асқабақ та сары), өзен жылдам (арық та жылдам ...);

– **төртінші «артық» сөзді көрсету. Өз жауабын дәлелдеу.**

- мұнды, қапалы, жабырқаңқы, терең;
- батыл, сынғырлаған, ержүрек, қайсар;
- әлсіз, сынғыш, ұзақ, нәзік;
- қатты, алыс, мықты, берік;
- ойлау, жүру, ойлану, түсіну.

Осылайша, білім мазмұнын жанарту шеңберінде коммуникативтік құзыреттіліктері мектеп түлектері оқуын шетелдік жоғары оқу орындарында жеңіл жалғастыра алу және өздерін табысты және білікті тұлғалар болып сезіну үшін негізгі құндылықтардың біріне ие болып табылады.

Коммуникативтік дағдыларын дамытудың деңгейін арттыру үшін оқу үрдісіне жүйелі түрде және мақсатты түрде сөйлеу тапсырмаларын қосу қажет. Әртүрлі жаттығуларды кезектеу арқылы біз ана тіліне, қарым-қатынас мәдениетіне қызығушылықты арттырып, тілдік ойлау және коммуникативтік дағдылардың дамуына мүмкіндік жасаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қадашева Қ. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». – Алматы, 2002.
- 2 Мухамадиева Н. Қ., Үстемір Н. Ә. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». – Алматы, 2002.
- 3 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. – 2012.
- 4 «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» 2000-2006 ж.

### МАҒЖАН ЖҰМБАЕВТЫҢ «ШОЛПЫ» ӨЛЕҢІНІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ШАЙМЕРДЕНОВА Ә.

Қарақұдық ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Жетсе егер қорқынышты кара түнім,  
Басса дерт, әлім құрып,шықпай үнім.  
Көңіл ашар, кеудеме жан кіргізер  
Өлең менің-Шолпаным, Айым, Күнім,  
– деп жырлаған қазақ поэзиясының жарқын жұлдызы Мағжан-ақындықты асыл сөз қасиетті өнер деп біліп, бұл сапарды туған жерге, Отанға, халыққа қызмет етудегі киелі жол санайды. Сондықтан да оның кейіпкерлері-елі, жері, ата-анасы, орман-даласы, тау-тасы және ұлты. Ақынның өлендерінде бай-кедей деген ұғым жоқ. Оның жүрегінде ұлт қана бар. Ол ұлты – қазақ елі, қазақ елінің қаймағы бұзылмаған дәстүрі.

Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиісін Абай да іздеген. Абай да сөздің ішін мөнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыс пен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен

қазақ ақыны жоқ. Дыбыстардың құрылуы сурет туғызады. Сондықтан Мағжанның «Шолпы» өлеңі құлаққа жағымды, үнді, әуезді.

Мағжанның «Шолпы» өлеңін оқығанда көзге әлденелер елестейді, алдына біресе екі жағына кезек-кезек теңселіп, ырғаң-ырғаң басып, қарқарасының қоңырауы сылдырлап, сәукелесі, үкісі бұлғаңдап кетіп бара жатқан көшті көргендей боласын, кейде ақ сандақта ақ көйлегі, жез құманы бұлғаңдап, шолпысы сылдырлап, бел асып кетіп бара жатқан қыздарды көргендей боласын.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,  
Өзекті өртеді құрғыр.  
Әдейі іргеден жүреді,  
Сұлу қыз санадан солғыр.

Осыны оқығанда, маңайыңның бәрі сылдырлап кеткендей боласын. Мағжанның өлеңі дыбысымен, күйімен, ырғағымен қазақ даласын суреттейді. Өмірге асықтығыңды құстың сайрауын, жапырақтың сыбдырын, жаңағы шолпы сылдыры сияқты өлең сөздері мен буындарын бір-біріне соғыстырып, қоңыраулата аласыз ба? Бұл – ақынның қолынан ғана келетін өнер. Мағжан, Мағжанның соң Мұхтар Әуезов сұлудың бұрымына шолпы тағып, соның сыңғырын құлағыңда ойнату арқылы айдай аруды бір көруге құмар етеді.

Мағжанды ақындық жағынан сөзсіз суретші десек, артық айтқандық емес. Дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, кейде ән-күй ғана түсіндіре алатын сезімдерді сөзбен жеткізді. Суретшілік жағынан Мағжанды Пушкинге теңеуге де болады. Пушкин 5-6 ауыз сөзбен толық сурет туғызады десек, аз сөзбен көп сурет шығару Мағжанда да бар.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,  
Қанымды қайнатты құрғыр.  
Шық-шық жүрекке тиеді.  
Кұлпара талқан боп сынғыр.

Әдебиетке Абайдан кейін жаңа түр кіргізген ақын Мағжан Жұмабаев екенінде дау жоқ. Мағжан тыңнан 8-9 буынды жаңа өлшеу туғызды.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,  
Жүректі жандырды құрғыр.  
Кеудені кернеді жалын,  
Сәулем, періштем, тез кір!

Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның

жүрегінен жас пен қаны аралдас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді, еріксіз бір сезім туғызады.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,  
Есімнен аударды құрғыр.  
Лебізіннен еріп барамын,  
Жаным-ай жақында қол бер!

Табиғатынан жаны сұлу сыршыл ақын адамның ең асыл сезімін жеткізуге келгенде ғажап шеберлік танытады. «Шолпы» өлеңінде адамға тән ұлы сезімді аса биікке көтере жырлайды. Ақынның лирикалық қаһарманы үнемі ғажайып сезімнің құшағында жүреді.

М. Жұмабаевтың «Шолпы» өлеңін оқу арқылы қазақ дәстүріне бойлаймыз. Осы тұста «шолпы» сөзіне түсінік бере кетсем: Құрылымы жағынан шағын болып келетін шолпы өзара біріктірілетін қозғалмалы бөлшектер: құлпырма маржан тізбектерінен, Ресей тиындарынан (жалған теңгелер көп қолданыста болады), жартылай қуыс не жалпақ, селдір медальондардан, күміске орнатылған түрлі тастан құралады.

Ал, шашбау болса шолпыдан ұзындығымен ерекшеленеді. Ол күміс шынжырлардан немесе жіптен, жібек баудан жасалып, маржан моншақтармен, сәндік әшекей бөлшектерімен безендірілген таспаулардан тұрады. Шолпы шаштың ұшына тағылатын болса, шашбау бұрымның түбіне ілінеді немесе шашпен бірге өріліп, бұрымға сән беріп тұрады. Кейде шашбау қара баудан жасалып, шашты ұзын әрі қалың етіп көрсету үшін қолданылады.

Шолпының да, шашбаудың да әшекей бұйымнан бөлек, өзіндік ерекше мақсаты болады. Бұларды оқи отырып, қазақтың даналығына еріксіз тәнті боласын.

- Қоңыраулы шолпы таққан қыздар қатты күлсе, шолпы сыңғырлап, оқыс қимылдарға тосқауыл болған.
- Шолпы арқаны түзу ұстап, сәнді жүруді үйрететін модель мектебінің рөлін атқарған.
- Шолпының ауыр салмағы басты ауыртпай, тек емдік қасиеттерге ие болған.
- Шолпы, шашбау сыңғыры қыз баласының үйге қарай келе жатқандығынан хабар беріп, үлкендер жинақтала бастаған.
- Шолпы салмағының әсерінен шаш ұзын болып өскен.
- Қыз баласының шолпысына қарап оның қандай әлеуметтік топтан шыққан екендігін аңғаруға болатын болған.
- Қыз баланың тәрбиесін сылдырлаған шолпысының сылдырынан-ақ анықталатын болған

• Шолпыны да, шашбауды да бұрым тарқатылмай жинақы болып тұруы үшін таққан.

«Әдептен озбайық», – деген Абай сөзі дәстүр, салттардан асып кетпейік дегенді білдіреді. Дегенмен, кейде «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп те жүрміз. Рас, күні өткен, тозығы жеткен дәстүрлерді жаңа тұрмыс теріске шығарып, жойылмасына мүмкіндік қалдырмай жатыр. Қазақта «Елу жылда-ел жаңа, қырық жылда қазан», – демекші, елу жылды күтіп отырмай, жаңа салт-дәстүрлер өмірге еніп жатыр.

Местного самоуправления, складывающееся в Казахстане должно учитывать опыт прошлого, демократические традиции генезиса правового государства и соответствовать международным стандартам.

Попытки осмысления проблем современного местного самоуправления постоянно предпринимаются в науке современного Казахстана не только юристами, но и политологами, философами и представителями других наук. Это связано и с проблемами децентрализации государственной власти, и с проблемами формирования гражданского общества.

В Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2020 года определены приоритеты дальнейшей модернизации политической системы, в том числе развития местного самоуправления. Согласно этому плану к 2020 году в Казахстане возрастет значение представительной власти, будут созданы эффективные институты местного самоуправления и гражданского общества, соответствующие лучшим международным стандартам [3].

На сегодняшний день социальная модернизация казахстанского общества требует значительного совершенствования системы государственного управления. Здесь главное место в развитии казахстанской государственности отводится формированию в республике местного самоуправления как неотъемлемого атрибута демократического государства, при обязательном условии дальнейшего поступательного развития гражданского общества.

Уровень доверия населения к государственной власти во многом зависит от доверия населения к органам местного самоуправления, которые решают повседневные проблемы граждан. Будучи связующим звеном между обществом и государством, выступающим органической частью системы сдержек и противовесов местное самоуправление является необходимым этапом в строительстве правового государства.

Таким образом, изменения законодательства по вопросам местного государственного управления и самоуправления при всем

критическом подходе к новому закону, являются немаловажным событием в конституционно-правовой истории Казахстана. Местное самоуправление может и должно способствовать постепенному переходу Казахстана к демократической политической системе и гражданскому обществу.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Конституция Республики Казахстан, принятая 30 августа 1995 года на республиканском референдуме с изменениями и дополнениями, внесенными законами Республики Казахстан // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)

2 Указ Президента Республики Казахстан от 28 ноября 2012 года № 438 «Об утверждении Концепции развития местного самоуправления в Республике Казахстан» // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)

3 Кадыркулов А. // [www.tarsu.kz/ru/vse-novosti/itemlist/category/51-yuridicheskij-fakultet.html?start=14](http://www.tarsu.kz/ru/vse-novosti/itemlist/category/51-yuridicheskij-fakultet.html?start=14)

### ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНДЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ

ТУРГАНБАЕВА А. О., СЫЗДЫҚОВА Р. Р., ТУРАРБЕКОВ Д. М.  
тарих пәнінің мұғалімдері, Физика-математика бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақ халқы – тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғасырлар тереңінен тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын ата жұртта сақтап қалған қазақ», – деп атап өтті [7]. Сондықтан да Отандық тарихтың маңызды міндеті – оқушылардың бойында Қазақ мемлекеттілігі тарихына деген құрмет пен мақтанш сезімін қалыптастыру, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу болып табылады. Осы маңызды міндетті жүзеге асыруда тарихи деректермен жұмыс қазіргі Қазақстан тарихының маңызды мәселелерінің біріне айналып отыр. Әсіресе, бүгінгі күні Қазақстанда қазақ халқының өзінің тарихына деген қызығушылығының артып келе жатқан жағдайында тарихтың негізін құрайтын тарихи деректер ерекше маңызға ие болып отыр.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қазақ мемлекеттілігінің тарихын зерттеуде маңызы зор шетелдік қорлардан бірегей жәдігерлер мен архивтік құжаттар қазақ дерекнамасы мен тарихи-мағлұматтар базасын толықтырды [2].

Тарихи деректерді классификациялауға байланысты әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, олардың пайда болу тегіне, сыртқы ерекшеліктеріне, хронологиялық мерзіміне, жазылу тіліне, саяси бағытына байланысты бөлінетіндігін зерделей келе, қазақ тарихына қатысты тарихи деректерді, отандық тарихшылар шартты түрде 7 түрге бөліп қарастырады:

- Археологиялық деректер,
- Жазба деректер,
- Фольклорлық деректер және ауыз әдебиеті,
- Жылнамалар,
- Мерзімді басылымдар,
- Шежіре,
- Заң актілері [4].

Сонымен қатар тарихи деректермен жұмыс тарихи әртүрлі деректермен жұмыс жасауды қажет етеді. Деректерді тиімді түрде қолдану «көзге көрінетін ақпарат» шегінен шығуды және сәйкесінше қорытындылары шығаруды көздейді Оқушылар негізді қорытындыларды қолдау үшін деректерді олардың контекстінде аудиториясы мен міндеттері аясында бағалайды Деректермен жұмыс жасауда: қорытындыларын шығару, пайдалылығын анықтау, дереккөздерді бағалау өте маңызды. «Көзге көрінетін ақпаратпен» салыстыру нәтижесіндегі жасалынатын қорытындыларға мысал келтіретін болсақ. Айталық 10 сыныпқа «Дүние жүзілік соғыс» сурет дерек көзі бойынша «көзге көрінетін ақпарат», деректің айқын ақпараты ретінде зеңбірек, противогаз, окоптардың болғанын біледі. Сол ақпарат арқылы қорытындылар: тереңірек оқу арқылы талдау. Нені көздейді? Сұрағына жауап береді. Оқушылар соғыста газды қолдануын, жаңа қаруды қолданғанын, көп адамның қайтыс болуы туралы қорытынды жасау маңызды. Деректің пайдалылығын анықтау дегеніміз кез-келген деректің белгілі бір оқиғаға түсіндірме беру үшін қаншалықты септігін тигізетіні туралы ойлану болып табылады. Қаншалықты маңызды екенін анықтау керек. Деректі тексеру кезінде: Бұл қандай дерек түріне жатады? Ол бізге қандай ақпарат береді? Қалай және неліктен бұл дерек пайда болды? Нені баяндайды немесе айқын не жасырын түрде көрсетуде? стилі? интонациясы? Ақпараттың контексті түсіндірмеге қалайша әсер етті? Қандай қорытындылар шынайылыққа

жақын? Ал қайсысы ойдан шығарылған? Интерпретация мен қолжетімді ақпараттар арасында қандай байланыс бар? Деректің мақсаты не болды (және қандай аудиторияға бағытталды)? Мысалдар: Сендіру? Ақпараттандыру? Есте сақтау үшін? Ағарту үшін? Қорғау? сұрақтарын қою арқылы жүзеге асырылады. Көбінесе Қазақстан тарихы сабақтарында тарихи деректерді аналитикалық талдау парақтарымен жұмыс, дерек көзбен сатылап сұрақ қою арқылы жұмыс жасаймыз.

Тарихи деректермен жұмыс жасауда берілген тапсырмалар оның қолданбалық бағдарлылығын үш деңгейге сүйене отырып дамытуға болады.

1 Тарихи оқиғалар және оған қатысушылар жайлы мәлімет жинақтауға негізделген қарапайым деңгей

2 Тарихи деректерге терең талдау жасап, топтарға сұрыптау, сыни көзқарастың қалыптасуына жол ашатын жаңғыртушы деңгей

3 Білім алушының іс-әрекеті пікірталас пен зерттеу түрінде ұйымдастырылған кезде тарихи деректермен еркін жұмыс жасауға бағыттайтын шығармашылық деңгей [4].

Тарихи деректерді тарихи білім беруде қолдану бірқатар міндеттерді шешуге септігін тигізеді:

- Салыстырмалы толық әрі терең тарихи білімнің қалыптасуына;
- Тарихи білімді нақтылап, тереңдетуге;
- Теориялық ойлар мен ережелердің дәлелділігінің қамтамасыз етілуіне;
- Білім алушының ақыл-ойының дамуына;
- Қарастырылып отырған мәселені бейнелер арқылы зерттеуге;
- Білім алушының тақырып жайлы нақты әрі дұрыс шешім қабылдауына;
- Білім алушының танымдық мүмкіндіктерінің артып, тарихи деректі сыни көзбен бағалау әрекетінің қалыптасуына;

Суретті, артефактты, жазбаша деректі, дыбыстық жазбаны т.б деректерді талдауға арналған аналитикалық парақтарда оқушылар бірнеше сұрақтарға жауап беру арқылы деректерді талдайды. Мысалы: Жазбаша құжатты талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағында ұсынылған құжаттың түрін анықтаңыз деген сұрақтан басталады.

– Автор баяндаған мәселелердің ішінен маңызды деген үш нәрсені тізіп жазыңыз.

– Бұл құжат неге жазылған деп ойлайсыз?

– Құжаттың неліктен жазылғандығын білдіретін қандай дәлелдер бар? Құжаттан цитаталар келтіріңіз.

– Бұл құжатты талдай отырып оның жазылған кезеңінің екі ерекшелігін анықтаңыз.

– Е. Құжатқа қатысты жауапсыз қалған сұрағыңызды авторға жазыңыз деген сұрақтар арқылы оқушылар жазбаша деректерге талдау жасайды.

Көбінесе сабақтарда сатылап сұрақ қою арқылы деректерді талдау жүргізіледі. Мысалы:



Сурет 1

#### Суй кітабы (84-бума, 49-баян). Солтүстік Ди. Түркілер туралы (Тужио)

А. Түріктің арғы атасы аралас хулардан еді. Оны ашына деп атаған. Кейін Вей патшалығының Тай-ву патшасы Жүйчүйді талқандағаннан соң, ашына 500 үйлі жанды ертіп, Жужәндарға қашып барып, Алтын тауды мекендеді де, сонда темір өндірумен айналысты. Алтын таудың түрі дулығаға ұқсайтын. Дулығаны әдетте «тужио» деп атайды. Осы «тужио» кейін халықтық атауға айналады.

А. Деректі тарихи контекст шеңберіне салып көріңіз

– Берілген деректі кім жазуы мүмкін?

– Бұл дерек қайда және қашан жазылған?

– Неліктен жазылды?

– Қандай аудитория үшін жазылды? Бұл аудитория жайлы сіздер не білесіңдер?

В. Түріктің өуелдегі мемлекеті Сихәйдің жоғары жағында болған. Кейін оны көршілес мемлекет талқандайды. Адамдардың көрі-жасына, еркек-әйеліне қарамай, бәрін өлтіреді. Бірақ бір баланы өлтіруге қимай, оның аяқ-қолын кесіп, үлкен саз жерге тастайды. Бір қаншық қасқыр әр жолы оның жатқан жеріне ет тістеп әкеп беріп жүреді. Бала осы етті жеп, өлмей аман қалады.

В. Деректі топтастырыңыз

- 1 Берілген мәліметтер деректің қай түріне жатады?
- 2 Деректің мақсаты неде?
- 4 С мәтіндегі ақпарат бойынша Бумын өз билігін қалайша күшейтті?
- 5 Неліктен Анағұй Бумынның қызын әйелдікке беруін сұрағанына ашуланды?
- 6 D мәтінде суреттелген түркілерге сай екі негізгі ерекшелікті анықтап атаңыз.
- 7 «...», құрбандыққа жылқы мен қой салады. ... өлген адамның тірісінде өзі мінген атын, тұтынған мүлкін оның денесімен бірге өртейді де, күлін жинап алып, жылдың белгілі бір мезгілінде жерге көмеді немесе өртемей жерге бірге көмеді». Мәтіннің бұл үзіндісін қалайша дәлелдеуге болады? Қандай археологиялық олжалар бұған куә?
- 8 A, B, C, D мәтіндерін біріктіретін не?
- 3 B мәтіндегі ақпарат қаншалықты шындыққа жақын деп ойлайсыз?



Сурет 2

C. Бумынның кезінде тайпалары біраз күшейе бастап, шекараға келіп, мақта және жібек маталарын сатып алып, Орталық мемлекетпен қарым-қатынас жасай бастайды.

536 ж. Бумын да тарту-таралғымен өз елшісін жібереді. Осы кезде телылар жу-жуларға бастап, оларға орта жолда бүйірден тиісіп, талқанын шығарады. Сөйтіп 50 түтіндік бүкіл ел бағындырады. Адамының көбейіп, қуатының артқанына сенген Бумын жу-жудың билеушісінің қызын әйелдікке беруін сұрайды. Бұған шектен шыға ашуланған Анағұй Бумынға кемсіте сөгіп, балағаттаған жауаппен

арнайы адам жібереді: «Сен менің темірші құлымсың, осылай істеуге қалай батылың барады?». Бумын да сондай ашуланып, жіберген адамын өлтіріп тастайды.

Вей Фи-ди билігінің бірінші жылының бірінші айында Бумын жу-жуға әскерін жіберіп, Хуэй-хуанның терістігінде олардың тас-талқанын шығарады. Анағұй өзін-өзі өлтіреді де, оның баласы Ийнлочын Чи мемлекетіне қашып барады.

C. Деректі түсіну

Деректе қандай кілті сөздер бар және олар қандай мағынаны білдіреді?

Автор қандай ой-пікірді білдіргісі келеді? Деректегі ақпаратты жинақтап, тұжырымдаңыз.

Автор өзінің жазғанына қандай дәлелдер мен дәйектер келтіреді?

Дәйектің негізінде қандай жорамалдар жасауға болады?

Деректегі ақпараттың құндылығы неде?

Қандай мәселеге қатысты жазылды? Бұл мәселені белгілі бір тарихи жағдаймен байланыстыра аласыздар ма?

D. Шаштарын жайып жібереді, сол жақ етегін жоғары қайырып жүреді. Киіз үйлерде тұрады. Судың тұнығын, шөптің шұрайлысын қуып, көшіп отырады. Мал шаруашылығымен, аң аулаумен айналысады. Ет жеп, қымыз ішеді. Теріден және жүннен тоқылған киім киеді. Қару-жарақтан оларда бары: ысқырма жебелі садақ, сауыт, найза, қылыш және семсер, соңғы екеуін бойларынан тастамай сән үшін асып жүреді. Туында бөрінің алтын басы бар. Ат үстінен шауып келе жатқан садақ тартуға шебер. Тумасынан жауыз, аяушылықты білмейді.

Олардың қылмыстық заңдары бойынша бүлікшілік, опасыздық, кісі өлтіру, ат ұрлау - өлім жазасымен жазаланады. Өлген адамның денесі киіз үйге жайғастырылады. Балалары, немерелері және туысқандары жиналып, құрбандыққа жылқы мен қой салады. Содан кейін белгіленген күні өлген адамның тірісінде өзі мінген атын, тұтынған мүлкін оның денесімен бірге өртейді де, күлін жинап алып, жылдың белгілі бір мезгілінде жерге көмеді немесе өртемей жерге бірге көмеді.

D. Тарихи ақпараттың дерегі ретінде бағалаңыз

Берілген кезең үшін бұл дерек қаншалықты тән болды?

Берілген кезеңге сай деректегі мәселелер, жорамалдар, идеялар мен құндылықтары ұқсас ақпаратты қамтитын өзге деректер бар ма?

Өзіңіздің қорытындыларыңызды негіздейтін басқа да дәйектер келтіре аласыз ба?

А, В, С, D мәтіндерін негізге ала отырып, өзіндік интерпретация арқылы оқиға желісі бар мазмұндаманы жазыңыз сияқты сатылай сұрақтар қою арқылы әр деректі талдау арқылы жұмыс жасалады. Бұл ұсынылған деректер НЗМ бағдарламалар орталығының өткізген семинарының материалынан алынып отыр. НЗМ «Қазақстан тарихы» пәнінің кіріктірілген білім беру бағдарламасында

- әртүрлі деректердегі мәліметтерді талдау, жүйелеу;
- өткенді куәландыратын деректерге сыни тұрғыдан баға беру;
- қазіргі қоғамдық құбылыстардың мәнін ұғыну үшін тарихи білімін қолдану;
- қазіргі кездегі ақпарат деректерінің негізінде дәйекті қорытынды шығару;
- тарихи үдерістердің өзгерісін түсіну басты назарға алынған.

Әр сынып сайын бұл дағдылар дамытылып отырады. 6 сыныпта: тарихи деректерді зерттеу арқылы қойылған сұрақтарға жауап табу, 7 сыныпта: пікірді қолдау немесе сынға салу үшін бірқатар деректерді қолдану, 8 сыныпта: деректі оқу барысында «көзге түсетін ақпарат шегінен» шығу және тарихи сұраққа жауап беруге және белгілі бір нәтижеге келуге мүмкіндік беретін қорытындыларды шығару, 9 сыныпта: алғышарттарын, аудиториясы мен негізгі міндетін ескере отырып, қорытындыларды шығару үшін деректерді тұжырымдау, 10 сыныпта: негізді қорытындыларды қолдау мақсатында тарихи деректерді олардың контексті, аудиториясы мен міндеттері аясында бағалау дағдылары дамытылады. 10 сыныпта оқушылар дереккөздерді сыни тұрғыда тиімді пайдалану дағдысы толық дамытылады. Осындай бағытта деректермен жұмыс жасау басты мақсатымыз болып отыр. Қорыта айтқанда, тарихи деректермен жұмысты оқу үдерісіне қолдануға қатысты іс тәжірибемізден ой бөлісуге тырыстық. Тарихи деректерді оқу үдерісіне енгізу арқылы халықтың тұнып тұрған асыл мұрасына айналған археологиялық және жазба деректерді болашақта өскелең ұрпақтарды тәрбиелеуде қолдану, қоғам мен отбасында ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз ұлты мен мемлекетін қорғайтын, ұлттық тарихи санамен қаруланған тұлғаларды тәрбиелеп шығару септігін тигізеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012, желтоқсан -14.

2 Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы // [www.madenimura.kz/kk/government-program-madenimura/programs-madenimura/](http://www.madenimura.kz/kk/government-program-madenimura/programs-madenimura/)

3 Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері: оқу құралы. Алматы: Қаз ун-ті, 2002. – 302 б.

4 Алдабергенова М.К. Ортағасырлық Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту. – Түркістан, 2016.

5 Деректанудағы тарихи факті ұғымы // <http://e-history.kz/kz/contents/view/2132> © e-Тарихи дерек негізінде мұрағат құжаттарын пайдалану бағыттары // <http://e-history.kz/kz/contents/view/1522> © e-history.kzhistory.kz

6 Айтылған тарих материалдары дерек көзі ретінде // [www.iref.kz/aytyil-an-tarih-materialdaryi-derek-k-zi-retinde](http://www.iref.kz/aytyil-an-tarih-materialdaryi-derek-k-zi-retinde)

7 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Program Қазақстан тарихы, Негізгі мектепке (7-10 сынып) арналған оқу бағдарламасы.

#### 1.7 «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы ғылыми зерттеулер мен ізденістер 1.7 Научные исследования в рамках программы «Рухани жаңғыру»

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕМЕСЕ БҮГІНГІ ОҚУШЫНЫҢ БОЛАШАҒЫНА БАҒДАР БЕРУДЕ ЖАНҰЯСЫНЫҢ РӨЛІ

АВЧУКИР А. А.

биология пәнінің мұғалімі, № 1 қазақ орта мектебі, Ақсу қ.

Мен бүгінгі таңда еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім. Адам баласына алғаш жаратылғанда тарту етілген: ой еркіндігі, сөз бостандығы, арыстан еркіндігі өзгермейтін табиғи құқықтары болып есептеледі. Бұндай құқықтар көбейтілмейді, дүние мүлікке айырбасталмайды және адамдар тарапынан күшпен алынбайды, сатылмайды. Сөйте тұра адамның адамдығы ақылында, білімінде. Ізетсіз алған білім қоғамға залалын тигізетіні өмірде дәлелденген. Тәнің сау, мінез-құлқың өзіңе тән, дұрыс адамшылық

қасиеттерің болмаса ақылға құлақ салып, білімге құштарлануын екі-талай [1]. Жеке басың қанша дарынды, ізденпаз, талантты болсаңда жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы-құрдас, жақсы ұстазсыз ізетті білім, өнегелі тәрбиеге қол жеткізе алмайсың.

Абай атаның сөзімен тындасақ: ...ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана кіріс кіргізу, өнім түсіру, пайда алу, шығынды төлеу, залалды төлеу секілді ғылым-білімді үйренсе, білсе деп үміт қылмаққа болады. Терең түсінуді қажет ететін тұжырым. Жеңіл –желпі көріп, алдым-жұлдым қабылдай салып дәл сәтте ұстаздың алдында жауап қайтарып баға алғандығын білім ұққандыққа санайтын балалықтың албырт тұсына оқушылық өмірдің сай келетінін де ескеруіміз керек [3]. Бүгінгі баланың ғылымға құлшынысы, тәлім тәрбиесі, келешек азамат болып қалыптасуына ата-анасының, отбасының барлық мүшесінің мінез құлқы, дүние танымы, білім деңгейі ерекше рөл атқарады.

Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек. Бұл жоба нені көздейді? Бірінші, отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілі – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт. Екінші, ол бүгінгі қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауи мәдениет болуға тиіс. Үшінші, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек. Мәдени өнімдеріміз тек кітап түрінде емес, әртүрлі мультимедиялық тәсілдермен де шыққаны абзал. Төртінші, бұған ауқымды мемлекеттік қолдау жасалуы қажет. Сыртқы істер, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жүйелі түрде, қоян-қолтық жұмыс істеуі керек. Бесінші, бұл жұмыста шығармашылық зиялы қауым, оның ішінде Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы, университеттер мен қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқаруға тиіс. Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек. Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткіземіз. 2017 жыл жер жүзіне мәдениет саласындағы қай жетістіктерімізді көрсете

алатынымызды айқындап алу тұрғысынан шешуші жыл болмақ. Содан соң бірегей бағдарламаны 5-7 жылда тыңғылықты жүзеге асырамыз. Осылайша, мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады. Алтыншыдан, ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн. Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Біз «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек. Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырады.

Мұғалімдік қызмет атқарған 17 жылдық тәжірибеге сүйене отырып жанұясының әлеуметтік мүмкіндігіне қарай бір неше топқа бөліп оқушылардың ізденіс талабы, сабаққа деген ынтасының айырмашылығын аңғардым.

1 Әлеуметтік жағдайы күн көрісінен аса алмайтын жанұяларда баласына нұсқаушылық тәсіл басымдыққа ие. Материалдық жағынан қамтамасыз еттім, мен үйренбеген ғылымға сен жетуің керек, деген көз қарасты ұстанады. Бағыт-бағдар көрсетіп, бақылап тексеруге жанұя мүшелерінің білімі, уақыты жетпейді. Ал балалар болса, қатарластарының жақсы үлгерімін оларға оқу конған, сүйеушісі бар,

немесе қазіргі оқудың қиынын-ай десіп, өздерін жүрексіздендіріп, төмендетумен шектеледі. Кейде осы топтан табиғи дарынды, ұстазының айтқанын екі етпей орындайтын, ешкімнің көмегінсіз өз талабымен алға шығатын оқушылар да кездеседі. Оларға ата-анасының тынымсыз еңбектенетін тағылымы әсер етуі де мүмкін.

2 Интеллекттердің сенде оқудан басқа жол жоқ деп еріксіз көндіретін талғамсыз тәсілі. Ол топтағы ата-аналар мектепке аманат сенімі мен қарап, өз баласының біліміне ұстаздарды жауапты көретіндер. Оқу жүйесі, оқулықты сынап балаларының миына ғылымды құя салатындарды іздеп тұрады. Осындай тәрбиенің артында тұрған оқушы ұстаздың үйреткенінен ақпараттағы дайынды артық аңсап, ғылымды жеңіл жолмен қабылдауға құмартады. Ақпараттан алған мәліметінің терең мағынасын түсінбей тұрса да ұстазынан асып кеткендей сезінеді. Мұндайлар қабілетін кемітіп, ұстазынан өзін артық санау арқылы қатарластарына теріс үлгі көрсетуі мүмкін. Бұларға ұстазының қатал ескертуі, құрбысының қарапайым тұрмысы, ата-анасының қадағалауы бәрі де қажет.

3 Ұстаздардың өз баласы: Жан-ұяның көз қарасы бойынша арнайы бір мамандық бағытқа бейімдеп талаптандыратын бір жақты талғам-тәсілі. Оқушыны өзіндік мақсатқа дағдыландыратыны басқаларға өнеге боларлық. Бірақ іргелі ғылымдардың негізін түсінбей жаттандылыққа берілмегені дұрыс. Ол үшін өлкелік, жергілікті, бұқаралық басылымдардың ақпарат көздері, халықтардың әдет-ғұрпын әдебиеттен үздіксіз оқыса игі. Ұстаздың баласы бестік бағаға емес үздік ынтаға қол жеткізсе, жүлде алғанына емес жүлделі жолдағы қиналысын ескерсе табысқа жетеді.

4 Парықсыздардың кері тартпалығы, ақша арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ойлайтындар өз балаларын ғылым-білімнің мәнісі де пайдасы да жоқ деген тәрбиеге баулығысы келеді. Оқымасам да оқыған ... пәленшелерден тұрмысым да, абырой, атағым да артық деп өзін үлгі етеді. Қай бала әкесінің өмірдегі артықшылығын жек көрсін. Расымен ақшаң болса басқаның қажеттігі жоқ деген ойға берілген соң мектепке барып қайтуды жай ғана уақыт өткізетін ермек ретінде есептейді. Кейде, сабақ үстінде ұстазға, осы сабағыңыздың бізге не керегі бар...деп те сұрақ қоятыны бар. Бұл сұрағы басқаларға оның абыройын өсіргендей өзін сезінеді. Ұстазы, сыныптастарының ақыл-кеңесі оған әсер етуі екі талай. Өзі ойы өзіне жөн. Мұндайлардың іс әрекетіне құрбы-құрдастары соншалықты көңіл бөле қоймағандықтан оқуды қажет етпей жүріп мектептен алыстап кететіні көп кездеседі [7]. Әр сыныпта емес мектептерде бірлі жарым болатыны оларды

алаңдатпағанымен бұзақылар, қылмыскерлердің қатарынан болатыны қауіпті.

5 Өзіндік сенімі жоқ жасанды тәрбиеге үйрететін жанұялардың тобы. Біреулердің еркесі, кенжесі, тұңғышы, жалғызы атандырып еркелете бергеннің соңы ата-ана баланы емес бала ата-ананы бағындыратын шарасыздыққа әкеп тірейді. Мұндай топтан жас отбасының алғашқы балаларының көбісі өтетіні жасырын емес. Оқушыға емес білім оның жан-ұясындағы еркелетушілерге ауадай қажет сияқты. Мұндай да тәттіден басталып, біртіндеп бестік баға, жақсы киіну, саяхаттату, көлік, пәтер тарту етуге дейін алдауға тура келеді. Бұл алдаусырату Абай атамның ...Үйрене келе өзі ізденгендей болғанша басында зорлық пен яки алдаумен үйір қылу керек деген сөзінің құнын асыра сілтеушілікке жеткізбесе екен дейсін.

6 Материалдық жағынан еш кемістігі жоқ жегені алдында, жемегені артында бәрі дайын. Не қажет десе соны тез әперуге әзір тұратын ауқатты от басындағы нысапсыздыққа баулу тәсілінің екі түрі бар. Біріншісі мүкіндігі де, келешегіде зор. Басқадан қажеттісін ізденуге қаржысы жеткілікті. Қарайласуға ниеті болса құрбы-құрдастарына пайдасы тиерліктей. Екіншісі, дайындықты асыра пайдаланып, төгіп-шашу, білімді қиындықсыз үйренуге басқаларға бос ой туғызу қауіпі болуы мүмкін. Дарынды балаларға арналған интеллектуалды мектептерде ауқаттылардың баласының үлес салмағы басым. Қарапайымдылық, инабаттылықтан гөрі алдым-жұлдым, ақша ұсынғыш менменсуді ұнататын батыстық тәрбиені артық санайтыны алаңдатады. Халқымызда, «Жақсылық көрсен көзіңнен, жамандық көрсен өзіңнен» деген тағылымды ұғым бар [5]. Тәрбиелеген ұрпағы арқылы елін, халқын, ұлтын танитын заманның келбетін де ескеруіміз керек. Баласының артықшылығын, көретін көздер: ата - анасы, құрбы-құрдасы, білім ордасы одан асса көпшілік қауымы болғандықтан біз, жаңылдыратын, артық қадамы қателікке ұрындыратын кейбір жағдайларды ескерттік.

Оқушыларды заманның түрлі азғырындық әрекеттерінен сақтану жолдарын әркім өз басынан бастағаны жөн демекпін.

Біріншіден: әрине ешкімді тыю мүмкін емес, шексіз еркіндік. Ұстап тоқтата алмайтын ғаламтор желісінің санына жетудің өзі оңайға соқпайтын түрі бар. Керектісін таңдап, қажеттісін пайдалануда мүмкіндік мол болғанымен, оқушылардың тәжірибесі жетіспейді. Басты кемістігі ешкіммен санаспайды.

Екіншіден: еліктеушілік. Бұл дайынды қабылдай салатын аңғалдық та емес. Адамды баурап алуға алдын – ала ойластырып



жасалған жүйелі іс-әрекеттің көрінісі демекпін. Ғалымдар былай түйіндейді: Пәле жалаға жол ашатын тоғышарлық барлық дәуірлерде аз-кем болған. Олар ақыл, қисын, парасат пен дін үшін емес нәпсілерін қанағаттандыру үшін өмір сүрген. Адамгершілік құндылықтарға қалай құрмет ету қажет екенін ұқпайды. Ең арсыз істерді жасаудан тайынбайды. Ізгілік пен арсыздықты, қайыр мен жамандықты парықтай алмағандықтан оны жай әншейін бос сөз ретінде көреді. Мұндайлар ішіп- жеуі, жүріс-тұрысы кербез, атақ-даңққа, шен-шекпенге, басқаларды билеп-төстеуге жаны құмар, молшылыққа белшесінен батып, келе-келе тура жолдан тайып, азғындыққа салынған жандар деп атап көрсетіпті. Табиғатынан тебіреністі ұнататын адам-ой иесінің бойында құлшыныс, тай-талас пен еңбекті сүйсініп құмарланатын қасиет өмір сүрудің негізі болған [2]. Өткен қоғамда еңбексіз күн көру мүмкін емес деп табындырса; бүгінгі қоғамда табысынды өсірмейтін еңбек – еңбек емес деп ақша құмарлыққа шақырады. Қазақ экономикалық түсінікте – еңбек жан, ал капитал-тән саналады. Жан тәнді бағындыратыны түсінікті. Күнделікті тірлікте еңбекті жасайтындар жұмыс берушінің айтқанынан аса алмайды. Себебі нарықта келесі легі «мені алып жұмыстата- қойыңызшы» деп сұранып тұрады. Көзге көрініп тұрған теңсіздік-ақшасы молдардың баласы да үстем, сәйкесінше тоғышар келетіні байқалып тұрады. Ондайлар бірлі жарымдап менсінбеушілік, өзіндік әлімжеттіліктің бастамасын көрсетсе де оқушылар сыртқа шығармайды. Тіпті ата-анасынан да жасырады... Азғындыққа баратын жолдың басы дәл осы кезден басталатынға ұқсайды.

Үшіншіден: Жеке адамның құмарлығы жан және тән деген екі бөлімнің бірін бірі қуаттап, айрылмас тату достай жаралған құпияға толы құрылымның жиынтығы іспеттес. Жан-аяушылық, нәзіктікті ұнататын көзге көрінбейтін сөйте тұра адамды неге болсын иландырып, қолынан бәрі келетіндей күш қайрат сыйлайтын ұғым. Тән- көзге көрініп тұрған іс әрекет арқылы не жасай алатынын айшықтай түсетін ұғым. Әлжуаз сәбиін жаным-ау, жаным деп ана құшағына алса, «жан тәнімен беріліп құлшынды», «жалқаудың жаны тәтті, еңбектің наны тәтті», сияқты сөз тіркестерін кез келген баспа, кітап құралдан оқимыз. Тіпті жанұя, шаңырақ, отбасы сөздерін бір ұғымға түйістіріп, Отан от басынан басталады дейміз.

Төртіншіден: Оңай олжаға бату, тез байып кету, қандай жолмен болсын көп ақша тауып рақатқа батуды көздегіш – адал еңбек, ақыл ойдан китұрқы жолдарды артық санап ардан аттайтындар тобы жасырынып та, жалданып та ел арасында жүріп жатады. Ұрлық, тонау,

бұзақылық, әлім жеттік көріністерінің жиынтығын аш көздік деп атап жүр. «Ашкөздік-арыстанды тышқанға айналдыратын қақпан, оған түскен оңайлықпен құтыла алмайды. Ашкөздік ең мықтымын дегендердің жауырынын жерге тигізген құбыжық», «ашкөздік-адамның құлдық қамыты» -деген өсиет бабаларымыздан қалған. «Ұят болады. Обал болады» деп өзіне өзі ескертіп жүрсен қателеспейсің дейді үлкендер. Ұят болатын үлкенді сыйламау, ата-ананың мандай терімен тапқан ақшасын пайдасызға жұмсау, дөрекі сөйлеу, сабақ үстінде ұстазын кемсіту, сыныптасына киген киімі, сөйлеген сөзіне мазақ етіп келемеждеу сияқты ұсақ түйекке ұқсас әдет-тәртіптің мөлшерлерін бұзып алатынымыз да бар [4]. Бала кездегі елене бермейтін тәрбиесіздік болашақта азамат азаматшалар болып қоғам мүшелері арасында еңбек еткенде кедергі болатынын біле бермейміз. Адамшылық қасиеттер туралы әлем даналарының пікірін толықтырып жүйелі ілім жасаған Абай:

Бақпен асқан патшадан,  
Ми мен асқан қара артық.  
Сақалын сатқан көріден,  
Еңбегін сатқан бала артық.- дейді.

Бесіншіден: адал арамды ажырата алмау- ләззәт құмарлыққа салыну етек алғанын да жасыра алмайтын болдық. Адам баласына өмірден тыйым салынғандар мен рұқсат етілгендерін салыстырсаң теңіз суының көптігі мен шұқанақтағы тоқтау судың аздығындай екен. Адамдар өмірдің ләззәтін теңіз суынан рақаттанып емес, шұқанақтағы судан қиналып алғанды жақсы көреді. Тыйым салынғанның ар жағынан қып – қызыл от көрсетіп қойса, рұқсат еткендердің ар жағына аралап бітпейтін, таусылмайтын жемісі бар тамаша бау-бақшаны көрсетіп тұрса да бақшаға емес отқа барып түсуге ұмтылады [6]. Абай: «Арамдықтан жамандық көрмей қалмас» десе, Мұхтар Әуезов: «күшіне сенбе, адал ісіңе сен» деген. Әлемді алаңдатқан шылым, есірткі құмарлық пен ішімдікке салыну біздің халыққа ежелден жат қылық. Бүгінгі оқушылардың, әсіресе қыздардың арасында әуелде қарапайым шылым шегуді қызығушылықтан бастап, біртіндеп сәнге айландырып, бара – бара құтыла алмайтын халге душар боларын сезбеушілік бары жасырын емес.

Қорытынды:

1 Ұядан не көрсен ұшқанда соны ілесің дегендей ізеттіліктің бастамасы да, ұрпағына қалдырған жақсы үлгі-өнеге де, атын өшірмейтін ісі де, абыройын асқақтататын даңқы да жан-ұядағы тәрбиеден басталады.

2 Қауымның ең кішкентай бөлшегі жан-ұяның тәрбиесіндегі көпшілік ортаға әсерін тигізетін жағымды және келеңсіз жақтарын байқадық. Осы тұрғыдан топқа бөліп көрсету арқылы әр қайсынындағы ерекшеліктерді салыстырып зерттедім.

3 Халқымыздың қарапайымдылық мінезіндегі көргенді әдептерден атап, көргенсіз қылықтардың ішкі сырына үңілу арқылы ескертулер жасадық.

4 Қоғамдағы зұлымдық аталған азғырындықтың себеп-салдарын атап көрсеттім.

5 Өзімнің ұстаздық еңбек жолымнан көргендерімді түйіндей келіп, оқушыларға тағылымдық, рухани тәрбие көрсетуде жанұялардың рөлінің төмендеп кеткеніне назар аударылу жөн деп есептеймін.

Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. Алматы, 1999.
- 2 Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. Алматы – Дарын-2003.
- 3 Жарықбаев Қ.Б. Жалпы психология. Алматы, 2004.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру /Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017ж
- 5 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/Бас ред. Б. Аяған. – Алматы. 2004ж
- 6 Ерментаева А.Р. Психологиялық консультация негіздері. Алматы, 2003.
- 7 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. Алматы, 2002

## ШКОЛЬНЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ЭКСПЕДИЦИИ И ИХ РОЛЬ В ПАТРИОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ В РАМКАХ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ»

ГАМИРОВА Е. А., МУКАНОВ А. С.  
учителя истории, СОШ № 18, г. Павлодар

В наши дни происходят коренные изменения в общественно-политической жизни государства. Позади трудные годы борьбы за переустройство экономической и политической структуры страны, доставшейся нам в наследство от советского тоталитарного режима. За эти годы Казахстан обрел не только суверенитет, но и уверенность в будущем. Руководством нашего государства определены цели и задачи нового этапа развития и реформирования общества. Самое главное в них - достижение новых рубежных высот, позволяющих нам выровнять свои ряды с передовыми странами мира. Достичь этих задач, на мой взгляд, можно при одном условии – необходима выработка современной, обновленной концепции истории Казахстана. Эта, обновленная концепция необходима для формирования национальной идеи, столь необходимой для дальнейшего продвижения вперед. А для создания этой концепции при поддержке государства нужно проводить многочисленные историко-культурные исследования.

Понимание на самом высоком уровне исключительной важности этноисторических исследований отражено в «Послании президента народу Казахстана», разработке и осуществлении государственных программ «Культурное наследие» и «Рухани жаңғыру». Признавая значимость и своевременность мероприятий предусмотренных данными программами, следует отметить, что на данный момент все еще много в Казахстане малоизученных в историческом плане регионов. Одним из таких является Прииртышский регион.

По геоморфологическим признакам Прииртышье характеризуется удачным сочетанием лесостепных массивов и ковыльных степных просторов, составлявших прекрасные пастбища для кочевников. На стыке двух указанных географических зон протекает одна из величайших рек в мире – Иртыш. Территория Прииртышья является одним из крупных очагов Великой степной цивилизации. Культура населения Прииртышья была тесно связана с одной стороны с культурой Сарыарки, с другой – она тяготеет к лесостепным культурам Западной Сибири. Таким образом, р. Иртыш с древнейших времен

служила своеобразным мостом во взаимоотношениях степи и леса. Наличие плодородной почвы, судосходность и масса естественных укрытий, особенно в среднем течении Иртыша явились одним из важнейших условий, благоприятствовавших концентрации значительной массы древнего населения и возникновению на ней культурно-цивилизированных очагов. В определенные периоды истории данный регион являлся государствообразующим началом в степных просторах Казахстана.

Разработка данной тематики позволяет определить вклад и значение Прииртышского региона в развитие государственности и формирования национальной идеи Казахстана. В результате исследований, в научный оборот вводится новый для рассматриваемого региона исторический, этнографический и археологический материал, отражающий огромный пласт истории и культуры Прииртышского региона.

Полученные в ходе археологических исследований новые материалы помогут в дальнейшем продвинуться вперед в решении таких вопросов как датировка, культурная принадлежность, количество и виды исторических памятников в изучаемом регионе, их топография, соотношение и пространственно-временные связи с синхронными объектами в сопредельных регионах. Изучение письменных и этнографических источников позволит получить важные в общеисторическом плане данные о таких сферах жизни как: социальные отношения, хозяйственный уклад, религия, политическая система, искусство, этногенез, торговля, ремесло и многих других аспектов культуры и быта населения Прииртышья. Это, в конечном счете, даст возможность по новому подойти к изучению истории края, ликвидировать белые пятна и наполнить историческим содержанием пустые страницы истории Казахстана.

Современный учитель истории, должен ясно понимать, что использование археологического материала в процессе изучения истории является важным звеном в процессе формирования разносторонне развитого гражданина, патриота своей Страны. Ученик должен знать не только всемирную историю и историю Казахстана, но и историю своей «малой Родины», района, области и края.

Занимаясь исследованием этой темы в течении ряда лет, учащиеся нашей школы принимали неоднократное участие в археологических экспедициях и разведках, рекогносцировочных раскопках в Центральном Казахстане, Павлодарской области, Железинском, Качирском и Майском районах. Проводиться анализ научной

литературы по археологии, используется газетный материал, ведется связь с архивом и научными археолого-этнографическими центрами Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова и Павлодарского государственного педагогического института «Маргулан-центр».

Основной целью проводимой работы является патриотическое воспитание учащихся и использование данных археологии в процессе изучения истории.

Задачи исследовательской деятельности:

- Воспитание уважения к истории и культуре своего края.
- Введение учащихся школы в науку археологию.
- Применение приобретённых знаний в ходе археологической экспедиции на уроках истории.

Благодаря успехам отечественной исторической науки сегодня, мы имеем немало информации о древнем историческом прошлом Казахстана. Однако до сих пор, многие регионы страны являются не достаточно изученными. Еще сложнее обстоит дело с историей так называемой «Малой родины», то есть тех мест, где родился и вырос каждый из нас. Зачастую мы знаем больше об истории древних городов и цивилизации других стран и народов, чем об истории родного края, где тоже есть интересные и не редко уникальные памятники истории и культуры, среди которых особое место занимают памятники археологии.

Однако большинство людей даже и не подозревают, что рядом с их городами и селами, а нередко и на территории таковых, находятся остатки древних поселений и могильников, многие из которых подвергаются уничтожению в ходе ведения земляных и строительных работ, засоряются несанкционированными свалками, разрушаются паводками и ветровой эрозией. В результате всего этого мы навсегда утрачиваем бесценный и зачастую единственный источник информации о далеком историческом прошлом. И для этого, чтобы спасти, оказавшееся под угрозой уничтожения историко-культурное наследие, частью которого и являются памятники археологии, необходимо проводить археологические исследования, осуществлять охрану этих памятников, и что не менее важно, доносить информацию о них до широкой общественности. И тогда они будут «работать», то есть выполнять свою функцию хранилища и исторического источника.

Важную роль в пропагандировании историко-культурного наследия играет школа, в течение длительного времени воздействующая на формирование мировоззрения учащихся с помощью различных

форм и методов учебно-воспитательной работы, в том числе и через организацию краеведческих музеев и кружков. Важной задачей организации таких кружков и музеев является повышение у учащихся интереса к истории родного края, усиление творческого начала в работе, воспитание патриотизма, формирование активной гражданской позиции.

В СОШ № 18 г. Павлодара действует школьная археолого-этнографическая лаборатория «Асыл мура». Её фонды состоят из палеонтологической, археологической коллекции и материалов по истории и этнографии Павлодарского Прииртышья. Древняя история края в эпоху камня отражена в экспозиции музея материалами о Железинском неолитическом могильнике. Эпоха бронзы представлена находками с поселения Вторы-3. Эпоха средневековья представлена артефактами и стендом о средневековом некрополе Аулиеколь (Экибастузский район), где начиная с 2005 года археологический отряд «Асыл – мура» СОШ № 18 работает совместно с археологической экспедицией ПГПИ в рамках Президентской программы «Культурное наследие».

Наличие лаборатории позволяет использовать археологический материал на уроках истории. Это дает возможность преподавать историю на конкретном материале, позволяет указать общеисторические закономерности развития с историей родного края.

Одна из самых увлекательных разновидностей человеческого познания – наука археология. Именно археологические источники в силу их наглядности, осязаемости и вместе с тем загадочности вызывают у школьников наибольший интерес. Каждое лето отправляются школьные археологические экспедиции на встречу с загадочным прошлым.

Специфика археологического материала состоит в его необычности. Школьники редко сталкиваются с предметами такого рода, имеют ограниченные представления об их происхождении и принадлежности. Поэтому, используя археологические данные на уроках истории, необходимо указывать на конкретные памятники, привязывать их к определенному населенному пункту, сообщать об исследователях. Такие уроки представляют большие возможности, как в эффективной подаче и организации учебного материала, так и в организации самостоятельной и что особенно важно творческой работы учащихся. Кроме того, благодаря организации таких уроков, ежегодно пополняются и ряды существующего при лаборатории краеведческого кружка «Тұған жер».

В кружок принимаются все желающие при условии хорошей успеваемости по предметам, особенно по истории, и хорошей дисциплины. В рамках теоретического курса изучаются актуальные проблемы археологии и истории края. Во время практических занятий ребята получают навыки работ с археологическими материалами (камеральная обработка, реставрация находок и т.д.).

Во время летних каникул кружковцы участвуют в исследованиях Павлодарской археологической экспедиции на средневековом комплексе Аулиеколь и сакральном Баянаульском Стоунхедже – Торайгыре. Такие экспедиции являются хорошей жизненной школой, которая очень многому учит учащихся. Помимо работы на комплексе, ребята слушают лекции по археологии, истории, почвоведению, этнографии, читаемые учеными института специально для них. Каждая экспедиция – это удивительный мир открытий необычайной красоты края, понимание того, почему наши далёкие предки выбрали именно эти места, прикосновение к чему – то необычному, ощущение того, что твой народ и ты сам – частица мировой цивилизации, идущей из глубины веков.

Кроме того, там же ребята и отдыхают. Особый экспедиционный колорит, романтика, большая самостоятельность школьников даёт благодатные условия для воспитательной работы. В непринужденной беседе можно лучше узнать своих учеников, их характер, увлечения, нравственные идеалы и таким образом получить наглядное представление об эффективности своих педагогических усилий, а также усилить педагогический процесс, сделать обучение более интересным, усилить воспитательное влияние, оперативно направлять в правильное русло творческую инициативу ребят (в отряде есть дети состоящие на учёте в ИДН). Кроме того, в результате общения с учащимися во внеурочное время происходит интенсивный процесс взаимного духовного обогащения, накапливается опыт взаимопонимания. Таким образом, во время экспедиции, учитель располагает разнообразным арсеналом воспитательных средств, оказывающих большое влияние, как на формирование разносторонней личности, так и на развитие интереса к предмету – неперемного условия повышения качества учения.

Благодаря экспедиции дети приобретают большой опыт, а также знания по истории, научились разбираться в культурной принадлежности находки, характере памятника, его дате, возрасте, особенностях, что, несомненно, пригодится при исследовании памятников археологии своего региона. После каждой экспедиции

школьная лаборатория и музей пополняется новыми экспонатами: фрагментами керамической посуды, каменными орудиями труда, подъемным материалом, наскальными рисунками, фотографиями.

Изучение памятников в Екибастузком районе показало, что они малоизвестны, их нужно восстановить, реконструировать то, что возможно и создать музей под открытым небом, чтобы как можно больше людей познакомились с историей края. Надо отметить, что на многих памятниках Прииртышья еще не проводились системные научные исследования.

В ходе экспедиции были также зафиксированы курганные комплексы и останки поселений, относящиеся к раннежелезному и раннесредневековому периодам, собран подъемный материал, нанесены координаты по системе JPS (система глобального позиционирования).

Кроме этого участниками экспедиции был собран богатейший материал по этнографии местного населения. Записаны образцы устного творчества, генеалогия, особенности материальной культуры и т.д.

В целом результаты экспедиции могут быть использованы в дальнейшем для более углубленного изучения отдельных периодов истории и культуры Прииртышья в частности и Казахстана в целом. Кроме этого необходимо продолжить исследования на данном малоизученном отрезке Среднего Прииртышья

После окончания полевых исследований, было проведено лабораторное изучение и техническая обработка полученного материала, изучение находок.

В результате исследований, в научный оборот будет введен принципиально новый для рассматриваемого региона этноархеологический материал, отражающий огромный, не изученный пласт истории и культуры Северо-Восточного Казахстана. Получение новой достоверной научной информации поможет продвинуться вперед в решении таких вопросов как датировка, культурная принадлежность, количество и виды памятников городской культуры в изучаемом регионе, их топография, соотношение и пространственно-временные связи с синхронными объектами в сопредельных регионах. Изучение археологических памятников позволит получить и новые, важные в общеисторическом плане данные о таких сферах жизни как: социальные отношения, хозяйственный уклад, религия, политическая система, искусство, этногенез, торговля, ремесло и многих других аспектах культуры и быта кочевников Казахстанского Прииртышья.

Это, в конечном счете, даст возможность по новому подойти к изучению истории края, ликвидировать белые пятна и наполнить историческим содержанием пустые страницы истории кочевников Прииртышья.

Закончив полевой сезон, юные археологи весь учебный год занимаются обработкой полевых археологических материалов в школьной лаборатории, пополнением своих теоретических знаний по археологии. В конечном итоге практически каждый участник экспедиции пишет научную работу.

Одновременно со всем этим, важной формы работы кружка является самостоятельная творческая работа школьников, результатом которой являются доклады на научно-практических конференциях.

Таким образом, школьная лаборатория может и должна быть центром изучения историко-культурного наследия нашей Родины. А привлечение школьников к делу сохранения историко-культурного наследия не только позволит значительно поднять уровень этой работы, но и вырастить людей, равнодушных к судьбе края, настоящих патриотов своей Родины. Конечно, далеко не каждый в будущем посвятит себя занятиям археологией, но любовь к родному краю, гордость за свою Родину, у которой такая богатая и яркая история, несомненно, сохранится у них на всю жизнь. А это самое главное!

Любовь к Родине всегда конкретна. Это любовь к своему родному дому, городу, селу, школе, а для того чтобы по – настоящему полюбить свой край, нужно его хорошо знать. Один из основных источников чувства гражданственности и патриотизма – память о прошлом.

Сотрудничество, соучастие, сопереживание – эти слова характеризуют наш союз юных археологов, укреплению которого способствует школьная археолого-этнографическая лаборатория «Асыл-мура».

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Артыкбаев Ж.О., Ерманов А.Ж., Жанисов А.Т. История и культура Павлодарского Прииртышья (иллюстрированный альбом).
- 2 Инсебаев Т.А. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Часть I. С древнейших времен до XX в.,
- 3 Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, Наука, 1966.
- 4 Археологическое наследие Павлодарского Прииртышья как краеведческий компонент в процессе обучения - Смагулов Т.Н директор научного центра ППТИ

5 Т.Н.Смагулов. Использование материалов по археологии Павлодарского Прииртышья в учебно- воспитательном процессе. Сборник Павлодар 2006 год.

6 М.С.Борисова Методика историко-краеведческой работы в школе Москва Просвещение 1982 г.

## ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНАН КЕЙІГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МИГРАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

ЕЛИКБАЕВА Ш. Т.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
МАРДАНОВА З. Ж.  
т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған жылдардан бастап ел экономикасын, ішкі сыртқы саясаты қалыптастыру бағытында елеулі еңбек етті. Ең бастысы Тәуелсіз еліміздің бар байлығы мен қазынасы – халық.

Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бөлімінің бірінші бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»-деп көрсетілген.

Қазақ халқы талай тарих пен тағдырды басынан кешіріп жүріп, аман қалған, тәуелсіздікке қол жеткізген ұлт. Ел тағдыры оңай болған жоқ. Небір зұлмат жылдар ел есіде ғана емес тасқа салынған танбасымен де белгілі. Бордай тозып, ел асып, бас сауғалап шет ел асты. Соның нәтижесінде халық саны азайып, ат төбеліндей аз ғана ұлтпен тәуелсіздікке жеттік. Тәубә, әрине! Ата-бабамыздың арманы мен мұраты біздің маңдайымызға бұйырған бақ болды. Қазақ халық боп бой түзеп, мемлекет боп еңсесін көтерген уақыттың бәрінде тарихқа үнілсек қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманнан гөрі зар заманның әуені басым екен. Қазақ хандығы құрылмай тұрып Шыңғысханның, ойрат-қалмақтың, Қоқан мен Хиуаның шапқыншылығы сондай-ақ Кеңестік белмһсенділердің ланы мен қолдан жасалға нәубет жылдар мен Ұлы Отан соғысындағы қазақ батырларының жанын қиюы, қала берді тоталитаризмнің қазақ ұлтына тигізген ызбарлы саясаты біздің халықтың өсуі мен өркендеуіне тікелей кері әсерін тигізді.

Демографиялық процестердің ішінде халықтың миграциясы маңызды орын алады. Өйткені миграцияға қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге шұғыл көңіл бөлетін жауапты сипат тән. Қоғамдағы дұрыс басқару және тиімді әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізу үшін миграциялық ағымдардың көлемі мен мигранттардың құрамын бағдарлай және миграцияны тудыратын факторлар мен миграцияның салдарын анықтай білу қажет.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан тағдыр тәлкегімен шетелге шашырап кеткен қандастарымызды еліне оралтуға жағдай жасап, мемлекетіміз бұл бағытта ерекше үрдісті саясатты жүзеге асырды. 1991 жылдан бері бүгінгі есеп бойынша елімізге 1 млн.-ға жуық этникалық қандастарымыз келген. Бұлардың 790 мыңы Көші-қон комитетінің тізіміне еніп, тіркеуден өтіп, оралман мәртебесін алды. Ал қалған 200 мыңдайы өз күшімен көшіп келгендер. Жалпы, Қазақстан әлемдегі өз қандастарын Отанына қайтаруға күш жұмсап, жағдай жасап, арнайы саясатқа басымдық беріп отырған 5 мемлекеттің біреуі», – деді Қ. Әбішев.

Жалпы, комитеттің деректеріне қарағанда, 2010 жылғы қаңтардың 1-індегі мәліметтер бойынша, Қазақстанда 201 мың 309 оралмандар отбасы немесе 789 мың 339 этникалық қазақтар өмір сүріп жатыр. Отанына оралған этникалық қазақтардың барлығы Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған мемлекеттік көмектерге ие болған.

Ал бүгінгі қоғамның дамуында, жоғарыда айтылғандардан, әсіресе, соңғы екі заңдылық берік және анықтаушы сипатқа ие. Демографиялық процестердің арасында тұрғындардың миграциясы ерекше орын алады. 1989 жылы жарық көрген «Миграциология» деген еңбекте миграция дегеніміз «бұл – әлеуметтік-экономикалық қатыныстарға байланысты болатын миграциялық қозғалыс», - деп жазылған.

Халықаралық миграцияға иммиграция және эмиграция деген түсініктер тән. Біріншісі, жұмысқа орналасуды немесе оқуға түсу мақсатында және басқа да себептерге байланысты басқа елге барып кіруді білдіреді. Екіншісінде елден кету туралы айтылады. Осыған байланысты иммигранттар және эмигранттар болып бөлінеді.

Ішкі миграция дегеніміз – бір мемлекеттің территориясы көлеміндегі қозғалыс. Ішкі миграцияның ағымдары мынадай бағыттары бойынша бөлінеді: қала–қала; ауыл–ауыл; ауыл –қала;

Ішкі және сыртқы миграция: қоныс аудару, қайтарымсыз және тұрақты-уақытша миграцияға бөлінеді, біріншісі тұрақты мекен-

жайын, азаматтығын өзгертумен байланысты, ал екіншісі болса, жаңа жерде (жаңа елде) шектеулі бір уақытпен журуді бейнелейді.

Формасына қарай миграциялық қозғалыстарды былай деп бөлуге болады: Мемлекеттің немесе әртүрлі қоғамдық құрылымдардың (мәселен, ұйымдастырылған түрде еңбекшілерді жинау, қоғамдық үндеулер бойынша миграция) көмегі арқылы жүзеге асатын қоғамдық-ұйымдасқан және ұйымдаспаған, яғни мемлекеттің көмегінсіз жүзеге асатын миграция.

Миграциялық қозғалыстарды себептеріне байланысты жіктей отырып мыналарды бөліп алуға болады: экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, діни, нәсілдік, әскери, демографиялық (отбасының бірігуі, некелік миграция) және т.б. миграция.

Қазіргі кезеңде миграцияны қандай факторлардың анықтағанына қарамастан, басты орынды экономикалық миграция алады.

Тұрғын халықтың миграциясы үш деңгейге бөлінеді. Бірінші деңгей – бұл миграциялау туралы шешімді қабылдау. Екіншісі, бұл территориялық қоныс аудару: ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған миграциялар, яғни мигранттың өзінің тәуекеліне байланысты. Үшіншісі – бұл мигранттың жаңа орынға, жаңа жұмысқа бейімделуі және үйрену деңгейі.

Мемлекеттік миграция саясатының қалыптасу кезеңдерін қарастыратын болсақ, халықтың миграциясы объективті әлеуметтік-экономикалық процес ретінде бір-бірімен тығыз байланысты құрамдас бөліктерден тұрады. Яғни, сыртқы миграция: эмиграция мен иммиграция және ішкі миграция (ауыл мен қала, қала мен қала т.с.с.).

Қазақстан Республикасының миграциялық саясатының тұжырымдамасы бір мезгілде сыртқы да, ішкі де миграцияны реттеуге арналған. Мұндай саясат мемлекеттің белгілі бір аймақтағы мигранттар қозғалысының ағымы мен құрамына ықпал ете отырып, халықтың санымен құрамын сақтап қалуға немесе өзгертуге бағытталады. Оның басты мақсат экономиканың және халықтың тиімді дамуын қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындарды дұрыс орналастыру, оның сапалық құрамын жақсарту, аймақтардың бірдей дамуын қамту, өмір жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтықты теңестіру болып табылады.

Кесте 1

ҚР сыртқы миграциясы: 1991-1999 жж.		
жылдары	Эмиграция	Иммиграция
1991	228 473	170 887
1992	317 760	161 499
1993	331 007	111 082
1994	477 068	70 389
1995	309 632	71 137
1996	229 412	53 874
1997	299 455	38 067
1998	243 663	40 624
1999	165 457	37 102
жалпы	2 601 927	754 661

Кесте 2

Қазақстанның сыртқы миграциясы 2003-2004ж					
жылдар	Эмиграция		Иммиграция		2003г.
	2003г.	2004г.	2003г.	2004г.	
ТМД	49 661	47 117	60 555	62 583	10 894
ТМД тыс	24 709	18 668	4 753	6 583	-19 956
Жалпы	74 370	65 785	65 308	69 166	-9 062

Кез келген мемлекет үшін экономика өте маңызды аспект. Бірақ экономика тікелей халықтың іс әрекетіне тура байланысты, тәуелді. Халық ресурсысыз мемлекет ештеңе істей алмайды. Жалпы мемлекет дегеніміз бірнеше миллиондаған халықтың жалпы ұқсастықпен немесе бір мақсатпен бір ту астына бірігуі. Ондағы әрбір азамат мемлекет үшін өте маңызды. Сол халықтың көші қон мәселесін зерттейтін статистикамен тура байланысты ғылым – халық миграциясы. Қоғамдағы жас сала болса да оның әсері адамзат эволюциясының пайда болғанынан бастап келе жатыр. Қазақстан Республикасы құрылғанына 27 жыл ғана өтсе де, елдегі бірқатар қиыншылықтарды: егемендік алғанды алғашқы экономикалық дағдарысты, ақшаның күнсыздануын, Азиялық және Әлемдік қаржылық дағдарысты, халық Эмиграциясының бірінші және соңғы толқынын қанша қиындылықпен, шығындылықпен өтсе де әлемдегі дамушы, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналды. Миграция мәселесінде Қазақстан өзінің байырғы тұрғындарын өз отанына қайтарып, халықтың бірігуіне арнап зор қадамдар жасауда. Қазіргі Республикамыздың сальдо көрсеткіші оң, демек халық саны артады деген сөз. Болашақта Қазақстан өзінің ирриденталарын қайтарып алып, олардың толық қамтамасыз етіледі.

Халық эмиграциясының ең басты себебі ел экономикасының әлсіз болуы, түрлі саяси немесе әлеуметтік қақтығыстың орналуы.

Ең бастысы Қазақстан республикасының Конституциясында көрсетілгендей Қазақстан Республикасының негізгі байлығы да, қазынасы да-халық. Тұжырымдамада адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау негізінде жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, миграция саясатының негіздері айқындалады делінген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995ж 30 тамыз
- 2 Тәтімов М.Б. Дербестігіміз – демографияда. – Алматы, 2002.
- 3 Сатершинов Б.М. Қазақ мәдениетінің кейбір мәселелері. – Алматы, 2005.
- 4 Нарық экономикасы жағдайындағы халықтың көшіп-қонуы. – Алматы: Қазақ ұлттық аграрлық университеті, 2006. – 203 б.
- 5 Еңбек нарығы экономикасы. Алматы: КазНАУ, 2004 ж. – 37 б.
- 6 Менеджмент. Алматы: КазНАУ, 2006г. – 67 б. (Авторлықпен Аманчиева А.Р.).

### МӘДЕНИ МҰРА – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЕЛИКБАЕВА Ш. Т.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
МАРДАНОВА З. Ж.  
т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан тәуелсіз ел! Бұл біздің мақтанышымыз. Ел бесігін тербетіп, шаңырағын көтерген тұстан бастап, ел экономикасы мен мәдени мұрасы да қатар дамуда. Мәдениет пен білім қатар дамымаған тұста ешқандай елдің тәуелсіздігі бекіп, тұғыры нығайып, ел еңсесі көтеріліп, әлеуметтік және экономикалық жағдайының түтіні түзу ұшқан емес.

Қазақстан тәуелсіз ел! Осы тәуелсіздіктің бізге бұйырған бақыты мен артар жүгі де жеңіл болмасы анық.

Кез-келген ұлт өз мәдениетін білмейінше, оны қастерлемейінше тәуелсіздіктің нарқы артып, құны бағаланбасы анық.

Ел мәдениетін, ел рухын көтеру аясында Елбасының қолдауымен «Рухани жаңғыру» және «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының идеясы әуел баста ұзақ мерзімдік үлкен жоба ретінде көзделгендіктен, өткен бес жылға арналған бағдарламаны осы жобаның екінші кезеңі деп қарай отырып, қолға алынған көптеген ауқымды шараларды әрі қарай жалғастырылады. Өйткені осының бәрі үлкен істің бастамасы ғана. Осыған байланысты бастаған ісімізді жүйелі жалғастыру мақсатында 2008 жылы қарашаның 17 жұлдызында Үкімет «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасының 2009–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы қаралып, жүзеге асыруды тапсырылды. Біз ғана емес, ЮНЕСКО тарапына да бұл – дүниеде сирек кездесетін жоба, басқа елдерге де өнеге болатын құжат деп белгіленеді.

XX-ғасырдың 90-жылдары мәдениет және табиғат мұралары көптеген елдерде аймақтық дамудың өзіндік экономикалық ресурстары ретінде бола бастады. Қазақстанда ескерткіштерге бай бұндай территориялар ғажайып тарихи территориялар (ФТТ) ретінде белгілі болды.

Елбасының бастамасымен қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы тарихи-мәдени мұраның үлкен бір бөлігін жүйеге келтіріп, оны айналымға түсіруге мүмкіндік берді. Осы кезең ішінде 40 археологиялық және 26 ғылыми-қолданбалы зерттеу жүргізілді. Соның арқасында ғылымға мыннан астам артефактілер енгізілді. «Мәдени мұра» аясында Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, АҚШ және Батыс Еуропа елдеріне жасалған ғылыми-іздістіру экспедицияларының нәтижесінде, қазақ халқының тарихына, этнографиясына, өнеріне қатысты 5000-нан астам аса құнды мұрағат құжаттары атажұртқа қайтарылды. Тарихымызға және мәдениетімізге қатысты аса маңызды 73 ескерткіш қайта қалпына келтірілді.

«Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» деген еді Президент Нұрсұлтан Назарбаев.

«Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық»-деп бастайды Елбасы Рухани жаңғыру бағдарламасын.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру



процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Мәдени мұра мен Рухани жаңғыру тек бүгіннен ғаа басталға жұмыс емес. Ол біздің елдің жанашыр зерттеушілері мен ғалымдарымыздың ерен еңбегінің арқасында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырту жұмысы жүргізілді.

Рухани жаңғыру бағдарламасы алты бөлімнен тұрады:

- 1 Бәсекелік қабілет
- 2 Прагматизм
- 3 Ұлттық бірегейлікті сақтау
- 4 Білімнің салтанат құруы
- 5 Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
- 6 Сананың ашықтығы

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ол ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту және ұлттық болмысты сақтау.

Тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін қыруар жұмыс жасалды. «Болашақ» бағдарламасынан бастап, елімізде өте жоғары деңгейдегі

бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы тармағы бойынша қазақтың тілі мен мәдениетін дамыту және жаңа интеллигенцияның қалыптасуы қолға алынып отыр..

XXI ғасырда қоғамдық сананы дамыту арқылы ғана мемлекетімізді өркендете аламыз.

Таяу жылдардағы міндеттер бойынша Елбасының ең негізгі тапсырмасы латын әліпбиіне көшу, «Туған жер», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағыттары бойына жас ұрпақтың бойына отансүйгіштікті, ұлттық сананы ояту жүктеліп отыр

Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алудың мәні тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау арқылы болашақты терең түсіне алатын білімді адамдарды қалыптастыру

100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалуда.

«Туған жер» бағдарламасы арқылы орта мектепте туған жердің тарихын оқыта отырып, патриоттық сезімді қалыптастыру бұл біздің басты мақсатымыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: ҚР Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы № 1277 Жарлығымен бекітілген.

2 «Мәдени мұра» ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы: 2008 ж. қарашаның 4 жұлдызында Үкімет отырысында қаралды//Егемен Қазақстан. - 2008. - 5 қараша (№336-337).

3 2017 жылғы 12 сәуір Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру

4 «Мәдени мұра» – ұлттық тарихтың негізі //Айқын. Республикалық қоғамдық-саяси газет. 01.11.2011.

**ҚОРҒАНКӨЛ – ГОЛУБОВКА – АБАЙ**

ӘБДІХАЛЫҚ Р. Ж.

тарих пәнінің мұғалімі, Абай ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Голубовка а.

Қазақ «Туған жеріңе туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті менде елбасының Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Туған жер» бағдарламасын қолдаймын. «Ауылым – әнін» естігенде әр бір адам туған жерін сүйе алмаса, туған елін қалай ғана сүйе алады, деген ой туындайды.

Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегенің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды [1, 20 б.].

Мен өзім Оңтүстік Қазақстан Облысы, Шымкент қаласынан болсамда, нан тауып жүрген ауылымның тарихын зерттеуге бел байладым.

Қазіргі Абай есімімен аталатын шаруашылықтың қасындағы көгілдір жайпақ көлдің жағасын ғасырлар бойы Қыпшақ тайпасының Айтқұл-Жәдіктен тараған ұрпақтары жайлап келген. Ел аңызына құлақ түрсек, бұл көлдің жағасында он сегізінші ғасырда жоңғар басқыншыларынан қорғану мақсатымен жасалған шағын бекініс

болған. Оның көмескі белгілерін ұқыптап қараған адам, қазірде байқай алады.

Осы жайлаудан қазақ ауылдары ығыстырылы, 1907 жылдың жазында Ресей келімсектері қоныстандырылған. Олар Екатеринослав ( қазіргі Днепропетров облысы), Ставрополь, Харьков, Каменецк-Подольск және Киев губернияларының тұрғындары еді.

Алғашқы жазда елу шақты отбасы шаңырақ көтеріп, бұл сан екінші жылы жүзден асып, үшінші жылы үш жүзге жеткен. Селоның алғашқы старостасы болып ауқатты жанұяда туып өскен Данько, оның хатшысы болып Еврофей Потапович Семенюк сайланыпты.

1909 жылдың аяғына дейін бұл село Павлодар уезі Беловед болысына қарасты Қорғанкөл учаскесі деп аталған. Келесі жылы селода жүз елу адам сияқты ғибадатхана құрылысы қолға алынады.

Селоға Голубовка деген атау берілуі, орыс тіліндегі баспасөздерде, селоға бір топ кептердің ұшып келгенін көрген келімсектердің бірі: «Мынау кептер(голубь) ғой » деп айтып қалуынан деп жазады. Әрине, бұл-ақылға қона қоймайтын болжам. Асылында, бұл атау село жанындағы қамысты, аумақты көлдің көгілдір түсіне қарап айтылғын болуы керек.

1910 жылы бұл қоныс болыс орталығы аталғанда, оның алғашқы басқарушысы болып бай келімсектердің бірі Чапрас сайланып, оның кеңсе хатшысы (писарі) болып Филипп Ефимович Когутенко тағайындалған.

1912 жылы голубовкалықтар екі елеулі тарихи оқиғаның куәсі болды. Сол жылдың жазында селоға генерал губернатор келді. Оның жүретін жолына алаша, кілем төселді. Қоңыраулатқан үш арғымақ жеккен күймеден келіп түскен губернатор осы кілем үстінде тұрып жиналған голубовкалықтарды жаңа қоныстарымен құттықта, сөз сөйлейді де, болыстың әкесі Ефим байдің үйіне қонып, ертеңінде аттанып кетеді. Сол жылы орыстар шоқынатын шіркеудің құрылысы аяқталды. 1912 жылғы сынақ бойынша Голубовка болысының орталығы – Голубовка (Қорғанкөл) селосында 269 отбасы болған.

1921 жылға дейін Павлодар уезі Омбы губерниясының құрамында еді. 1921 жылдың 27 қаңтарында Павлодар уезі, құрамындағы 31 болысымен бірге, Омбы губерниясынан бөлініп шықты. Ал сол жылдың қазан айында Омбы губерниясынан бөлініп Павлодар уезінің құрамына кірген 11 болыс Семей губерниясына берілді. Бұл кезде Павлодар уезіне 62 болыс қарады. Оның бірі осы Голубовка болысы еді.

1923 жылдың қазан айында болыстарды қосып, ірілендіру жұмысы жүргізілді. Павлодар уезіндегі болыстар саны үш есеге жуық азайып,

23 қана болды. Ертіс ауданындағы Ново- Алексеевка, Голубовка болыстарынан бөлінген жерде Новоивановка болысы пайда болды.

1928 жылы губерния атауы өзгертіліп, ол округ деп аталатын болды. Ал уездік, болыстық әкімшілік территориялар аудандарға бөлінді. Павлодар округі 1928 жылдың қаңтар айында бұрынғы Семей мен Павлодар уездеріне қарасты болыстар мен Павлодар уезінің Ақмола облысына қараған үш ауданынан құралды. Осы кезде Ертіс ауданы Павлодар уезінің Железинка, Ертіс Новоивановка болыстарының және Үрлітүп, Алқакөл болыстарының бөліктерінен құрылды. Оның құрамына Павлодар уезінің, Ақмола губерниясына қарасты Добровольск, Степанов болыстарының да біраз жерлері қосылды.

1930 жылдың желтоқсан айында Павлодардың округтық атауы жойылды. (БОАК-нің 1930 23 шілдедегі қаулысы). Сөйтіп, аудандар тікелей республикалық орталыққа бағынатын болды. Ертіс ауткомы төрағасының 1930 жылғы 5 маусымдағы мәжілісіндегі құжатта Голубовка селосы-селолық кеңестің орталығы деп көрсетілген. Оның құрамында Голубовка, Красный Котельниково селолары болған.

1948 жылдан бері Голубовка селолық кеңесінің территориясында болып келген Калинин колхозы 1957 жылы Абай атындағы совхозға қосылды. Голубовка селолық кеңесінің орталығы 1959 жылға дейін Голубовка селосы болып келді. Каз.КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының 1959 жылғы 29 мамырдағы жарлығымен Голубовка селолық кеңесі Сілеті селолық кеңесімен біріктіріліп, ол Абай селолық кеңесі деп аталды. Каз.КСР Жоғарғы кеңесі төралқасының 1966 жылғы 17 желтоқсандағы жарлығымен совхоздың орталық усадьбасында қайтадан Голубовка селолық кеңесі құрылды.

Абай селолық кеңесінің құрамынан Голубовка совхозы бөлініп шыққанда, оның орталығы Тоқта ауылында – 1627, ал Қызылсарай атты бөлімшесінде – 1058 адам болды.

Абай Совхозы 1954 жылдың көктемінде наурыз айында Калинин атындағы совхоздың негізін құраған Голубовка селосының жанындағы жазықта шаңырақ көтерді. Олар тың игеруге Украинадан, Молдовадан, Әзірбайжаннан, Ставрополь мен Орлов облыстарынан, Мәскеу қаласынан келді.

Бұл күнде жарты ғасырға жуық тарихы бар Абай совхозы негізінде құрылған ЖШ серіктестік облысымыздағы ең ірі астықты шаруашылықтардың бірі болып саналады [2, 280-282 б.].

Қазіргі таңда Голубовка ауылында Абай ЖШС жұмыс жасап отыр. Ауылда балабақша, мәдениет үйі жұмыс жасауда. Көптеген ұлт өкілдері жергілікті халықтармен тығыз байланысып, жақсы өмір

сүруде. Ауылда Абай ЖШС тиесілі су қоймасы, жергілікті тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр. «Мектеп кеме, білім теңіз» демекші жас ұрпаққа саналы да, сапалы білім беріп отырған Абай ЖОББМ өз кемесімен алға қарай жүзіп келеді. Ауылға келген жас мамандарды, жас отбасыларды ауылдық акимат және Абай ЖШС баспана мәселесінде шешіп отыр. Ауыл тұрғындары толықтай жұмыспен қамтамасыз етіліп, өз нәпахаларын тауып жүр.

Халыққа тағыда өз қызыметін көрсетіп отырған, Голубовка ауылдық емханасы. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына тарту ретінде, Абай ЖШС мешіт пен церков құрылысын да бастап кетті. Алдағы уақытта, ауыл орталығынан спорт кешені бой көтергелі отыр. Ауыл шетінде Абай ЖШС қолдауымен жазғы уақытта демалатын орын мен, бассейн құрылысы да бастау алуда.

Голубовка ауылы күнен күнге қарынды дамып келеді. Ауылдың мәселесіне ауыл жұртшылығыда бір үйдің балаларындай ат салысуда. Ауылдың өсу демографиясында өте жақсы 2007 жылы 17 нәресте дүниеге келді, 2008 жылы 22 нәресте, 2009 жылы 18 нәресте, бұл осы ауылдың халық санының жақсы өсіп келе жатқанының бірден – бір дәлелі. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш одан да жақсы болып өсуде.

Голубовка ауылы, Павлодар облысына ғана емес өз мемлекетімізге де өз көмегін тигізіп жатыр. Алдағы уақытқа да жасалып отырған жоспарлар өте көп. Осының барлығы еліміз үшін, жеріміз үшін жасалап жатқан дүниелер [3, 2 б.].

«Ел боламын десең- бесігінді түзе демекші» алдыменен ауыл жағдайына қатты назар аудару керек, себебі барлығы да ауылдан шығып жатыр елбасымыздың өзі осы ауылдан шықты. Менде ауыл ақсақалдарымен, мәдениет үйінің кітапханашысымен жолығып осы ауылдың тарихына тағыда мән бердім. Қазіргі таңда осы ауылдың түпкі тамырының адамдары көпте қалмапты. Көбісі өмірден өткен, кейбірі белгісіз себептермен көшіп кетіпті. Әрбір Қазақстандық өз ауылы үшін тым құрығанда бір көмегін тигізсе, ауылдан кімнің кеткісі келеді. Елбасының «Туған жер» бағдарламасы осы орайда қолға алынып отыр. Осы орайда Голубовка ауылының болашағы, ертеңгі күні бұдан да жақсы болады деп сенеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» 20бет.
- 2 Мүбәрәк Жаманбаинов «Әйгілі Аудан Ертісім» 280-282 бет.
- 3 Компаньон газеті 2 бет.

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

КАСЕНОВА Г. Т.

оқу бөлімінің әдіскері, тарих пәнінің мұғалім-сарапшысы,  
Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Жаһандану заманына сай батыстың ғылымы мен техникасын меңгеру, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану – бүгінгі таңның басты мәселесі. Бірақ батыстық үлгіге еліктеу арқылы рухани құндылығымызды, ұлттық ерекшелігімізді жоғалтып алмаймыз ба? Тек ұлттық-рухани ерекшеліктерімізді сақтау арқылы ғана біздің ел тәуелсіздігін баянды ете алады. Елбасы өзінің «Туған жер» бағдарламасында ғылым мен техниканы меңгеру арқылы қандай рухани басымдықтарға көңіл бөлу керектігіне тоқталған. «Туған жер» бағдарламасының басты мақсаты – патриотизмді толыққанды жүзеге асыру, туған елге, жерге деген сүйіспеншілікті арттыру, қазақстандық қоғамда рухани дәстүрді жоғары бағалайтын тұлғаларды қалыптастыру.

Алға қойылған мақсат-міндетті орындау барлығымызға да оңай болмайтыны сөзсіз анық. Дамушы елдер арасындағы орынға ие болу жолында бәсекелестік қатал болмақ және де ол орында тұрақты орнығуымыз үшін де бірталай қызметтер атқарылуы қажет, сонымен қатар, рухани бай адам елінің өркендеуіне ат салысады. Бүгінгі таңды барлық мектептерге жаңартылған білім беру бағдарламасының енгізілуі, бәсекеге қабілетті, сын тұрғысынан ойлай алатын, кез-келген мәселенің бірнеше шешімін таба алатын шығармашыл, креативті азаматты тәрбиелеуді көздейді. Оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті [1, 1 б.].

«Туған жер» бағдарламасының Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүзеге асуы екі бағытта жүргізіледі: оқу үрдісінде және тәрбие саласында. Білім берудегі тәрбие мен оқудың негізгі саясаты - ерекше ойлайтын, шығармашыл, жан дүниесі бай тұлға тәрбиелеу, өскелең ұрпағына дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын үйрету. Балаларға отбасының тәрбиесі өте маңызды, өмірдің мәні балалардың тәрбиелі болуына байланысты екенін айтады. Абай атамыз: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, досынан. Әсіресе олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады», — деген екен. Шындығында, жастардың тағылым-тәрбиесіне әсер еткен не болды деген сұраққа Абай атамыздың асыл сөзінің аясында

жауап берген. Қазақ халқында да тәрбиеге ерекше көңіл бөлінетіндігін ата-бабаларымыздың мұрасы дәлелдейді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде де, дәстүрлер мен рухани-мәдени құндылықтарды үйрету бағытталған бірнеше жобалар іске қосылған. Атап айтсақ, «Туған елге тағзым», «Екі апта ауылда», «Қазақтың 100 әні», «Қоғамға қызмет ету», «Бір күн ата-ана жұмысында» және т.б. жобалар арқылы оқушылардың дәстүрлер мен мәдени құндылықтар саласында рухани байып, құндылықтарды жоғары бағалауға дағдыланады.

Нақтырақ тоқталып өтсем, мысалы: «Туған елге тағзым» жобасының аясында оқушылар басқа өлкелерге барып, сол жердің мәдени-тарихи ескерткіштерімен танысады, табиғатының ерекшелігін зерттейді, жер-су атауларының шығу тарихы туралы аңыз-әңгімелерді зерделейді, өлкені жан-жақты зерттеумен айналысады. Жобаның соңында шақын жоба, мақала, рефлексивті күнделік арқылы мәселенің түйінін шығарады. Жоба оқушыларға Қазақстан тарихымен жақынырақ танысуға жағдай жасайды, көне жәдігерлерді көзімен көріп, тарихи тұлғалар жүрген жерлердің маңызын түсінуге арналған. Шынымен де жобаны «Туған елге тағзым» деп атауға толық негіз бар.

«Екі апта ауылда» жобасының аясында қалалық жерлерде тұратын оқушылар ауылдың өмірімен танысып, туған жерге деген құрмет сезімдері оянады, ауылдың тыныс-тіршілігін оң бойларынан өткізеді. Бұл жобаның да мақсаты қарапайым халықтың өмір сүру ерекшеліктерімен танысқан, халықтың қамын жан-жақтан ойлайтын тұлғаны тәрбиелеу, ұлттық тәрбиенің тал бесігі – ауылдан бастама алатыны сөзсіз анық. Егер де біз тек қалалық тұрғынды тәрбиелесек, олар қаладан басқа жерде өмір жоқ деп ойлайды, ауылдық өмірден тек қағаз жүзінде ғана хабардар болады. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі оқушылардың бойында өзінің шағын отаны – ауылына деген сүйіспеншілік сезімі артады, «егер де мен үлкен ел қайраткері болсам, ауылыма қандай үлес қоса аламын» деген ой туады.

«Қазақтың 100 әні», «Қазақтың 100 күйі» жобаларының мақсаты – оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, туған елдің рухани мәдениетімен таныстыру, рухани бай тұлға болуға септігін тигізу.

«Қоғамға қызмет ету» жобасының шеңберінде оқушылар өзара көмек көрсету, әлеуметтік аз қамтылған қоғам мүшелерді қолдау сияқты қасиеттерін қалыптастырады. Мысалы: мектепте макулатура жинап, содан түскен қаражатқа балалар үйіне, қарттар үйіне көмек көрсетілді. Оқушылардың мектеп қабырғасынан бастап қоғамға қызмет ету дағдылары қалыптасады.

Тәрбие саласындағы «Туған жер» бағдарламасы шеңберінде оқушылардың ұлттық құндылықты жоғары бағалайтын, рухани байлығы мол тұлға қалыптастырудағы жүзеге асырылып жатқан жобалардың берері мол. Әр жобаны оқушының рухани мәдениетін өсірудегі берері мол құрал деп айта аламыз.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу үрдісінде «Туған жер» бағдарламасы толық жүзеге асырылады деп айтуға негіз бар. Нақтырақ тоқталатын болсақ, Қазақстан тарихы, Қазақстан географиясы пәндері қазақ тілінде оқытылады. Бұл тарихи мәселелер мен ұлттық ерекшеліктердің оқушыға таза күйінде жеткізілуіне жағдай жасайды. Жоғарғы сыныптарда Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәні оқытылады, пәннің басты мақсаты – оқушыларды Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты туралы өз ойларын ортаға салуға, көрші елдермен қарым-қатынасы мен өзіндік позициясын көрсетуге, түрлі мәселелерге талдау жасауға үйретуге бағытталған. Курстың соңында оқушылар белгілі бір мәселе бойынша шағын жоба жазып, алған білімдерін қолданады. Пән – оқушыны Қазақстанның қазіргі жағдайына баға беруге, даму бағыттарын болжап, жобалауға дағдыландырады. Әр оқушы Қазақстанның саяси дамуына үлес қоса алатынын сезінеді. Аталған пәндер бойынша сабақ жоспарлағанда мәндетті түрде пәндік біліммен қатар, оқушы бойында отансүйгіштік, патриотизм, ұлттық сәйкестік, үйлесімді даму, белсенді азаматтық ұстаным сияқты құндылықтарды дарыту, жаһандану заманындағы азаматтық мәселесі, тақырыптың біздің өлкемізбен байланысты тұстарына нақты тоқталу мәселесі басты назарға алынған.

Мектептегі білім беру жүйесінің бірден-бір ерекшелігі мен ұтымды тұсы – кіріктірілген білім беру бағдарламасында, бір тақырыптың оқушыға бірнеше пән арқылы ұсынылуында, алған білімдердің теориялық жағымен қатар тәжірибелік, өмірде қолданатын аспектілеріне ерекше көңіл бөлінуінде.

Қазақстандық мектептерде де оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдері енгізілуіне байланысты, топтық және жұптық оқытуға, оқытудың басқа да белсенді әдіс-тәсілдеріне көп көңіл бөліне бастады. Топтық жұмыстың оқушылар үшін мәселені ортақтасып шешу, бір-бірімен жақын қарым-қатынас орнату, патриотизм мен ұлттық-рухты көтерудегі рөлі сияқты артықшылықтары бар екендігін тәжірибеден көре бастадық. Топ ол шағын қоғамға бейімделу үшін қажет, қоғам болып елдің дамуына үлесін қоса алады.

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану мұғалімнің жан-жақты ізденуін талап етеді. Сондай тәсілдердің бірі - Lesson Study. Ол - мұғалім

тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Біздің мектебімізде іс-әрекеттегі зерттеу бойынша ауқымды шаралар жүзеге асырылуда, нақты тоқталатын болсақ, оқушылар мен ұстаздарды біріктіретін бірнеше мәселелер анықталып, сол мәселенің шешімін бірлесіп табу мақсатында топ жұмыстары ұйымдастырылған; ойландыратын сұрақ негізінде зерттеуге алынатын оқушылар таңдалып, бірнеше мұғалімдер бірлесіп жұмыс жасауда. Іс-әрекеттегі зерттеудің нәтижесінде бірнеше күрделі әлі де толық шешімін таппаған тақырыптар анықталып, мәселелерді шешу жолға қойылған. Оқу-тәрбие үрдісі оқушылардың рухы мықты болуына бағытталған, олардың салауатты өмір салтына бейімделуі мектеп жасынан басталады [2, 12 б.].

Елдің білім беру жүйесіндегі реформалар мен бағалау мәселесі дұрыс жолға қойылса білімнің табысты болуына, баланың қоғамға сай бейімделуіне ықпал етеді. Елдің экономикалық дамуы, заманына сай мектептің бағалануы, білім жүйесінің дамуы реформаның негізгі аспектілерімен сипатталады. Реформаның негізгі аспектілері оқу бағдарламасын қайта құру, реформаның дидактикасы, мектепті және білім сапасын басқару. Мектеп оқушыға сенім, мұғалімге сенім және мектепке сенім деген принциппен жұмыс істейді. Мектепте оқушылардың оқудағы қиындықтарды барлық деңгейде жеңе білуі оқудағы проблемаларға ерекше көңіл аудартады. Оқу материалдарында басты назар нақты мақсаттар мен оқу тапсырмаларына бөлінеді. Мақсатқа жетуі қалыптастырушы және жиынтық бағалау арқылы қадағаланады. Қалыптастырушы бағалау материалды оқу кезінде қай бөлімінде қиындық туындады, қандай оқушының оқуда проблемалары бар екенін ажырата алуға көмектеседі. Оқудағы қиындықтың алдын алу дереу оқытуды түзету арқылы іске асырылады, өзіне, өз күшіне сену, қабілеттеріне және оқуға деген оңтайлы көзқарас табысқа деген ұмтылыспен іске асады. Мұғалім мақсатына сай сабағын жоспарлап, әр мақсаттың маңызын түсініп оқушының оқуы үшін іс-әрекетін алға жылжуын бақылай алады, оқу үрдісіне әр баланың ерекшелігін ескере отырып түзетіп, ынталандыра отырып кері байланыс жасай алады. Оқыту қорытындысының мақсаты теңқұқылы білім принципіне негізделген, оқу жетістігі біркелкілікке тең, мектептің негізгі сатысының қорытынды кезеңінде барлығы бірдей жоғарғы деңгейге жету керек деген талап қойылады [3,1 б.].

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі білім жүйесінің оқушыға, мұғалімге және мектепке сенім деген принциппен жұмыс істейтіндігі,

білім алу оқушының табысқа жетуіне бағытталған. Оқушыларға жеке дамуы үшін арнайы жоспарлар жасалынады. Менің мектебімнің әр оқушысының жеке даму жоспары бар, бұл оқушының келесі қадамын жоспарлауы үшін өте маңызды. Бағалаудың әр түрлі әдістерін пайдаланады, атап айтатын болсам, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. Біздің елде де оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерінің негізгілерінің бірі – бағалау. Бағалау оқушыларды қай сатыда тұрғандығын және қай сатыда даму керектігін анықтауға бағытталған негізгі құрал. Бұл елдің мектептері статусқа бөлінбейді, барлық балаға нәтижеге бағытталған білім мен тәрбие бірдей берілу керек. Біздің еліміздегі дәстүрлі бағалаудың олқылықтары критериялды бағалаудың енгізілуімен анықталып жатыр. Менің мектебімде де оқушылардың білімін критериялды бағалау енгізілді, бұл оқушылардың «не үшін?» және «қалай бағаланамыз?» деген сұрақтарының жауабын табады. Оқушы өзінің неге бағаланғандығын түсінеді, бағасын түзеті үшін не істеу керектігін біледі. Критериялды бағалау нақты критерийлер арқылы жүзеге асырылады, жалпылама бес баллдық жүйе бойынша бағаланбайды [4, 17 б.].

Елімізде білім жүйесін дамытуға байланысты белгілі жұмыстар жүргізіліп жатыр деген қорытындыға келемін. Дегенмен біздің еліміздің білім жүйесін дамыту мақсатында, заман талабына сай көп өзгеріс енгізу қажеттілігі туындап отыр. Ең басты мәселе сапалы, да саналы өзгеріс енгізу қажет. Ұстаздарымыз бен оқушыларымыз ол өзгеріс не үшін қажеттігін түсінуі керек. Мысалы бүгінгі таңда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану деп, оқушылардың бой жазу жаттығуларын, бой жазу арқылы орындалатын тапсырмаларын есептейді. Ал шын сәнінде, ұстаздарымыз белсенді әдіс-тәсілдер дегеніміз ой қозғауға бағытталғанын түсінулері керек. Білім саласын жандандырудағы оң бастама Н. Ә. Назарбаев зияткерлік мектептердің ашылып, тәжірибесін тарату. Бірақ мұндай мүмкіндігі мол мектептерден білім алуға көп оқушы қол жеткізе бермейді. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептермен тәжірибе алмасып, жаңартылған білім беру мазмұнының толыққанды жүзеге асырылуы маңызды.

Әлем елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін білім беру желілерін дамыту қажет. Бірақ заманауи боламыз деп, жаһандану кезеңінде тек біздің ұлтымызға ғана тән құндылықтарымыз бен тарихи-мәдени мұрамызды жоғалтпауымыз абзал. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз

керек» деген, яғни ұстаз алдындағы міндет – ұлттың рухани байлығын сусындаған, ұлттық санасы жоғары, елінің дүниежүзінде жанғыруына үлес қоса алатын тұлғаны тәрбиелеу. Білім беру жүйесінде бірлесіп жұмыс істеу арқылы мектептердің, мұғалімдердің деңгейін көтеріп, оқушылардың дамуына жағдай жасай аламыз. Тек осы жағдайда ғана білім беру жүйеміздің көзқарасы өзекті, бәсекеге қабілетті, күзиретті, ұрпақ тәрбиелейтінімізге сенемін [5, 1 б.].

XXI ғасырда ғылым мен білімде жетістікке жетумен қатар, ұлттық рухани байлығымызды жоғары ұстаған абзал. Жаһандануды рухани құндылықтарымызды негізге ала отырып қабылдағанымыз жөн, рухани бай тұлға ғана елдің дамыған елдер қатарында еліміздің беделді орында болуын қамтамасыз етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы халыққа Жолдауы <http://www.akorda.kz>
- 2 Т.Б. Алишев, А.Х. Гильмутдинов «Опыт Сингапура: создание образовательной системы мирового уровня»//Вопросы образования, №4, 2010 г.
- 3 Загвоздкин В.К. «Реформа школьной системы и оценка качества школ в Финляндии», Москва 2011г.
- 4 Концепция 12-летнего среднего образования Республика Казахстана <http://www.myuniver.kz>
- 5 Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы <http://www.akorda.kz>

## СОВРЕМЕННАЯ БИБЛИОТЕКА КАК ИНСТИТУТ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

КУШПЕСОВА Г. С.  
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар  
ЛАТЫПОВА Х. З.  
к.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Модернизация – это процесс, который знаком всем странам, она лежит в основе социального прогресса всех обществ и исторической эволюции человечества в целом. В прошлом веке модернизация определяла вектор развития многих стран, но успешной она стала лишь там, где не было революционных ломок культурных традиций,

или там, где культурная традиция не фиксировалась в застывшем виде. Примеры удачной модернизации – послевоенное развитие Западной Европы, социальные достижения скандинавских стран, экономический расцвет Японии, Южной Кореи, Таиланда, а в последнее время – Китая. Иными словами, модернизация возможна там, где сохраняются культурные традиции, которые не превращаются в догмы, а человек как субъект модернизации способен соотносить себя с этими переменами и постепенно менять самого себя, приспосабливаясь к новым условиям. Масштабные преобразования должны сопровождаться опережающей модернизацией общественного сознания. Она не просто дополнит политическую и экономическую модернизацию – она выступит их сердцевинной.

В программной статье Главы государства Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» ярко, многогранно представлена новая стратегия для обогащения духовных и культурных ценностей. Третья модернизация укрепляет духовный щит общества, культурно-генетический код народа Казахстана.

В реализации национальной программы «Рухани жаңғыру» и её важного направления «Читающая нация» активное участие принимают библиотекари павлодарского Прииртышья – сотрудники научной библиотеки им. Е. Бекмаханова Павлодарского государственного педагогического института. Современная библиотека – информационное ядро вуза, аккумулирующее, сохраняющее и продвигающее разнообразие информационных ресурсов. Наряду с этим, библиотека всегда держит руку на пульсе жизни общества, стремится оперативно реагировать на важные изменения в социуме, посредством реализации своих важнейших функций модернизировать разработку стратегий взаимодействия с пользователями.

Внедрение инновационных методов работы, возрастание социальной значимости программно-целевой деятельности библиотек в условиях культурной и социальной интеграции привело к разработке социально-образовательных проектов, в рамках которых библиотека имеет возможность осуществлять реализацию своих традиционных социальных функций, а также заниматься преобразованием и оптимизацией уже накопленного опыта, вносить новизну, находиться в постоянном развитии. И главное – это активное вовлечение в реализацию проектов молодого поколения. Проектный подход к библиотечной работе постепенно становится одним из качественных критериев деятельности, формой реализации творческих идей. Цель библиотечных проектов – всемерная поддержка Чтения,

как важнейшего элемента культуры и инструмента повышения интеллектуального потенциала, конкурентоспособности нации, творческой и социальной активности молодежи.

Одним из первых был реализован проект «Читающий студент – успешный педагог», цель которого формирование устойчивого читательского поведения студентов на основе культурных, духовных и нравственных ценностей казахстанского общества, создание системы информационно-педагогической поддержки чтения студентов. Задачи – повысить читательскую активность студентов; развить книжную и информационную культуры будущих педагогов; стимулировать разностороннее чтение студентов, как инструмент развития личности; привлечь внимание педагогической общественности к проблемам книжной культуры и чтения молодежи; изучить объективную картину молодёжного чтения в вузе; повысить статус чтения как средства развития личности и интеллекта в молодёжной среде, повысить информационную грамотность читателя. В ходе реализации данного проекта библиотекари стремились к формированию у студентов уважительного отношения к профессии учителя, к укреплению имиджа библиотеки, творческого содружества «Студент-библиотека». Так как базами педагогических практик являются школы города, то у студентов появилась уникальная возможность, выполняя функции классного руководителя проводить беседы с родителями на родительских собраниях о развитии детского чтения. А чтобы компетентно говорить об этом следует самим научиться читать, в полном смысле этого слова. Ведь только читающий студент может стать успешным педагогом, креативно мыслящим специалистом в любой отрасли жизнедеятельности.

Если в проекте «Читающий студент – успешный педагог» студенты сами читали произведения классиков, писали эссе, отзывы, участвовали в читательских конференциях, то проект, проводимый в рамках волонтерского движения «Студенты ПГПИ читают детям» - дал возможность студентам самим стать руководителями чтения уже у детей: на территории города были организованы педагогические площадки (в детских домах, интернатах, учреждениях для детей с ограниченными возможностями) где студенты читали детям книги, ставили театрализованные представления с участием детей. Привлечение волонтеров к проведению масштабных мероприятий в области культуры является одним из наиболее эффективных механизмов осуществления социально ориентированных, проектов, направленных на решение стратегических задач развития отечественной

культуры, а также способствует формированию у молодежи чувства сопричастности процессам, происходящим в современной культуре и общественной жизни страны, укреплению гражданской идентичности и чувства патриотизма. Запуская волонтерский проект «Студенты ПГПИ читают детям» - библиотекари не могли и предположить что он перерастет в движение. И вот уже седьмой год все больше студентов вливаются в ряды волонтеров и под девизом «Хочешь творить добро - присоединяйся!» - дарят детям радость общения с книгой, открывая границы прекрасного для каждого ребенка. Волонтеры не только читают, но и дарят книги, собранные на благотворительных акциях.

В качестве одного из ключевых условий развития волонтерского движения определено совершенствование системы взаимодействия между волонтерскими организациями и органами государственного управления разных уровней. Примером успешного взаимодействия волонтерской практики и органов государственных структур стал марафон совместного чтения «Павлодар читает детям», стартовавший в конце октября 2017г., в проведении которого приняли участие VIP-персоны города, известные общественные и политические деятели, а также волонтеры из числа педагогов и библиотекарей ПГПИ, бывшие выпускники вуза.

Символом мужского начала являлся бакан - деревянный шест с раздвоенным (вильчатый) верхним концом. Сфера практического применения бакана чрезвычайно обширна. При этом явно прослеживается определенная сакрализация действий, связанных с баканом. Бакан использовался в родильной обрядности: он маркирует место родов и опорную конструкцию для роженицы. У казахов бакан устанавливался во время родов в правой части юрты, на некотором удалении от входа. От него к решеткам юрты кереге протягивали конскую уздечку так, чтобы она проходила у роженицы под мышкой. Бакан использовался и в свадебной обрядности. У казахов во время сватовства, ритуальных игр со сватами баканом толкают, «пихают» сватов; им перегораживают невесте вход в юрту жениха. Бакан фигурирует во многих свадебных выкупах казахов, символизировавших плату за переступание, перешагивание чего-либо. На связь бакана с идеей плодородия, размножения, роста, а возможно и жизненной силы, указывает обряд использования казахами конструкции в виде пирамиды из семи баканов для подвешивания шапки, в которую укладывают недоношенного ребенка.

Направленность символики на обеспечение плодородия, плодovitости и т. д. выражалась и в своем оформлении интерьера жилища. В казахской юрте, как и в жилище большинства тюркских народов, в орнаментике тканых полос, ковров, занавесей и т.п. преобладал красный цвет, ассоциировавшийся с идеей оплодотворения, роста, размножения. Но самое главное декор казахской юрты не только символ-демонстрация этнического духа и традиции, он прежде всего призван подчеркнуть соотнесенность «освоенного», предельно семантизированного пространства жилища с природным космосом как его первоосновой.

В центре юрты находится очаг. Это не только топографический центр ее, но и функционально важное, сакральное, священное место. Прочтение очага выражалась в умиловителении духа огня - хранителя очага. При первом заходе в юрту свекра или свекрови в свадебную юрту (отау) невеста лила растопленное сало в огонь очага. При этом отправитель обряда и присутствующие женщины проговаривали: «От-ана, Май-ана, жарылка» – «Мать-огонь, мать-Умай, благослови». С почитанием очага, уважительным отношением к нему связаны запреты специально тушить огонь. Для далеких предков казахов угасание огня в очаге означало прекращение жизни семьи. Поэтому одним из самых тяжелых проклятий было: «Ошакта отын сонсін - «Пусть погаснет огонь в твоём очаге». В представлении казахов казан-ошак (очаг) является символом продолжения рода, функционирования семьи, поэтому казахская поговорка гласит: «катыныннан айырылсан да казан-ошагыннан айырылма» киіз уй - «Хоть с женой разведешься, но некому не давай свой казан-ошак». Место складывания семейных принадлежностей – дук маркирует самую почетную часть юрты – тор – место, обладающее «наивысшей культурной ценностью». Устойчивое сохранение четкой маркировки почетного места тор постельным вещевым комплексом, вертикальной ее структуры, строгой последовательности ее слоев и особого способа складывания связана с представлением о связи ее с понятиями плодородия (плодовитость) – богатство – счастье. На эту мысль наводит ряд казахских запретов, связанных с жук: нельзя взбираться на него, иначе благополучие, счастье уйдет (бак кеин кетед); станешь бедным (кедей боласын); это грех (обал болады); нельзя перешагивать через подушку, наступать на него и т.п.

Следующий аспект символики юрты - символизация социального (брачного) положения. Существует казахские выражения для обозначения брачного возраста - «Он бесте отау иеси», дословно

«в пятнадцать лет -хозяин отец». Слово отау обозначает свадебную юрту. В честь установки свадебной юрты приносили в жертву барана. Женщины, принимавшие участие установке юрты, получали от матери жениха подарки за помощь при поднятии купольного круга (шанырак котерер), за покрытие юрты войлоками (отау жабар) и «выкупа» за осмотр новой юрты (отау коримдик).

Чрезвычайно сложна символика смерти, отраженная в юрте. Юрту в которой кто-либо умер, легко было отличить по внешнему виду: ее выделял среди других юрт, прежде всего траурный флаг. Практически вся символика юрты, связанная со смертью, выражала идею принадлежности к миру мертвых, все действия совершились с противоположным знаком. При оплакивании покойного женщины вставали спиной к очагу, лицом к решеткам юрты (в обычной ситуации это нежелательно, поскольку очаг - семантический центр, наиболее ритуальное место в юрте). В случае смерти человека, отмеченного какими-либо особенно отрицательными качествами, его тело выносили из юрты не через дверь, а протаскивали под отверстием приподнимаемого остова юрты. У казахов этот способ использовали в случае похорон двух или более человек. Одного из них выносили через дверь, а второго приподняв решетчатое основание юрты - жабыктан шығарады.

Этикетные нормы традиционного казахского общества запрещали подъезжать к аулу и юрте на скаку или бегом (ауылга карап шаппа, жугирме) – это также считалось знаком известия о чьей-либо смерти. Входить в юрту следовало друг за другом; одновременное перешагивание порога с кем-либо осуждается, поскольку это разрешается только во время похоронно-поминальных обрядов.

Другим проявлением ситуации «смерть» являлось разрушение деревянного остова юрты, особенно дверных косяков. С этим связан запрет в обыденной ситуации вставать на порог и опираться, прислоняться к дверному косяку, держаться за притолоку и т.п. – «босагага турма жетим боласын», -»не вставай на порог, осиротеешь».

В целом выражения, характеризующие целостность, сохранность, устойчивость деревянного остова юрты и ее войлочных покрытий, символизировали у казахов благополучие. Основным семантическим назначением юрты было обеспечение здоровья, плодovitости, плодородия, роста, благополучия ее обитателей. На достижение этих целей была направлена вся обрядовая практика кочевого социума, с ними были связаны и ими определялись категории и морали традиционного общества.

Таким образом, древнее жилище предков, место их постоянного обитания сакрализовано, защищено от зла. Форма жилища, его части, обращенные во все стороны света; материал, из которого строилось жилище, фактура, цвет, качество компонентов, составляющих юрту, все это связано с понятием – идеологическим зодчим и хранителем семейного благополучия древних казахов.

В заключении можно сделать вывод, что, символика юрты в традиционном мировоззрении казахов определил и мировоззренческий опыт повседневного быта. Говоря о казахской юрте, можно с уверенностью сказать, что как жилище она была не только точно рассчитана и продумана с учетом потребностей быта кочевников, а ее убранство отличалось орнаментальным изяществом декора, но и сам принцип построения юрты был отражением их взглядов на окружающий мир.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Оразбаев А.М. Поселение Чаглинка (Шагалалы). Некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана, 1970. - С.129-146.
- 2 Топоров В.Н. О космологических источниках раннетюркских описаний // Труды по знаковым системам. – Алма-Ата: Тарту, 1973. - Вып. 6. - С. 114-121.
- 3 Фатиков Р.Р. К семантике шанарака// Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. - Алма-Ата, 1980. - С.179-185.
- 4 Стеблева И.В.К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы//Тюркологический сборник. - М., 1972. - С. 213-214.
- 5 Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-нач.XX в.). – Алма-Ата: Гылым, 1991. -214 с.
- 6 Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов. –Алматы, 1998. –212 с.
- 7 Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. - Алматы, 1973. 203-б.

### 1.8 «Қазақстанның қасиетті жерлері» жобасы аясындағы зерттеулер 1.8 Исследования в рамках проекта «Сакральная география Казахстана»

#### МАЙ АУДАНЫ БАСКӨЛ АУЫЛЫНЫҢ КИЕЛІ ЖЕР МЕН СУЛАРДЫҢ АТАУЛАРЫ

АРЫНТАЕВА Л. Ж.

география пәнінің мұғалімі, Қ. Шүлембаев атындағы орта мектебі, Ақсу қ.

Бұл ауыл ресми құжаттарда «Баскөл» аталғанымен, жергілікті халық «Құрама» дейді. Кеңес Одағы кезінде атағы дүрілдеген «Қызыл Құрама» совхозы болды. Атынан көрініп тұрғандай, советтендіру уақытында қызыл түске құмар болдық. Қызыл Армия, қызыл галстук, қызыл жалау, қыл аяғы клубтағы жиналыстар өтетін үстелдің жабуы да қызыл материалдан болатын... Сол кеңестік дәуірде туған атауларға Жаңатілек, Комсомол, Молблок (молочный блок), Канал, Паром, Темірзагон, Сегіз Ресейді жатқызуға болады.

Баскөл, Шөптікөл (Жаңатілек ауылының тұсында), Құркөл, Қазалыкөл, Айнакөл. Яғни, соңғы көл. Сонда деймін -ау, бұрынғы бір замандарда ақсақал, қарасақалдар жиылып, алдарына өлкедегі жерсудың картасын жайып салып, мына көлді былай, ал мына көлді былай атайық деп бәтуаласқан сияқты. Және қалай дәл тауып қойылған! Бұл көлдердің барлығы жылма-жыл Ертіс суымен толығып отырады. Қандай құрғақшылық болса да, сәл-пәл тайыздағанымен, мүлдем құрғап кетпейді. Иә, Құдай одан сақтасын!

Жаңатілек бұрын Бүркітбай ауылы деп аталыпты, - дейді сол бір бай ұрпағы Тимур Сүлейменов. Ол 1942 жылы туған екен. Онымен автобуста кездейсоқ жолықтық. Ресейде туып, Кенжекөлде тұрыпты. Бірақ арғы аталары Ертістің сол жағалауынан екен. Кәмпеске кезінде қуғынға ұшыраған ғой. Руы – Иман. Жаңатілекті былайғы жұрт «Имандар ауылы» дейді. Онысы рас. Ауылда тұрғанда оған анық көзім жетті.

Комсомол да – жолдың оң жақ қанатындағы (қаладан келе жатқанда) шағын ауыл. Бір кездері отар-отар қой өргізген білдей бір бөлімше болды. Қазіргі қалғаны – соның жұрнағы. 70-ші жылдары «қой басын 50 миллионға жеткіземіз» деп шапқылады. Шұбартаулық жастар бастама көтеріп, бүкіл Қазақстан соны қолдап, іліп әкетті. Біздің ауданда ең алғаш құрылған қой өсірушілердің комсомол – жастар

бригадасы «Жалын» осы бөлімшеде тұрды. Бригада қазір жоқ, бірақ Комсомол деген аты қалды.

Мектеп бітірушілер (дұрысы, оқуға түсе алмағасын), бір топ жастар, «комсомол – жастар бригадасын құрайық» деп, кластастарды үгіттеп (олар да оқудан жолдары болмай, ауылға қайтқан болатын), тіпті ол бригаданың атын да қойып («Дала гүлі» деп), әнін де шығарып, тастүйін жұмысқа кіріспекші болған. Сол кездегі «Жалтыр» совхозының директоры :

Одни убытки от этих комсомольских бригад! – деп ашкызбай қойды.

Өйткені алдында болған «Жас тұлпар» комсомол – жастар бригадасы совхозға еш кіріс кіргізбеген болып шықты...

Ал «Қызыл Құрама» совхозының «Жалын» комсомол – жастар шопандар бригадасы газеттен түспейтін.

Осы қатардағы «Сегіз Ресей» – тоғайдың ішінде. Бір кездері Құрама жерінде көп совхоздар қысқыға шөп дайындайтын. «6 мың маяға дейін қойылатын», - дейді білетіндер. Сондай бір жылдары көршілес Ресей облыстарынан да келіп, шөп дайындаған екен. Сонда әлгі орыстар шөп шапқан жер «Сегіз Ресей» (ресейлік 8 – бригада) аталып кеткен...

Баскөлдегі жер-су аттары жөнінде Орман Хамитұлы Жұмкин ағамыз әдемі бастап еді. Бірақ аяқтап үлгермеді... Енді мен елден естігендерімді жинап – теріп, сіздерге ұсынып жатырмын.

Бір таң қалатыным, Құрамада «Ертіс» деп көп айтпайды. «Ақсу» дейді. Ақсу – сол ұлы Ертістің бір кішкентай ғана айырығы болса да. Өйткені, үлкен Ертіс – Баскөлден, шынында да, алыста жатыр. Алыс та емес шығар, бірақ жаяу адам жете алмастай, аттылы кісі өте алмастай қалың ну, жыныс, суға толы сайлар мен көлшіктер, кісі бойындай ұйысқан қалың шөп, ызындаған маса мен сона... Бұрындары тек қыста ғана көршілес Лебяжі ауданына жол түсіп жүрді халық. Қазір ол да жоқ.

Құрама тұсындағы Ақсудың ағысы өте қатты, Ертістен күшті болмаса, кем емес. Арғы беттен әуіріммен дайындаған шөпті бергі бетке шығару да үлкен проблема қазір...

Бозша деген – бөлімше атауы. Совхоз кезінде мұнда сауын гурттары тұрды. Қалаға тонналап сүт жіберетін... «Бозша» - сол жердегі тоғай атынан қойылған болса керек. Өйткені Баскөл округінде әдемі қойылған тоғай аттары баршылық.

Ақшатоғай, Көртоғай (алыстан қарауытып тұрады, ішіне күн түспейді), Күйгентоғай, Кепкентоғай, Көктерек, Төрттерек, Көлденентал, Қызылүйеңкі. Көлденентал (Құрамадан шығып,

Жанатілекке жақындай бергенде, алдыңнан қиғаштай көрінетін шок тоғай аты).

Атыңнан айналайын, Көлденентал,  
Аман қап оттан, судан өлмеген тал.  
Дүбірлеп қанша дәуір өткенімен.  
Есімін еш ұранға бермеген тал.

Бұтағын болашаққа сермеген тал,  
Жарасын талай жанның емдеген тал.  
Ғасырдан ғасыр өтіп жатқанымен,  
Қойнында ғашықтарды тербеген тал.

Тоғайда үйеңкі өсуші ме еді? – деп сұрадым Қуаш ағадан (Қуаныш Мұстафин).

Бәлі! Неге өспейді? Менімен бірге арғы бетке шық, көрсетейін! – деді ол кісі.

Ал, мына – ауылда, көше бойында, мектеп жанында өсіп тұрған не ағаш? Үйеңкі деген сол емес пе?

Ол – үйеңкі емес, ол – канадский клен, - деді Қуаш аға. – Бір кездері – «ауылды көгалдандырамыз, көріктендіреміз» – деп әкелді. Өзі керемет өсімтал неме екен! Аз жылдың ішінде бүкіл ауылдарды жаулап алды. Өйтеуір ағаш, жазда көленке демесең, құндылығы шамалы ғой...

Осы сөздің жаны бар. Өйткені, «бұрын домбыраның шанағын, аттың ерін үйеңкіден шабатын» деп бір жерден оқығаным бар – тын. Ал мына – ауылда өсіп тұрған үйеңкі басқасын қойып, күрекке сап болуға да жарамайды. Мортанын сынады. Ал қызуы мол. Бір жылы жоғарыдан бұйрық түсіп, мектептің жанындағы біраз үйеңкіні кескізіп құлатты. Мектепке күн түсірмейді деп. Сонда мектеп ауласында сұлап жатқан көп үйеңкіден бір тележкедей үйге әкелгенмін.

Бұны қайтесің? Қайбір отын болады? – деп күлген кейбіреулер. Бір таң қалатыным, Құрама отынға қызыл тал ғана пайдаланады. Қалғанын отын деп есептемейді.

Бір жылы пойызбен Алматы облысынан біздің ауылға қонақтар келіп, машинамен Ақсудың жағасына демалуға барды. Сұлаған, жуан көк терекке отырып, сұхбат құрдық. Сонда сол қонақ адам:

Мына ағаш бұл жерде неге жатыр? – деп сұрайды.

Біз айтамыз:

Бұл жатқан терек деген ағаш қой, біздің жақта бұны отын деп есептемейді, - дейміз. Анығы – сол.

Су жағасындағы селдір шөпті көрсетіп:

Мына шөп неге шабылмайды? – дейді.

Біз айтамыз:

Оны шауып қайтеді? Ана арғы бетке қараңыз! Кісі бойындай шөп тұрған жоқ па? Соны шабады.

Пай – пай – ай! Бай екенсіздер! – дейді бізге. Расында да кейде маған «Құрама – жер жаннаты» сияқтанады.

Сол Комсомолдың бауырында Қарағанды деген жер бар. Бұрын онда қара түлкі өсіріпті. Аң фермасы болған. Қазір шаруа қожалығы отыр. Жалпы Құрамада, естуімше, қазіргі уақытта мал бағылмайтын жер жоқтың қасы. Бұрынғы Қошай, Қарапан, Абылай, Токқожа, Жанай, Арын, Бурылайғыр, Ахметашы, Жалғызғаш, Шанханай, Шұбарқұнан, Нұрыш, Молдабай, Күшікжығылған сияқты шопан нүктелерінде қой-ешкі, тайынша-торпақ, жылқы бағылады.

Құрамада «Наршөккен» деген жер бар. Бұл да баяғы зор байлықтың нышаны іспеттес атау. Баяғыда бабаларымыз Ойсылқара түлігін де ұстаған деген сөзге нақты дәлел.

50 – ші жылдары Хрущевтың волюнтаристік саясаты салдарынан жойылып кеткен түйе түлігін өсіру ауданымызда әлі де қолға алынған жоқ. Қазір страусқа дейін ұстап, өсіріп жатқан қазақтар төл түлігі түйеден неге қашады екен деп ойлайсың?!

Осы қатардағы Абылай – Абылай хан тоқтап, аял қылған жер екен. Ал Токқожа – минералды су көзі шыққан жер, бірақ әлі халық игілігіне жұмсалмай келеді. Оны игеруге біраз қаржы керек шығар.

Бұл жерде Токқожа ағамыз алғаш картоп егіп, бақша өсірген. Биікке бойлаған тал теректері болатын. 50 – жылдар ортасындағы, тың көтеру кезінде шеттен келген орыстар трактормен сүйретіп, ағаштарын құлатып, кесіп, үйлерін жылытыпты, - дейді Әрміш (Армия Бөкенов) ақсақал.

Осындағы «Шанханай» атауына байланысты бір күлкілі оқиғаны журналист, ақын Қайыр Жүнісқалиев айтып еді.

70-ші жылдары сол жерде отырған шопан ағамызды озат көрсеткіші үшін Мәскеуге, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістігі көрмесіне (орысша ВДНХ дейді) апарды ғой. Сондағы қойшылар: «Мен – Өзбекстаннанмын, мен – Түрікменстаннанмын, мен - Тәжікстаннанмын» деп танысып жатса, біздің ағамыз : «Мен – Шанханайданмын!» депті. Әлгілер : «Ондай республиканы естімедік» деген екен. Көзін ашқаннан қой баққан аңқау ағамыздың жөппелдемеде аузына түскен сөзі «Шанханай» болыпты.

Ауыл шетіндегі, Ақсу жағасындағы Канал, Паром деген атаулар дәл осылай, орысша қалпында айтылады. Канал – Қ.Сәтбаев атындағы арна мекемесі, ал Паром – арғы бетке адам мен техника өткізетін

құрылғы – қалтқы тұрған жер. Екі жағаға жуан трос тартылады да, мына паром сол болат арқан бойымен, арнайы құрал көмегімен қол күшімен жылжытылып отырады.

Ақсудан көпір салу мәселесін 1993 жылы аудан Әкімі қатысқан жиында ауыл ақсақалы Жұмаш Арынтаев көтеріп еді. Сол мәселе әлі шешілген жоқ. «Көпір салынса, экологияға қауіп төнеді», - дейтіндер де бар... Қалай дегенмен, қазіргі заманда арғы беттен шөп дайындап, оны бергі бетке өткізу де – үлкен проблема. Мүз қатқанша, малың газет оқи ма?!

Темірзагон – ауылдың шетіндегі мал қамайтын орын. Көктемде, жайлауға жіберер алдында, күзде, жайлаудан келгенде, немесе малдан қан алғанда. Қазақ, орыс сөздерінің қосындысынан туған будан.

Құраманың төменгі жағын «Шанхай» дейді. Баяғыда орталық сонда болса керек. Кеңсе де, магазин де, клуб та. «От хаты до хаты, в Шанхае живут одни бластные Азаматы» деп әзілдейді менің сол жақта тұрған Азамат Абдрахманов жерлесім. «Шанхай» деп қойылу себебі де, қазір халқы 30 миллионнан асатын алып шаһарға бір ұқсастығы болған ғой. Ию – кию тірлік, қайнаған өмір сол «төменгі ауылда» (тағы бір атауы) болса керек. Кейін жаңа үйлер, мектеп, автостанция, Мәдениет Үйі, балабақша, сауда орталығы, тұрмыстық үй салынып, көпшілік халық «жоғарғы ауылға» көше бастады. Қазір Шанхайда санаулы ғана үйлер қалды. Жаңағы Азаматтың үйі де бұзылып кетті...

Жер – су атауларының бір парасы кісі аттарымен аталған. Қаймолда, Қарабек, Дәрібай, Мүсәпір, Баймырза, Мағауия, Дәден, Темірше, Байназар, Байбақы, Жоламан, Айдабол, Арнаш, Молдабай, Таянышбай, Жәдік, Малкелді, Абақан, Оспан, Бақы, Тоқсары, Қоржынбай, Капикен.

Баяғыда Капитонов деген Ресей армиясының полковнигі отставкаға шыққаннан кейін, шамамен 1916 жылы, Жаңатілектің бауырында усадьба салдырып, отбасымен тұрады. Жергілікті жұрт сол жерді «Капикен» атап кетіпті, – дейді Өмірзақ Балкенов ағамыз.

80-жылдардың соңында сол маңатқа бөтен орыстар келіп, ішіндегі бір қартаң әйел: «Балкен атаның Қорабай деген баласы болушы еді, тірі ме?» - деп менің әкемді сұрапты. Ол кезде әкем бар болатын... Міне, сол орыстар – жаңағы полковник Капитоновтың ұрпақтары екен. Кезінде атам Балкенмен жақсы тамыр болыпты. Үй ішімен араласқан ғой. Балалары бірге ойнап, өскен.

Жаңатілектен Бозшаға дейін созылып жатқан, садақтай иілген сулы да нулы жер жалпылай Мүйіс деп аталады, – дейді Жанұзақ Балкенов ағасының сөзін жалғап.

Жаңатілек ауылы бұрын, революцияға дейін 3-ші ауыл деп аталған. 1-ші ауыл – Көктөбе, 2-ші ауыл – Құрама, 4-ші ауыл – Құркөл боп жалғасып кете береді, - дейді Социал Әйтемов («Қазақ тілі» қоғамы облыстық басқармасының төрағасы) ағамыз.

Жалпы Май өңірінде «түбек» деген сөз көп кездеседі. Көктүбек, Кентүбек (бұрынғы «Жалтыр» совхозының орталығы), Қарынтүбек (Саты ауылының тұсында), Майтүбек (бұрынғы «Спутник» совхозының орталығы), Мамыртүбек (Еңбекші ауылынан төмен қарай).

Кезінде Жеңіс Марданов ағамыздың «Ауыл аты – Көктөбе емес, Көктүбек!» деген мақаласы да шықты. Бірақ оған құлақ асқан ешкім болған жоқ. Қалың көпшілік зорлықпен танылған «Белогорьеден» құтылғанына «тәуба!» десті...

Құрамада, қазіргі Баскөлде Талды деген жер қырда бар. Тал – суды жақсы көретін, су жағасында ғана өсетін ағаш қой. Әйтпесе жер асты суы жер бетіне жақын әрі тұщы болуы керек. Ондай болмаса, тал өспейді. Ауылдан шамамен 25 шақырымдай қашықтықта. Қазір мұнда кішігірім ауыл отыр. 20-дай отбасы бар. Ауылдағы ең ірі шаруа қожалығы да осында.

Енді бір әдемі атаулар құдықтарға байланысты қойылған. Қарақұдық, Тұнқұдық, Тасқұдық, Төртқұдық, Айнақұдық. «Қазақ – ақын халық!» - дейді. Ақын болмаса, осындай әсем жер – су аттарын қоя алар ма еді?!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құт-береке дарыған-қазыналы Май елі-А.Б. Жармағамбетов. 2014.
- 2 Шамшырақ, Май аудандық газеті

### ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕР ТАБИҒАТЫ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ КЕПІЛІ (ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША)

АХТАЕВА Н. Х.

филология магистрі, ПМПУ, Паводар қ.

УАЛИХАНОВА Н. М.

п.ғ.м., қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, дарынды ер балаларға арналған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты, Павлодар қ.

XXI ғасыр – рухани жаңғыру ғасыры. Қазақ елі жаппай осы бағытқа бет бұрды. Елбасы ерекше екшелеп берген Ұлттық кодты

жаңғыртудың мәні мен маңызы сараланды. Ендеше, ата-бабамыз қалдырып кеткен құндылықтардың табиғатын танып, XXI ғасырдағы ұлттық санамызды ұлықтайтын кез келді. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды [1, 1]. Сондықтан тіл құдыреті арқылы ұлттық рухани құндылықтардан нәр алып, зерттеп-зерделеу, жаңа қырынан саралап, пайдалы, маңызды табиғатына үңілу – бүгінгі білім мен ғылымның өзекті мәселесіне айналмақ.

Әр ұлттың болмысы тілі арқылы көрініс табады, әлемге паш етіледі. Ғасырлар қойнауының бары мен нары тіл арқылы жеткені сөзсіз.

«Тіл барлық мәдениет атаулының негізі, тұғыры, сондықтан мәдениеттің дамуы мен қалыптасуы, өркениеттің болуы, өсуі тілге тікелей байланысты қарастырылуы тиіс», - дейді тілші ғалым А. Салқынбай [2, 3]. Тілдің қарым-қатынас құралындағы табиғатының өзі о бастан оның рөлін көрсетсе, мәдениет тұғырындағы орнын екселеу арқылы, тілдің А. Байтұрсынұлы айтқан адамның адамдық белгісінің зоры екеніне көз жеткіземіз [3, 141]. Және не нәрсе болса да бастауы тілден, тіл арқылы даму, жетілу, нәтижеге қол жеткізуге болады. Тілдік қоры бай, рухани дамыған жеке адам ғана елінің инновациялық дамуына белгілі бір үлес қосуы мүмкін.

Зерттеудегі мақсатымыз «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаппай қолға алынып жатқан «Сокральды Қазақстан» бағытындағы шараларға ат салысу, халыққа өз өлкесіндегі асыл қазынаны танытып, ұрпақ сабақтастығын нығайту.

Қазақстандағы түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігін жібермей пайдаланып қалу.

Бұл мақсатымыз мынадай міндеттеріге жетеледі. Зерделеу нәтижесі арқылы жаңғыруға ұмтылу. Бұл ғылыми зерттеудің маңызының тереңдігін меңгерту. Өмір сүру үшін өзгере білу. Өзімізді өзгерту арқылы тарихи танымды тереңдетіп, инновациялық дамуға қадам жасау.

Адам үшін ұлтының тарихын білу өте маңызды. Ұлт тарихын танып-білу жерді, өлкені, елді танып-білумен тығыз байланысты. Жер – тарихтың қайнар көзі, оны тану арқылы ұлттыңды танысын.

Бұл жолда қазіргі білім мен ғылым көкжиегіндегі жалпыхалықтық сипатқа ие болып қалған терімсөздердің де танымын екшелеген жөн сияқты. Солардың бірі – инновация. Цифорлы Қазақстанның көздегені де осы болар.

**Инновация** – білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдаланып, ескіні жаңарту, барды жақсарту және кемді толықтыру арқылы адамзатқа бақыт әкелетін технология [4].

Барымызды жаңартып, мүмкіндіктерді пайдаланудың дәуірі туып тұрғанда, біз алып отырған зерттеу жұмысымыздың өзектілігі айдай анық көрінеді. Х. М. Әбжановша айтсақ, тылсым табиғи құпиясы бар жерлер, діни орындар, ел арасындағы аңыз-деректерді жинау жұмыстары өте маңызды [5]. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге - Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Сондай айғақтардың березы біз мекен етіп жатқан Павлодар облысына тиесілі. Олар:

- 1 Мұса мырза мешіті
- 2 Ақ мешіт
- 3 Мәшһүр Жүсіп мешіті
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесі
- 5 Сұлтанмахмұт Торайғыров кесенесі
- 6 Ғабдул-Уахит хазірет Тіленшіұлы кесенесі [6].

Жоғарыдағы киелі жерлердің тылсым табиғаты, олар туралы мәліметтер базасы арқылы тілдік танымды байыту, сөздің мән-мағынасын анықтап, білім көкжиегін кеңейту кезек күттірмейтін мәселе.

Тіл – ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш, ұлттық мәдениеттің тірегі тілде. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті негізінен тілде көрініс тапқан. Тілдің 3 түрлі қызметін ашқан ғалым Ө. Қайдар: - Тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда аккумулятивті қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сз байлығын өз бойына жинап, сөйтіп оны келешек ұрпаққа асял мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиеті... тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек [7, 101].

Олай болса, мәдениет пен тілдің бір-бірімен байланысы күрделі, өте тығыз. Мәдениет адам қолымен жасалатын материалдық құндылық болғандықтан, ол таза табиғи үдеріс ретінде таныла алмайды. Себебі тіл адам баласына берілген рухани құндылық.

Әрбір атаудың мән-мағынасында халқымыздың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, ырымы, наным-сенімі, т.б. жатқандығын

көреміз. Мұның өзі қазақ халқының «ғаламның тілдік бейнесін» жасаудағы танымдық ой-пікірін, дүниеге көзқарасын, болмыс-бітімін танытады. Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты екені сөзсіз. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады.

Мәселен, «Әулие» сөзі. Ол (араб тілінен аударғанда - желеп-жебеуші) - ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға. Әулие - халық арасына ерекше діндар-тақуалығымен, шипа дарытқан емшілігімен әйгілі болған, керемет қасиетке ие, қауымға рухани тәрбие жүргізуші тұлға.

Әулие - уәли деген араб сөзінің көпше түрі, қазақша қасиетті деген мағынаны береді. Бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты жебеуші, жарылқаушы деген мәнде кездеседі. Ал хадистерде жақын болу деген мағынада, яғни, Уәли Аллаһ - Аллаға жақын, дос, Алланың мейірі түскен деген ұғымда ұшырасады. Қазақ тілінде әнші-әнбие түрінде қосарланып та айтылады, мұндағы әнбие арабша - нәби, яки, пайғамбар деген сөздің көпше түрі. Дегенмен бұл қосарлы сөз ел танымында әулие деген мағынаны білдіреді.

Ислам дінінде де Әулие ұғымы бірден орныққан. Мұхаммед пайғамбардың серіктерін, туыстарын, үрім-бұтақтарын, кейінгі діни қайраткерлерді Әулие тұту, оларға құлшылық ету дәстүрі барлық мұсылман елдерінде бар. Кейде оларды жинақы түрде «әулие-әнбиелер» деп те атайды. Қазақ халқының дүниетанымында Әулиеге табыну дәстүрі ежелден бар. Тәңірге сенген ежелгі түркілер Ұмай ананы, Қызыр атаны, ата-баба аруақтарын желеп-жебеуші санап, оларға үнемі сиынып отырған. Күнге, Айға, Отқа табыну, ел иесі Көкбөріні қасиет тұту, су иесі Сүлейменге жалбарыну, тіршілігінің негізі төрт түлік малдың иелері - Қамбар атадан, Шопан атадан, Ойсыл қарадан, Зенгі бабадан, Шекшек атадан жәрдем күту, т.б. ислам дініне дейінгі ежелгі нанымдар Қазақ халқының дүниетанымында күні бүгінге дейін сақталған. Қазақ халқының ислам дінін қабылдауы барысында тәңірлік дүниетанымның кейбір элементтері жаңа дүниетанымдық ұстанымдармен біте араласып, Әулие ұғымының мазмұны толығы түсті. Бұл бағытта, әсіресе, Қазақ даласына ислам дінінің сопылық ілім түрінде енуі үлкен әсер етті. Сопылар ұстанымындағы дәруіштік, пәктікке ұмтылу, зікір салу, т.б. қазақтардың ежелгі нанымдарына ұқсас еді. халық оларды Әулие санап, пір тұтты. Баба түкті Шашты Әзіз, Арыстан баб, Баб ата, Қожа Ахмет Иасауи, Бекет ата, Сопы Әзіз, Оқшы



ата, т.б. Әулиелер білімпаз діндарлығымен де, қарапайым ізгілігімен де халық жадында мәңгілік сақталған. Қазақ халқы, сондай-ақ, ел қорғаған батырларды, ұлт бірлігін сақтаған билерді, ақыл-парасатымен тұтас аймаққа үлгі болған аналарды Әулиелер қатарына қосып, олардың аруақтарына табынып келеді.

Әулие туралы ұғым ислам діні тарихының әртүрлі кезеңінде әр қилы мағынаға ие болып, дамып отырған. Сопылық (суфизм) ілімнің ілкі дәуірдегі (IX ғ.) өкілдерінің бірі – Зүнүн Мысыри (796–859 жж.) еңбегінде осы термин теософиялық мәнде қолданылады. Одан кейінгі кезеңдегі авторлар әулиені діни практикада кемелденіп толыққан тұлға, Алла туралы ілім-білімге қанық жан ретінде түсіндіріп, оған Жаратушы туралы құпия сырды білуші, Алланың дидарын көрген деген сипаттарды береді. Әсіресе Хақим Термези: «Пайғамбар тек Аллаға ғана емес, әулиенің демеуіне де иек артады, себебі әулие пайғамбардан төмен болғанымен, оның сайрап тұрған қызыл тілі ұдайы Алла тағаланы еске түсіруге қызмет етеді, ал лүпілдеген жүрегі Алланың нұрымен нұрланған» – деп жазады. X ғасырда суфизмде әулие иерархиясы жүйелі тізім тапты: олардың саны 356, кейде 500 деп айтылады, ал рухани көшбасшысы кутб (жарылқаушы) аталды. Бұл құрылымда сопылық пен шейттік арналар тоғысып кеткен. XII–XIV ғасырда сопылық бауырластық күшейгенде, әулиенің қоғамдағы орны мен мән-маңызы, атқаратын қызметі, міндеті еселеніп арта түсті. Зерттеушілер сопылық пен әулие ұғымының қанаттас дамығанын және бұл құбылыстың (суфизм) XIII ғ.-да ислам дүниетанымында шенуші мәнге ие болып, зор ықпал жасағанын айтады.

Осындай тарихи-әлеуметтік нақтылы себептерге байланысты қазақ арасында да әулие туралы түсінік ислам дінімен жапсарлас жайылып, киелі сипатқа ие болып, әулиелік туралы аңыз-әпсаналар молынан таралып, бір сөзбен айтқанда, әулие культі ел санасында берік орныққан деуге болады. Ғылымда анықталғандай, әулие культі әсіресе ресми діннің орталығынан шеткерілеу аймақтарда тұрғылықты халықтың байырғы наным-сенімдерімен, салт-дәстүрімен, ырым-жораларымен тығыз сабақтастықта қалыптасатыны – анық жайт. Демек, әулие культінің орнығуына жергілікті халықтың табиғат нысандарына табыну жорасы (Мысалы: көрікті тау-тас, сырлы үңгір, шипалы көл-бұлақ т.б.), шаманистік мифологиясы, аруақтарды ұлықтау рәсімдері өзгеше лепте үндесіп, айырғысыз тұтастықта ұштасып, әбден кірігіп кететіні байқалады. Түптеп келгенде, мұның бәрі халықтық исламның сомдаған тол түсінігі болып табылады, осы ілімге сүйенген

ел әулиені таңғажайып керемет иесі, береке-ырыздықтың бастау көзі, тілекті қабыл етіп жарылқаушы, әртүрлі кәсіптің жебеуші иелері, қамқоршысы бейнесінде таниды. Көзі тірісінде елді рухани тура жолға бастаған әулиелердің қайтыс болғаннан кейін де қадір-қасиеті тағы да арта түседі. Осыған орай олардың қабіріне кесене тұрғызылып, ол қасиетті дүрбе мұсылмандардың тұрақты зиярат ететін киелі мекеніне айналады. Мәселен, Қазақстандағы Баба түкті Шашты Өзіз, Арыстанбап, Ысқақ бап, Шайқы Ибраһим, Иасауи, Әулие ата, Қоңыр әулие, Бекет ата т.б. әулиелердің сағаналарына халық әлі күнге дейін тәу етеді.

Әулие – адам мен малға бірдей келетін қатерлі індет, шешектің эвфемистік атауы. Мұндай қатерлі індеттің қазақы ортада күл, қонақ, мейман деген атаулары да кездеседі. Кез келген этнолингвистикалық табу белгілі бір этномәдени себептермен байланысты қалыптасатын жалпы этнографиялық табудың құрамдас бөлігі болып табылады [8, 59]. Өйткені кез келген тыйымның сыртында сол тыйымға итермелейтін немесе түрткі болатын белгілі бір этнографиялық немесе этномәдени ұғым тұратыны сияқты, сан қилы себептермен қолдануға әлеуметтік орта тыйым салған сөздердің сыртында да дәл сондай этнографиялық немесе этномәдени ұғымдар, сондай-ақ, тыйым салуға итермелейтін қоғамда қалыптасқан наным-сенімдер, діни мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, ырымдар және қоғамның тіл мәдениетінің даму деңгейімен байланысты қалыптасатын этикалық қағидалар жатқызылады [9, 21].

Бұл зерттеу жұмысымыздың бір үлгісі. Және толық қанды жан-жақты зерттеуге ие болған жоқ. Ал соқралды жерлер ретінде танылған нысандармен байланысты сөздер танымы өте көп.

Қорытындылай келе, мақала төңірегіне сыйғызуға мүмкін емес екенін ескере отырып, мынадай ұсыныстар түйдік:

- Қасетті жерлер табиғатын тану арқылы рухани дамыған азамат тәрбиелеу;
- Соқралды Қазақстанды тану негізінде тіл тамырын тереңнен іздеп, тарихи мекендер туралы ақпарат арқылы таза қазақи тіл танымына зерделеу;
- Сөздік қорды байыту, сол арқылы ата-баба қалдырып кеткен қазақтың бай тілдік мұрасын жандандыру;
- Бала-бақша, мектеп қабырғасындағы тәлімгерлерді саналы, ұлттық рухани дамыған жеткіншек ретінде тәрбиелеу;
- Рухани жаңғырған, ұлттық кодты сақтаған инновациялық дамуы жолындағы шаралар ретінде қабылдау.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 26 сәуір 2017 жыл.
- 2 Салқынбай А.С. Тіл. Таным. Білім. – Алматы: Эверо, 2008. – 140 б.
- 3 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 4 [Электрондық ресурс]: <http://www.merriam-webster.com/dictionary/>
- 5 Әбжанов Х.М. Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарын зерттеудің маңызы // [Электрондық ресурс]: <http://e-history.kz/kz/publications/view/3149>
- 6 [Электрондық ресурс]: [kk.wikipedia.org/wiki/Туризм](http://kk.wikipedia.org/wiki/Туризм)
- 7 Қайдар Ә. Қазақ қандай халық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.
- 8 Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым, 1969. – 172 б.
- 9 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы этнолингвистикалық зерделеу). – Алматы: Ғылым, 1995.- 62 б.

## Мазмұны

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, филос.ғ.к., профессор Г. Ахметованың алғы сөзі.....3

**1 секция. Интеллектуалды және мәдени-рухани даму**  
**1 секция. Интеллектуальное и культурно-духовное развитие**

**1.5 Филологияның өзекті мәселелері**  
**1.5 Актуальные вопросы филологии**

**1.5.1 Қазақ филологиясы**  
**1.5.1 Казахская филология**

<b>Абдигул М. Е.</b>	
Қазіргі тіл біліміндегі сөйлемді зерттеудің негізгі аспектілері.....	5
<b>Абдуллаева Қ. М.</b>	
М. Ж. Көпейұлы тілдік тұлғасын сипаттайтын көріктеу құралдары .....	11
<b>Ауыт Қ., ҚадYROBA Б. М.</b>	
Табу сөздер мен эвфемизмдер: лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде	18
<b>Ахмет М.</b>	
Т. Әбдіков шығармаларында дәуір шындығының бейнеленуі.....	22
<b>Бапишева Қ. Д.</b>	
Түркі халықтары әдебиетіндегі ортақ сарындар .....	28
<b>Бекенова А. М., Арынова М. М.</b>	
Г. Н. Потаниннің фольклорды жинаушылық ерекшелігі.....	36
<b>Болатбаева Д. Н.</b>	
Қазіргі қазақ поэзиясы.....	41
<b>Даирова А. Ж.</b>	
Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында диалогтік оқыту	
– сапалы білім беру мәселелерін шешудің бір жолы.....	47
<b>Досбаева Н., Қусаинова М.</b>	
Қазақ ертегілеріндегі ел басқарған балалар бейнесі .....	51
<b>Ермекова А. Қ.</b>	
Қазақ балалар әдебиетінің мәселелері .....	55
<b>Есімова А.А., Муталиева Р. М.</b>	
Мұхтар Мағауин шығармаларының көркемдігі .....	60
<b>Жангозина А. А., Кибашева Б. С.</b>	
Жеке тұлғаға бағытталған тапсырмалар арқылы оқушылардың	
күзиреттілігін арттыру .....	65
<b>Жұмабай Ж. Қ.</b>	
Балалар әдебиетіндегі фольклорлық дәстүр .....	73

<b>Жұматаева Г. Е.</b>	
XX ғасыр басындағы қазақ фольклортану мәселелері.....	80
<b>Закарияева Ж. Ә.</b>	
Оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру жолдары .....	84
<b>Ибраева А. Т., Зейнулина А. Ф.</b>	
Әйел лирикасы.....	93
<b>Имашхан А.</b>	
Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы сопылық сарын.....	100
<b>Ирманова А., Қадырова Б. М.</b>	
Ш. Мұртаза суреттеуіндегі қазақы мінез бен қазақ әйелі .....	104
<b>Ирсайнова Б.</b>	
Шешендік өнер: қалыптасуы мен зерттелуі .....	108
<b>Исабекова Ж. К.</b>	
Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту жолдары.....	114
<b>Кайсарина Р. С.</b>	
Қазақ тілінің фразеологиялық қоры .....	119
<b>Капанова М. Е.</b>	
Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану .....	127
<b>Қонратбаева Ш.</b>	
Бизнес аударма .....	132
<b>Қоржумбаева М. Х.</b>	
Жобалау технологиясы бойынша пәндерді оқыту .....	137
<b>Қошумбекова Ж. Д.</b>	
Даралап-саралап оқыту технологиясының маңыздылығы .....	145
<b>Қурбанова А. Т.</b>	
Қазақ тілі сабағында қолданылатын ойын түрлері .....	149
<b>Қадыров Ж. Т., Синбаева Г. К., Аубакирова Б. К.</b>	
Жаңаша оқыту әдістерінің тілді үйретудегі тәсілдері .....	156
<b>Қазақбаева К. Р.</b>	
Түр-түстердің дәстүрлі танымға негізделуі.....	164
<b>Қожахметова Г. Б.</b>	
Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту.....	168
<b>Маралбаева Қ. Т.</b>	
«Мен жақсы маман боламын» тақырыбында берілген кәсіби қазақ тілі сабағы.....	172
<b>Мейрамова Г. З.</b>	
Мағжан шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктер .....	179

<b>Каваклы Мехмет</b>	
Мектеп оқушыларының тілге құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесі.....	184
<b>Нурғалиева Г.</b>	
Орта білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында үштілді білім беруді ғылыми-әдістемелік тұрғыда сүйемелдеу .....	188
<b>Нұрғалиева Ш. К.</b>	
Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр.....	191
<b>Омаш А.</b>	
Әлеуметтік тілтаным мәселесіндегі халықаралық терминдердің бірізділігі.....	196
<b>Рушанова А. Т.</b>	
Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы арқылы бастауыш сыныбында өткізу .....	208
<b>Рыспекова Қ. Т.</b>	
Иса Байзақов шығармаларының жанрлық ерекшелігі .....	216
<b>Сайлауова Ф.</b>	
Мектепте сөз мәдениетін меңгерту .....	222
<b>Саржанова К. Қ.</b>	
Иса Байзақов – көрнекті тұлға .....	228
<b>Сәрсекеева А.</b>	
Репетиторлықта сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы арқылы сапалы білім беру.....	232
<b>Сыздықова Ә. С.</b>	
Ш. Уәлихановтың фольклорды жинау ерекшелігі .....	240
<b>Шайзаденова А. А.</b>	
Білім мазмұнын жанарту жағдайында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту.....	247
<b>Шаймерденова Ә.</b>	
Мағжан Жұмабаевтың «Шолпы» өлеңінің тәлім-тәрбиелік мәні.....	251
<b>Юн А.</b>	
Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру .....	255

### 1.5.2 Орыс филологиясы

#### 1.5.2 Русская филология

<b>Артуқметова Д. У., Аманшикова С. Т.</b>	
Русские и восточные пословицы .....	262
<b>Баймусаева А. А.</b>	
Случай проявления синкретизма на синтаксическом уровне .....	267
<b>Жакина А. К., Каббасова А.</b>	
Лингвопрагматический анализ рекламных объявлений г. Экибастуз.....	271

<b>Жарая К. А.</b> Анализ и интерпретация художественного текста в современной лингвистике .....	274
<b>Копалова Г. О.</b> Мифы и реальность в произведениях М. Горького и в творчестве Ч. Айтматова .....	281
<b>Рахимжанова Ж. М., Рахимжанова Д. М.</b> Изучение творчества Мутикена Ошыбаева в рамках развития полиязычия среди школьников .....	287
<b>Садык Н. Е.</b> Русский и немецкий постмодернизм .....	291
<b>Самсенова Г. С., Жумабекова Б. Б.</b> Антропоморфные метафоры как источник метафорического моделирования .....	295
<b>Сатыбалдина А. С.</b> Использование платформы Kahoot для обучения в игровой форме .....	301
<b>Толокольников Н. И.</b> Поэтический цикл С. А. Есенина «Москва Кабацкая» – отражение духовного кризиса поэта .....	307
<b>Шахметова Н. А.</b> Лингвокультурологический словарь как средство диалога культур .....	315
<b>Шахметова Н. А., Сағатхан А.</b> Структурно-семантический аспект изучения эргонимов .....	324

### 1.5.3 Шетел филологиясы

#### 1.5.3 Иностранная филология

<b>Жакупова Б. Б.</b> Песни как мотивирующий способ изучения английского языка .....	332
<b>Исабекова Р.</b> Ағылшын тілі .....	337
<b>Омарова Р. А., Солтанбай С. С.</b> Особенности перевода поэтических произведений (на примере перевода стихотворений С. Есенина с русского на немецкий язык) .....	344

### 1.6 Тарих, археология және этнографияның маңызды мәселелері

#### 1.6 Актуальные вопросы истории, археологии и этнографии

<b>Ахмұльдинов Б. Т., Мамытов С. Н.</b> Развитие предпринимательства Казахстана на примере Павлодарской области .....	350
<b>Кайрканова Н. Ж.</b> Көші-қон мәселесі және Қазақстанда қарастырылуы .....	355
<b>Кузембаев Н. Е., Айтбайұлы Т.</b> Проблема специфики наступательного вооружения казахов в эпоху средневековья .....	361
<b>Кузембаев Н. Е., Саипназарова Ш.</b> Роль городов Южного Казахстана в функционировании Великого шелкового пути .....	366
<b>Кузембаев Н. Е., Фугаров О. В.</b> Древнерусские источники об истории монгольского ига на Руси .....	374
<b>Мейрманов А. А., Елмұратова Б. Ж.</b> XX ғ. басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үрдістер .....	379
<b>Мускенова А. А., Молдакимова А. С.</b> Исторические аспекты построения системы местного самоуправления в Казахстане .....	385
<b>Турганбаева А. О., Сыздықова Р. Р., Турарбеков Д. М.</b> Қазақстан тарихы пәнінде тарихи деректермен жұмыс жасау .....	388

### 1.7 «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы ғылыми зерттеулер мен ізденістер

#### 1.7 Научные исследования в рамках программы «Рухани жаңғыру»

<b>Авчукир А. А.</b> Рухани жаңғыру немесе бүгінгі оқушының болашағына бағдар беруде жанұясының ролі .....	395
<b>Гамирова Е. А., Муқанов А. С.</b> Школьные археологические экспедиции и их роль в патриотическом воспитании подрастающего поколения в рамках программы «Рухани жаңғыру» .....	403
<b>Еликбаева Ш. Т., Марданова З. Ж.</b> Тәуелсіздік алғанан кейігі Қазақстан Республикасындағы миграцияның маңызы .....	410
<b>Еликбаева Ш. Т., Марданова З. Ж.</b> Мәдени мұра – рухани жаңғыру .....	414

<b>Әбдіхалық Р. Ж.</b> Қорғанкөл – Голубовка – Абай.....	418
<b>Касенова Г. Т.</b> «Рухани жаңғыру» бағдарламасының оқу-тәрбие үрдісіндегі жүзеге асырылуы .....	422
<b>Кушпесова Г. С., Латыпова Х. З.</b> Современная библиотека как институт модернизации общественного сознания .....	427
<b>Мухамедиярова А. К.</b> Білім беру ұйымдарындағы мұражай қызметіндегі білім беру процесіне қатысушылардың іздену-зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру .....	433
<b>Сейлханова С. Д.</b> Рухани жаңғыру кілті – ұстаз қолында.....	439
<b>Шалтен Б. Қ.</b> Проектирование изделий из кожи.....	443
<b>Юсупова Г. К.</b> Юрта в системе традиционного мировоззрения казахов .....	448

**1.8 «Қазақстанның қасиетті жерлері»  
жобасы аясындағы зерттеулер**

**1.8 Исследования в рамках проекта «  
Сакральная география Казахстана»**

<b>Арынтаева Л. Ж.</b> Май ауданы Баскөл ауылының киелі жер мен сулардың атаулары .....	455
<b>Ахтаева Н. Х., Уалиханова Н. М.</b> Қасиетті жерлер табиғаты – рухани құндылық кепілі (Павлодар облысы бойынша).....	460

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«XVIII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**ТОМ 16**

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Басуға 04.04.2018 ж.

Өріп түрі Times.

Пішімі 29,7 × 42<sup>1</sup>/<sub>4</sub>. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 27,22. Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 3206

«КЕРЕКУ» баспасы

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.